

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ**

**«ТҮРКІ ӘЛЕМІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН»
АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ**

**ПАВЛОДАР
2012**

Редакциялық алқасының бас редакторы:
Өмірбаев С.М. - Э.ғ.д., профессор.
Жауапты редактор:
Қадысова Р.Ж. - т.ғ.д., профессор.
Редакция мүшелері:
Әбілқасымов Т.Ш. - Павлодар облысы тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының бастығы.
Сарбалаев Ж.Т. - ф.ғ.д., профессор.
Жауапты хатшы:
Рахимжанов Қ.Х. - ф.ғ.к., профессор.

Т 90 «Түркі әлемі және Қазақстан» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары – Павлодар: С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2012. - б.

ISBN 978-601-238-249-5

Жинақ көпшілік оқырманға арналады.
Мақаланың мазмұн сапасына автор жауап береді.

ӘОЖ 811.512.
КБЖ 81.2

© С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2012 ж.

О ВЛИЯНИИ НАЦИОНАЛЬНОЙ СПЕЦИФИКИ ОБРАЗНОГО СРАВНЕНИЯ НА ЭКВИВАЛЕНТНОСТЬ ПЕРЕВОДА

К.М. АБИШЕВА
д.филол.н., профессор, Университет «Туран-Астана», г. Астана

Сближение разных понятий на основе ассоциативного мышления у разных народов различно, поскольку каждый из них по-своему воспринимает объективный мир сквозь призму своей культуры и занятый каким-либо типом хозяйственной деятельности, в результате чего каждый язык имеет свой способ концептуализации мира (языковая форма) и особое содержание слов, отражающих специфику национального видения мира. В сравнении способы сближения различных понятий также своеобразны, что объясняется также особенностями национального лингвокреативного мышления.

Национальная специфика речевого выражения мышления и сравнения проявляется в своеобразии национальной формы смысла слов в разных языках, вербализующих общечеловеческое содержание. Наличие не совпадающего в разных языках содержания слов, соотносимого с тождественными реалиями, определяется национальной спецификой деятельности и возникающими на ее основе социальными отношениями. В образных сравнениях, имеющихся в разных языках, национальную специфику имеет не первый компонент сравнения (А), а образ (В), специфический признак, на основе ассоциативного мышления сближающий предмет, понятие о нем (А) с другим понятием (В, образ) – на основе общего признака С (общий признак). Национальной спецификой обладает и элемент *m* – показатель сравнения. По мысли Э.С.Маркарян, специфика национальных культур заключается, прежде всего, в особой системной комбинаторике элементов опыта, которые могут повторяться во множестве культур [1, 88].

В языке, в его лексике, грамматике, образных средствах по-разному отображен мир, данный в ощущениях в процессе накопленного из поколения в поколение опыта, своеобразно воспринимаемый в рамках какой-либо этнической общности, проживающей в определенном социально-историческом и географическом ландшафте и занимающейся определенным типом деятельности, лингвокреативно интерпретируемый в рамках «всего» социокультурного опыта. Национальная специфика средств языка, своеобразие образной структуры выразительных средств – результат национального лингвокреативного мышления этносов, проявляющийся в оперировании ассоциациями, возникающими на базе понятий, уже закрепленных в данном языке в форме значений, сближений их друг с другом, способствующим порождению новых языковых и образных сущностей, выражающих оттенки национального колорита.

Национальная специфика сравнения прежде всего проявляется в своеобразии второго компонента сравнения – образа, поясняющего предмет сравнения. Сопоставление тематических групп, выражающих элемент *B* в сравнениях показывает неадекватность отбора предметов и явлений-образов, осуществляющегося на протяжении веков в процессе накопления социально-культурного опыта народа, ср. национальную специфику элемента *B* в русском и в казахском языках в таблице:

Специфика выражения элемента *B* в сравнениях разных языков

Тематические группы	Выражение элемента В в сравнениях казахского языка	Выражение элемента В в сравнениях русского языка
1 «Человек», «Адам»	родственные связи: как свекровка, теща, невеста, жених, отец, мать возраст: как ребенок, дитя, старуха, старик физическое состояние: как глухой, немой, слепой социальная принадлежность: как барин, вор, гость части тела: как перет, бельмо на глазу	Келіншек, келін, әйел, еңе, ата, әже, ер, еркек Бала, қыз, бозбала, жігіт, кемпір, шал

2	Орудия, принадлежности труда	Дым коромыслом, как клещами вытаскивать, как шило из мешка, грудь колесом и др.	Біз, мойынағаш, күрек, балта
3	Предметы быта, домашнего обихода	Как самовар, как печь, как в бане, как на салазках, как блин, как сыр в масле, руки кренделем, как тертый калач	Арқан, жіп, шелек, саба, астау, кілем, мақпал, киіз, түскиіз, киіз үй т.б.
4	Домашние животные	Как корова, как кляча, как сивый мерин, как коза, как крыса, как кошка, как свинья, как боров, как мышка	Ат, жылқы, қой, тай, тұлпар, бота, түйе, нар, бұқа, қозы, тайынша, сиыр, шошқа, мысық, ит
5	Домашняя птица	Как курица, как петух, как голубь, как утка	тауық
6	Дикая птица	Как сорока, как сова, как коршун, как орел, как журавль, как лебедь и др.	қыран, сұңқар, қаршыға, лашын, бүркіт, ительгі, ақсу, қаз, тоты, бұлбұл, торғай
7	Дикие животные, пресмыкающиеся, рыбы	Как волк, как слон, как зебра, как змея, как рыба, как рак, как жаба, как рак в решете, как медведь	Қасқыр, арыстан, жолбарыс, аю, құлан, бөкен, арқар, теке, жылан, шаян, құрт, құмырсқа, балық, бақа
8	Насекомые	Как мухи, как тараканы, как блохи, как саранча, как жуки, бабочка	Шыбын, кобелек
9	Природа, стихийные явления	Как огонь, как море, как гора, как небо и земля, как черная туча, гром, молния, ветер, ночь, день, звезды, горы	Бұлт, найзағай, жел, дауыл, түн, күн, жұлдыз, тау, шөл, дария, теңіз
10	Растительный мир	Как лян, как свекла, как вишня, как тополь, как липку и др.	Тары, ағаш, шөп, жапырақ
11	Вещества и их качества	Как железо, как сталь, как стекло, как дерево, как серебро, как вакса, как янтарь, как рубин и др.	Тас, темір, алтын, күміс
12	Предметы церковного обихода, религиозные и суеверные представления	Как в церкви, как икона, как у Христа за пазухой, как ладан, как демон, как ведьма, как в воду смотрел	Ақырзамаң, имаң, періште, қорқызы, сайтан, пері

Анализ выражения образа *B* в сравнениях казахского и русского языков показывает, что в казахском языке образ (элемент *B*) имеет свою специфику в тематических группах «домашние животные», «предметы быта», «предметы религиозного обихода». Группы «домашние птицы», «насекомые», «пресмыкающиеся, рыбы», «вещества и их качества» представлены довольно слабо.

Э.А.Божеева отмечает, что в немецком языке для выражения семантики сравнения используются средства разных языковых уровней: 1) лексического, это могут быть имена прилагательные, имена существительные, глаголы, наречия, союзы, содержащие в себе семантику сравнения; 2) сравнение может быть выражено морфологическими средствами: степенями сравнения имен прилагательных и наречий; 3) на синтаксическом уровне сравнение передается наиболее полно, так как на этом уровне элементы сравнения и его логическая структура переданы наиболее полно [2, 12-13].

В казахском языке, по мысли Коньрова Т.К., способы выражения сравнений разнообразны, это: 1) морфологические способы; 2) лексико-морфологические; 3) лексико-синтаксические; 4) фразеологические способы [3]. В сопоставляемых языках способы языкового выражения сравнения (элемент *m*) также различны, ср. в таблице №5 «Грамматические способы выражения сравнений в русском, немецком, казахском языках»:

Способы грамматического выражения сравнений

В казахском языке	В русском языке	В немецком языке
1. Морфолог. способы выражения сравнения при помощи формообразующих суф.: рак/рек, ырак/ірек, лау/леу, ма/ме, шыл/шіл, ғылт/ғылым, ғыш, ғыл/кыл, ілдір, ақ, қай, нан/нән, дан/дән, сымақ 2. лексико-морфол. способы выражения сравнения: дай/дей, тай/тей, дайын/дейін, тайын/тейін, ма/ме 3. лексико-синтакс. средства выражения сравнения: при помощи послелогов: сиякты, секілді, сынды, іспетті, тақыметті, түгіл, тұрсын, тұрмақ	1. союзы: как точно, слышно, будто: как будто гора с плеч; голд как сокол; 2) форма творительного падежа: извиваться ужом, стоять горой 3. форма винительного падежа: а) основание выражено глагольными формами: согнуто в дугу, разнести в прах; б) основанием является количественное состояние признака: (плечи) в косую сажень; 4) форма винительного падежа с предлогом с: с гулькин нос; 5) форма сравнительной степени прилагательного: хуже горькой редьки, тише воды, короче воробьиного носа	1. союзы: wie, je-je, je-um so wie wenn, als wenn, als ob, als wie, als denn; 2. соотносительным словом: so 3. слова, имеющие семантику сравнения: имена существительные, глаголы, наречия, например: gleich, identisch, gleichsam 4. морфологическими средствами выражения сравнения являются степени сравнения имен прилагательных и наречий

Таким образом, анализ сопоставления сравнений разных языков по выражению элементов (*B* и *m*) показывает их своеобразие.

В связи с анализом национальной специфики сравнений, поднимается вопрос об их переводе, о приемах перевода сравнений.

Основными способами перевода исходных сравнений на другой язык являются: описательный перевод сравнений, замена сравнений метафорой, замена сравнения эквивалентным сравнением в языке перевода.

Анализ переводов национальных сравнений показывает, что весьма часто в переводе не находят отражения национальные реалии. Сравнения исходного языка пропускаются, наблюдается буквальный перевод сравнений, например, при переводе произведения И.Есенберлина «Кочевники» наблюдаются некоторые переводческие ошибки, возникающие вследствие незнания национальной специфики выражения элементов *B* и *m*, например: весьма часто переводчик пользуется приемом пропуска сравнения, не заменяя их ни аналогами, ни описательными оборотами. В переводе исчезло немало ярких, развернутых сравнений, столь характерных для казахского народа. Ср.: «Адамзаттан емес, көктегі періштеден тугандай, гүлін жарған қызғалдақтай жадыраған сұлу және Шығыстың әйелге деген қыспағына карамай әкесі Ұлықбек жеті жасынан медресеге беріп, парсы, түрік, араб тілін үйреттірген» (И.Есенберлин, Көшпенділер, 1266.). В переводе: «неземной красоты была эта четырнадцатилетняя девочка. К тому же, вопреки установившимся законам в отношении женщины, великий Улукбек-мырза отдал свою дочь семи лет в медресе, учил ее персидскому, турецкому и арабскому языкам» (И.Есенберлин. Кочевники, с.93).

И.Есенберлин часто использует в составе образных сравнений национальные реалии, традиционные поэтические образы, однако в переводе они не нашли отражения, ср.: «Бұл он бес-он алты жасар қыз еді. Аққұба бетін күн сәулесіне шомылдырған, үлкен жаудыраған бота көздері қарақаттай қап-қара, оймақ ауыз, бүлдірішін еріндері тек ләззатқа ғана жаралғандай сүйкімді, қор қызынан кем емес бір сұлу». В переводе: «Это была девушка лет пятнадцати. Лучи солнца играли на белом лице, в маленькое сердечко были сжаты пунцовые губы, а в черных глазах отражался батыр Кобланды с неестественно расставленными руками». У казахского народа идеалом красоты была девушка с огромными, как у верблюжонка глазами (бота көз), с маленьким ртом (оймақ ауыз) (И.Есенберлин. Кочевники, с.88). В переводе наблюдается неполная передача образных сравнений оригинала, т.е. с пропусками и отступлениями от их предметно-вещественного содержания, с заменой отдельных компонентов (оймақ ауыз - сердечко), что также способствует искажению оригинала, обеднению важного с точки зрения национальной поэтики образа.

Прием замены сравнения.

Сравнения исходного языка могут заменяться эквивалентными сравнениями, если образ *B* совпадает в обоих языках, а способы грамматического выражения сравнения также можно заменить аналогом, например: «Қобыланды батыр алақандай көзінің қиығымен ханға қарап, ерлік көрсеткен кеуде соғар батырлардың атын атап келіп, кенет сәл кідірген» (И.Есенберлин,

Көшпенділер, 1266.). В переводе: «Кобланды батыр начал перечислять отличившихся в походе батыров, но вдруг замолчал. Неистово покрутил он кончики длинных, до ушей, черных усов. Глаза его, величиной с ладонь, переплетенные красными жилками, уставились на хана» (И.Есенберлин. Кочевники, с.24).

Иногда множество сравнений заменяется одним сравнением, например “Ал қосып келіп қостарын тіккен Сейхун-дарияның тұсы өркеш-өркеш асау сұрғылт толқындары жұдырықтай тастарды жаңқа құрлы көрмей жұлып ала жөнелетін долы еді. Екі жағы бірдей адам көрінбейтін қалың қамыс, анақұрай. Бұлардан әрі кигіздей боп тұтасып кеткен тапал бойлы тораңғыл мен жиде ағашы” (И.Есенберлин, Көшпенділер, 1386.). В переводе: “Сейхундарья была здесь бурной и своеобразной рекой. Берега ее поросли высокими зарослями камыша, стеной стояли тугай, росли карагач и густая джида» (И.Есенберлин. Кочевники, с.108) .

Интересным представляется прием гиперболизации сравнения при замене на языке перевода. Так, в казахском языке монголы уподобляются горсти соли, брошенной в реку. Ср. «Қазақ жерінде қалған моңғол басқыншылары сан жағынан жүздің біреуіндей-ақ аз-түн. Шыңғысхан жаулап алған жерінде төрт баласына төрт ұлыс бөлгенінде, моңғол әскерінен әрқайсысына он санадан бар бергені төрт мың әскер деген ақпар бар. Моңғол нояндары да, бір шелек суға салынған бір уыс тұздай қалың қазақ арасына кіріп, біржолата оның тілін, дінін алып, өздері де қазақ болып кетеді» (И.Есенберлин, Көшпенділер, 276.). В переводе: «Монгольские завоеватели, захватившие казахские земли, были немногословны. Один на одного приходилось их по отношению к коренным обитателям степи Дешт-и-Кипчак, и они быстро растворились в общей массе, как горсть соли, брошенной в реку» (И.Есенберлин. Кочевники, с.22)

Для передачи сравнения в переводе может использоваться, по мысли Жанткиной А.М., одиночная метафора, чаще всего – генитивная, метафоризирующим членом которой является первая вершина сравнения, метафоризируемым - вторая [4], например:

Аласы аз *қара көзі айнадайын*,
Жүрекке ыстық тиіп салған сайын.
Посмотришь в *зеркало очей дорогой*
Загорится сердце – будешь сам не свой

При использовании данного приема переводчик преобразует сравнение, заменяя его перифразами. Замена исходного сравнения может осуществляться путем подбора функционально-эквивалентного сравнения в языке перевода. Наиболее удачны замены в пределах генерализации, конкретизации. При этом общий стержень образа остается неизменным, ср.:

Жүрек – *теңіз*, қызықтың бәрі – *асыл тас*
Сол қызықсыз өмірде жүрек қалмас.
Сердце – *море*, где радость – *жемчуга*
Отбери их – и выцветут берега (М.Тарановский)

Прием подбора денотативных эквивалентов в языке перевода.

Суть приема заключается в том, что национально окрашенные сравнения следует переводить, сохраняя образ сравнения. При передаче сравнения на другой язык необходимо сохранить образ *B* в структуре сравнения, подобрав соответствующие названия денотатов, понятий, при помощи которого поясняется предмет сравнения, например: национально-окрашенные, специфические, не имеющие параллелей в языке перевода, средства следует переводить дословно, сохраняя при этом смысл, краткость, образность (*қарақаттай көз – глаза, как смородина; шаңқай түстей жарқыраған сұлу - красавица, подобная полуденному солнцу, қоңыр қаздай тізбектелген – как перелетные птицы*) и т.д.

Прием описательного перевода.

Суть данного приема состоит в разрушении исходного сравнения и замене его в языке перевода перифразами, описательными выражениями, например: «Әбілқайыр *жауар бұлттай* ашулы қайтты» (И.Есенберлин, Көшпенділер, 806.). В переводе: «Полный мрачных мыслей, вернулся в ставку хан Абулхайр, и в его глазах *сверкали молнии*» (И.Есенберлин. Кочевники, с.57). В данном случае передается лишь логическое содержание сравнения, хотя следует обратить внимание на замену сравнения метафорой (*сверкали молнии*).

В процессе описательного перевода сравнений переводчики могут прибегать к вставке сравнения, отсутствующего в оригинале, например: «Әбілқайыр арғынның би

батырларының алдыңғы жағында отырған сұлу мұртты Жәнібек пен *жалаңаш қанжардай түсі суық Керейге* көз қиығын аударды» (И.Есенберлин, Көшпенділер, 376.). В переводе «Неподвижно сидели впереди своих арғынов черноусый красавец Джанибек и квадратный, *похожий на гранитную скалу, Керей. Как холодные отточенные кинжалы были их лица*» (И.Есенберлин. Кочевники, с.27). В данном случае переводчик не только добавил в текст перевода новое сравнение, но и переадресовал сравнение, относящееся только к Керей. Примечательно, что в таком виде сравнение более соответствует ситуации, описываемой в романе.

Таким образом, анализ приемов перевода сравнений показывает, что в процессе передачи их с исходного на язык перевода следует сохранять национальную специфику образа, акцентируя внимание на способах лексического выражения образа *B* и грамматическом оформлении сравнения (элемент *m*).

Таким образом,

Сравнения в разных языках имеют национальную специфику, что связано с тем, что они имеют национальную форму и выражают особенности национального колорита. Специфическое в структуре сравнения проявляется в элементе *B* и способах грамматического оформления сравнения (элемент *m*). Анализ тематических групп, представляющих элемент *B* в разных языках, в частности, в казахском и в русском показывает, что лексическое наполнение образа имеет свою специфику.

Анализ приемов перевода сравнений показывает, что основными из них являются: подбор функционального аналога, подбор эквивалентного сравнения в языке перевода, замена сравнения, описательный перевод.

ЛИТЕРАТУРА

1. Маркарян Э.С. Культурная традиция и задача дифференциации ее общих и локальных проявлений //Методологические проблемы исследования этнических культур. – Ереван, 1978.
2. Божеева Е.А. К сопоставительному исследованию языковых средств выражения сравнения в немецком и казахском языках //Функционально-семантический аспект исследования языковых единиц. – Алма-Ата, 1992.
3. Кобыров Т.К. Структурно-семантическая природа сравнения в казахском языке. – Алма-Ата: Мектеп, 1985.
4. Жанткина А.М. Образное сравнение в казахском языке и способы его перевода на русский и английский языки (на материале переводов поэзии Абая Кунанбаева на русский и английский языки) //Известия АН КазССР, 1982, №1.

Т. ІЗТІЛЕУҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ РУХАНИ МӘДЕНИЕТКЕ БАЙЛАНЫСТЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР МЕН ПАРЕМИОЛОГИЗМДЕРДІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАБИҒАТЫ

Ш.Ұ. БАЙМАХАНОВА

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда қ.

Мақал-мәтелдер кез келген ұлттың, халықтың шежіресі, тарихы болып табылады. ММ-дер – халықтың сан ғасырлық көрген-білгенін, бастан кешкен оқиғаларынан қорытқан ақыл-ойының жиынтығы, анықтамасы, табиғатта, өмірде үнемі қайталанып тұратын оқиғалармен, құбылыстармен байланысты туған сөздің тобықтай түйіні. Сонымен бірге оның мазмұнында халықтың әлеуметтік тіршілігі, әдет-ғұрпы, ақыл-ойы, даналығы көрініс табады. ММ-дер ой дәлдігімен, тереңдігімен, ықшамдылығымен ерекшеленеді.

ММ-дер де этнолингвистикалық арнаның ең құнарлы бұлақтарына жатады. Әрбір ММ-дердің бойына этнос болмысына, оның рухани заттық (материалдық) мәдениетіне, дүниетанымына, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сеніміне т.б. қатысты бай информация жинақталғанын ескерсек, олардың этнос болмысын танып-білуге қосар үлесі зор.

Қазақ тіліндегі астарлы мағыналы ММ-дердің молдығы сол тілде сөйлеуші ұлттың танымдық деңгейінің тереңдігін көрсетеді. Яғни, ММ-дер халық танымындағы ұғымдармен

тікелей байланысты болып, ұлттық менталитетті танытатын тілдік көрсеткіші болып табылады [1, 25].

ММ-дер бұрын да, қазір де көбінесе ауыз әдебиетінің кіші жанры ретінде әдебиетшілер тарапынан, ұлттық философияның танымдық негізі ретінде философтар тарапынан, ұлттық диалектика бұлағы ретінде педагогтар тарапынан, көркем шығарма аудармасымен шұғылданушылар оның баламасын дұрыс беру тұрғысынан зерттеп келген болса, академик Ә.Қайдар негізін салған жолмен келе жатқан тілші-ғалымдар әбден тұрақтанған, қолдануға сайланып, жұрт жадында дайын тұратын көркем сөз арсеналының аса бір қуатты да құнарлы, бейнелі де әсерлі тіл құралы, тұрақтанған күрделі мағыналық бірлік ретінде қарастыруда. ММ-дер ендігі жерде: 1) фразеологизмдерге кейбір ұқсастығына қарай – фразеология объектісі, құрам-құрылымы тұрғысынан – синтаксис объектісі, мағына, тақырып тұрғысынан – жалпы лексикология объектісі, қолданыс, тілдік норма тұрғысынан – стилистика объектісі болып отыр. Сонымен қатар ММ-дердің мән-мағынасы мен о бастағы жасалу уәжіне тереңірек үңілуге байланысты оның этнолингвистикалық қыр-сыры да ашыла бастағанын соңғы кезде жарық көріп жатқан еңбектерден көреміз. Ғалым Ә.Қайдардың бұл саладағы өзіндік түсінік-тұжырымы бойынша, «фразеологиялық тіркестер де, ММ-дер де – тіл астында тілі бар құбылыс».

Ат мінгізіп, шапан жабу. Риһам “Шүйінші” деп келді шауып, Қайтер деп отыр еді ел етіп қауып.-Құдайым өзінді де қуантсың,- деп, Рүстем сыйлау берді шапан жауып және Бұл сөзді оқыды да, жаздырып хат, Оратып қағаздарға неше қабат.- Тапсыр, - деп, - Апрусияпқа алып барып,- Жаһанға алтын ерлі міндірді ат..(Т.І.). Ат мінгізіп, шапан жабу - Риза етті, қадір-құрмет көрсетіп, сый-сыпат жасады. Бұл тіркес қазақ халқының қадірлі, сыйлы қонақтарға, құда-жеқжаттарға жасайтын көделерінің бірінің негізінде жасалған. Мәселен, құда түсу рәсімін құдалардың бір-біріне деген құрметі ретінде киіп кигізу, ат мінгізу дәстүрінсіз елестету қиын. Сондықтан да киім-кешек түрінде сый-көделер тарту құдалықтың басты жоралғыларының біріне саналады. Ауқатты құдалар бір-біріне ат мінгізіп, өте қымбат ішіктер мен тондар да сыйлай алады. Бұл дәстүр бүгінгі күнге дейін сақталған. Демек, ат міндіріп, шапан жабу – сый-көде. Ол тек құдалықта ғана емес, сүйіншіге де беріледі, сыйлы, қадірлі қонаққа да жабылады. Қазір ат міндіріп, шапан жабу дәстүрі, әсіресе, мерейтойларда (60 немесе одан көп жасағанда өткізілетін той) орындалады.

Ат-шапан (ат-тон) айып. Үстіңе келсе олардың адам сырттан, Су ішсе, сусын емес жалғыз ұрттам. Ат-тонын айыпқа алып, құрым іліп, Қуалап жіберетін болды жұрттан (Т.І.). Ат-шапан (ат-тон) айып. Дәстүр бойынша төлетін айыптың бір түрі. Бұл фразеологизм кінәлі адамға бір ат пен шапан көлеміндегі айып төлету дәстүрі негізінде халық арасында пайда болған. Ауыл ақсақалының немесе байдың шешімі бойынша, бір адам кінәлі деп танылса не өзінің мойындауы бойынша кінәлі болса, бүкіл халықтың алдында айыбын төлейтін болған. Бұл ежелгі дәстүр халық арасында дәстүрлік және материалдық жағынан жойылған, бірақ тілімізде ауыспалы “кінәсі үшін кешірім сұрау” мағынасында қолданылып жүр.

Ағаш мініп кету. Қайткенмен санаулы өмір саркылған соң, Кетеміз ағаш мініп алысқа аса. Жеті ықылым жетегінде болғанменен, Жан тапшы жасайтұғын ақырғаша (Т.І.). Тұрмағамбет тілінде “қайтыс болу, о дүниеге аттану” мағынасы жан тапсыру – жаннан кешу - қаза табу – тағдыры тәмам болу - татар тұзы таусылу – талқаны таусылу – ағаш мініп кету сияқты фразеологиялық тіркестермен беріледі. Ағаш міну деп автор адамның қайтыс болғаннан кейін ағаш табытқа жататынын меңзейді.

Дүние жалған. Тілімізде дүние жалған, жалған өмір деген тұрақты тіркестер бар. Бұл будда дінінің уағыздарына байланысты қалыптасқан. Буддада адамның бірінші рет дүниеге келуі жалған өмір, адам қайта туады. Егер адам бұл жалған өмірдің барлық ауыртпалығын басынан кешіріп, төзімділік көрсетсе, әрі будда ілімінің уағыздары бойынша өмір сүрсе, оның жаны өлгеннен кейін екінші рет патша, бақытты адам болып қайта тууы мүмкін. Сондықтан адам өткінші, жалған өмір сүретін масыл денесін ойламай, мәңгі өмір сүретін жанын және оны құтқарудың қамын ойлауы керек делінген [5,481,483].

Бажы басу. Бәжі басу (дәстүр). Қызған темір адамның маңдайына немесе майқұйрығына басылады. Бұл – қылмыскердің ар-ұятына басылған өлмес, өшпес таңба. Мұны “бәжі басылған” дейді. Бұл сирек оқиға болғандықтан, оның аты елден-елге тарап, әңгімеленеді. Бұдан кейінгі ұрпақтары да ұялып жүретін болады. Нағашы-жиендер арасында да айтылып, күлкіге айналдырылады.

Ант ішу – ант беру. “Емес,- деп, ішті антты, - мұным жалған”, Сонда да болмады ешкім оған барған. Аржасып бар деп әмір ете ме деп, Халық біткен қашыңқырап тұрды әрман (Т.І.). Қазақ халқын құраған ру-тайпаларда ант беру, ант ішу ертеден кең тараған. Керейдің ханы Тоғрул мен Шыңғыс ханның әкесі Есугей баһадүр осылай серттесіп анда болады. Қыпшақтарда екі адам анда болуға серттескенде әскери қаруды қанға малып, ант беріскен. М.Қашқари: “Қырғыз, йабақу, қыпшақ, тағы басқа халықтар ант ішкенде, яғни уәде бергенде жалаң қылышты алдына көлденең қойып: Бұ көк кірсін, қызыл шықсын” – дейді. Өйткені “осы уәде бұзылса, темір қанға боялсын, темір сенен өн алсын” дегендігі [6, 538].

Иман келтіру. Кәштасып шын көңілмен келтірді иман, Жолына жинаған мүлік, жанын қиған. Бұрынғы безіндер деп дін мен заңнан, Жария айтып, жар шақыртып жұртты жиған (Т.І.). Иман келтіру – діннің үш қасиетінің бірі. Иманның алты негізі бар. Соның біріншісі Аллаға иман келтіру. Оның мәні – Алла бар және бір, ол мәңгілік, оған ешнәрсе тең келмейді, ол ешнәрсеге мұқтаж емес. Қысқасы, Аллаға барлық жақсы, кемел қасиеттер тән, ол жағымсыз сипаттар мен кемшіліктерден ада.

Шығыстанушы – ғалым Ә.Дербісәлі “Алғашқы аяттар Аллаға иман ету тұрғысында түсіріліп, халықты түрлі пұттарға табыну ұғымынан тазартып, бір ғана сенім келтіруді мақсат етті. Адамның ақылы Ұлы Жаратушыны толық танып, біле алмайды. Өйткені пайым-мүмкіндігі шектеулі, ал Ол – шексіз. Десек те, Оны Құранда әрі хадистерде айтылған сипаттары арқылы танып, білуге міндеттіміз” [7].

Жаппар Хақтың жазуы. Тағдыр, пешенемен байланысты. Қазақ дүниетанымындағы “тағдырдың” ішкі мәні ислам діні қағидалары тұрғысында түсініледі. Ислам бойынша тағдыр Алланың жазмышы, яғни алдын ала белгілеп қоюы, оған мұсылман адам күнделікті санада ешбір қарсылықсыз, шыдамдылықпен көнеді. Адамның шыдамдылық, сабыр еткені, қанағат тұтып шүкіршілік еткені үшін Алла тағала сый көрсетеді деген ұғым орын алады [8,16]. Демек, Жаппар Хақ – Жаратушы ие, жазуы – тағдыр, тағдыр пешенеге (маңдайға) жазылады.

Ал теолог-ғалымдардың пікіріне сүйенсек, иманның алты тірегінің бірі – тағдырға сену. Тағдырға сену дегеніміз – әлемде болып жатқан барлық іс, мейлі ол жақсылық болсын, жамандық болсын Алланың еркімен, Алланың жаратуымен жасалатынына сену. Жаратылу – Алла тағаладан, ал іс-әрекет – Алланың құлдарының еркінде. Бұл екі процесс синхронды түрде жүзеге асады. Алланың құлдарында таңдау еркіндігі бар, олар мәжбүр емес. Егер бұлай болмаса, пайғамбарлардың жіберілуі, Кітаптардың түсуі бекер болар еді және жарылқау мен жазалау да болмас еді.

Тұрмағамбет Ізтілеуұлы қолжазбаларының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба орталығына қабылданған бес дөптерінің бірі – үшінші дөптері “Нақыл сөздер жинағы” деп аталыпты. Арап графикасына негізделген қадім әрпінде жазылған бұл мақал, мәтел, нақыл сөздердің жалпы жиыны -1317. Бірақ бұлардың ішінде кейбіреуі екі-үш рет қайталанып келгендіктен және қолжазбаны тіркеушілер кейбір мақалдардың екінші компоненттерін жеке мақалға есептегендіктен бұл санды нақты дей алмаймыз [9,432].

Тұрмағамбет шығармаларында бұрыннан тілімізде бар паремнологизмдермен қатар авторлық дүниелер де мол ұшырасады. Мәселен, Тон киген тонбайды, Тонау алған оңбайды. Қазақы дүниетанымда тонау өлген адамға бұйырған енші. Сондықтан оны алуға тыйым салынған.

Аза – арулы, сый – сатулы. Тілімізде “Ақ жуып, арулап қою” тіркесі бар, яғни қайтыс болған кісіні тазалап жуындырып, қастерлеп шығарып салады. Баба дәстүр, ата салтымыздың қайсыбірінің түп-тамырына бойласақ та, сан ғасырлық халық танымының нәтижесіне көз жеткіземіз. Адамды арулап жуып, ақыретке ақ кебінге орайтындығын, өлген адамның бетіне ақ жабатындығы анықтың ғайып болатындығын, бардың жоғалуын, ақ түспен жабатындығын бейнелеу арқылы ата – бабамыз оның құрандылығын, тіпті өмірде жоқтығын да сезіне білген сияқты. Шәкәрім қажы адам жоқтан пайда болатынын, ақырында жоққа айналатынын, адам өмірі екі жоқтың арасы екенін жазады.

Шариғат бойынша өлікті арулап жуып, жаназасын оқып, көмгеннен кейін оның киім-кешектері мүсәпір адамдарға беріледі. Тілімізде сирек кездесетін арулау сөзі кейбір түркі тілдерінде (алтай, сары ұйғыр, хакас, татар) арула // арығла тұлғасында кездеседі де, “таза-лау, жуу, жуыну” мағынасында қолданылады. В.Радловта: “арула - тазалау”. Арулау сөзінің

түбірі – ару // арығ. Ару сөзі тілімізде әдетте, “әдемі, сұлу” деген мағынада қолданылады. Демек, ақ жуып, арулап қою деген – тазалап жуындыру, пәк қалпына келтіру.

Иман – ұяттың қабы. Иман сөзінің мағынасы “туралау, мойындау, бір іске әрі-сәрі болмастан, нақтылы түрде жүректен сену” дегенге келеді. Иман – Алладан басқа ешбір тәңір жоқтығына, Мұхаммед Ғаләйіссәламның Алланың құлы әрі елшісі болғандығына, Алланың періштелеріне, Алланың кітаптарына, Алланың пайғамбарларына, Ақырет күніне, Тағдырға (жақсылық пен жамандықтың Алланың тағдырымен және жаратуымен болатындығына) сену.

Ауру – астан, дау – қарындастан, Сарандық жұғысады ауылдастан. Қазақта жер дауы мен жесір дауы ежелден бар. Дауды белгілі билер, ел ағасы ақсақалдар белгілі бір тәртіп бойынша шешетін болған. Мұндай әлеуметтік мәселелерді реттейтін “Жеті жарғы”, “Есімханның ескі жолы, Қасымханның қасқа жолы” сияқты заңдар болғандығы тарихтан мәлім.

ММ-дердің пайда болып, қалыптасуы үлкен екі түрлі объективті факторға байланысты екенін академик Ә.Қайдар өз зерттеуінде атап көрсетеді [Ә.Қайдар. Халық даналығы]. Оның біреуі және негізгісі – ішкі фактор да, екіншісі – сыртқы фактор. ММ-дердің ішкі факторға байланысты пайда болып, қалыптасуын әрбір этностық қауымның халық болып қалыптасуының ұзақ тарихи процесіне, рухани өмірі мен мәдени-әлеуметтік жағдайына, тіршілік-тірлігі мен күн көріс тәсілдеріне, өзіндік дүние танымы мен болмыстағы құндылықтарды бағалай білуіне байланысты деп білсек, сыртқы факторын сол этникалық қауымның бір табиғи ортада, жағырапиялық аумақта (уақытша не тұрақты) бірге жасап, біте қайнасып кеткен басқа халықтармен араласуының, бір-біріне тигізген рухани-мәдени әсеріне байланысты деп қараған жөн.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дина Б. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық-прагматикалық аспектісі. Ф.ғ.к. дайын. Дисс.. авторефераты. А., 2002
2. Уәлиханов Ш. Таңдамалы, А., 1985
3. Байтелиева Ж. Қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты фразеологиялық тіркестердің этномәдени уәждемесі. филол. ғыл. канд. ... автореф. - А., 2007.
4. Рабитханұлы Қ. Наным-сенімге байланысты қазақ тіліндегі тұрақты тіркестер (этнолингвистикалық зерттеу). Ф.ғ.к. диссер. авторефераты. 10.02.06. -Алматы, 1995, -27 б.
5. ҚСЭ, III т., 387б.
6. Қашқари М. Түрік сөздігі. 3 томдық. А., 1997
7. Егемен Қазақстан. 26 қырк. 2007
8. Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті. (салыстырмалы-салғастырмалы лингвомәдени сараптама).
9. Тұрғанбаев А. // Т.Ізтілеуұлы Шығармалары (Ғылыми басылым). Алматы: «Дешті Қыпшақ», 2007. –588 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІН МЕНГЕРТУДІҢ БАСТАУ БҰЛАҒЫ – ОТБАСЫ ЖӘНЕ БАЛАБАҚША

А.Б. БАҚРАДЕНОВА
п.ғ.к., профессор, ПМПИ, Павлодар қ.
Н.А. БИСЕМБАЕВА
психология магистрі

Балабақшадағы бүгінгі қазақ тілі мамандарының қазақ тілін оқытуға арналған әдістемелік білім қорлары жоқтың қасы. Әр түрлі саладан келген мұғалімдер өз жұмыстарын осы саладағы еңбегі барысында қалыптасқан кәсіби шеберлігі мен өз тәжірибелерінен түрлі дидактикалық материалдарды жинақтауы арқасында ғана жүргізіп келеді.

Осы қажеттіліктің орнын толтыру мақсатымен арнайы оқу құралын әзірлеп, теориялық білімді практикамен ұштастыру жұмыстары жүзеге асырылуда. Балабақша бұлдіршіндерінің қазақша сөйлеу тілін қалыптастырып дамытуға қажетті әдістемелік нұсқаулар мен модуль арқылы жіктелген тақырыптар бойынша сабақ үлгілері республикалық сайыста да ұсынылып өз бағасын алды.

Он бес жылға таяу іс-тәжірибе көрсеткендей, орыс тілінде тәрбиеленген (балабақшада да, үйде де) бала сөздігін қалыптастыру [1] мен сөйлеуге үйретуде ойын-жаттығулар мен сурет, көрнекі құралдарды қарастыру аздық етеді [2].

Балабақша мен мектепалды топтарда 6 жастан оқытуда бірден-бір міндетті мәселе – қала жағдайындағы бүгінгі қазақ баласының ана тілінде байланыстырып сөйлей алуын қамтамасыз ету. Бұл орайда тәрбиешілер мен мектепке дейінгі мекемелердегі қазақ тілі мұғалімдеріне теориялық-әдістемелік нұсқаулар қажет. Зерттеушілердің пікірінше, баланы жүйелі сөйлеуге жеткізу үшін ата-ана болсын, оқытып-тәрбиелеуші арнайы маман болсын тілдің төмендегі жүйесін сақтаулары тиіс [3]. Ол жүйе төмендегідей:

- Балалардың қазақ тілінде сөздік қорын байыту;
- Бала сөзінің дыбыстық жағын тәрбиелеу;
- Қарапайым грамматика элементтеріне үйрету;
- Балаларды қазақ тілінде байланыстырып сөйлеу дағдыларына баулу;
- Көркем мәтіндермен таныстыру (тақпақ жаттау, мәтін бойынша әңгімелету), қазақ тілінде сөйлеу интонациясына жаттықтыру;

Аталған теориялық мәселелерді оқып-біліп қарастырып, білімденіп алғаннан соң, тіл үйретуші баланың айналасындағы адамдармен қазақша сөйлесуін қамтамасыз ететіндей лексикалық-грамматикалық материалдарды реттейді. Қазақ тілін алғаш рет үйреніп келе жатқан баланың логикалық және салыстыра-ұқсастыра талдау дағдыларын жаттықтыру арқылы ойлауы дамытылады. Тіл үйрету барысындағы танымдық әрекеттер арқылы бала бұрын айта алмайтын сөз формалары мен айналасындағы заттардың атын, түрін-түсін, мәнін қазақ тілінде танып, атай бастайды. Балалар жеке тұрғандағы атауларды сөз тіркесінде, тілдік қатысымда қолданатын болады. Осылайша баланың қазақ тілінде байланыстырып сөйлеу қабілеттері қалыптасады.

Тілді дұрыс қабылдап, дұрыс үйренуде міндетті дағдылардың бірі – баланың өзін-өзі бақылауы. Сабақта және сабақтан тыс уақытта бала алдына «Мен бүгін қандай сөз үйрендім, не жаттадым?», «Қалай үйрендім?», «Енді нені біліп, нені үйренуім керек?» деген сұрақтармен талаптар қойса, мақсатқа жететіндігі баланың есіне ұдайы салынып отырғаны жөн.

Жаңа технология – тілді үйренуге жаңа қарқын беру, әр баланың сұранысын қамтамасыз ету. Еске ұстайтын жайт: қазіргі орыс-қазақ тілді балабақшаның қай тобында да тілді мүлде білмейтін, аздап түсінетін және жақсы меңгеріп келе жатқан балалар қатарынан жүр. Тілді тиімді деңгейде оқытудың жолы балалардың тілдік деңгейлерін анықтағаннан кейін, олардың сұраныстары мен қызығушылықтарына қарай тапсырмаларды жұптап, топтап, жекелей-даралап, лайықтап беру. «Күншуақ» бағдарламасы бойынша балабақшада қазақ тілін аздап түсінетін және жақсы меңгеру қабілеттері бар балалар оқытылса, біз дайындап отырған оқу құралында беріліп отырған сабақ үлгілері тілді мүлде білмейтін басқа ұлт балаларына және үйде ана тілінде сөйлемейтін қазақ отбасы балаларына лайықты. Тәжірибеде қолданылып келген бағдарламалар мен көпшілік назарына іліккен сабақ жазбаларын салғастыра келе, біз Павлодар қаласының №116 балабақшасының қазақ тілі мұғалімі Кәрімова Ләззаттың жинақтауымен қазақ тілі сабақтарының үлгілерін беруді көздедік. Бұл сабақтарда бұрынғы біздер ұсынған сабақ мазмұны мейлінше жаңа технологиялар талаптарына сәйкестендірілген. Әр сабақта берілген жаңа сөздіктер де, қайталау, бекіту жаттығулары да, грамматикалық тапсырмалар да балаларды ойлауға, ойнап отырып тілдік материалдарды қабылдауға құрылды.

Жас бұлдіршіндерді туған тілі мен мемлекеттік мәртебедегі екінші тілге құрмет, ізгілік танытуға тәрбиелейтін мәтіндік материалдары тәжірибеден өткізілген қызғылықты да тартымды мәтіндер. Тіл сындыруға алынған өлеңдер, контекстік сөз тіркестері мен сөйлем түрлері «жеңілден – ауырға» ұстанымы бойынша жүйеленді. Мектеп жасына дейінгі баланың ойлап барып сөйлеуге әрекеттенуі құр ауызша болғаннан гөрі бірнеше белгі-штрихтармен белгілеп отырып, интегративті оқыту әдісінің жүзеге асырылуын тәжірибе дәлелдей түсті. Еске сақтау көру және әрекет ету, қимылдау, не әрекетті бір белгі-суретпен таңбалап еске сақтау тиімді болып шықты. Қазіргі педагогикада «креативті» әдістің тәсілі балабақшада өз нұсқасында қалыптасып отыр. Жазу сауаты дамыған мектеп баласы схемаға жазып орналастыру дағдысына тез жаттықса, балабақша баласы суретін салу, не кейбір сөздерді штрих-таңбалармен белгілеу әдісімен сөйлеуді жеделдете алатынына мұғалімдер көз жеткізе

бастады. Ойын, сызба, штрихтармен еске сақталғанды еске түсіруде осы дағдыланған таңбалар ересек балалар тобында жедел жауап беруге итермелейді. Ал мектепке даярлық топта көрнекі модельдер арқылы балалар сөз тіркестерін, сөйлемдер құрастырады. Түрлі заттық таңбаларды (жанды-жансыз, ұшатын-ұшпайтын, жүретін- жүрмейтін) аңғарып үйренген бала сызбаларды дыбыстар мен сөздерге толықтыру арқылы қазақ тілінің буын сандарын, әріптің сөздегі орындарын дәл табуға жаттығады.

Орыс тілінде жұмыс істейтін топтарда қазақша жүйелі сөйлеуге үйрету жасанды тілдік ортада ұйымдастырылады, ал нағыз қазақы тілдік ортада тәрбиеленетін баланың өз ана тілінде байланыстырып сөйлеуі мүлде басқаша. Байланыстырып сөйлеу тілі сөз қорының байлығын, тіл заңдылықтары мен мөлшерін, яғни грамматикалық құрылымын біртіндеп меңгеру арқылы оларды тәжірибеде қолдануға әкеледі. Тәжірибелік білім тіл материалын меңгеру білуіне, соның ішінде тіркес, сөйлемшелердегі сөздердің толық та бірізді байланыстыра алуына жеткізеді. Бала өзін қоршаған ортадағы жағдайларды қарастыра алып, естіген дайын мәтіннің мазмұнымен еркін танысады немесе сол мәтін бөлшектері арқылы өз бетімен байланыстырап мәтін құруға табиғи түрде итермелейді.

Балабақшада балаға білім берудің жетістігі ретінде ең маңызды және ең алғашқы нәтиже ол – баланың байланыстырып жүйелі сөйлеу тілін дамыту. Бала байланыстырып сөйлеуді жақсы меңгерсе ғана кез келген сұраққа толық, мәнді жауап бере алады.

Мемлекеттік тілді жаңа да үйреніп бастаған баланың қазақша сөйлеу тілін дамытуға: Сөйлеу үлгілерін беретін тілдік орта (балабақшада тәрбиеші мен қазақ тілі мұғалімі, қала берді балабақшаның барлық қызметкерлері) қажет; екіншіден, тілді үйретуші мен үйренушінің тілдік белсенділігі қажет; үшіншіден, балалардың әрқайсысының ата-аналарымен бірлескен тілдік тәжірибесі қажет. Отбасындағы үлкендер мен балалардың, балабақша бүлдіршіндерінің өзара сөйлесуі және тәрбиеші-мұғаліммен тілдік әрекетке түсуі тілдік орта болып табылады. Егер де бала тіл мәдениетін меңгерген адамдардың арасында болса, үлкендер балалармен белсенді қарым – қатынас жасап, олардың әңгімелесудегі белсенділігін бағалап отыратын болса, осындай тілдік ортаның тіл дамытудағы әсері нәтижелі бола түседі.

Балалардың әңгімесіне салғырт қарау, олармен тілдескенде айналасындағы адамдардың дұрыс сөйлемей мектепке дейінгі жастағы балалардың жалпы психикасы мен тілінің дамуына кері әсерін тигізеді. Ал ата – аналар мен тәрбиешілердің балаларға үлгі болатындай дұрыс бейнелі сөйлеуі - балалар тілінің тез дамуының алғы шарты.

Егер тәрбиеші баланың табиғи сөйлеуі неғұрлым қарқынды болатын жағдай жасаса, онда баланың тілі неғұрлым тезірек байиды және оның психикасы жан-жақты дамиды. Ал тілді екінші тіл ретінде үйретуде лингвистикалық-дидактикалық принциптерге құрылған әдістерді қолдану керек болса, үйретуші олардың төмендегідей жіктелісін еске ұстағаны ләзім: Алдымен тілге үйретуде арнайы оқыту әдісі қолданылады. Оқыту әдісі деп білімді бір адамнан басқа адамға беруді, үйренуші мен үйретушінің арасында жүйелі түрде, біртіндеп орындалатын іс-әрекетті айтады. Оқыту бірыңғай тәриядан тұруы, тілді үйретушінің әрекеті тұрғысында болуы балабақша үрдісіне жат нәрсе. Сондықтан да мектепке дейінгі кезеңдегі тілдің дамуына мынадай практикалық әдістер тән: еліктеу әдісі, сөйлесу (әңгімелесу) әдісі, қайталап айту әдісі, әңгімелеп беру (құрастыру) әдісі [6].

Еліктеу әдісінде үйретуші мен үйренуші екеуі де бір сөзді, ырғақ жағынан әр түрлі етіп айтады: үйретуші ересек адамдармен сөйлескендегідей біршама қарқындырақ, сөздің дыбысын артикульдеп және сөздің дауыс ырғағын мәнгерлеп сөйлейді, ал үйренуші тыңдайды да, қайталайды, оның, сөзіне еліктейді, сөйлеу қимылын үйренуге (дауыстың артикуляциясы мен модуляциясы) және мағынасын түсінуге тырысады (затты, қимылды және т. б. көрсететін дыбыс комплекстерін, мәліметін салыстырады). Мұндайда тәрбиеші үшін орфоэпиялық норма деңгейінен төмен түспе және баланың сөзіне еліктемеу (сақауланбау, шолжандамау) аса маңызды.

Тіл үйретуші баламен ойнай отырып оқытуды еске ұстағаны ләзім. Ойнау кезінде бала ол сөздердің сөздердің жалпы мағынасын ұғады, бұл сөздер, аттың ғана емес, әтештің, аттың тағы басқа жануар, хайуанат, құстарда да кездесетінін түсінетін болады. (Мысалы, «Ақ көбелек, көк көбелек, көп көбелек» деп жазда, «Қар аппақ, қар жамылған дала аппақ» деп қыста, баланың шарларды көріп тамашалаған кезінде «Ақ шар, көк шар, көп шар» деп өлеңге ұқсата, еліктете айтықсу). Еліктеу әдісі бұдан гөрі ересек балаларды тілге үйрету

кезінде кез келген ойын үстінде пайдаланылады. Заттармен ойын ойнау кезінде балалар оларды бір орыннан екінші орынға ауыстырады («Танып ал, атын ата» ойыны), лақтырады («Атын ата, лақтыр»), көрсетеді («Мынау аю, мынау қонжық»), итереді (Машина жүр-жүр. Ат шап-шап...), (Сөбіз ектім. Қияр отырғыздым...) шұқылап егеді, заттарды бақылайды және олардың, сапасын, қимылын атайды. Мұндай ситуацияларда тәрбиешінің баламен дұрыс сөйлесуі, интонациямен бала игеретін жаңа сөздерді бөліп айтуы үлкен рөл атқарады.

Орыс тілінде оқытып-тәрбиелейтін балабақша топтарында және қазақ балабақшаларының орыс тілді балаларымен жүргізілетін қазақ тілі сабақтарында үш әдіс [3] бір-бірімен байланыста қолданылады:

1. Сөздік әдістер: Әңгімелесу, мазмұндау, түсіндіру, көркем мәтінді оқу, жаттау, әңгімелеу, әңгімелету;

2. Көрнекілік әдістер: саяхат, заттар мен суреттерді, айналаны бақылау, теледидар, компьютер материалдары;

3. Дидактикалық ойындар әдісі:

Мысалы, «Отбасы» тақырыбына әңгімелесу әдісімен жүргізілген сабақта суреттер қарастыру, «Отбасы» рөлдік ойын ойнату, телефонмен сөйлесу т.б. сабақ тәсілдері жатады.

Қазақ тілін оқытуда әңгімелесу әдісі мен көрнекілік әдісі бір-бірімен тығыз байланыста қолданылады. Тәрбиеші-мұғалім көзге көрінетін барлық қажетті заттарды, құбылыстарды балалармен бірге бақылай отырып «Мынау не? Мынау кім?» деген сұрақтар қойып бекітіп отырады, «Мынау» сілтеу есімдігін көрсетіліп тұрған нысанмен тіркестіріп айтықсу (Мынау-орындық), кейінірек балаға қазақша таныс нысан аттарын сапалық, сандық белгілерін сөзбен бейнелеп, санатып айтықсу (қызыл көйлек, бес орындық) бала тілінде есімді зат есімдерді көбейте түседі. Көрнекілік әңгімелесу сабағында тәсіл ретінде, ал жеке әдіс ретінде жаңа сөздерді қайталау, бекіту сабақтарында қолданылады.

Балалар бақшасында қазақ тілінің лексикасын оқып үйрену қатаң түрде семасиологиялық аспектіде емес (яғни «Бұл сөз нені білдіреді?» деген сұраумен басталмайды), «Бұл зат қалай аталады?» деген сұрауға жауап бере отырып, ономасиологиялық аспектіде жүргізіледі» делінген тіл дамыту әдістемесі туралы оқулықта [6]. «Сөздерден моншақ тізейік», «Қ» (Ғ) дыбысынан басталатын сөздерді атап шығамыз», «Сөздерді кішірейтіп айтамыз», «Мен бірінші бөлігін, сендер келесі бөлігін айтыңдар», «Екі сөзден бір сөз шығар» т.б. сөздік ойын жаттығулар, «Не бар, не жоқ?», «Бұл не, көрсет те, атын айт», «Дене мүшелеріңді атаймын, тез көрсетіндер», «Суреттен кім тез байқайды?», «Мынау ненің баласы?», «Мынау ненің құйрығы?», «Не істейді?»і «Не жейді?», «Не ішеді?», «Кімге не керек? сияқты лексикалық жаттығу тапсырмаларды сабақта да, сабақтан тыс уақыттарда, балалардың ойын алаңдарында тіл үйретем деген әрбір ересек адам орындата алады.

Бала тілінің табиғи түрде шығып дамуына үлкеннің басшылығы қанша қажет болса, қазақ тілін балаға балабақша жасынан игертуде де Қазақстандық әрбір азаматтың қазіргі қоғам алдындағы парызын орындау сонша қажет болып отыр.

Байланыстырып сөйлеудің екі формасы бар: ауызша өзара сөйлесу және ойды өз атынан, өзге адамның не кітап мазмұны бойынша әңгімелеп айту. Бұл мәселе орыс тілді аудиторияда да, қазіргі қазақ тілді аудиториядағы балада бірдей дамытуды қажет етеді.

Сөз – ойдың сыртқы формасы. Ойың орысша болса, қазақша ой жеткізе қою қиын. Байланысты тіл деп кем дегенде үш, әйтпесе одан да көп сөйлемдерден тұратын ойды жүйелі құрастырылған мәтінмен жеткізуді айтамыз.

Тіл негізінен табиғи түрде, табиғи қалыптасқан ортада дамытылатын құбылыс екендігі белгілі. Дей тұрғанмен, екі-үш тіл қатарынан қолданылатын ортада бір тілдің екіншісіне кедергі келтіретіні, бір тілдің екіншісін басып тұратыны байқалады.

Баланың байланыстырып сөйлеуіне қажетті құралдардың түр-түрлерін қазақ тілі мұғаліміне компьютер көмегімен жасап алуына болады. Әрбір тақырыптық- лексикалық тілдік материалдар өтілгеннен соң, балалардан ауызша сөйлеу тестілері алынуы керек. Топ балаларының айналасындағы қарым-қатынас нысандарына сәйкес мазмұнды тақырыптық суреттер, жергілікті және классик балалар жазушыларының шығармашылығынан лайықты мәтіндер топтамасы әзірленуі балаларды қазақ тілінде ой жеткізе алуға ынғайлайды.

Сонымен, тіл дамытудың үш бағыты әр деңгейде, әрбір оқыту сатысында баланы сөйлеуге жетелейтіндей деңгейде ұсталуы керек. Олар:

1. Балалардың лексикалық минимумының сөйлеуге бағыттайтындай етіліп беріліп, олардың жетілдіріліп отырылуы;

2. Балалардың қарапайым грамматикалық білім деңгейлерінің әр сабақта бекітіліп, жетілдіріліп отырылуы, яғни әр мәтіндегі әр тіркестің, сөйлемнің байланысына бала назар аудартып отыру.

Осы екі деңгейдің грамматикалық, орфоэпиялық, мәнерлік просодияларын ұстанған бала ғана байланыстырып сөйлеу деңгейіне жете алады. Осылардың сан алуан әдістерін сабақ мақсатына қарай таңдай білу- қазақ тілі мұғалімінің міндеті,

Балалардың диалогтық сөйлеуі монологтық сөйлеумен қатар үйретілуінің, меңгертілуінің мәні зор. Өтілген материалды тұтас мазмұндау, түсіндіру және оны жүйелі айтып беру монологтық сөйлеуге тән қасиет. Баланың материалды (өлең мазмұнын не әңгіме-ертегіні) түсінуі, тазмұндауы, ауызша қайталап айтуы, ауызша баяндап жеткізуі, үлкендер алдында өз ойын жеткізуге төселуі монологты сөйлеудің негізгі көріністері болып табылады.

Балалардың жас ерекшеліктеріне шақталған көркем шығарма мазмұнын және өздері көрген, білген оқиғалары жайында жүйелі айтып беруге ыңғайлана бастауы қазақ тілі материалдарына байланысты. Тілдік (лексикалық, грамматикалық) материалдардың әдеби туындылармен сәйкестендіріліп берілуі балалардың қазақ тілін білуге деген ынталарын арттыра түседі.

Баланы поэзия мәтіндегі мәнерлі сөзді қабылдауға үйреткендей, әр сөздің мағынасын түсінуге де үйрету керек: сөйлеу үстінде сезімді білдіретін үлгілерді көрсетіп, бұл сезімнің балаға жетуіне, оған жауап беретіндей сезім туғызуына қамқорлық жасау қажет.

Егер балада тілдік дыбыстардың қолданылу нормасын сөйлеу барысында есте сақтау қабілеті пайда болса, олардың үйлесімділігі (синтагматика), бірінің орнын бірі алмастыратын (парадигматика) мүмкіндігін және әр түрлі сөйлеу жағдайында (стилистика) сөздердің орынды қолданылуын есте сақтаса, бала үйреніп отырған тілін жақсы меңгереді [4].

«Адамның осынау есте сақтау қабілеті, әдетте әдеби сөздердің үйлесімділігі — морфемалар, сөздер, сөз тіркестері ретінде пайдаланылады, оны тілсіз немесе, тілдік сезімталдық деп атайды. Лексиканы меңгерудің негізі болып саналатын бала сезімінің қалай дамып отыратындығын түсіну үшін, оның туынды негіздегі сөздерді қалай ұғатындығын бақылау керек.

Аса көп күш жұмсамай бала синтаксисті, ең алдымен — сөзді өзгертетін морфемаларды (зат есімнің сын есімді, етістіктердің жалғауларын және жаңа түр жасайтын жұрнақтарды) меңгереді. «Сіз байқайсыз ба...»,— деді К. Д. Ушинский,— бала өзіне таныс емес сөзді (естісімен) көбіне оны дұрыс септеп, жіктеп, басқа сөзбен байланыстыра бастайды...». «... Егер бала ана тілін үйреніп отырып, халыққа тіл жасауға мүмкіндік берген творчестволық күш-қуаттың сол бір бөлшегін меңгермесе, бұлай болуы (мүлдем жана лексикалық мағынасы бар сөз үшін дұрыс грамматикалық форманы осылай оңай табу — Л. Ф.) мүмкін бе?» [6]. Балаға ана тілді жақсы үйренуіне және сөйлегенде кең көсілуіне мүмкіндік беретін «жұмысшы механизмі» есте сақтау болып табылады, есте сақтау — тіл сезімін дамытудағы негізгі құрал. Екінші тіл ретінде үйретілгенде де ұйқасқа құрылған сөздерді (үй-үйшік, ойын-ойыншық; Бала-ребенок, құлын-жеребенок т.б.) балалар ұйқасын есінде іштей сезіну арқылы жаттайды. «Таяқ-палка» деген кезде, «аянышты —жалко» » деп өздері ойлап табады.

Б.В. Беляев ана тілінің «сезім дәрежесінде» игерілетіндігін дәлелмен негіздеді, өйткені «сезім кез келген психикалық әрекеттің негізін жасайды». Ана тілінің лексикалық және грамматикалық мағынасын адам оны түсінуден әлдеқайда бұрын сезінеді өз сезіміне ой жүгірту тілді ішкі сезім арқылы меңгергеннен кейін ғана мүмкін болады. Ш.А. Амоношвилидің «... баланың тілді ұқсын-ұқпасын, ести беруін қамтамасыз ету—түбінде бір нәтижеге жеткізеді» деуі сөйлем құрылыстарын, диалог түрлерін мимика, жестпен баланың ұғына беруіне әкелетінін дәлелдеп отыр. «Тамаша! Жақсы!» сол сияқты «Қате. Бұлай болмайды! Дұрыс емес.» сияқты репликалар ойға сіңе беретіні сияқты күнделікті тілдесу оралымдары баланы қазақ тілі құрылысын сезуге, кейін қабылдауға әкеледі. Қазақ балаларының орыс тілін қай жаста да меңгеріп шығып жатқандығы — айналасындағы ақпарат құралдарының және адамдардың сол тілдегі сөйлесуі негізінде болғандығын ескерсек, қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде кеңінен қолдануға әкелу балалар тілін де жетілдіреді..

Балалармен оқып — талдайтын әдеби шығармаларды іріктеуде тілге қатысты белгілі бір мақсаттар (сөздік қорды, грамматикалық формаларды, сөз тіркестерін т.б., сөйленімдерді

қалыптастыру, бекіту) көзделеді. Шығармалар мазмұнын негізінде балалардың ұлттық үрдісте өзара тұлғалық қарым — қатынас тәжірибесін байытпа түсетін мағлұматтар болуы назарға алынады. Шығарма мазмұнын арқылы әр баланың тілдік белсенділігін қолдап, сабақта бала өзінің неге және не үшін сөйлеп тұрғанын түсініп, өзінің тілдік тәжірибесін жасауына жағдай туғызып отыру қажет.

Бүлдіршінің өзіндік тілдік тәжірибе жинақтауына орыс тілінде оқытып-тәрбиелейтін топтарда сурет салғызу, картина қарастыру да алынды. Байланыстырып сөйлеу барлық сабақ сәттерінде де, сабақтан тыс кезеңдерде де дамытылуы қажет. Ата-аналардың оларды дұрыс сөйлеуге табиғи тілдік ортада тәрбиелеуі тілді баланың жауқазын шағынан табиғи сезінуіне әкеледі. Жалпыға міндетті білім беру стандартында көзделген мақсатқа орай — балаларға «өз ойларын және сезімдерін саналы түрде әрбір тыңдаушы мен баға берушіге ұғынықты болатындай, олардың ой мен сезім — ықыластарын көрсете алатындай жеткізуіне жағдай жасау» қазақ тілі сабақтарында балалардың тілді қабылдау шамаларына қарата орындалса, ал үйде, қазақ балабақшаларында тіл дамыту жұмыстарында да көрсетілген әдіс-тәсілдер әрдайым ескерілуі тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Баймұратова Б.Б. Суретті сөздік. Алматы: Мектеп, 1990 ж.
2. Баймұратова Б., З. Д. Еденбаева «Изучаем казахский язык». «Күншуақ» атты «Алматы-кітап» баспасы, 2005 ж.
3. Бақраденова А., Баймұратова Б. «Орыс тілінде жұмыс істейтін балабақшада қазақ тілін оқыту методикасы». Алматы: «Рауан» баспасы, 1992 ж.
4. Поддьяков Н.Н. Проблемы речевого и умственного развития детей дошкольного возраста (Проблемы изучения речи дошкольника) Под ред. Ушаковой.-М:1994.
5. Татуарова Н.Л. т.б. Мектепалды бағдарламасы. Алматы. 2001 ж.
6. Федоренко Л.П., Фомичева Г.А., Лотарев В.К. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту методикасы. - Алматы, 1962 ж.

ҰЛЫҚБЕК ЕСДӘУЛЕТТІҢ ТАБИҒАТ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ ЛИРИКАЛЫҚ ҚАҺАРМАН ЕРЕКШЕЛІГІ

Г.А. ЖҰМАБЕКОВА
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақ лирикасының кемелденуі, толысу кезеңінде өзіндік үн қосып, өзгелерден дараланып, қолтаңбасын анық танытатын ақынымыз — Ұлықбек Есдәулеттің шығармашылығы ерекше құбылыс.

Т.Медетбек айтқандай, «Ұлықбек Есдәулетов — үнемі ізденіс үстінде жүретін бұл ақын өлеңдері бүгінде бұрынғыдан да ауқымын кеңейтіп, бұрынғыдан да тереңдей түсті. Оның өлеңдері енді қазіргі қазақ поэзиясының принципті сәттіліктері мен перспективті тенденцияларына арналған еңбектерде сөз бола алатындай деңгейге көтерілді дей аламыз. Оның образды ойлау жүйесі бүгінде кең ауқымдағы, кейде бүкіладамзаттық, кейде тұрмыстық характерлердегі ассоциацияларды қамти алатын қабілетке ие. Бұл сөз жоқ, ақын масштабының кеңдігін, оның толысып өскендігін көрсетсе керек» [1, 22 б.].

1973 жылы ақынның «Қанат қакты» жыр кітабындағы «Көздеріңе ғашықпын» жинағына алғы сөз жазған Қ.Мырзалиев Ұ.Есдәулеттің таланттылығын бағалап, «сөзі саликалы, салмақты, иланымды» екенін өлеңдері арқылы дәлелдеп, «Жортқанда жолың болсын? // Жолдасың өлең болсын!», - деп баталы сөз айтқан еді.

Қазақтың халық жазушысы Ә.Кекілбаевтың Ұ.Есдәулеттің екі томдық таңдамалы шығармаларының 1-томында «Өркені өсер өнер, өрісі шалқар өлең» мақаласында ақынның шығармашылығы жайлы алғы сөзінде былай дейді: «Ұлықбек Есдәулеттің «Киіз кітабы» ескі ауылдың төсек қабы сияқты. Іздеген нәрсеңнің бәрін табуға болады. Бәрінен де жиырма ғасыр бойы талай қапысы кетіп, жиырма бірінші ғасырдың өзіне қапияда тап болып отырған қазақ тұрмысы мен қазақ жан дүниесінің талай табын таба аласыз, талай қатпарына үңіліп,

ой жүгірте аласыз» [1, 8 б.].

Ұ.Есдәулеттің «Алматы. Ақпан» өлеңінде лирикалық қаһарманның күйі тұрмыс тіршілікпен қат-қабат болып көрінеді. Өлеңді толығымен келтірейік:

Терезені ашып ем, қар ұшып кірді,
Бөлмені басқан бұмен жарысып кірді,
Мұнарлы түнде қан-сөлсіз қылаңытқан Ай,
Атжүйріктей боп аспанға жабысып тұрды.
Түншығып қалған бір әлем – құпия бәрі,
Жұмбағын шешіп кім оны түсіне алады?
Түрікпендердің төңкерген қауға бөркіндей
Қарауытады бұтақта құс ұялары.

Бетіме қонған мамық қар еріп барады,
Жербауырлаған аппақ бу тобық қағады.
Жұмыртқа басқан сиқырлы самұрықтай боп,
Тыныштық жатыр түбіті көміп қаланы.
... Зілзала өтіп, Зайсанда ақсарбас сойып,
Қауқылдап ауыл жатыр-ау
Бас, жамбас қойып.
...Қар жауған түнгі қаланың көшесіне ұқсар,
Көңілім менің тапталар-тапталмас болып [2, 47 б.]

Қыс суреттері лирикалық қаһарманның көңіл-күйіне сай өрілгендігі және бірер сәттегі көңілінің бейқамдығы «Қар жауған түнгі қаланың көшесіне ұқсар, // Көңілім менің тапталар-тапталмас болып» өлең жолдарында байқалады. Ақын «көңілін қар жауған түнгі қаланың көшесіне» ұқсатуы, яғни тыныштықты қалауы айтылса, «Көңілім менің тапталар-тапталмас болып» тармағында жана жауған қардың басылып, тапталып қалатындығы белгілі, сондықтан да лирикалық қаһарманның көңілі осы қар жауғандай күйде болатындығын айтқысы келеді. Лирикалық қаһарманның көзіне «Ай қан-сөлсіз қылаңытқан» болып көрінуі де нанымды. Өйткені, лирикалық қаһарманның көңіл-күйінің бір нәрсені ойлаудан біраз қобалжып тұрғандығы аңғарылады. Бұл ретте назар аударатыны – айдың «қан-сөлсіз қылаңытқан» деп суреттелуінде, өйткені айдың қан-сөлсіз болуы, оның үнемі боз болып, суық тартатынын білдіретінін, жалпы айтқанда айдың сипатын көрсетіп тұрса, ал ақынның «Атжүйріктей боп аспанға жабысып тұрды», - деуінен лирикалық қаһарманның көзімен айдың орналасу дәлдігі мен бірқалыпта өзгермей тұратындығын әсерлі беруінен ақын шеберлігін бағамдаймыз. «Түншығып қалған бір әлем – құпия бәрі, // Жұмбағын шешіп кім оны түсіне алады?» , - деген өлең жолдарынан лирикалық қаһарманның барлық адамзатты үнемі толғандыратын тылсым дүние туралы да назарынан тыс қалмағандығын көреміз. Сонымен қатар, бұл екі жолды өлеңдегі бір ерекшелік Ұ.Есдәулеттің стилінде, тіл шеберлігінде. Мысалы: «Әлемнің түншығып қалғандығы» лирикалық қаһарманның айтқысы келген ойын өрбіте түскен. Ақынның көркемдігі де бірден көзге түседі. Әсіресе, теңеулерді құбылтып қолдануға шебер. Мысалы: «Түрікпендердің төңкерген қауға бөркіндей // Қарауытады бұтақта құс ұялары» жолдарынан адам аңғара бермейтін құбылыстарға, яғни ұяның түр, пішініне зер салуы да лирикалық қаһарманның зейінді, зеректігін, әрі тапқырлығын көрсетеді. Қ.Мырзалиев айтқандай «Ұлықбектің көзі – суретшінің көзінде. Қиядан шалады» [2, 6 б.] - демекші, дәл, тура ақынға айтылған сөз.

Үшінші шумақтағы «Жұмыртқа басқан сиқырлы самұрықтай боп, // Тыныштық жатыр түбіті көміп қаланы», - дегенде қарды, қардың жаууын тыныштыққа ұқсатады. Лирикалық қаһарман үшін тыныштық-дала мен қар бірдей сияқты. Бұл тармақтардан қар сипатының өзіндік ерекшелігі (бұл жерде айтпағымыз – жаңбырдан, бораннан, дауылдан және т.с.с) көркемдеуіш құрал – теңеудің көмегімен ашылған. Демек, қар – самұрықтың жұмыртқасындай боп, тыныштықтың, яғни қардың түбіті қаланы көміп жатыр. Бұл ретте ақын «түбіт» сөзін босқа алмаған. «Түбіт» сөзі ұлттық өрнекті білдірсе, ұлпа қардың түрін, қардың мамықтығы мен жұмсақтығын, тез еріп кететіндігін өрнектеу үшін де жұмсалғанын бағамдаймыз. Қорыта келгенде, бұл өлеңдегі лирикалық қаһарман беймаза күй кешсе де, көбінесе әртүрлі жағдайдағы құбылыстарға дайын тұратын, сергек лирикалық қаһарманды тани аламыз.

Ақынның «Күз келді» деп аталатын өлеңі екі шумақтан тұрса да, өзіндік ойын нақты

аңғарта алатындай туынды екені сөзсіз.

Астанаға күз келіпті-ау тағы да,
Бір кездегі көрік, сәулет бақшада аз.
Дәурен сүрген бұтағынан – тағынан,
Құлап жатыр жапырақ боп патша – жаз.

Жыпырлаған жаңбыр жерге бас ұрып,
Шытырлаған шығарады саз бөтен.
Қимастықпен Алатауға асылып
Жылап тұрған бұлттар емес, жаз ба екен? [2, 12 б.]

Орыс әдебиетінде табиғатты суреттеу Пушкиннен басталатын болса, оның табиғаты бір жанды, тіршілік иесіне ұқсап тұрады. Сол сияқты Ұ.Есдәулетте де бір жапырақтың күз мезгілінде құлауын «патшаның тағынан құлауына» ұқсатады. Жаз ұғымын бір жапыраққа сыйғызып жібергеннен ақынның шеберлігін көреміз. Табиғатты осылай ерекше бейнелеу поэзияда сирек кездеседі. Өйткені, мұнда ешкім айтпаған ой және осы күнге дейін салынбаған сурет бар. Бұл – Ұ.Есдәулеттің поэзиядағы жаңалығы. Ақын сонысымен дараланады. Жаз мезгілінің күз маусымына ауысуын сәтті жеткізген. Алғашқы шумақтағы «Дәурен сүрген бұтағынан – тағынан, // Құлап жатыр жапырақ боп патша – жаз», - дегенінен алдымен, жазды жапырақ сияқты құлап жатыр деуі де қазақ әдебиетіндегі тың қолданыс, әрі дерексіз ұғымды заттандыру болса, екіншіден, күздің келіп, жаздың кетіп бара жатқаны лирикалық қаһарман үшін бір кезде дәурен сүрген патшаның тақтан құлап қалуына ұқсатып, соны жалаң баяндаумен емес, образбен берген. Осыдан-ақ, Ұ.Есдәулеттің суреткер ақын екендігін мойындауға құқылымыз. «Патша - жаз» ақынның тың қолданысы екенін де айта кеткен жөн. «Жыпырлаған жаңбыр жерге бас ұрып, // Шытырлаған шығарады саз бөтен» тармақтарында көп тамшылардың жерге тамып жатқандығы «жыпырлаған», «жылап тұрған бұлттар» сөз тіркестері арқылы, ал сол жаңбырдың дыбыс сипатын «шытырлаған» сөзімен, ал бұлттың биіктігін «Алатауға асылып» деуінен ақынның сөздерді орны-орнымен ұтымды қолданғандығын аңғарамыз. Сайып келгенде, лирикалық қаһарманның жазға деген қимастық сезімі, жаз мезгілін ұнататындығын байқастаймыз. Ұ.Есдәулет жаз бен күздің жырланып бітпегендігін, мәңгі жырлана беретін тақырып екендігін өзінің осы өлеңі арқылы дәлелдей түседі.

Қаламгердің «Тереземді жаппаймын» өлеңі жастық шақта жазылған туындыларының бірі. Өлеңде лирикалық қаһарманның қуанышты көңіл-күйі, жастық лебі, бір нәрсеге үміттенуі, яки жастық оты байқалады. Лирикалық қаһарман табиғаттан рахаттанады, жас лирикалық қаһарман табиғаттың барлық қызығын, көркін бірден қызықтағысы келеді, әрі қызығына тойғысы келмейді.

Терезені жапшы дейсін,
Жаппаймын,
Жабуға да батпаймын.
Жауып қайтем, ашық тұрсын, досым-ау,
Табиғаттың барлық көркі осынау.

Өпсін мені аппақ ерні Айдың да,
Ұмыт болсын бір сәт барлық қайғым да.
Мен жатайын рақаттанып талықсып
Өзім туған табиғаттың қойнында.

Табиғат сұлулығына тәңгі болуымен лирикалық қаһарманның бір сәт болса да, мұннан арылығы келіп, табиғатпен тілдескенді, бөліскенді қалайды. Ұлықбек Есдәулеттің басқа ақындардан ерекшелігі – табиғаттың аясында, небір далада жатып қызықтамайды, түн уақытында (түн мезгілі екендігін «Өпсін мені аппақ ерні Айдың да», «Жанарымнан от ұрласын жұлдыздар», «Жас тәнімді өпсін менің түнгі ызғар» тармақтары айқындап тұр) үйдің немесе бір бөлменің ішінен, сырттан тамашалайды. Табиғатты ауыл өмірімен емес, қала тіршілігімен жырлайды, қала адамының көзімен қарайды.

Тереземнен үйге кірсін шын-күздар,
Жанарымнан от ұрласын жұлдыздар.
Мен жаппаймын тереземді дәл бүгін,

Жас тәнімді өпсін менің түнгі ызғар.

Жырда лирикалық қаһарманның жастық сезімі де бой көрсетуі орын алған, бұл заңды да, өйткені жырда жастық кезге байланысты сөздер кездеседі. Мәселен, алғашқы шумақтағы «Балғын қайың шашын өрсін бөлмеме, // Көбелектер қонақтасын төсіме», - дегендегі «балғын» сөзі, «Мен жаппаймын тереземді дәл бүгін, // Жас тәнімді өпсін менің түнгі ызғар» тармағындағы «жас тәнімді» тіркесі лирикалық қаһарманның жастық шағынан елес береді.

Ашық тұрсын сұлулықтан несібе,
Мен өзімді бөлем одан несіне?
Балғын қайың шашын өрсін бөлмеме,
Көбелектер қонақтасын төсіме.

Жалпы өлеңнен лирикалық қаһарманның құштарлығын, ынталығын, сергек ойлылығы мен алға ұмтылуын зерделейміз. Осы өлеңде ескеретін бір жайт, лирикалық қаһарманның ой-мұратының тереңдігінде жатқанына көз салу. «Терезені жапшы дейсін, // Жаппаймын, // Жабуға да батпаймын». // Перзентімін табиғаттың өзінің, // Терезеден төнсін оның көзі мың. // Күннің нұры оятқан соң қытықтап, // Қоңырауын қақсын таңда сезімім! [2, 13-14 б.], - өлең жолдарынан лирикалық қаһарманның көздегені терезе арқылы табиғаттың көркін қызықтау емес әрине, мақсат терезені жабу, жаппауда да емес. Демек, «терезе» сөзіне лирикалық қаһарманның үлкен ой, ауқымды бір ұғым сыйғызғысы келгеніне ұқсайды. Жалпы табиғат өлеңдеріндегі Ұлықбек Есдәулеттің лирикалық қаһарман ерекшелігі – тар бөлмеде отырғанымен, ол бүкіл табиғатты өз бөлмесіне сыйдырып жібереді («Тереземді жаппаймын» өлеңіндегі «Тереземнен үйге кірсін шын-құздар», «Балғын қайың шашын өрсін бөлмеме» өлең жолдары).

«Ұлықбек таланты – сондай ұлағатты талант. Ондай талант жан ашуын емес, жан сырын ғана ортаға салады. Бүгінгідей күндері ортамызда ондай пәтуалы ауыздардың жүргенінің өзі қандай ғанибет. Мынау кітап тартып отырған талай тауқыметіміздің басын шалса да, кеудене үміт гүлін егіп, жігеріне жігер қосатын, тәуекелге мінгізіп, тәубеңе келтіретін парасатты жырларға толы» [2, 14 б.] – деген пікір жоғарыда айтқандарымызды қуаттай түсетіні анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Медетбек Т. Баба дәстүрдің мұрагері кім. – Алматы: Өлке, 2001. – 248 б.
2. Есдәулет Ұ. 2 томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 2006. Т.1. – 392 б.

Ұ. ЕСДӘУЛЕТТІҢ ТАБИҒАТ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ ЛИРИКАЛЫҚ ҚАҒАРМАННЫҢ СОМДАЛУЫ

Г.А. ЖҰМАБЕКОВА

С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Лирикалық қаһарманның ерекшелігі «Сауыр тауға шыққанда» өлеңінде ақын күннің батуын «Көлеңке жұлдызды тығылды ұрлап, // Шыңырауға ептеп кіріп» ал күннің шығуын, таңның атуын «Күн шықты шығыстан туын бұлғап, // Жел-құзды ерттеп мініп», - деп образбен берген. «Жантайған жотаны күн-батырдың // Семсері турап, тілген» - тармақтарында алдымен, жотаның жантаюынан таудың түр, сипатын аңғарсақ, енді бірде сол жантайып жатқан жотаның орналасу қалпын «күн-батырдың семсері турап, тілгендігін» көреміз.

Сұңқарлар сұңқылдап көз ілмеді,
Тауына ән арнады.
Отымды үрледі көзімдегі
Сауырдың самалдары.

Бұл шумақта лирикалық қаһарманның жай тауға емес, сауыр тауға шығуы, демек лирикалық қаһарманның небір биіктікті қалайтыны сезіледі. Өйткені, сауыр – таудың жоғарғы бір бөлігі, төбесі екендігі белгілі. Сол сауыр тауының желі лирикалық қаһарман үшін ерекше, сауыр тауының әсем табиғаты лирикалық қаһарманға әсер етіп, дем бергендей сезінеді.

Өстім-ау осы таудың төменінде

Ойнақтап жорға тайдай.

Ал оны жүрмін әлі өлеңімде

Бір де бір ойната алмай [2, 14-15 б.]

«Бозторғай беткейде жырлап тұрды, // Беттегі сияқты мен», - өлең жолдарындағы «бозторғай» сөзіне М.И.Оразханованың «Ұ.Есдәулеттің табиғат лирикасы» мақаласында: «Бозторғайдың әрі кішкентай құс екендігін, әрі көзге бірден шалынатынын ескеріп, оны беттегі менге теңеу де сәтті шыққан», [3, 14-15 б.] - деген пікіріне қосыла отырып, біздіңше, лирикалық қаһарманның өзі өскен тауындағы құстарды бозторғай, сұңқарларды жырына қосып, туған жеріне мақтанышпен қарайтынын да ескергіміз келеді. Бозторғай, сұңқарлар тауына ән жырласа, лирикалық қаһарман өз туған жеріне, тауына өлеңімді арнаймын дейді. Соңғы шумақта лирикалық қаһарманның таулы жерде өскендігін, оның тау ерекшеліктерін жете танытындығын байқаймыз. Бұл өлең лирикалық қаһарманның балалық шағының бір көрінісі іспетті. Тауға шыққанда табиғаттың көрінісі қандай болатындығы лирикалық қаһарманның көзімен берілген. Қорыта келгенде, лирикалық қаһарман жер, тауына деген сағынышы мен мақтаныш сезімі, сондай-ақ таулы жердің табиғатының өзгеше болатындығын әспеттейді.

Ақынның «Қар жауғандағы сөз» туындысы толғау түрінде жазылған. Мысалы:

Қырбықтанған қиыршық қар –
тоңазыған көз жасы,
Жанарыңнан аспанның
Жылағаныңда шығып па ең,
Қуанғаныңда шығып па ең,
Қорыққаныңда шығып па ең,
Торыққаныңда шығып па ең?
Зыңылдатып ән айтып.

Жырда қырбықтанған, қиыршық секілді қар түрлері, қардың «сорғалайсың», «құйылдағы жамырап», «борап-борап» тәрізді қардың ерекше жауу түрлері кездеседі. «Тоназыған көз жасы» - автордың өзіндік, поэзиядағы тың қолданысы. Әдетте, адамдардың көз жасы ыстық болса, аспанның көз жасы тоңазыған болып суреттеледі. Адамның көз жасы мен қардың жаууында лирикалық қаһарман үшін ұқсастық бар. Адамның көз жасы жылағанда, қуанғанда, қорыққанда, торыққанда шығатыны белгілі. Ал, ақын аспанның жанарыңнан «адамның көз жасын» іздейді. Ал мына өлең жолдарында лирикалық қаһарман қар сияқты аппақ үмітін адамдарға жайып салғысы келеді:

Сорғалайсың биіктен.
Көкірегімді сарай қып,
Мен өзіне қараймын,
өзің тектес арайлы
Аппақ,аппақ үмітпен [2, 17 б.]

Негізінде, ақын «қар» сөзін ұғым ретінде адамдарға небір ой салуға қолданады. Адамды кейбір жағымсыз пиғылдардан тазартқысы келетіндей. Мысалы: «Жеңілденсін дене бір, // Жаным жарқын күйге еңсін, // Тазалықты үйренсін. // Борап-борап басылшы, // Көңіл сенен нұр көрсін», - шумағы дәлел бола алады. Сондай-ақ лирикалық қаһарман философиялық ой тұжырымдайды. Оған мына өлең жолдары айғақ: «Кейбіреулер сезінсін // Қара оймен пәк әлемде // Жүру ұят екенін». Лирикалық қаһарманға аппақ қардың көп жаууы - адамдардың ақ пейілді болып, қара ойлардан арылатындай болып көрінеді. Сөйтіп, лирикалық қаһарман адамшылық қасиеттерге үміт артады. Ақынның мұраты – оқырманына пайдалы үндеу тастау десек, лирикалық қаһарман «Адамдар қалайша пәк табиғатты қорлай алады, әлемді «қара ойлы», «қара ниеттілер» қалай ғана аяғымен басып жүре алады екен?», - деген гуманистік ой айтады. Қорыта келгенде, лирикалық қаһарман үшін қардың жылуы жоқ болса да, ол қарға ғашық.

Ақынның «Ақша қар, айлы аспанда қылаулайсың» деп басталатын өлеңінде жоғарыда талдауымыздың жалғасы тәрізді, әрі бұл өлеңде ақын өз ойын әрі қарай өрбіте түскендігін көреміз.

Ақша қар, айлы аспанда қылаулайсың,
Қайыптан қайта оралған қиялдайсың.

Сен келген бір жапырақ аспан ба едің,

Зер салсам, зеңгір көктен бір аумайсын [2, 22 б.].

Осы орайда Қ.Мырзалиевтің Ұ.Есдәулет туралы айтқан мына бір пікіріне біздің де қосылғамыз келеді: «Мынау байтақ әлемге ол өте ғашық. Ғашық жанға көз алдындағының бәрі әдемі, бәрі ғажайып. Тағдыр тауқыметін тартудай-ақ тартқан дана халқымыз: «Сұлуынан жылуы» дейді. Айтудан-ақ, айтқан, шіркін! Ұлықбек естімеді дейсің бе осыны? Естіді! Ұқпады дейсің бе? Ұқты! Бірақ сол тәжірибелі қария халықтың медресе мектебінен шыққан ақынның өз топшылауы, өз қабылдауы бар», [2, 6 б.] десе, енді осы жырдағы «Сүйем мен, сүйем сені, о, сұлулық, // Бойында жылылығың болмаса да!» - өлең жолдарына былай баға береді: «Батылған айтылған ба? Батыл айтылған. Даулы ма? Даулы. Бірақ мен қауырсын қалам жағындамын. Неге? Неге дерің бар ма? Сұлулыққа бұлай ғашық болмаса, ақын бола ма адам?!» [2, 6 б.]. Ал біздің топшылауымызша, лирикалық қаһарманның «Сүйем мен, сүйем сені, о, сұлулық, // Бойында жылылығың болмаса да!», - деуінен сұлулықтың бәрі бірдей жарқыраған, мінсіз бола бермейтіндігін ескертетіндей. Лирикалық қаһарманға қардың жаууы, еруі («Ақша қар, айлы аспанда қылаулайсын», «Ақша қар, қалықтайсың аспаным-да», «Жауасың жамырай да, жалғаса да», «Ерисің, ерімсуге бар ма шара» деп суреттеулері көзге көрінбейтін, көбінесе мән беріле бермейтін кейбір детальдарға ақын шебер келеді. Айтқанымызды нақтылай түсу үшін Т.Медетбектің ақынның детальды қалай қолданатынын зер салғамыз келеді: «Уақыт пен адам жанының психологиясы мен моралін қарастыруға құмар ақын бір детальдан бірегей ой айтуға, фактінің өзін айтқаннан гөрі, оның қозғаушы күшін іздестіруге бейім. Сондықтан да ол бір детальдан екінші детальды, бір фактіден екінші фактіні таба алады» [1, 22 б.] - десе, біздіңше ақындар көркемдік детальды қолдану арқылы адамды, құбылысты, ой-мұрат пен мән мазмұнды тануға мүмкіндік береді. Арнайы атап өтетін жайт, Ұ.Есдәулеттің шығармаларында табиғатқа ғана қатысты детальдар көрінбейді, сондай-ақ психологиялық, тұрмыстық және т.б. көркемдік детальдар баршылық. Мысалға «Психологиялық портрет», «Бұзылған уақыт», «Өлім деген іс болды үйреншікті» және т.б. өлеңдерін атауға болады. Ұ.Есдәулеттің табиғат жырларындағы лирикалық қаһарманы - өзгелер көрмейтінді көре біледі, соны өзінше қабылдап, қызықтай біледі. Лирикалық қаһарман пәктігі, тазалықты қардан іздегеніндей, сұлулықты да табиғат аясынан, қардан тапқысы келеді. Қардың жырлануы арқылы лирикалық қаһарманның жаңа бір қыры ашыла түседі. Ақынның табиғатты жырлаудағы шеберлігі мен өзіндік ерекшелігі – «қарды» жанды адам ретінде алып бейнелейді, оны «субъект» ретінде алады. Қармен кәдімгідей тілдесіп, сөйлеседі, ойын бөліседі. Ойымызды тұжырымдай келе, мына бір пікірге назар аударғамыз келеді: «Ұлықбек Есдәулетов, не болғанда да, жалпыдан жалқы мән тапқаннан гөрі, жалқыдан жалпы мән тапқанды қалайды. Яғни ол талшықтан тамыр тіршілігін, тамшыдан теңіз дәмін іздестіреді. Өйткені ол өмірдегі сыртқы тұтастық ішкі үндестік пен сабақтастықтың нәтижесі деп біледі [1, 24 б.] Бұл пікір айтқанымызды одан әрі қуаттай түсетініне көміл сенеміз.

Қазақ поэзиясында еменді жырлау бұрыннан келе жатқан үдеріс. Көбінесе дерлік, ақындар еменді – есейгендік пен кемелденген шақты, өмірдің ыстық-суығына төзген, жалғыздықтың белгісі ретінде жырласа, А.Егеубай керісінше, «қара еменнің қайыспайтындығын, тіпті қайырылмай қасарысуын, қайтадан жасаратындығын», ал Н.Оразалиннің «Басы да емен, ғаламның аяғы да емен» деп тіршілік атаулыны еменмен салыстырса, Ұ.Есдәулеттің лирикалық қаһарманы өзін «нар еменге» ұқсатады. А.Егеубайда нақты еменнің өзі жырланса, Н.Оразалин мен Ұ.Есдәулетте «емен» сөзі «өлеңмен» өзектес болып келеді. Бұл ретте, ақындардың лирикалық қаһармандарында ұқсастық байқалады. Ұқсастығы – өлеңнен жаратылған лирикалық қаһармандар үшін «өмір-өлең», «өлең-өмір» егіз ұғым. Ұ.Есдәулеттің «Емен» өлеңі де өз ерекшеліктері бар, әрі лирикалық қаһарманның жаңа қырынан бой көрсетуі де байқалып отыратындықтан жырды толығымен келтірейік: «Қажамандаршы құр босқа, // Жетеді қайғым бір басқа. // Мөлдірер еді лай су, // Менімен жақын сырласса. // Жүректе жатыр сүрі қар, // Жанымды бірақ кім ұғар? // Жаралған жоқпын темірден // Жалын мен мұздан шынығар» [4, 320 б.].

Алғашқы шумақтағы «Мөлдірер еді лай су, // Менімен жақын сырласса», - тармақтары лирикалық қаһарманның өзі қайғыланып жүрсе де, әрі жүрегінде сүрі қар жатса да әрдайым адамға көмектесуге әзір. Адамдарға, қала берді қоғамға өз пайдасын тигізгісі келетіні лирикалық қаһарманның жанашырлығы деп танимыз. Лирикалық қаһарман

үшін адам түгілі, лай судың өзі онымен сырласса тазарып қалатындай болады. Бұдан біз лирикалық қаһарманның тазалықты сүйетінін, жоғарыда талдаған өлеңдеріндегі лирикалық қаһарманның бейнесін басқа қырынан ашылып тұрғандығын мәлімдейміз. Үшінші шумақтағы «Жайраймын сөзбен осканда» тармағындағы «жайраймын» сөзі мен «сөзбен осу» ақынның тың қолданысын білдіреді. «Жайрау» сөзі шашылу, төгілу, жиналмау деген ұғымдарға саяды. Ал ақын осы ұғымдарды өзінше құбылттып басқаша қырынан жырлайды. Яғни, бұл тармақтан лирикалық қаһарманның сөзге шешендігін, тілге бай екендігін көреміз. «Жанымды жайғам аспанға» - дегенде, аспанның қандай екендігі бәрімізге мәлім, сол «аспан» сөзіне лирикалық қаһарман өз жүрегіннің кендігін сыйғызып тұр. «Нар емен құсап қапыда // Найзағай түсіп өлсе де» жарасады, және мұндай құбылыс дейміз бе, әрекет дейміз бе, бәрібір Ұ.Есдәулеттің лирикалық қаһарманына тән мінез. Өйткені Ұ.Есдәулеттің лирикалық қаһарманы ұсақтылыққа бармайды, кесектілікті жаратады. Назар аударатыны – ақынның екі бірдей, яғни нар емен мен найзағай ұғымын қатар алуы, Ұ.Есдәулеттің лирикалық қаһарманы күштілікті, мықтылықты дәріптейтінін бағамдаймыз.

«Ұ. Есдәулетов адам жанының қалтарыс-түкпірлерін, оның моральдық сапасын анықтауға, сол арқылы адамды ойлантуға, оның ар-ожданының айналадағы құбылыстарға үнемі сергек болуына күш салып, сол үшін беймаза күй кешеді. Осы беймазалық оны мына алыс пен жұлысқа, тартыс пен таласқа толы көпір өмірдің сырттай бақылаушысы, сырттай баға берушісіне емес, соның ыстығына күйіп, суығына тоңа білетін бел баласына айналдырған. «Бұлттар мен жылқылар» өлеңінде ақынның сол рухани портреті анық байқалады. Көшеге шыға келген сәби аңтарылып, аспандағы бұлттарға қарап қалған. Күн шапағынан өртеніп жатқан сол бұлттарды тамашалап тұрған бала көзі кеңет көше бойымен шауып келе жатқан қаптаған қалың жылқыға түседі. Бала ойында қауіп те, қатер де жоқ. Әбден еліріп, құтырып алған жылқылар көше ортасында қалақтай болып селтиіп тұрған баланы не қылсын. Баласына қолын созып, жете алмай тұрған Ана әрекетінен біз ылғи бір жел өтінде тұрған, қиындық пен қатер астында жүрген өлең кейіпкерінің болмыс-бітімін танып білеміз» [1, 23 б.] – деген Т.Медетбектің бұл пайымдауын құптай отыра, біздің де қосатынымыз бар. Лирикалық қаһарманның балалық шағының бір әсерлі көрінісі. Ауыл баласының сезімі. Лирикалық қаһарманның есейген шағынан балалық шаққа саяхаты. Бір жағынан өлеңде лирикалық қаһарманның уақыт туралы тұжырымы да бар. Ол ақынның өлеңдегі ассоциациясы (сезім, әсер жалғастығы негізінде туатын бейнелеу тәсілі). Өлеңде лирикалық қаһарманның сәби кезіндегі кешкі жақын далаға шығып, аспандағы бұлттарға аңырап қарап тұруы, бір кезде кенеттен аттардың астында қалып қоюы нанымды, әрі иланымды. Нанымды болатыны – мұндай оқиға лирикалық қаһарманның есейген кезінде емес, сәбилік шағында болғандығы. Жырда көркемдік шындықпен қатар көркемдік шешім де бар. Қарғып, ағып өткен жылқылардың астында қалып тұрып, аман қалуы көркемдік шешімге ұласады. Аттардың бауырына қарап қалған лирикалық қаһарманға анасының дауысы естілуі, оған қол созуы, ақыр аяғы жете алмауы лирикалық қаһарманның анасына деген сағынышы, аңсауы да байқалады. Лирикалық қаһарман үшін сәбилік кезеңінен орда бұзар отыз жасқа дейінгі уақыттың зулап өтіп кеткендігі балалық шағындағы ерекше әсер еткен оқиғамен тығыз байланысты.

Түйіндей келе, осылардың бәрінен аңғаратынымыз – оқырманның бейне бір картинадағы суретті немесе бір қойылымды тамашалағандай күйде қалуы автордың шеберлігін танытса керек. Ұ.Есдәулеттің бұл туындысына лаконизм тән. Өйткені, екі-үш детальді ғана қолдану арқылы өлең тіліне ықшамдылық пен дәлдікті арқау еткен. Өлеңде сәби, ана, жылқылар, бұлт сөздері көмекшілік қызмет етсе, Уақыт - басты категория ретінде тікелей қызмет атқарып, уақытпен өлшеніп тұр. Ал, табиғат лирикалық қаһарманның бейнесін толыққанды ашу үшін жалпылай да, даралай да, тіпті жанама түрде де жұмсалған. Демек, табиғатты жырлаудағы лирикалық қаһарман өлеңнің мазмұнына, пішіні мен идеясына және т.с.с басты фактор бола алатынына, осындай зерттеулер негізінде көз жеткізгенімізді тағы да қайталап өткіміз келеді. Қорыға келгенде, лирикалық қаһарман өлшеусіз уақыттың куәгері ретінде бой көрсетіп, «шынайы» лирикалық қаһарманның бейнесін танытып, объективтілік тұрғысынан анықталып тұрғандығын көреміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Медетбек Т. Баба дәстүрдің мұрагері кім. – Алматы: Өлке, 2001.– 248 б.

2. Есдәулет Ұ. 2 томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 2006. Т.1. – 392 б.
3. Оразханова М.И. Ұ.Есдәулетовтің табиғат лирикасы. Ізденіс. – 2002. №2. Б. 38-41.
4. Есдәулет Ұ. 2 томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 2006. Т.2. – 264 б.

ҚАЗАҚ КІТАПХАНАЛАРЫНЫҢ БҮГІНГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Ә.Қ. ҚОПАЕВА

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Кітапхана саласы, адамзат қызметіндегі кез келген басқа салалар іспеттес, бір қалыпсыз кезеңдік дамуға тап болып отыр (бұған бүгінгі күнде көптеген ішкі және сыртқы факторлар себепші), осыған орай кітапхана өзінің тұрақты дамуына, әрі қарай жетілуіне мүмкіндік беретін жаңа басқару механизмдері мен стратегияларын енгізуді қажет етіп отыр. Бүкіл әлемде негізделген түрде инновациялық технологиялар осындай стратегиялардың және басқару концепцияларының бірі болып саналады.

Сол себепті кітапханаларда жаңа ақпараттық технологиялардың дамуымен бірге, сондай-ақ ақпаратты таратудың жаңа тасушылар мен жаңа технологиялардың пайда болуымен байланысты дәстүрлі кітапханалық үдерістер, кітапханалар қоры және қызмет көрсету жүйелері айтарлықтай өзгеріске ұшыраған. Соңғы жылдары кітапхана қызметіндегі өзгерістер, бірінші кезекте, дәстүрлі технологиядан автоматтандыруға өтуімен және оның үнемі жетілдіріліп отыруымен байланысты.

Сонымен қоса кейбір процестерді автоматтандыру мүмкін болмайтын жағдайлар да кездеседі, дәстүрлі технологиялардың кейбір элементтері сақталып қалады.

Кітапхана тәжірибесіне автоматтандыру технологиясын енгізу және дәстүрлі технологияны жетілдіру жағдайында кітапхана қызметін ұйымдастыру – басқарудың барынша күрделі міндеті, себебі бұл өз алдына ұйымдық-құрылымдық қайта құруға әкеп соқтырады және технологиялық үдерістерді нақты жағдайларға бейімделген құжаттар жинақтамасымен қамтамасыз етілуін қажет етеді.

«Кітапханалық технология» термині кітапханалық сөздіктерде 1976 жылы пайда болған. Бұрын қолданылған «кітапханалық техника», «кітапхана қызметінің техникасы», т.с.с. мазмұны жағынан қазіргі кітапханалық технологияларға тең келмейді.

Кітапханалық технология нақты кітапхананың құрылымдық және қызметтік ерекшеліктерімен анықталып, кітапханалық технологиялық құжаттарда көрініс тапқан. Кітапханалық технологияға технологиялық үдерістер, технологиялық шешімдер, технологиялық амалдар жатады. Кітапханалық қызмет көрсету және кітапханалық өнім кітапханалық технологиялық үдерістің нәтижесі болып табылады.

Кітапханалық технологиялық үдеріс - кітапханалық соңғы өнімді алу үшін қолданылатын, жүйелі түрде жүзеге асырылатын басқару қызметтері. Алынатын өнім, техникалық құралды, өнімді қайта жасау немесе сақтап қалу әдісі кітапханалық технологиялық үдерістің міндетті элементі болып табылады.

Кітапханалық технологияны әрі мазмұндық, әрі құрылымдық сипаттама тұрғысынан қарастыруға болады. Оның барлығы бір қатар циклдерден тұрады, оның әр қайсысы ақыр соңы оқырмандарға қызмет көрсетуге бағытталады. Осыған орай циклдер арқылы кітапхана қызметінің мазмұны ашылады. Технология кітапхананың ұйымдастыру құрылымымен ескеріледі. Барлық құрылымдар бір тұтас ретінде қызмет етеді, мұнда операциялар, үдерістер, циклдер өзара байланысты. Бұл құрылымның өз ішінде де, әрі өзара байланыста болады, яғни өзара байланысқан және өзара ескерілген түрлі өндірістік деңгейде болады.

Кітапханалық технология - кітапхана қызметінің міндеттерін жүзеге асыруға бағдарланған технологиялық үдерістер кешені, сонымен бірге кітапханалық-ақпараттық үкімет әдістемесі, кітапханалық технология үдерісінің мәні, оның даму заңдылықтары мен принциптері туралы заманауи білім. Кітапханалық технологияның компоненттеріне кітапханалық өнімдер, қызмет көрсетулер, әдістер, құралдар жатады. Кітапханалық технология кітапхана қызметін ұйымдастыру жүйесі мен кітапхананың әлеуметтік дамуын реттеу

тәсілі ретінде танылады.

Кітапханалық технология еңбек нысаны мен мазмұнының нақты-тарихи өзгерісін көрсетеді; ол басымдық танытқан құжаттарды жинау үдерісінен аналитикалық және коммуникациялық үдеріске дейін дамыған. Кітап қорын жинаудың кітапханалық технологиялар кітапты сақтауға бағыттағы кітапханалардың басқарушы кезеңіне ауысқан. Аналитикалық кезең алғашқы дерекнамаларды аналитикалық қайта жасау мен екінші қайтара құжаттарды жасау жүйесіне көшуден басталады. Қазіргі таңда Кітапханалық технологияның коммуникативтік кезеңге көшуі байқалып отыр, яғни, компьютерлік кітапханалық-ақпараттық желіні құрға арналған ақпараттық технологияның басым болуы, Интернет және коммуникацияның басқа да арналарын қолдану. Бұл кезеңнің ерекшелігі технологиялық үдерістер, олардың зияттану мазмұнының түбегейлі қайта құрылуы. Сонымен қатар әрі жинақтау, әрі аналитикалық технологиялар элементтері қолданылады.

Кітапханалық технологияларды басқару кітапханалық үдерістер мен операцияларды сапалы орындаудың ең үздік нұсқаларын табуға, кітапханалық ресурстарды барынша дұрыс қолдануға бағытталған.

Кітапханалық технологияның қандай да бір нұсқасын таңдау кезінде бір қатар критерийлерге негізделеді, оның ішінде: жылдамдық, сенімділік және өзін-өзі ақтау. Жылдамдық критерийі әрі кітапханашы, әрі оқырманның уақытын шығындамауды жүзеге асыру деп түсіндіріледі. Сенімділік критерийі кітапхана үдерісінің не операциясының таңдап алынған технология олардың сапалы орындалуын қамтамасыз етеді. Технологиялық үдерістің өзін-өзі ақтау критерийі белгілі бір технологиялық үдеріске кеткен шығындарды талдауды білдіреді. Мұндай анализ ақылы қызмет көрсетумен байланысты технологиялық үдерістер үшін ерекше маңызға ие.

Қызмет көрсету мен өнім инновацияның маңызды объектісі болып саналады. Инновациялық объектіні таңдау кезінде алға қойылған даму мақсатына сай өзгерістерді көбірек қажет ететін қызметтің бағыты анықталады, оны жанартқан жағдайда кітапханалық қызметкерлер өз қабілеттерін көрсете алып, онтайлы нәтижеге жете алуы керек.

Инновацияның атап көрсетілген барлық түрлері (өнім, технологиялық, ұйымдастыру және әлеуметтік), өз кезегінде, радикалды (базистік) және түрлендіруші (онтайландыру) инновациялар деп бөлінеді. Алғашқыларына түбегейлі жаңа шешімдерді қолдану, ескіні жаңа объектілермен ауыстыру жатады, ал екіншісі қолданыстағы объектілерді онтайландыру, басқарудың ұйымдастыру және әлеуметтік амалдарын, қызмет көрсетуді, өнімді, технологияны түрлендіруді қарастырады.

Инновациялардың пайда болуының қозғаушысы көбінесе тұтынушылар болып табылады. Инновацияны қызмет көрсету мен өнімнің жаңа түрлеріне деген ықтимал сұраныс, қолайсыздық, қызмет көрсету сапасының төмендеуі, ресурстардың белгілі бір түріне деген бағаның артуы, қызметкерлердің өз жұмысымен қанағаттанбауы және т.б. негіздейді. Кітапхана қызметінің бір саласындағы кез келген ауқымды өзгерістер (бір объектінің өзгеруі) жедел түрде жақын бөлімдердің өзгертілуін, тіпті кей жағдайларда жалпы кітапхананы басқарудың қайта құрылуын талап етеді.

Базистік инновацияларды жүзеге асыру ұйымды басқарудың барлық жүйесінің қайта жаңғыруына ерекше әсер етеді. Түбегейлі жаңа шешімдерді, технологияларды қолдану, ескі объектілерді жаңамен ауыстыру, әрине, өзара байланысты жаңалықтар кешенін енгізу қажеттігін тудырады. Инновациялық өзгерістерді жасаумен және қолданумен байланыстының бәрі, оның ішінде: технология, қызмет көрсету, әлеуметтік қатынастар өзгеріске ұшырайды. Сондықтан өзара байланысты өнімдік, технологиялық, ұйымдастыру және әлеуметтік инновациялардың кешенін қамтитын кластер жасаудың маңызы зор.

Н.Д.Кондратьев зерттеулерінде кластерлік шешімнің негіздері алғаш рет қарастырылған. Н.Д. Кондратьевтің көрсетуінше, енгізілген жаңалықтар уақыт бойынша бір қалыпсыз бөлінеді, топ-тобымен, яғни, қазіргі тілмен айтқанда, кластерлермен көрінеді. [1, 30] Инноватикадағы кластер деп белгілі бір уақыт аралығында және белгілі бір кеңістікте жаңа өнімдер, технологиялар мен ұйымдық қайта құрылулар түрінде жинақталған инновациялардың жиынтығын атайды.

Мәселен, ақпаратты өңдеу және есепке алудың автоматтандырылған құралдарын енгізу міндетті түрде қызмет көрсетуді ұйымдастырудың барлық технологиялық үдерістерінің

өзгеруіне әкеп соқтырады, кітапхана ортасының тұтынушы үшін де (оның ішінде сұраныстың орындалу және ақпаратты (құжатты) алу жылдамдығында), кітапханалық қызметкер үшін де (ақпаратты үздеу мен ақпарат беру, құжат беру кезінде ескішілдікке негізделген операцияларды қысқартуда) қолайлы болуында көрініс табады.

Бұл өз кезегінде, кітапхана бөлімдерінің дәстүрлі қызметінде, қызметкерлер іскерлігінің сапасында өзгерістерге (кеңейту немесе қысқартуға) әкеп тірейді. Сонымен қатар жеке алынған белгілі бір бағытты жетілдіру жалпы кітапхана қызметін міндетті түрде жақсарттады дей алмаймыз.

Кез келген өндіріс саласында ұйым қызметіндегі соңғы өнімдері (тауар мен қызмет көрсету) өзгерістің маңызды объектісі болып табылады, олар өзгерген кезде өнімдік инновациялар құрылады. Өнімдердегі (тауар мен қызмет көрсетудегі) өзгерістер оларды жасау және ұсыну технологиясындағы өзгерістермен байланысты. Соңғы нәтижесінде, оның ішінде кітапхана тұтынушыларының қажеттілігін толық және жедел түрде қанағаттандыру мақсатында қызметкерлерді басқару әдістерін жетілдіру және кітапхананың ұйымдастыру құрылымы саласындағы түбегейлі өзгерістер шығындарды азайтып, кітапхана қызметінің тиімділігін арттыруға ғана емес, сондай-ақ қызмет көрсету сапасын арттырып, тұтынушы үшін тиімді болуына да жеткізуі керек.

Өнімдік және технологиялық инновациялар тұтынушылар мен кітапхана серіктестерінің түрлі санаты үшін айқын көрініп тұрады, кәсіби қауымдастық арасында тез арада белгілі болады. Қызмет көрсету түрлері мен технологиясындағы өзгерістер қоғамның түрлі топтарының (БАҚ, үкімет, бизнес құрылымдары өкілдері және т.б.) кітапханаға деген қызығушылығын арттырады, жаңа серіктестерді, демеушілер мен меценаттарды, баспагерлер мен әдістемелік орталықтар мамандарын бірге қызмет етуге тартады.

Әлеуметтік және ұйымдастыру инновациялары кітапхананың ішкі «өміріне» таралады, шығармашылық қабілетті дамыту, басқару құралдары мен тәсілдеріне, инновациялық мәдениетті қалыптастыру әдістеріне қатысты. Олар кітапхана дәстүрлеріне негізделеді, басқарушысының ұстанымына, оның белсенділігіне, көшбасшы және өзгерістерді ұйымдастырушы ретінде жеке және іскери қасиеттеріне байланысты.

Кез келген кітапхана шектелген ресурстардың қарама-қайшылықтарын анықтап, шығындарды азайтуға ғана емес, сонымен қатар шаруашылық және әлеуметтік пайда алуға ұмтылады. Сонымен, нәтижесінде қандайда бір инновация кітапхана тұтынушыларының да, әрі оның қызметкерлерінің де өз еңбегінің нәтижесімен қанағаттануының өсіміне әсерін тигізу қажет және кітапхана қызметінің барлық қатысушыларының жұмсақтығын арттырып, кітапхананың әлеуметтік беделін қалыптастыруы тиіс.

Өнімді инновация идеясы тұтынушы түпкілікті қажеттілікті қанағаттандыру барысында алынатын негізгі пайданы түсіне білуде қалыптасады. Дәл табыстың өзі тұтынушы үшін жаңа өнімді өндіру кезінде ескерілетін қызметтер мен өнімдердің негізгі сипаттамасын (қасиеттерін) айқындайды. Әрбір түпкі қажеттілік өзімен үздіксіз байланысқан жақын қажеттіліктердің толық кешенін де қанағаттандыруды қажет етеді. Сол себепті өнімді инновацияны жасау барысында кепілдікпен, жігерлендіру және қосымша қызметпен қамтамасыз ететін «көмекші» деп аталатын көрсетілуі ықтимал қосымша қызметердің кешенін анықтау қажеттігі туындайды.

Басты мақсаты қандайда бір «инновацияны»: қызмет көрсетуді қатаң түрде стандарттаудан бастап бригадалық абонементке дейін және т.б. түгел дерлік енгізу болған шаралар жасалған. Оларды көбін тәжірибе ақыры есепсіз не саналы түрде ығыстырып тастаған. Олар көптеген кітапханалардың не ресурстық базасына, не (ең бастысы) кітапханашылар менталитетіне, олардың кәсіби түсініктеріне сәйкес келмеген. Әсіресе мұндай жағдайды шетеллік тәжірибенің мазмұндық элементтерін пайдалануға алған кезде ескерген маңызды.

Инновацияны игерудің тағы да бір нұсқасы – қызмет түрлерін білімнің іргелес салаларынан пайдалануға алу. Осылайша, кітапханалар әдеби-музыкалық салондар, көркемөнер көрмелерін, клубтарды, түрлі үйірмелер, компьютерлік класстар аша бастады. Мұндайда пайдалануға алу механикалық еліктеу түрінде емес, тәжірибедең бағалау мен талдаудан өткен жаңалықты қолдануға мүмкіндік беретін шығармашылық акт ретінде жүзеге асырылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Качанова, Е.Ю. Инновационно - методическая работа библиотек / Е.Ю. Качанова;

ХГИИК. – СПб.: Профессия, 2007. – 338с. – (Библиотека). – ISBN 978-5-93913-133-9.

2. Редькина, Н.С. Инновационно-технологическое сопровождение методической деятельности / Н.С. Редькина, О.В. Кулева, Г.Л. Толкунова // Науч. и тех. б-ки. – 2007. - №7. – С.27-33.

3. Редькина, Н.С. Технологический аудит в библиотеке / Н.С. Редькина // Науч. и тех. б-ки. – 2005. - №9. – С.30-38.

4. Справочник библиотекаря / ред. А.Н. Ванеев, В.А.Минкина. – изд. 2-е, испр. и доп. – СПб.: Профессия, 2001. – 448с. – (Библиотека). – ISBN 5-93913-021-6.

5. Юрьева, Т.Ю. Технологические аспекты методической деятельности / Т.Ю. Юрьева // Науч. и тех. б-ки. – 2003. - №8. – С.26-34.

6. Ильенкова, С.Д. Инновационный менеджмент / С.Д. Ильенкова, Л.М. Гохберг, В.И. Кузнецов, С.Ю. Ягудин. - Москва: Московский международный институт эконометрики, информатики, финансов и права, 2003. – 67 с.

СИНОНИМДЕРДІ АУДАРМА ТІЛІНДЕ ЖЕТКІЗУ МӘСЕЛЕСІ

Қ.Х. РАҚЫМЖАНОВ
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
К.М. ӘБІШЕВА
«Тұран-Астана» университеті, Астана қ.

Синонимдік қатарда синонимдік парадигма доминантасы мен перифериялық синонимдер арасында әр түрлі байланыстар мен қатынастар болады: 1) иерархиялық; 2) инклюзивтік; 3) корреляциялық; 4) коллокативтік қатынастар.

Синонимдік парадигмада генерализациялық және арнайы, тар түрлі мәнді сөздер синонимдік қатынасқа түскенде доминанта мен перифериялық синонимдердің арасында қатынастардың иерархиялығы байқалады. Бұл айырмашылықтардың ұғымдық мәні синонимдік қатардың мүшелеріне қарағанда нақтылаусыз бейтарап басты сөзде жоқ мәннің мағыналық ренкін кіргізеді. В.Л. Силиннің ойынша, синонимиялық қатынастарға түр мен түс білдіретін, генерализациялық және арнайы мағыналарды білдіретін сөздер кіреді. Логикалық тепе-теңдікке қарағанда, лексикалық бірліктердің семантикалық бірегейлігі стилистикалық немесе идеографиялық айырмашылықтары да сақталады [1,95]. Соңғылары ұғымдық мазмұны түр мәнді сөздерге қарағанда нақтылаусыз, доминантада жоқ лексикалық мәнге мағыналық ренк енгізеді, мысалы, собака - охотничья собака (гончая), волкодав, овчарка, цепная, ищейка, фокстерьер, шавка, пудель, дог, борзая, легавая, дворняжка, такса, т.б.

Инклюзивтік қатынастар – «кірістірмелік қатынастарға жатады, олар бір элементтің көпшілікке, жиынтыққа қосылатынын көрсетеді. Қосылудың мұндай анықтамасы тәжірибе мен объектілердің мәнін тану негізінде анықталатын тілдік емес ақиқат объектілерінің арасындағы байланыстар пайымдауына сәйкес келеді. Қосылу қатынастары қоршаған ақиқат объектілерінің мәні туралы білімді жеткізу тәсілі болып табылып, солардың қасиеттерін тануға сүйенеді, бұл объектіні өзіне ұқсас әртекті объектілердің қатарында пайымдауға, оларды салыстыруға, жинақтап біріктіруге мүмкіндік береді. Негізгі қосу тәсілдері: 1) бірлі жарым объектінің немесе объектілердің көпшілікке жататынын көрсету; 2) белгілі бір толымдылық пен көпшіліктің құрамын аша отырып, оны құрайтын элементтерді санамалау; 3) объект пен көпшілікті салғастыру; 4) объектіні, сондай-ақ көпшілікті сипаттайтын нышандарды бөлу [2,7].

Синонимдік қатар біріктіруші (корреляциялық) нышандар мән ұқсастығы негізінде жекелеген элементтер қосылатын көпшілікті білдіреді, мысалы, угловатая, шероховатая, безалаберная, добрая, недобрая, шумная, неукладистая; жанұя, отбасы, үйелмен, түтін, үй іші, шаңырақ, ебейсіз, икемсіз, кобалак, епсіз, бейімсіз, епетейсіз, ерепейсіз, қолапайсыз, қорбаң, епті, ептейлі, ебдейлі, епсекті.

Синонимдік қатар – элементтері семантикалық ұқсастық пен қарама қарсылық нышандары негізінде қосылатын синонимдік-антонимдік парадигма.

Коллокативтік байланыстар – қиылысу қатынастары, онда бір синоним өзара қиылысатын бірнеше синонимдік қатарға қосыла алады, мысалы, обмануть – обыграть, околпачить, обмишурить, оболванить; обмишуриться – ошибиться; показной – мишурный. Коллокативтік байланыстар қиылысу қатынастары ретінде де қарастырылатын өзара алма-

стыру қатынастарына негізделген.

Корелляциялық байланыстар – шендес байланыстар. Бұл байланыстардың негізінде өзара шарттастық пен ұқсастық, сондай-ақ айырмашылық принципі жатыр, мысалы, синонимдік қатардың доминантасы мен сол қатардың мүшелерін корреляциялық қатынастар мен байланыстар біріктіреді, ол доминанта мен қатар мүшелерінің семантикалық ұқсастық негізінде бір қатарға бірігуінен, бір-бірімен өзара шарттас болуымен, алайда, мән реңктерінің бөлектенуімен байқалады, мысалы, громадный, огромный, грандиозный, аршинный; рақым, мейірім, қайыр, шапағат, көремет.

Синонимдер бірқатар функцияларды атқарады. Солардың ішінде ең маңыздылары: а) алмастыру функциясы; 2) нақтылау функциясы; 3) ұқсастық функциясы; 4) дифференциялау функциясы. Алмастыру функциясы сөйлемде немесе мәтіннің үзіндісінде бірінен соң бірі келген синонимдерді алмастырудан тұрады, мысалы, стачка – ереуіл, мұнай – кара алтын, мақта – ақ алтын; сезімдік, , толықтық, еттілік, ет жеңділік, жуандық, күйлілік.

Нақтылау функциясы ақиқаттың айтылып отырған затына тән түрлі қасиеттер мен сипаттарды ашу ретінде өткеріледі. Алмастыру функциясынан айырмашылығы бар синонимдер мәтіннің белгілі бір мәтін үзіндісінің ішінде бір-біріне тақау, жанаса орналасқанда байқалады. Айтылып отырған заттың құбылыстың ерекшелігі көбіне бір сөзбен ашылмайды. Сондықтан бірнеше синонимді бірден бір мезгілде қолдануға тура келеді, мысалы: наша она обоих поляков в страшной бедности, почти в нищете, без кушанья, без дров, без папирос, задолжавших хозяйке; дене бітісі мығымырақ, жауырыны жалпақ, кең иық, төртбақ, денелі жігіт.

Ұқсастық функциясы бар синонимдер заттар туралы ұғымдардың, мәндердің семантикалық ұқсастығы негізінде синонимдік қатарға біріге алғанында байқалады, мысалы Fleisch (ет) – Schweintfeish, Rindfleisch, Kalbfleisch, Hammelfleisch, Hirschfleisch, Hühnerfleisch, Gaubenfleisch, Qänselfleisch, Entenfleisch, Pferdefleisch, Salzfleisch, т.б. Негізгі «ет» ұғымы синонимдік қатардың доминантасымен ұқсастық қатынаста тұрып, ұқсастық функциясын атқаратын түр ұғымдарында нақтылана түседі, салыстырыңыз: мясо – свинина, баранина, говядина, конина, зайчатина, курятина, голубятина т.б.

Синонимдік қатарда дифференциациялық функциясы синонимдік қатар мүшелерінің мәні доминантада айтылатын негізгі мәнмен сәйкеспегенде байқалады, мысалы, уладиться – утрястись, темя – макушка, оговориться – обмолвиться, т.б.

Синонимдердің саналуан түрлерінің болуы, және олардың әрқилы функциялар атқаруы, ауыспалы мәндердің қалыптасуы және соған байланысты бастапқы тілдің синонимиясының баюы аударғанда қиындық тудырады. Синоним сөздердің кейбір ауыспалы мәндері синонимдік сөздіктерде ескерілмеген, мысалы, аккорд, арсенал, двигатель, гармония, мишень, авангард сияқты көптеген терминдердің ауыспалы мәндері бар. Бейтарап лексика сөздерінің де ауыспалы мәндері бар, мысалы, основа, глубокий, арена, акула, вооруженный, фон, основание, т.б. Алдамашы нышандары бар, бұлдыр, қиялда жаратылған, нақты әлемге сәйкес келмейтін «сағым» сөзін «фантазия» сөзімен синонимдік қосақ құрып тұр.

Сөйлеу сипатындағы сөздерде де ауыспалы мән бар. П.Я. Черемисин сөйлеу синонимдерін екі үлкен топқа бөледі: 1) адамдардың бейнелік мінездемесін көрсететін ауыспалы мән қалыптасқан хайуандардың атаулары – сөздер, мысалы, заяц, овца, курица, крокодиль, баран, т.б. 2) ауыспалы, бейнелеу, сөйлеу мәндеріне не ортақ және бейтарап сөздердің екінші үлкен тобына әртүрлі, көбіне тұрмыстық заттардың атаулары енеді: тюфяк, каланча, бревно, трешотка, кисель т.б. [3].

Ондай синонимдерді аударғанда коллокативтік байланыстарын басқа синонимдік қатармен қиылысу байланысын ескеру керек, мысалы, каланча – высокий, заяц – трусливый, сондай-ақ олардың тіркесімін ескеру керек: построили каланчу – Володя был высокий, каланча, Заяц – белое пушистое животное. Он был зайцем, трусливым человеком.

Аударғанда стильдердің шендестігін, бастапқы тілдің стилистік синонимдерін аударма тілінде сондай стильге жататын синонимдермен аударуды ұстануға тиіс, мысалы, девушка, девица, девка сөздерін аударғанда стильдік сипаттарының шендестігін сақтаған жөн, себебі бастапқы тілде бұл сөздер түрлі функционалдық стильдермен шендесіп, түрлі стильдік сипаттарға ие, сондықтан да «девушка» сөзіне синоним ретінде «девка» ұғымын қолданып, аудармаға жол берілмеуге тиіс. Дәл сол сияқты орыстың «старец» сөзін аударғанда

ағылшынның сәйкестіктері:

- elder (venerable old man);
- elderly monk;
- spiritual adviser жарамайды.

Осы «старец» сөзін аударғанда мынадай контексті: старец, отпуская меня, благословил и сказал, чтобы я, учась молитве, ходил к нему с чистосердечным исповеданием и откровением, ибо без проверки наставника самочинно заниматься внутренним деланием неудобно и мало, түсініп, сол сөздің ақпараттық қарқындылығын ұғыну керек. Т.А. Казакованың пікірінше, ағылшын сөздердің мағыналары «старец» сөзіне сәйкес келмейді, сондықтан осы сөзді аударғанда starets транскрипция амалын қолданып, аудармашылық толықтырма жасау керек [4, 110]. В.С. Слепович те аударма үдерісінде синонимдерді барабар аударудың қажеттілігіне назар аударып, екі тілдегі синонимдердің қай стилистикалық топтарға жататындарын анықтап, барабарлықты сақтау керек дейді [5,31].

Сондай-ақ синонимдердің экспрессивтік-бейнелеу, эмоционалдық бейнелеу, идеографиялық түрлерінің, зияткерлік мазмұны бойынша айырықшаланатын синонимдердің ерекшеліктерін ескеру керек. Бұл синонимдер түрлі функция атқарады. Егер идеографиялық синонимдер бір мәнде болып, бірақ түрлі мағыналық реңк берсе, онда олар семантикалық ұқсастық функциясын атқарады. Осындай функцияны зияткерлік мазмұнымен айырықшаланатын синонимдер де атқарады. Алайда олар сонымен бірге терминдер, әлдебір ғылым саласынан белгілі бір білімдер туралы мәліметтерді жеткізіп, когнитивтік функцияны да атқарады. Экспрессивтік-бейнелеу және эмоционалдық-бейнелеу синонимдерінің негізгі функциясы – ықпал ету функциясы. Сондықтан аударғанда синоним сөздердің функциясының шендестігіне назар аудару қажет.

Алмастыру, функционалдық ұқсастықты іріктеу, синонимдік қатардың гипогиперонимиялық парадигмасының мүшесімен аудару, генерализация мен нақтылау синонимдерді аударудың негізгі амалы болып табылады.

Бастапқы тілдің синонимдерін аударма тіліндегі синонимдермен алмастыру амалы сол тілдерде идеографиялық, стилистикалық және экспрессивтік сипаты бойынша бір-біріне сәйкесетін синонимдер болғанда өткеріледі, мысалы, орыс тілінің лик, лицо, физиономия, харя, морда синонимдеріне қазақ тілінде сәйкестіктер табыла бермейді. С. Бизақовтың «синонимдер сөздігінде», мына синонимдер ғана көрсетілген: бет-әлпет, бет-бейне, бет-жүз, бет-пішін, кескін-келбет, кескін-кейіп, түр-түс [6, 139]. «морда», «харя» стилистикалық синонимдерінің бейтарап синонимдермен жеткізілуі олардың мәнінің экспрессивтік-бейнелеу және эмоциялық-бейнелеу реңктерін солғындатады.

Функциялық ұқсастықты іріктеу – бастапқы тілде синоним атқаратын функцияны аударма тілінде атқара алатын барабар синонимді іріктеу амалы, мысалы, растяпа, колпак, шляпа, нерасторопный, растеряха; синонимдерді ұқсас бағаламалық қызметтік орындайтын бос, болбыр, босақ, мәнжүбас, маубас, бұлжыр, боласаң, босандау синонимдері арқылы аударылады.

Генерализациялау немесе нақтылау амалдары

Нақтылау, яғни синоним сөздің жалпы мағынасын тарылту синонимиялық қатардағы доминанта сөздің орнына түсті білдіретін мағына қолданады, мысалы, «роза» - «раушан» гүлдерді атайтын синонимиялық қатардың бастапқы сөзі – доминанта болып отыр. Ол түрді білдіреді. Сол доминантаның жалпы ұғымын синонимиялық қатардың мүшелері нақтылайды, мысалы, Rose неміс тіліндегі синонимиялық қатардың доминантасы Rose Alpenrose («альпийская»), Apfelrose («яблочное»), Bengalrose («китайская»), Dogrose («собачья»), Duftrose («эллиптическо-лиственная»), Essigrose («французская»), Heidenrose («степная»), Kohlrose («провансальная»), Teerose («чайная») түсті білдіретін синонимдер арқылы айқындалады және нақтыланады. Ал қазақ тілінде осындай ұғымдардың бәрі де жалпы ұғымдық «Раушан» сөзімен алмастырылады.

Сөйтіп, синонимиялық қатарлардың құрамында синонимдер, бір жағынан, бір-бірімен жақындасып жалпы семантикалық парадигма құрайды, екінші жағынан, өздерінің мағыналарының реңктерінің айырмашылығын айқындайды. Осындай ұқсастық пен айырмашылықтарды айқындау барысында синонимдер әртекті байланыстарға (иерархия), басыңқы-бағыныңқы, инклюзивтік (жай мүшелердің (элементтердің) көпшілік са-

нына (синонимиялық қатарға) кірістірілуі; коллокативтік (кыысу), корреляциялық (жай, синонимдерді доминанта сөзімен арақатынастылықты асырады) кіреді. Сонымен қатар, синонимдер әртүрлі функцияларды орындайды: алмастыру, айқындау, айырмашылықтарды табу (дифференциация), бірегейлікті сақтау.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Силин В.Л. К проблеме синонимии //Вопросы языкознания, 1987, №4.
2. Кириченко Н.Л. Отношения включения и способы его языкового выражения. Автореф. дисс.канд.филол.наук. – Л., 1987.
3. Черемисин П.Я. Стилистические синонимы в русском языке. – М., 1976.
4. Казакова Т.А. Практические основы перевода. English – Russian. – СПб.: Издательство «Союз», 2006.
5. Слепович В.С. Настольная книга переводчика с русского языка на английский. Russian - English Translation Handbook. – Мн.: ТетраСистемс, 2006.
6. Бизақов С. Синонимдер сөздігі. – Алматы: “Арыс” баспасы, 2007.

ABOUT THE CULTURE OF TURKISH NATIONALITIES

ZH.K. SMAGULOVA, G.K. KHAFIZ
Pavlodar State University after S. Toraigrov, Pavlodar city

Turkish culture is still predominantly patriarchal. Female teachers will find it more difficult to gain the respect of their students in the classroom. This is especially true if you dress in more revealing Western style clothes. As a woman it is recommended that you wear long pants or skirts and shirts that do not reveal any cleavage, preferably with longer sleeves. Turkish men are less likely to trust a female teacher and will very possibly have control issues. If you are even the slightest bit attractive be ready to be asked to dinner, on a date, or for your phone number. Unbeknown to most Westerners, this is actually an insult. They do this because they think you are easy like they see on TV. A large percentage of Turkish women are virgins before marriage, so anyone who is assumed to be experienced is considered disreputable. If a Turkish man really likes you and respects you, he will be incredibly timid and will not make any advances until he has established a strong friendship first. Nothing goes beyond a request for a date though. There is rarely harassment by men of women in the classroom. Should an occasion occur, one comment by management will end any such problems.

Men also should to dress nice. Turkish students have little respect for teachers that come in jeans and a wrinkled shirt. In American culture this may be the sign of a laid-back, friendly teacher. Here it's simply unprofessional. Turkish teachers dress formally and it's advisable to do the same if you want respect from the students.

Along similar lines, you should not embarrass men in front of women, especially younger women, as it might upset them and cause problems. Older men especially may be fearful of speaking or making mistakes in front of younger women, especially if the woman is a better speaker. Of course, this all varies from person to person and often depends on which city the student is coming from.

In Turkish education, books are incredibly important. What the book says must be true. If you say something in contradiction to the book, they will start to doubt you. As a teacher you need to be capable of explaining any differences between what you teach and what the book says.

Turkey is a fairly closed culture when it comes to free speech. Insulting Ataturk or Turkishness is a jailable offense and happens quite often. Almost anything can be interpreted as an insult to Turkishness. Never say anything bad about Turkey or Ataturk. For example, I was once discussing Ataturk with a friend. I said that Ataturk often got drunk. While it is common knowledge that Ataturk drank a lot of raki and this fact is easily accessible even in many Turkish history books, it is considered an insult to say that he got drunk because “proper” Muslims don't get drunk. With one conversation our friendship was over. Not only that, but the 5-year friendship between my girlfriend and this friend was also over because she refused to break up with me over it. Ironically,

I heard the exact same type of story from another friend who lives here. In this case it was two Turks arguing and a 10-year friendship ended.

Turkey is a Middle Eastern country with many Middle Eastern values. The group is always valued over the individual. Many things like religion or politics are not discussed due to the fact that they could destabilize a relationship. Many Turks cannot discuss religion or politics in Turkish. They find these subjects very difficult and are often scared to voice their opinions and for good reason. While things are better now, many people still remember journalists or dissenters being killed or thrown in jail for speaking out. I have had good discussions on these topics, but you must have rapport with the class, everyone must be very comfortable with each other, and you have to monitor the discussion carefully. Particular issues to avoid are Kurds, Armenians, Ataturk, Alevis, the headscarf issue, Israel, Islam, and the war in Iraq.

Honor is extremely important in Turkish culture and, like all Middle Eastern countries, much of a male's honor is tied to his female relatives. Never ever joke about someone's mother, sister, or significant other. Even the phrase, “Your mother is beautiful” is considered highly offensive and can be cause for a fight.

Many Turks quickly become aware of the fact that most teachers of English actually know very little about teaching and did not study it at university. Turks place great importance on their departments and it's often very difficult to get into a particular department at university. It's all based on a nationwide testing system. If you didn't study ESL teaching at university in their minds you shouldn't be teaching. To gain the trust and respect of your students you should always be prepared before you enter class. Be sure you know what you are teaching and that you understand it. Anticipate questions from the students and have answers ready.

Starting in high school, Turkish students can act very chummy towards their teachers. Many foreigners and also many Turkish teachers see it as a form of disrespect, but it's pretty normal here. Be very careful with becoming too friendly with students. Befriending students is always great, but it can come with some difficulties you should be aware of. Once friendship is established they may stop listening to you in the class. Turks usually don't make a distinction between a professional relationship and friendship. You cannot be one thing in the class and another outside it. If you try to adopt the role of teacher in the class after becoming friends, you may get küsmeked and things could become very negative in the classroom. A Turkish student would be incredibly upset if their teacher they were friends with failed them in the class.

Turkish students are very sheltered as well. Most of them live with their parents until marriage, which is usually to around their late 20's or 30's. Turkish students often do not have much in the way of life experience. Life is much simpler and quieter here. Because of this, Turkish students are rather adverse to working for anything, much like students anywhere in the world. Turks under the age of 30 have had few to no responsibilities in life. The family provides everything. You can be sure that most of your students are not paying for their course themselves. It's coming out of their families' pockets and so they don't value it as much as if the money was coming out of their own.

If the family is rich or influential enough, students also have not had to do any work in school. One call to the principal from dad and the student will pass the class. Don't be surprised when you gets students that feel they are entitled to pass your course regardless of their performance. Many richer students feel that the teacher or the school should cater to their every whim. If you have a student like this in your class, it's important to establish authority quickly and stay in control. Make sure your manager is aware of the situation and will back you up. Should a student complain and the school cave in to his or her demands you will be undermined in the class and any chance you have of establishing authority in the class will be shot.

There are certainly a number of obstacles to face in the Turkish classroom environment, but if you are aware of and prepared for them, it's not so bad. Turkish students can be very fun to teach once they understand how your class works and what they should be doing. Your school and the other teachers there will play a big role in how your class behaves. If the school and other teachers are on the ball, the students will be introduced to standard language learning methods immediately and they will quickly adapt. If this is not the case, then be prepared to bang your head against the wall for the first couple weeks and battle with the students until they start to realize that what you are trying to do really works. If you are aware of some of the issues above, hopefully you can avoid any pitfalls. I think it's always important to remember that we always need to teach our

students how to learn as well as English. Sometimes we forget this. If done correctly, the pay off is huge both for the teachers and the students. Good luck out there.

LITERATURE

1 “Turkish Statistical Institute”. Turkstat.gov.tr. Retrieved 2011-05.

2 Hür, Ayşe (2008-08-31). “Türk Ermenisiz, Ermeni Türksüz olmaz!” (in Turkish). Retrieved 2008-09-02. “Sonunda nüfuslarını 70 bine indirmeyi başardık”.

МӘШҺҮР-ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ - КӨП ҚЫРЛЫ ТАЛАНТ ИЕСІ

А. АЗАМАТ

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Белгілі ақын, ғұлама оқымысты Мәшһүр Жүсіптің көп қырлы талант екені елге мәлім. Қаршадайынан оқыған, оқып қана қоймай, көңіліне мол дүние тоқыған білімдар. Ақынның 1907 жылы үш бірдей кітабы – “Көп жасағаннан көрген бір тамашамыз”, “Хал-ахуал”, “Сарыарканың кімдікі екендігі” атты жыр жинағы жарық көрсе, “Миғраж”, “Хаятбақшы”, “Қорқыт”, “Гүлшат-Шеризат” деп аталатын кисса-дастандарын, публицистикалық этнографиялық еңбектерін, халық ауыз әдебиетін жинаудағы қыруар жұмысын атасак та жеткілікті.

Біз Мәшһүр Жүсіптің ақындығына тоқталсақ, оның нәзік те отты, ойлы өлендері халықтың өз ішінен қайнап шыққан талант екенін көрсетеді. Ел ішінің жағдайына жастай қанық ақын ағайын-туыс, бауырдың жан сырын терең жырлайды, нәзік тербейді. Олардың мінез-құлқын салмақты баяндап, сабырлы түйіндейді. Бір қызығы, әрқайсының мінезі әртүрлі, бірі біріне кереғар, күле салуы да жылдам, ренжи салуы да оңай. Енді ақынға сөз берсек, ол:

Аманыңда елжіреп мақтайтын ағайын,
Алыстамай айналып жақтайтын да ағайын.
Ауырыңды жеңіл ғып жоқтайтын да ағайын

Еркелетіп бетіңнен қақпайтын да ағайын, – десе [2], бұл күнделікті өзіміз көріп, өзіміз қоян-қолтық араласып жүрген ел тірлігі. Халқымыз “Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол”, – дейді. Ағайынның тағы бір мінезіне ашынып, “Туысқан бар болсаң көре алмайды, жоқ болсаң бере алмайды”, – деп те ашылады. Қалай болғанда да өзіңнің өскен жұртыңа жетері жоқ. Осыны Мәшһүр Жүсіп тіпті әдемі толғайды, ақынға құлақ ассақ:

Әуел баста андамай тартып жүрме сазайын,
Толып жатыр түрлі сөз қайсыбірін айтайын.
Түсінсе түйткіл сөзімді улы тілмен шағайын,
Өскен ордам жамандап жақсыны қайдан табайын, – дейді.

Мәшһүр Жүсіптің осындай жақсы жырларының қатарына оның “Жеті жетім”, “Қажылық иман шарттары”, “Адам екі түрлі”, “Жанайын ба?”, “Дауасыз дерт”, “Күндіз бен түннің айырмасы”, “Сырға сөз” секілді өлендерін атар едік.

Өз кезінде Мәшһүр Жүсіп сан-салалы ауыз әдебиеті үлгілерін мол жинағаны, өз замандастарының шығармаларын да хатқа түсіргені көпке аян.

Бұл жөнінде академик М.Әуезов былай деп тұжырымдайды: “Ол, өз шығармаларын былай қойып, басы ашық үлгілерді жазып алып, біздің дәуірімізге жеткізген еңбек Мәшһүрде мол екенін және естен шығармау керек. Сондықтан қазақ ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің ғылымдық бір саласы историография бөлімінде Мәшһүрдің ол түрдегі еңбегіне әрдайым орынды баға берілуі шарт” десе, академик-жазушы С.Мұқанов: “XVIII ғасырда жасаған ақындардың ішінен жыры мол сақталған – Бұқар жырау. Бұқардың жырларын сақтап, тарих алдында ерекше еңбек сіңірген адам – Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Бұқардың жырларын жазып алған Мәшһүр Жүсіп: “Бұқарекен сөйлеген уақытында сөзі мұндай жүз есе, мың есе шығар, бізге келіп жеткен тамыры ғана. “Мес” жинағына қарасаң көңілің тояттайды, оқысаң көзің қуанады. Сиясы әсем көшірілген қолжазба Мәшһүр махаббатына лық толы. Ол көне қолжазбаның әрбір сөзіне дейін жеткізуге, қазақ тілінің алтын қорын шашпай-төкпей сақтауға тырысқан”. Осыған ұқсас пікірді ғалым Ы.Дүйсенбаев та айтқан. Ол: “М.Ж.Көпеев Бұқарға тиісті деген өлең-толғауларды, ел ішіндегі көрі құлақ қариялардың аузынан жазып алып, ертеректе қағаз бетіне түсірген, екіншіден ол өзінің шамасы келгенше қарт жыраудың мұрасын толық және келіп жеткен қалпында сақтауға тырысқан, үшіншіден өзі де Бұқардың өмірі және шығармашылығымен жете таныс болғандықтан, кейбір жыр-толғауларына түсіндірмелер берумен бірге, басқа да қызықты мәліметтер келтіріп отырған”, – десе[6],

бұл пікірді біз де мақұлдаймыз.

Мәшһүр Жүсіп 1858 жылы өзінің айтуынша (қазақша қой жылы, арабша ережеп айында, жұма күні, бесін кезінде), Қызылтауда, Найзатас деген жерде дүниеге келеді. Нәресте туған соң ата-баба салтымен азан шақырып, атын Адам Жүсіп болсын деп қояды. Ал, оның Мәшһүр Жүсіп дейтін атқа ие болуы жайы да қызық. Сегізден тоғызға аяқ басқан шағында қалың топтың алдында бірде-бір мүдірместен мақамына келтіре отырып “Төрт жігіттің өлеңі”, “Ер Тарғын”, “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” лиро-эпос дастандарын жатқа толғайды. Жиылған қауым дән риза болып, “баланың аты – Мәшһүр болсын, тіл-көзден аулақ болуы үшін басына үкі тағып қойындар”[9], – дейді.

Қара өлең, қайым өлең, жар-жар, аужар, сыңсу, батырлар жыры, лиро-эпос жыры, шешендік сөздің неше алуан түрін жастайынан жаттап өскен Мәшһүр өзі де он бес жасынан бастап өлең шығара бастапты.

Біз өз уақтысында “Жалайридың жел жетпес жүйрігі” атанған Бақтыбай мен Сыр бойының ақыны Бұдабайдың түс көріп, түсінде көген емес, өлең алып, ақын боп оянғанын жақсы білеміз”. Ал Мәшһүр Жүсіптің қалай ақын болғандығы жайлы әңгімесі оның өзінің алдындағы өнерпаздарға ұқсастығымен бірге, айырмашылығының да бар екендігін анық танытады. Мұны “Он бесте шабыттандым жүйрік атша, кәудеме өлең толды сызған хатша” деген жолдардан ұғынуға болады. Одан бұл кезде жазу-сызудың қазақ өлкесіне кең қанат жая бастағанын, Мәшһүр Жүсіптің де сауаттылықты жоғары бағалап, оған құрметпен қарағанын аңғарасын.

Бірақ, оның осы тұстағы өлеңдерінің тақырыбы күнделікті тұрмыстық жағдайды суреттеуден әрі асқан жоқ. Ол өзі араласып жүрген айт пен той, әртүрлі адам мінезі, жүріс-тұрыс ерекшелігі, көшу, қону, жаз бен қыс, ас, қыз ұзату сияқты нәрселер еді. Бұл өлеңдерінде кейіпкерлерінің ішкі жан дүниесіне терең бойлап, талдау жасау жоқтың қасы, бір сөзбен айтқанда, бұл оның шәкірттік, үйрену кезеңі еді.

Мәшһүр Жүсіп, өзі айтқандай, он бес жастан кейінгі өмірінің бәрін дерлік өлеңмен сөйлеген. Ақын дүние танымын, адамдармен қарым-қатынасын, нені сүйіп, нені жек көретінін, кімнен үйреніп, кімнен жиренетінін де өрнектеген. Біз оның мұндай туындыларынан сол кездегі адамдардың өмірге деген көзқарасын, ішкі жан дүниесін, тұрмысын жан-жақты танығандай боламыз.

Ақын той мен топта, ел мол жиылған аста бай мен болыстан, би мен бектен ығыспаған, олардың қателіктері мен кемшіліктерін тіке айтып, жуанға істеген “жақсылығын”, жіңішкеге көрсеткен “қорлығын” бетіне басып отырған. Осы ақ ниеті үшін артынан опық жеген кездері де аз емес екен.

Расында да ол бала болып ойнамаған, бес жасынан бастап оқуға зейін қояды, ержетіп бозбалалық шаққа жеткен соң да ала қағаздан бас алмаған. Ақын шарқ ұрып ізденудің нәтижесінде білімге де, парасатқа да ерте жетіпті. Күннің шуағын бірінші болып қарсы алып, батып бара жатқан шапағын да өзі шығарып салатын заңғар таудың құзар басы сияқты, алдымен не көрсе де білімді жан көрмек. Ақылды, білімді адам өмірдің соққан бар дауылына төтеп бермек. Мәшһүр Жүсіпті де осындай жан деп білеміз. Оның жанының нәзіктігін, көңілінің жомарттығын, “өзім не болсам да мейлі – өзгенің жаны жараланбасын, басқаның басына бақытсыздық, күнгірттік келмесін”, – деп іштей жақсы тілеумен жүретінін айтып жеткізу мүмкін емес. Мәшһүр жырлары оқушысын еңбекке, адалдыққа, мейірімділікке үндеумен қымбат.

Мәшһүр Жүсіптің “Сарыарқаның кімдікі екендігі” атты кітабы тұтас халқымыздың ішкі-сыртқы жағдайын толғайтын дүние. Бұл еңбек 1907 жылы баспадан шықса да 1917 жылы сәтті бастама көтерген алаш азматтарының ой-арманымен тоғысып, үйлесіп жатыр. Ақын діннің, жердің, малдың кеткенін, елдің азып-тозып нашарлағанын айта келіп: “Күн батысы – Сырдария, күншығысы – ұзын аққан Ертіс, оңтүстігі – Жетісу өзені, солтүстігі – Еділ, Жайық. Бұл қазақ иесіз жатқан жерге келіп ие болған жоқ, ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен кеше Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, қаз дауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек заманында жаннан кешіп, сусын орнына қызыл қан ішіп, жаудай алысып, жаттай салысып, күні-түні атысып, қара қанға батысып, шыбын жанын нысанаға байлап, не маңғаз, сарбаздары жау жолында оққа ұшырап өліп, сөйтіп алған жері еді”[6], – десе, халқының қамын ойлаған озық азаматтың пікіріне толық қосыламыз.

Ақын үзбей өлең жазып, халықты өнер-білімге шақырғаны мәлім. Мәшһүр Жүсіптің

түпкі арманы – халықты жаппай сауаттандыру еді. Алайда, ол мұндай игілікті іс тек сөзбен ғана іске аспайтынын, ол үшін қолда билік болуымен қатар, мол қаражаттың қажет екендігін кейін сезінді. Амалсыз ішкі мұң-шерін тағы да өлеңмен шертті.

Ол көпшіліктің берекесін алатын, жарастығын бұзатын озбырларға үнемі қарсы тұрып келіпті. Бұл турасында профессор Б.Кенжебаев: “Мәшһүр шығармаларының көпшілігінде заман жайын айтады, қазақтың теріс мінездерін, қазақ арасындағы ескіліктің қалдығын, би-болыстарды, патша үкіметінің чиновниктерін сынайды”, – десе, ғалым жіті байқап, дұрыс бағалаған деп білеміз.

Мәшһүр Жүсіптің өмір сүрген тұсы — бір рудың малын екінші бір рудың елі барымталап, шетке шыққан жылқы-сиырын сіңіріп кете беретін, әлсіздің күні қараң, күштінің сөзі жүріп тұрған феодалдық қоғамның нағыз қаны тамып тұрған кезі еді. Қысы-жазы ауыл маңы айғай-шу, бос дүрмек. Оқу іздеп, өнер қуып жүрген бір де бір жасты көре алмаған ақын халыққа қарап:

Қазағым, өнер іздеп, ұрлық-зорлық,
Қыласың бір-біріңе неге озбырлық, [4], – дейді.

Ақын сөз өнерін өте жоғары бағалаған. Ол адамзат баласының бір-бірімен табыспайтын, жақындаспайтын кезі болмайды, олар бір-бірінің ішкі жан сырын сөйлесу арқылы түсінеді, ұғысады дей келіп:

Ұшқан құс, жүгірген аң-жануарлар,

Атанды бәрі қайуан – тілі жоқтан, – деп түйіндейді. Бұл жерде ол адамның “ұшқан құс, жүгірген аңнан” артықтығы – ақылында дегенді айтып отыр.

Мәшһүр Жүсіп өз өлеңдерінде әркім өз еңбегімен күн көрсін дегенді үндейді, сонымен бірге біреудің есебінен тірлік кешу арамтамақтардың ісі екенін де есінен шығармаған.

Ақын адам өміріндегі ең бір қымбат дүние достық екенін, досы мол жанның бақытты екенін жан-жақты толғайды.

Ақынның бөліп айтуға тұрарлық айрықша бір ерекшелігі, өлеңдерін жазып шығарған. Ол әрбір жырын қағаз бетіне түсіріп, рет-ретімен тәртіптеп, шашау шығармай ықтияттап жинап отырған. Оның алғашқы өлеңдері “Дала уалаяты” газетінде 1889 жылдан бастап көріне бастады. Ақын 1889 және 1890 жылдар аралығында бірнеше мақаламен қоса, бес өлең жариялады. Олар мыналар: “Әңгіме”, “Бәрі қысқа, еркін дүниеге келеді екен”, “Кедейлікке үш қырсық оралады”, “Күн шықпай ерте тұрып”, “Білмейді ел өнерлісін аулақ болар”. Бұл өлеңдердің бәрінің сарыны ортақ, ой арнасы біреу – ол жастарды еңбекке, өнер-білімге, егін салуға, сауда істеуге шақырады. Ал, ел ішінде бос тентіреп кәсіпсіз жүрген кейбір желбуаз бозбаланы сынап мінейді:

Әр істі ойлау керек әуел бастан,
Не пайда өнер жоқ жігіт жастан.

Осылай дей отырып, еңбек етпейтін, сыбай-сылтаң жүрісті жандарды ұрыспай, сөкпей, тілдемей, жай ғана сыпайы сөзбен ұялтып, қызартады. Оларға “мынадай бол, мынадай істе” деп те ақыл айтпайды. Тек қана еңбек ет, еңбек адам баласының – анасы дегенді мензейді. Мәшһүр Жүсіпті өз көзімен көрген, оның барлық еңбегімен таныс-біліс болған сол кездегі орыс оқымыстысы Белослюдов төмендегідей ой қорытады: “Мәшһүр Жүсіп халықтың мұңын жырлай бастайды. Мәшһүр Жүсіп өлеңді жазып шығарды, мұның өзі қазақ әдебиетінің тарихында халықтық сипаттағы жаңа бағыттың дамуына зор түрткі жасады. Бұрын өлең көпшілік алдында ауызша айтылатын, ал ақын атану үшін біреумен айтысқа түсетін, жыршы міндетті түрде суырып салма ақын болуы шарт еді. Енді Көпеев өлеңдері оқырманға жазбаша түрде ұсынылды, ақын деген сөз тек ақын-жырауларға қатысты ғана емес, өлең жазуға қабілетті талант иелеріне де қолданыла бастады”. [5].

Мәшһүр Жүсіпті 1874 жылы өз ауылының ауқатты адамы Әкімбек деген кісі келіп әкесінен сұрап алады. Бұл байдың Қалибек деген жалғыз баласы бар еді. Арманы перзентін оқыту болатын. Оның молданың алдынан енді ғана шыққан Мәшһүрді ата-анасынан “аттай қалап” сұрауының кілті осы еді.

Мәшһүр Жүсіп балаларды оқыта жүріп, жазу-сызуын бір сәт тоқтатпайды. Күндіз сабақ беріп, қалжырап шаршағанына қарамай, түнде май шамның жарығымен өлең жазады екен. Кейбір түнде өзі сүйіп оқитын шығыс ақындары шығармаларына сарыла үңіліп, білімін үздіксіз көтеріп отырған. Адамға қазына дәулет жолдас болмайды, ғылым мәңгі өмірсерік.

Өнерді үйрену үшін де алдымен білім керек. Білімсіз бірде-бір ісін ілгері баспайды. Ақын осылай толғамды ойларын ортаға сала отырып, өзі де көп оқыған, ізденген, өзгелерді осыған үндеген.

Ақынның үй ішін бір сөзбен мұғалімдер отбасы десе де болғандай. Өзі көп жылдар бойы бала оқытты. Жәдитті қатты қолдап қуаттаған. Бұл сол кездің жаңа бағыттағы оқу үлгісі еді. Ол осы оқу үлгісін жай ғана жақтап қоймай, нақты іс-әрекет еткен. Атап айтқанда, балаларды жәдитше оқытқан, осы үлгідегі кітаптарды ел арасына кеңінен таратуға күш салған.

Ақынның Әмен деген ортаншы баласы арнайы жолдамамен Ташкент қаласындағы №4 мектепте сабақ береді. Бір оқушы қыздың әке-шешесі он үш жасар баласын малға сатып, ұзатпақшы болып жатқанда, ара түсемін деп 1921 жылы азғындаған жандардың қолынан қаза табады. Бұл оқиғаны “Ақ жол” газетіндегі қазанамадан көрген ақын қатты күйзелген көрінеді. Мәшһүрдің тұла-бойы тұнғышы Шәрәпи де әжептәуір сауат алады. Өзі алдыңғы қатардағы колхозшы болса керек. Оның бұл баласы 1936 жылы өз ажалынан қайтыпты. Кеңе ұлы Пазыл да көп жылдай мұғалімдік қызмет атқарады. Партия мен үкімет еңбегін бағалап, Ленин орденімен наградтаған. Ол 1970 жылы өмірден озыпты.

Әрине, Мәшһүр Жүсіп “Алланы бір, пайғамбарды хақ” деген мұсылман.

Исламның бес парызы біреуі – иман,

Таппайды бұл бесеуін дүние жиған.

Ықтият, шын ниетпен жұмыс қылып,

Ерлерді айт Құдай үшін жанын қиған, – [3], деп толғап қана қоймай, өзі де шарифат жолымен жүрген тақуа. Мәшһүр шайтанды молдаларша ұғынбайды. Оны дербес малғұн, жұрт көзіне көрінбей жүріп азғырушы деп қарамайды. Ақынға сөз берсек, ол: “Ағаштың бойында гүрілдеп ағып жатқан өзен – адамның денесіндегі қан. Әй, жігіттер, естерінде болсын, оны “шайтан” – дейді. Ол бір кесек нәрсе емес, денені арам қан боп кіріп, жүрегіне барып, жүрегінді толқытып, өзінді бұзады. “Шайтан” деген өзіннің ойың дейді.

Ақын қолына түскен бір шежірені оқып отырып былай деп жазады: “Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би” дегендей, анық қазақтың өз ортасында сөйленіп жүрген танымал сөзден шежіре алып жазған біреуі де жоқ”, – дейді.

Жақында ғана осы олқылықтың орнын толтырып Мәшһүр Жүсіптің оныншы томы – “Қазақ шежіресі” Павлодар қаласынан жарық көрді. Бұл еңбек халық сусап күткен танымды дүние. Құрастырушылар тарапынан берілген түсінікте: “Қолжазбалардағы материалдар мазмұнына қарап, ғалымның тарих, мәдениет, әдебиет мәтіндерін бір-бірінен бөлмей тұтас ұсынғанына назар аударамыз. Сол себепті мәтін тұтастығын сақтау мақсатында орын алған фольклор, әдебиет үлгілері, фелсафалық-діни ойлары қолжазбадағы жазылу реті бойынша аралас беріліп отыр. Мәшһүр қолжазбасындағы кейбір мәтінді тарихқа да, әдебиетке де жатқызуға болатынын ескерген жөн”, – десе, бұл өте дұрыс бағамдалған мәселе деп білеміз. Мәшекең орта жүз болғандықтан көбінесе өз елін жан-жақты жазған. Ұлы жүзді де, кіші жүзді де, қожаны да, төрені де ара-тұра болса да сөз етеді. Арғындардың арғы атасы жайлы Бұқар жырау:

Бәрімізді сұрасаң,

Құтан байдың баласы.

Арғындардың сабасы,

Қарақожа бас болып,

Қабыл болған дұғасы, – дейді [6],

Ал Мәшһүр Жүсіп арғын, найман, таракты, қыпшақ аталарын жеке-жеке таратып, олардың ішінен шыққан сұлтан, би, батыр, әнші, ақындар жайлы да әжептәуір мәлімет береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Көпейұлы Мәшһүр Жүсіп. Көп томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Алаш, 2003. - (Алаш мұрасы)
2. Т.5: Қазақ, ауыз әдебиеті үлгілері, дастандар. - 2006. - 301 б.
3. Қазақ фольклоры, ауыз әдебиеті үлгілері. - 2006. - 296 б.
4. Халық ауыз әдебиеті: ақындар туындалары. - 2008. - 348 б.
5. Т.8: Қазақ тарихы. - 2008. - 308 б.
6. Қазақ тарихы: Абылай хан туралы аңыз әңгімелер. - 2009. - 350 б.

7. Қазақ шежіресі. - 2010. - 400 б.

8. Жиған-тергендер. - 2010. - 360 б.

9. Көпейұлы Мәшһүр Жүсіп. Ит дүние: таңдамалы. - Алматы, 2008. - 416 б.

10. Көпеев М. Ж. Ел аузынан жинаған әдебиет үлгілері / М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты. - Алматы: Ғылым, 1992. - 222 б.

2010 ЖЫЛДЫҢ «АНА ТІЛІ» - ҰЛТ ГАЗЕТІ БЕТТЕРІНДЕГІ ӨНЕР МӘСЕЛЕСІНІҢ ЖАЗЫЛУЫ

Г.Қ. АЛДАЖАРОВА
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Бүгінде демократиялық елімізде баспасөздің қоғамдағы рөлі елеулі өзгерістерге кіріп, бұрынғыдай билеуші партия идеологиясының насихатшысы ғана емес, демократиялық қоғамдағы бұқараның ой-пікірін жеткізуші және қалыптастырушы да болып отыр.

Біздің зерттеу жұмыстың нысаны болған бүгінгі қазақ баспасөзі еліміздегі қоғамдық-саяси өзгерістер нәтижесінде өмірде болып жатқан оқиғалардың барлығына атсалысып, өзекті мәселелерді дер кезінде көтеріп, қоғамдық пікір туғыза отырып, сол проблемалардың дұрыс шешілуіне мұрындық болып отырғаны белгілі. Қазіргі қазақ баспасөзі мемлекет тәуелсіздігінің нығаюы мен көркеюі жолында үлкен рөл атқаруда. Әсіресе, ұлттық тіл мен жер мәселесі, еліміздің тәуелсіздік идеясын насихаттау, қорғау, идеология майданында бітіспес күрес жүргізу ісінде атқарып отырған қызметін ерекше айтуға болады.

Қазіргі қазақ баспасөзінің көтеріп отырған өзекті тақырыптарының бірі – Республикамыздағы мәдениет, өнер құрылысының мәселелері. Өйткені еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, бұрын қағажу көрген тілімізді, өнерімізді, салт-дәстүрімізді, тарихымызды, дінімізді яғни жалпы мәдениетіміздің даму деңгейін көтеріп, қолдану аясын кеңейтуге мүмкіндік туды. Сөйтіп мәдени құндылықтарымызды игеру, еліміздің мәдени төл тумалылығын қалыптастыру ісінде ауқымды жұмыстар атқарылды.

Сонымен қатар ұлттық өнер, мәдениет, рухани басқа да құндылықтар саласындағы қораланып жатқан проблемаларды да міндетті түрде халық мүддесі тұрғысынан көтеруші де, билікке құлаққағыс етуші, қоғамдық пікір тудырушылық міндетті де тек қазақ тілді баспасөзі құралдары, оның ішінде «Ана тілі» ұлт газетін ерекше атап кеткен жөн. Газет бетінде 2010 жылы жарияланған өнер саласына қатысты материалдарды зерделеп, біразын талдауға салу арқылы қазақ басылымындағы мақалалардың жазылу әдісі мен қазақ өнерін дамыту, көркейту мақсатындағы үрдістерін оқып, енді мақалаларға деген өз зерттеуімді келтірдім.

Нұрлан Құмардың «Цирк деген бір сиқыр» (№31-32. 5-18 тамыз) мақаласы «Өнер» айдарының астында берілген. Мақала: «Қазақ циркіне – қырық жыл Алматыдағы Абай даңғылында орын тепкен ақ үйде ұланасыр той. Осынау сиқырлы цирк өнері қазақтың қанында бар ма дерсіз?! Құралайды көзге атқан мергендер, түйе палуандар, желмен жарысқан желаяқтар, ол аз десеңіз, Парижде ұлы Палуан Қажымұқанның шойын жолды мойнына гал-стукше байлап әлемді мойындатқанына тарих куә. Қала берді, қазақтың саятшылық салты мен күсбегілік дәстүрінде де цирк өнерінің сарқыншақтары бардай» - деп басталып 1967 жылы алғаш қазақ циркінің негізін қалаушы Гүлжиһан Ғалиева, сол кездегі ел басшысы Дінмұхаммед Қонаев, мәдениет министрі Илияс Омаровтардың ауызбірлігімен құрылған «Союзгосцирк» ұжымы туралы тарихтан бері тарата келіп Гүлжиһан Ғалиеваның қазақ циркіне ұлттық рең беру үшін қажымай – талмай еткен еңбегін талдап көрсетеді, қазақ циркінің жүрген жолы, басқан ізі (Монте-Карло, Брюссель, Верона, Пекин т.б...) түгелдей камтылады. Қазақ циркінің кешегі ардагерлері бүгінгі ізбасарлары ақробат Қарымсақ Ақишев, ат өнерін көрсетуші Қадырхан Бөлекбеков, өзе гимнастигі Сайран Тулепа, Қазақ ССР-на еңбегі сіңген өртіс Ержан Қоңырбаев, оның қызы Йоко Қоңырбаева, және Құрманғали Досбатыровтың, Қоржынбаевтар, Шалабаевтар әулеттерінің дәстүр сабақтастығын Уәлихан Шалабаев пен оның ұлы Қанаттың жетістіктері жайлы сыр шертіледі.

Сайқымазақ Мұрат Жұмағалиев, әйелі Елизавета, ағайынды Халел мен Өткір

Камашевтармен қатар трюк коюшы Жайдарбек Тұрсынғалиұлы, Дария Сүлейменова, Зарина Дигарбекова, Даржан Қамбышев, Әлішер Әлиевтің тобы, Досбатыровтар жанұясы, Руслан Файзулин мен Андрей Қанахиндер өнерлерімен көпшілікті тәнті етіп жүргенін жазады.

Оқырманды өзіне осылай ынталандыра тартып алатын шеберлігімен ақ Нұрлан Құмар өз әріптестерінен өзгешелеу және оның журналистік шеберлігінің бір құпия қыры да осы бағытта.

Арықарай цирк артистерінің әлеуметтік жағдайы, айлық жалақысынан бастап, зейнетақыға шығатын жасын бері тарту т.б. қатарлы мәселелерді көтере келе, ұжым ардагерлерінің бүгінгі жағдайынан да сөз етеді.

Мақала соңында: «Сонымен, Алматыда 10 күн бойы 11 мемлекеттен келген цирк артистерінің пікірталасы, өнерді талқылауға арналған келелі кеңестер, басқосулар, жұртшылыққа арналған ғажайып қойылымдар өтті. Алдағы уақытта отандық өнерпаздар әлем бойынша гастрольге шығуды жоспарлап отыр. Қазір олар қазақ эстрадасының негізінде өзіндік бағдарлама құруға дайындық үстінде. Ал саммитке қатысушылар цирк аясында тәжірибе алмасып, гастрольді көбейту қажет деген қорытындыға келді. Шамалы күндерден кейін Қазақ Мемлекеттік цирк әртістері Астана және Қарағанды қалаларындағы цирктерде өнер көрсету үшін гастрольдік сапарға жүрмекші. Осылайша цирктің 40 жылдық мерейтойы 30 күн ойынға, 40 күн тойға ұласпақшы. Дәйім қуанышымыз көп болғай деп тіледік» - деп бітіруі қазақ циркінің даталы мерекесі қарсаңында қолдай шаралар ұйымдастырылып, қандай мақсат мүдделер мен шешімдер шығарылғаны туралы болашақ тарихшыларға құнды дереккөз болып табылады деген ой келеді.

Ал газеттің 31-32 нөмірінде (5-18 тамыз аралығында) «Өнер өлкесінде» айдарымен шыққан «Сахна ханшасы» атты мақала Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Айгүл Үлкенбаеваның шығармашылығы хақында айтылады.

Мақала авторы журналист Сейілғазы Әбдікәрімов. Мақала «Зиялылар диалогы», «Үндістанға сапар», «Қайтқан малда береке бар», «Нөмір бірінші «Дарын» сыйлығы», «Демеуші» атты шағын тақырыптарға бөлінген.

Әр бөлім өз тақырыптарына сай күйші Айгүл Нариманқызының өнер өміріндегі әрбір кезең, мәселен Үндістан еліне сапары, Батыс Еуропа және ГДР-ның Берлин қаласында болып өткен өзіне аса мол әсер қалдыран ғажайып концертті, 1992 жылы Айгүл Үлкенбаеваның «Дарын» Мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты» деген құрметті атағын ұлттық музыка өнерін өте жоғары деңгейде насихаттаған әрі домбыраның құлағында ойнайтын асқан шеберлігі үшін тұңғыш рет алғаны қатарлы оқиғалар баяндалады. Сонымен бірге өнердің тұщысымен қатар ащысының да болатынын, атакты бабасы Махамбет Өтемісұлының 200 жылдығы қарсаңында осы мерейтойға арнайы концерттік кеш ұйымдастыру үшін әртүрлі кедергілерге, әсіресе қаржылық тапшылық көргенін, бірақ бәрібір дегенінен қайтпайтын қайсар мінезінің арқасында өз діттеген мақсатына жетіп тынғаны айтылады.

Мақаланың әу басында-ақ «Зиялылар диалогі» тақырыппен берілген бөлімде:

- Мен Айгүлді екінші Дина дер едім. Айтқаным айтқан, - деген Қойшығұлдың дауысы.

- Өте орынды, - деп қатады Айтқали.

- Мен де қосыламын! – деді Айтжан.

- Шындығында да екінші Дина ғажап екен! – деді баяғыдан бері сөзге араласпай тұрған Жолдығали.

- Талайды өнерімен өзіне табындырған, тыңдаушысын тамсандыра тыңдатқан Айгүл сында домбырашыны «Сахна ханшасы» дер едім – дедім мен т.б. диалогтар арқылы, мақала арқылы берер түйінін алдын-ала анықтап алған журналист мақаласының соңын түйінделіп, қорытындыланбай жайдақтатып бітіре салды. Жазу тәжірибесінің аздығын көрсетумен қатар журналистің сөз қолданысына нақтылай үнілер болсақ біраз кемшіліктердің басын қайыруға болатыны да көрінеді.

«Ана тілі» - ұлт газетінің №45 санында (11-17 қараша) Динара Ізтілеу, Сұлтан Тайғарин, Нұрлан Құмарлардың «Көкшедегі көріктілер мен бөріктілер керуені» атты журналистік талдау мақаласы «Ана тілі-20» атты мерекелік айдар аясында берілген. Мақала аса асқақ басталады, құдды өлең тәрізді:

Сәкендей сырбаз жанды өз сұлулығына тәнті еткен кербез Көкшеге қарай көрікті көштің керуені қозғалды. Арулардың шолпы сылдырына күлкі сынғыры қосылып, ол жігіттердің әуелеген әндеріне ұласты. Сән-салтанаты асқан бұл керуеннің көрігін жастардың жарасымды

әзілі қыздырып барады. Бұл керуен – ҚР Білім және ғылым министрлігінің, Ақмола облысы әкімдігінің және «Қазақ газеттері» ЖШС-ның ұйымдастыруымен 11-13 қараша аралығында өтетін «Ана тілі» аруы» мен «Ана тілі» сұлтаны» байқауларына бара жатқан сұлулар мен сал-серілердің көші.

Сексен көл Көкшетаудың саясында,

Әрқайсы алтын кесе аясында.

Ауасы – дертке дауа, жұпар иісті,

Көкірек қанша жұтса, тоясын ба?

Осынау сыр мен сымбаты келіскен көрікті өлке – Көкшетау талайға құтты мекен болған жер. Абылайдай ханының ақылына халқы ұйып, Баяндай батырлары білектерін түрген текті жер. Осынау текті жерде тектіліктің туы көтерілмек»- деп оқырманды еліте, еліктіре басталады.

Жиырма жылдық тарихы бар «Ана тілі» ұлт газетінің ұйытқы болуымен ұлттың ұяты, ар иманы мен абыройындай болған қазақ аруларының байқауы жетінші рет, ал марғасқа жігіттері мен «сен тұр, мен атайын» деген сарбаз жігіттерінің білек күшін бағалап, сөздерін саралайтын байқау екінші мәрте оздырылмақ дей келе бұл байқау жылдан-жылға қарқын алып, тек қазақ қыздарының ғана емес, өзге ұлт өкілдерінің де қызығушылығын арттыра бастағанын жазады.

Қазақтың қызы қандай-ды? Қазақ қызын ақша жүзіне жел тигізбей өсіріп, тауып сөйлеуге, өткір айтуға, сөйте тұра ибалығын тәрбиелікке, кішілігін кісілікке көтеруге баулыған. Аруағынан айналайын, атам қазақ қыздарының бетін тұмшалап, «төмен етекте» деп төмендеткен емес. Еркелетіп есейтсе де «Қызға қырық үйден тыю» екенін естен шығармаған. Ақ босаға аттап, құтты орнына қонғанша жанын шүберекке түйген де біздің жұрт. Ертенгі «бір қолымен бесігін, бір қолымен әлемді тербететін» ана – бүгінгі бойжеткен. Ұрпағына ұлтының асыл қасиетін дарытатын аруларымызды ардақтап, елге танытып үлгі еткеніміз абзал. «Ана тілі» аруының да діттеген мақсаты осы – дей келе бұл байқауға өткен жылдары қатысқан арулардың қайда жүргенін, олардың өмірдегі жетістігін тізбелейді, мәселен, «Ана тілі» аруы байқауының тұңғыш жүлдегері – Сана Мұсаева, 2004 жылғы жеңімпазы Бақытнұр Қызырбай, 2006 жылғы жеңімпазы – Айда Дайырова, 2007 жылғы жеңімпазы Раушан Әріп, 2008 жылғы жеңімпазы Бибігүл Сауытовалардың бүгінгі өмірлерінен мәлімет беріп, олардың әсем суреттерімен мақаланың өн-бойын көркемдеген. Және осы байқауды ұйымдастыру ісіне ұйытқы болып жүрген М.Сарыбеков (ҚР. Білім және ғылым вице-министрі), Ш.Беркімбаева (Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ректоры), А.Қырықбай («Заңғар» шығармашылық бірлестігінің төрағасы, байқаудың бас продюсері) – лардың бұл байқауларға қатысты қысқаша пікір-лебіздері де орын алыпты.

Мақала тілі жатық, су төгілмес жорғадай тайластқан шебер тілмен басталған бұл корреспонденция тілі аяғына дейін алғашқы екпінінен танбайды:

- Бұл байқаулардың басқалардан болмысы бөлек. Бұл жерде төл таразыға салынып, бөксе мен бастар бағаланбайды. Бұл қызының қылығын хәм бұрымын, шешендігі мен шеберлігін, өрелілігі мен көрегендігін, ұлттың салты мен санасы, болмысы мен бояуы жазбай танылатын, тарата айтсақ тектілік таразыға түсетін сын. Бұл байқауға демеушілік көрсетіп, қаржылай қол ұшын созып жүрген азаматтар да аз емес. Бұл олардың Атымтай жомарттығы ғана емес, ана тіліне деген асқақ махаббаты мен туған салт-дәстүріне деген зор құрметі деп бағалаған дұрыс шығар.

Күміс күлкіге көмілген көш өр Көкшені бетке алып барады. Өңу күймеден бір сұлу: Сұлтанның сұлтаны озар сол сайыста, Жүректің төріне орын сайлап кетем. Қай жігіт атып түсер екен деумен Оқжетпеске орамал байлап кетем, - деп сынғырлай үн қатса, оны іліп ала жөнелген бір сарбаз сері:

Аллам қолдап, атып түссем бір арудың,

Оқжетпеске байлаған орамалын

Сұлтан болып хәм жанымға сұлу ертіп

Жүп болып Жетісуға орамалын, - деп жауап қайтарады.

Әдемі үйлесім, тұнған жарасым! «Сынғырлап өңкей келісім, Тас бұлақтың суындай!»

- деп Абай осындайды атаса керек. Ендеше, көш көлікті болсын, көріктілер мен бөріктілер!»
- деп аяқталады «Ана тілінің» алдын мол үміт күттіретін жалынды жас тілшілері жазған көркем очеркке сай келетін осы жол белгілеу.

Дәл қазіргі қазақ баспасөзі ұлттық мәдениетімізді қорғауда, ата салт-дәстүрімізді сақтауда, насихаттауда, қазақ өнерін даму бағыттарын ұлт мүддесі тұрғысынан айқындауда, ұлт мүддесі тұрғысынан талқылауда, халық санасын оятып, мемлекеттің болашағын, ұлтқа қатысты проблемаларды жан-жақты қозғауда, демократиялық мәдениетті қалыптастыруға зор үлес қосып отырған ерекше күшке айналып келеді. Сондықтан да қазіргі қазақ баспасөзі, ондағы өнер мен мәдениет құрылысы проблемалары арнайы зерттеуді қажет ететін өзекті тақырып болып табылады. Сонымен бірге, бұған дейін қазақ ұлттық өнер проблемалары баспасөзде қалай көтерілетіні, қандай көрініс тапқаны, қалай жазылатыны туралы іргелі зерттеулер жүргізілмеген. Мұның өзі де осы тақырыпты зерттеудің өзекті мәселе екенін айқындай түседі.

Газет бетінде жарияланған мақалалардың қоғамдық көзқарасты қалыптастырудағы ықпалын бағалап, таңдап алынған мақалалардың көтерген проблемаларына, өзектілігіне, тіліне және тарихилығына талдау жасау ырқылы осы өнер саласын дәріптеу, насихаттау, бұл салада қордаланған мәселелерді көтеріп, шешімін табудағы «Ана тілі» ұлт газетінің атқарып отырған қызметі мен рөлін көрсету, осы тақырып бойынша нақты 2010 жылғы «Ана тілі» ұлт газетінің көтерген жарияланымдарды бір жүйеге түсіріп, ғылыми және кәсіби талданған өткізу болып табылады.

МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВТІҢ ДІНИ-ЗЕРТТЕУ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ШАРИФАТ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Б.А. АХМЕТНИЯЗОВ

магистрант, МНС, НПП «Машхуроведение», ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының ірі суреткер ақын екені, оның қазақ фольклорын жинаудағы, тарих, педагогика т.с.с. ғылым салалары бойынша жазғандары біршама зерттелді деуге болады. Мәшһүр-Жүсіптің сонымен бірге дін тарихы, оның ішінде ислам діні тарихы, мәні, ерекшеліктері туралы жазғандары да бар.

Павлодар облысының Баянауыл ауданында туған. «Бес жаста «бісмілла» деп жаздым хатты, Бұл тағдыр жастай маған тиді қатты» деп ақынның өзі айтқандай, 5 жасынан бастап-ақ молдадан хат таныған ол 1870 жылы Хамеретдин хазіреттің медресесінде дәріс алады. Молда бір ғана дін сабағын емес араб, парсы, шағатай тіліндегі кітаптарды да қатты қадағалап оқытады. Кітаптың тек қарасын танытып қоймай, ішкі мазмұн, мән-мағынасына дейін тәптіштеп түсіндіреді. Арабтың, парсының тілін үйретеді. Мәшһүр бір жыл ішінде хат танып, өнер-білімге, әдебиетке құмар болып өседі. Жеті-тоғыз жасында «Ер Тарғын», «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» сияқты халық жырларын, шығыс кыссаларын жатқа айтады. Сол себепті де Мәшһүр деген атқа ие болады. «Мәшһүр» арабша белгілі деген мағынаны білдіреді. Медресе оқып жүрген кезінде ол балалардың алды болып, 15 жасынан өлең жаза бастаған. Ол туралы ақынның өзі:

«Жабысты маған өлең он бес жаста,
Жұрт айтты: «Не қыласың» – деді баста.
Дегенмен қоя алмадым үйренген соң,
Мінім жоқ қылған жұртқа мұнан басқа.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы 1875 жылдан бастап біраз уақыт оқытушы болды. «Дала уәлаяты» газетіне өлеңдері мен мақалаларын жіберіп тұрды. 1887-1890 жылдары Самарқанд, Ташкент, Түркістан, Бұхара, т.б. қалаларды аралап, Шығыстың классикалық әдебиетімен жете танысты.

Осы жылдары Мәшһүр Жүсіп Көпесейұлы Шығыс ғалымдарының әдебиеттерімен танысып діни тақырыпта шығармалар жаза бастады. Оның дінге байланысты жеке «Дұға» атты кітабын жазды.

Еңбекте ислам шариғаттарының тәрбиелік мәні, имандылық, үлкенді силау, жетім

мен жесірдің ақысы туралы, адалдық пен теріс мәселе туралы да шындық пікір айтылыпты. Тазалық деп – саулық кепілі дәреттен бастап, түрлі намаздардың тәртібі, жаназаға байланысты әдет ғұрыптар мен тұжырымдар, ерлі-зайыпты адамдардың ара қатынасы, семья тұрақтылығы мен әйел адамдардың денсаулығы туралы көп мәселе айтылған.

Араб тіліндегі еңбектерде шариғатқа төмендегідей анықтама беріледі:

وَأَزْوَاجَ هَلْ عَجَّيْ أَمْ يَرْحَتُ وَأَعْيَشَ لَازِي وَجِجْتِ: أَحَالَ طَصْ وَأَنْ يَبْلَا: عَغْلَ عَرَشَ لَ
هَلْ عَرَشَ أَمْ عَرَشَ لَ. نَبِي دَلْ أَيْ فِ قَ قَ يَرْطَلْ أَوْ هَيْ عَرَشَ لَ أَمْ كَحَالَ أَنْ يَبْلَا عَرَشَ لَ. أَمْ أَرْحَ
قَلْ طَيِّ وَ دَبْ عَشَلْ أَنْ مَ عَرَشَ لَ هَبْ دَرُو أَمْ نَبِي دَلْ أَوْ عَرَشَ لَ هَرَهَظَا أَمْ عَوْرَشَ لَ. هَدَابْ عَ لَ أَعْت
[3, 70]. بِاسْحَالْ أَوْ عَزَجَلْ أَوْ قَدَابْ عَالْ أَوْ عَاطِلْ أَوْ لَ عَ

Шарғ сөзінің тілдік мағынасы бір нәрсені баяндау, түсіндіру. Ал діни терминдік мағынасы бір нәрсені рұқсат ету немесе оған тыйым салу. Басқаша айтқанда бір нәрсенің адал не арам (харам) екендігін білдіру, баян ету. Міне сондықтан да «Әш-шаариф» сөзі діни үкімдердің баяндалуы. Ал «шариғат» сөзі діндегі ұстанатын жол. Шариғат Алла тағаланың пенделеріне баяндап түсіндіргендерінің жиынтығы. Шариғат – мұсылмандардың иманын айқындап, адамгершілік мұраттары мен діни ожданым қалыптастырушы, олардың мінез-құлқын реттеуші, таным-түсінігін кеңейтуші, рухани жаң-дүниесін байытушы Исламның асыл құндылықтарының бастауы, қайнар көзі. Шариғат шарттарына сәйкес Алла Тағаланың ақ жолымен жүріп, өмір сүрген адам барлық мақсатына жетіп, отбасы қашанда қуаныш-қызық, ынтымақ-ырысқа бөленеді.

Араб ғалымдарының шариғатқа берген анықтамаларын оқып, аударып отырып Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өз еңбектерінде қазақ халқына ислам діні туралы мағлұмат беруде оларды орынды пайдаланғандығын атап өтуге болады. Бүкіл ғұмырын жас ұрпақты тәрбиелеуге, білім беруге арнаған ағартушы ұстаздың қаламынан туған көркем туындылардың идеясы бір танымға негізделеді. Ол біріншіден Жаратқан иені жадында ұстап отырады. Екіншіден, не істесе де бір Аллаға сүйеніп жасауға тырысады.

Қорыта айтқанда, еңбекте ислам шариғаттарының ахиқи(хақиқи) жолдың дұрыс түсіндірген. Алла, иман тану, пайғамбарларға, періштелерге, кітаптарға сену, тазалық, дәрет, намаз, жаназа туралы пікірлер шындықпен жеңіл, сенімді түсіндірілген.

Ең бастысы, Мәшһүр Жүсіп Көпеев сияқты ұлы бабаның нақылдарын замандастарымызға тезірек жеткізу, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің қолжазбалары мен «Дұға» кітабы – біз үшін, біздің замандастарымыз үшін, қазіргі адамдағы имандылық пен адамгершілік қасиеттерінің кеміп рухани тоқырауға ұшырап отырған кезінде, аса қажет дүние. Ойлана оқыған замандас, өзінің жоғалтқан жоғын, қадір-қасиетін, рухани таянышын, өмірге, жақсылыққа деген сенімін қайта табары хақ.

Тағы бір айта кететін ескерту, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Дұға» кітабы 19-20-шы томдарында оқи аласыз.

МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВ ҚОЛЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ

Б.А. АХМЕТНИЯЗОВ

магистрант, МНС, НПП «Машхуроведение», ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Мәшһүр Жүсіп поэзиясындағы шариғат тақырыбы күрделі мәселе, ақынның көп қырлы дүниетанымдық көзқарастары адамзаттың жоғары құндылықтарын айқындайтын маңызды мұралар. Талантты ақын, Мәшһүр Жүсіп Көпеев ұзақ жылдар бойы ұмыт болып келген есімі мен шығармашылығы енді халық игілігіне айналды. Оның шығармалары халқымыздың рухани қазына тарихына қосылып, оны молайтты, байытты.

Ақынның шығыстық сюжетті көркем талғаммен екшеп таңдап алғандығын, оны өз жүрегінен өткізе білгендігін атап өтеді.

«Мәшһүр Жүсіп шығармалары», «Мәшһүр Жүсіп қолжазбаларындағы ислам мәдениеті» атты кітаптарында тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі аса құнды еңбек – Мәшһүр Жүсіптің қолжазбаларының аударма-түсіндірмесі. Кеңестік дәуір тұсында орыс әліпбиіне көшкені

себепті араб-парсы, шағатай тілдерін жалпы бұқара білмегенімен, Құран Кәрімді жүргізіп оқитындар тек молдалар мен арабтанушылар ғана болып қалғаны мәлім. Қазіргі уақытта көпшіліктің пайдалануына берілген бұл еңбектер қазақ халқының аз уақыттың ішінде ислам діні туралы сауатын тереңдетуге мүмкіндік берді.

Мәшһүр Жүсіптің қолжазбаларында негізінен Ислам дінінің қағидалары қамтылғандықтан ол үлкен беделге ие болды. Себебі Мәшһүрдің негізгі тірегі Құран Кәрім еді. Бұл жайында Мәшһүр Жүсіптің өзі былай баяндайды:

Құдай бір, пайғамбар хақ иман деген
Сөзіне кәләм шариф инан деген.
Жақсы ғамал жаққа лайық білмесе
Мал молын опа бермес жиған - терген.

Ақыл бір алтынға ұқсас дөп домалар
Өлшеуін ешкім білмес неше қадақ.
Бас қатып, пайда ойлап, ақыл тоқтап
Тартып жүр әр нәрсеге көңіл шолақ.

Мәшһүр Жүсіптің діни эпосының сюжеті ислам қағидаларына сай болған. Қандай оқиға болмасын дінмен ұштасады. Тіпті көнеден келе жатқан мифтік сипаттардың өзін мұсылмандықпен бөлінбестей байланыстырып, сіңістіріп жіберген.

Құран аяттары мен Хадис сүрелеріне сүйенген отырып ойды жинақтау, Мұхаммед пайғамбар мен басқа да пайғамбарлар туралы аңыз-әңгімелерді жырға қосу, олардың имандылық жолындағы өмірлерін өнеге ету күллі түркі халықтарының әдеби мұраларына ортақ сипат болып табылады. Бұл тұста дүниеге келген әдеби жәдігерлердің көркемдік негізгі жетістігі – Құран аяттары мен Хадис сүрелерін көркем шығармада орынды пайдалана білуі.

«Мәшһүр Жүсіп ақынның қасиетті Құран тілі арабша тіл сындыруы, дүниетанымын араб, парсы шайырларының мұраларынан танып-білуі қазақ әдебиетіне шариат көріністерін ендіруге ықпал еткені анық.

Расында Мәшһүр діншіл еді. Оның өлеңдерінің барлығы дерлік дінге қатысы болды. Бұған дәлел ретінде Мәшһүрдің бірнеше өлеңдерін мысалға келтіруге болады. соның бірі:

Лә иләһә иллаллаһ иә раббим хақ,
Нәбиім бар дүр менің ол Мұхаммед.
Саллаллаһу ғаләйһи уа сәлләм,
Уәсәллиму тәслимә һум таиибәт.

Әссалату уассәләму ғаләйкә иә Ахмад,
һум хамид һум махмудсін һум Мухаммад.
Бәхаддид уали ғәдәд болсын рахмат
Мұстафа уа м...бә иә мархаба.

Әссалату уассәләму хабибаллаһ
Уассалату уассәләму нәбиаллаһ.
Кімде-кім салауат айтса саған
Дәулетін екі дүние берсін Аллаһ.

Мұхаммед айналайын дүние салды,
Жанлары нұрдан болған нұрға барды.
Дүниесі тілегінше жерде болып,
Шарапат айрылмастай бізге қалды.

Бұл жерде Мәшһүрдің Алланы мінсіз, пайғамбардың хақ екендігін түсініп, мойындайды. Құран Кәрімде бұл туралы:

نَمْ مَهْيَلَعْ لَعْلَلَا مَعْنَا نِيْذَلَا عَمَّ كَيْلُوْأَفْ لُوْسْرَلَاوْ هَلْ لَا عَطِيْ نَمْ وَا
أَقِيْفَر كَيْلُوْأ نَسْحَوْنِيْ حَلْأَصْلَاوْ أَدَدَشَلْ أَوْ نِيْقِيْ دِيْصَلْ أَوْ نِيْ بِنَلَا

«Ал кәне кім Аллаға, пайғамбарға бойұсынса, міне солар Алла нығыметке бөлеген

Пайғамбарлар, шыншылдар және игілермен бірге болады...» (Ниса сүресі 68 аят).

Өлген соң тоқталады тәубе жүрмес,
Мал жанның қимағанмен көрге кірмес.
Өзіңде қуат барда қимылдап қал,
өзіңнен қуат қайран кеткеннен.

Қайғырып сорлы пенде өлемін деп,
Өлмеймін деп ойлама жүремін деп.
Өлікке еш жолама сол жерді ойла,
Өлген соң не бір қызық көремін деп.

Мыңнан бақи дүниеден қалғаны жоқ,
Құр алақан кетеді алғаны жоқ.
Жетсең де арманыңа жетпесенде,
Жер астында жатасың іріп-шіріп.

Ғ. МҮСІРЕПОВТІҢ «ҰЛПАН» РОМАНЫНДАҒЫ ЕР АДАМ МЕН ӘЙЕЛ ОБРАЗЫНЫҢ ГЕНДЕРЛІК СИПАТЫ

Ж.Ж. ӘЛХАНОВА
2 курс студенті, «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы
Ж. ӨМІРБЕКОВА

ф.ғ.к, доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана қ.

Бүгінгі күні тіл білімінің жаңа қырынан зерттеліп-зерделеніп келе жатқан ғылым саласының бірі – гендерлік лингвистика. Гендерлік лингвистика – психологиялық құбылыстар мен лингвистикалық құбылыстардың ұштастыруынан пайда болған ғылым саласы. Ерлер мен әйелдердің тілдік қарым-қатынас жасаудағы ерекшеліктері қоғамдық-әлеуметтік орта мен этностық болмысқа, діндегі олардың орнына байланысты. «Ұлпан» романы әйелдің болмысына тән ибалықты, инабаттылықты, ақылдылықты, сұлулықты, зерделі ойды, парасатты пайымды, ал ер азаматқа тән қамқорлықты, ержүректілікті қазақ халқының өз тілінің мүмкіншілігі мен табиғи ерекшеліктері арқылы тануға болатындығын көрсетеді. Ол үшін лексикалық байлықты саны жағынан емес, сапа жағынан саралай түсіп, халық қоржынындағы інжу - маржанның сыр сандығын аша білу керек.

Романдағы « Шыңғыс ойынды тоқтатты да ордасына қарай жүре берді.

Екі топтың найзагер батырлары, мергендері екі бөлініп орналасқан қонақ үйлеріне кетіп барады. Артықбай бәйгеден алған құндызын Есәейдің алдына әкеліп тастай беріп:

Байлаңыз!- деді» [4, 20 б] немесе

Бері кел, байлан мынаны!

Жоқ, Мүсіреп аға...

Жоқты қоя түр. Бірінші соғылған анды, аңға бірінші шыққан адамның қанжығасына байлап алып қайтады. Ырымы сол. Әйтпесе қыз балаға қасқыр байламайды. [4, 61 б] дегендегі қанжығасына қасқыр байлау, роман ішіндегі одан өзге аңшылық, жамбы ату, бәйгеге шабу, жауға аттану деген сияқты ұғымдар қазақ ұғымындағы ер адамға тән гендерлік ерекшелікті ашып көрсетуде ерекше орын алады.

Қанжыға - бір нәрсе байлау, бөктеру үшін ердің екі жақ қапталының арт жағына өткізілген жіңішке, ұзын қайыс [3, 472 б]

Қазақ ұғымында соғып алған анды кісіге сыйлау, олжадан алған дүниені жанындағы адамға байлау тиісті салттардың бір болып табылады. Сол себепті де аңшы Мүсірептің қасқырды Ұлпанға байлатуы нағыз ер азаматқа тән мырзалық, мәрттік, азаматтықты танытады. Халық ұғымындағы «Атқанның анын жатқан байланар», «Еркекті олжа, қатында қалжа айырады» деген даналық сөздер осыдан қалыптасқан.

Ғалым Ә.Қайдар: «Тіл өлеміндегі этнос бейнесін тек лексика қорының жиі қолданылатын « үстіңгі қабатындағы » мағыналық бірліктер негізінде ғана емес, сонымен қатар оның төменгі қабаттарына, қойнау қолаттарында тұнып жатқан (бүгінде сирек қолданылатын)

сөз маржандары арқылы да жанғыртуға тырысу» [1, 16 б] деп айтқан болатын. «Ұлпан» романында гендерлік ерекшеліктерге этнолингвистикалық сипат беретін құда түсу, айттыру, бесік құда, қалың мал, жасау, қол ұстаттыру, ұзату, торқалы тоғыз орамал, жібек шаршы, кіндік шеше, жерік болу, көрімдік сияқты этнолексемалар қолданылады. Бұлар «әйел» концептісінен тарайтын «қыз» микроконцептісіне тән ұғымдар. Мысалы, романдағы Ұлпанның ұзатыларда жан жары Есәйге айтқан сөзінде: «Сенің еліңе осы ескі-ұсқыммен бара берсем біреу болмаса біреу «жалаң бұт келмегеніне құдайға шүкір демес пе екен?» [4, 73 б] немесе Ұлпанның Шынарға:

- Тісіңнен шығарма! Төркініңнен ала келген өз жасауың! Кейін келетін отауың да бар! Сен немене бұл елге қанғырып келіп пе ең ? Мүсіреп ағаймен көңіл жарасқан соң кете барғасың! Аш-арық болып өлейін деп жүргенде Мүсіреп аяушылық етіп алып па еді сені? Жоқ, тіпті олай емес. Мен де сені қара тырнағыңа дейін білем...[4, 117 б]

Қазақта қызы тұрмысқа шыққанда оның артынан жасауы беріледі. «Қалыңдықтың жасауы қайын жұртына өз елінің әлеуметтік жағдайын, ауқатын, әке-шешесінің байлығын, руының тұрмысын танытқан. Қыз жасауының қайын жұртындағы ерекше орны мен бағасы туралы халқымызда «жасауды алты жастан жинасаң асады, жеті жастан жинасаң жетеді деген аталы сөз бар» [2, 16 б]. Бұл да гендерлік лингвистикада қазақ қызының ерекшелігін танытуда өзіндік сипатқа ие.

Романдағы «ер адам» концептісінің гендерлік мәнін ашатын күш-күйеу, күйеу- қосшы, тоқал алу, бата беру деген сияқты ұғымдар кездеседі. Күш-күйеу сөзі қазақ ұғымында қалың мал төлеуге шамасы келмеген жігіттің қыздың ата- анасының үйіне кіріп алып, қалың малын енбекпен өтеу дегенді білдіреді.

Әсіреп Ұлпанды ұзатып келгенде күйеу қосшы болып барған. Ұлпан онымен де еркін сөйлесетін[4, 115 б]. Бұл жердегі күйеу қосшы - күйеудің айналасындағы жора жолдастары [3, 425 б].

Әйел адам мен ер адам тек физиологиялық жағынан ғана емес, сонымен қатар олардың гендерлік сипаты сөйлеу ерекшелігінде де көрінеді. Қазақ санасындағы әйел дәрежі сөздерден бойын аулақ ұстайтын, керсінше жылы жылы сөзімен жібектей есіп, жан жағына нұрын шашып тұратын жан. Ал ер адамдар тілінде бұл әйел адамдарға қарағанда өзгеше «Ұлпан» романындағы Ұлпанның өмірлік серігі Есәйді бала кезінде көргенде :

«Енді бірде Ұлпан Есәйден:

- Сен қара бұқамысың?– деп сұрады. Мал ішінде өскен бала арыстан, піл дегендерді білмейтін.

- Жок, бұқа емеспін. Мүйізім жоқ. Балаларды сүзбеймін.

- А, білдім, сен қара бурасың! Таудай үлкен қара бурасың. Мен сеннен қорықпаймын. Сен жақсы бурасың, ие?

- Ие, ие» [4, 33 б] деп айтса, тұрмыс құрғаннан кейін:

- Қара түлкіні саған тымақ қылып берем. Жарай ма, бозбалам?

- Болды, жаным болды [4, 77 б]

деп атауы тегін емес. Ер адамды қара бураға, жолбарысқа теңеу бұл оның күш қайратының мықтылығын, қайсарлығын танытады.

Ал роман ішіндегі Есәйдің Ұлпанды «Ақнарым», Мүсірептің Шынарды «Ақмаралым» деп әйел адамды қазақ үшін қасиетті әрі сұлу төрт-түлік атымен атауы бұл қазақ ұғымына ғана тән. Өзге ұлт өкіліне көңілге қонымсыз, қисынсыз, кей жағдайда күлкінішті болып көрінуі мүмкін. Бірақ қазақ халқы төрт-түлік малды қасиетті санағанын осыдан бір байқаймыз.

- Бауырым, айна көзім!- деп Жаниша Шынарды екі бетінен кезек кезек сүйді. [4, 104 б] Бұл қазақ әйелінің бауырмалдылығын көрсететін болса, ал ер адамдардың сөйлеу тілінде бұл басқаша көрініс табады. Мысалы:

- Батырым - ай, оқ өтпесім-ай, найзагерім-ай, сені де көретін күн бар екен ай!.. Сен ит, он бес жыл бойы ат ізін салмай неге кеттің? Өліп қалған шығарсың деп жүр едім!..

Басқа қонақтар мүгедек батырға еңкейіп сәлемдесе, Сәдір жер төсекте отырған шойнақтың қасына тізерленіп отыра кетіп екі қолын бірдей созып еді. Мүгедек батыр оны құшақтай алып, аймапалап , арқасынан жұдырықтай отырып:

Ит - ау, қайда жүрдің, қайда жоғалып кеттің? - деп қайталай-қайталай

айтып, ұзақ босатпай қойды. Екеуі де еңкілдесіп қалды[4, 36 б]

Қазақ әйелінің тіліндегі гендерлік ерекшелікті оның қарғыс айтуынан байқаймыз. Қарғыс қазақ ұғымында ашынып айтқан кейіс сөз ретінде қалыптасқан. Қазақ халқы қарғысқа өте абайлап қараған. Сондықтан қазақ ұрпағына “қарғыс алма, алғыс ал” деген өнегелі өсиет қалдырған, роман ішінде:

-Өлтірді-ау,балаларымды, өлтірді-ау!..Түрікпені ме, қалмағы ма? Қалмақ басқырдың ауылын билеп-төстеп алған қай кірмесі! – деп Айтолқын енді-енді Европада жоқ әйел боқтауына баса бергенде, ауылға жақындап қалған Есәйді көріп тоқталып қалды» [4, 142 б].

Ер адамдардың сөйлеу тіліне қатысты гендерлік сипаты олардың дисфемиздерді жиі қолдануына байланысты ажыратылады.Мысалы:

- Әкенің аузын ит ұрғыр-ай, не дедің, не дедің? – деп садағын оқтап оңтайлана бастады. Артықбай да соны істеді [4, 19 б].

- Әй, сен кебіс ауыз, кімді сүйреп әкетесің? Көзіңе қарашы! – дегенде Сәдірдің найзасы мысық мұрттың иегіне тақалып та қалып еді. [4, 40 б]

- Көзінді ұрайың, шошқа көз, Артықбайдың үйіне Есәйдің келіп жатқанын неғып білмедің?[4, 47 б]

«Әрбір мақал-мәтел бойына этнос болмысына, оның рухани заттық (материалдық) мәдениетіне, дүниетанымына, салт-дәстүр, әдеп-ғұрып, наным- сеніміне т.б қатысты бай информация жиналғанын ескерсек, олардың этнос болмысын танып білуге қосар үлесі зор» [1, 25 б] деп ғалым Ә.Қайдар айтқандай, ер адам мен әйел концептісін ашуда да халық даналығы мақал-мәтелдің де қосар үлесі аз емес. Халық мұрасында кездесетін «Іні өлсе - аға мұра, Аға өлсе - іні мұра», «Жүйрік ат, сұлу қатын - ер қайрағы» деген сияқты даналық сөздерді жазушы Ғ.Мүсірепов «Ұлпан» романында аса үлкен талғампаздықпен пайдаланады. «Іні өлсе - аға мұра, Аға өлсе- іні мұра» деген мақалдағы түспалды ой әменгерлікті меңзеу арқылы ер адам гендерлік ерекшелігін көрсетсе, «әйел» концептісіне қатысты «қыздың көркі шүберек», «қызда қырық есекке жүк болатын айла бар», «ханша айтты-болды, хан бұйрығы-өлді» деген сияқты қыз микроконцептісін ашатын мақалдар көрсетілген.

Роман ішінде жазушы шеберлігі ер адам мен әйел образын жасауда қолданылған теңеулерден байқалады. Әйелді құмға шыққан құба тал, ай мен күнге, қаздың балапанына теңесе, ер адамды көрі Каспийге, көлеңкесі күндік жерге түсетін бөйтерекке, көк болатқа теңейді. Бұндай жазушының өзіндік қолтаңбасына ғана тән теңеулер гендерлік сипатты айқара ашып беруде маңызды рөл атқарды.

Сонымен «Ұлпан» романындағы тілдік таңбалар ер адам мен әйел концептісін қай қырынан болса да болмысын барынша ашып, тілдік ерекшеліктері мен психологиялық ерекшеліктерін танып білуде жазушы тарапынан өте жүйелі әрі тыңғылықты түрде қамтылған. Гендерлік лингвистиканың табиғатын тану арқылы адам психологиясын тіл арқылы зерттеуге мүмкіндік аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. - Алматы, 1998жыл- 304 б.
2. Турдалиева.Р.С. Көркем мәтіндегі гендерлік сипат: психолінгвистикалық талдау. Филол.ғыл. д-ры диссертация-н авторефераты, - Алматы, 2009 ж.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. - Алматы, 2008 ж.
4. Мүсірепов Ғ. Ұлпан романы. - Алматы, 2003 ж.

КУЛЬТУРА ТЮРКОВ: ЯЗЫК, ПИСЬМЕННОСТЬ И УСТНОЕ ТВОРЧЕСТВО

Г.К. БЕЙСЕКЕЕВА
ШГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

К духовной культуре мы относим продукты деятельности человека в сфере сознания. Это в первую очередь язык, письменность, устное творчество и литература, наука и искусство, религия. При этом мы считаем, что бытовавшие ранее в науке понятия о «высокой» и «низкой» духовной культуре народов, по крайней мере, некорректны. Эти понятия

остались в наследство от европоцентристских взглядов на мир, когда все непонятное и не вмещающееся в обычные представления называлось «диким», «отсталым». Мы утверждаем, что низкой или высокой культуры быть не может, культура каждого народа своеобразна и неповторима, достижения духовной культуры не могут быть измерены, взвешены или сравнены, чтобы выявить, чья культура выше. Именно из этого мы будем исходить при изложении главы, посвященной духовной культуре народов, населявших Казахстан в V - начале XII столетий [1;126].

Изменение лингвистической карты Казахстана. В середине первого тысячелетия нашей эры на всей территории Казахстана господствовали языки тюркской группы. Уже в V в. они делились на две большие ветви - западную и восточную. На языках первой группы говорили потомки гуннов и кангаров от Ертиса на востоке до Карпатских гор на западе. Группа делилась на ряд локальных языков - кангарский, хазарский, древнебулгарский, гуннский.

Часть гуннов в V-VI вв., продолжала жить в Паннонии, на территории современной Венгрии. На языке, близком к кангарскому, говорили усунь Тянь-Шаня. Часть Жетысу, Алтайские горы и степи Джунгарии и Монголии занимали народы, говорящие на восточно-тюркских языках. Это теле, кыргызы, остатки хунну [2;123].

Начавшиеся в VI в., бурные политические процессы, приведшие к расцвету, а затем и упадку Тюркского каганата, значительно изменили лингвистическую карту Казахстана. В VIII-X вв., ирано-язычные кочевники Средней Азии и Южного Казахстана под влиянием тюркских племен Жетысу переходят на огузский язык, выделившийся из восточной группы тюркских языков. Из этой же группы выделяются карлыкский, уйгурский, а также огузо-уйгурские языки народов Алтая и Сибири. В то же время на базе кангарского языка начинает складываться кыпчакский (древне-казахский) язык, а булгарский распадается на два диалекта - камских и азовских булгар [3;78].

К XII в. основным языком на всей территории Казахстана становится кыпчакский, кроме части Жетысу, где продолжают сохраняться карлыкский и монголо-киданский языки. К этому времени огузские языки начали распространяться в Малой Азии и Закавказье, где на их базе позже возникли турецкий и азербайджанский языки. Найманы и керейты, по-видимому, говорили на языках уйгуро-огузской подгруппы восточно-тюркских языков. На базе диалекта камских булгар позже развился язык поволжских татар, из диалекта азовских - язык карачаевцев, балкарцев и кумыков [4;28].

Наряду с тюркскими языками в Южном Казахстане и Жетысу в зоне оседло-земледельческой и городской культуры продолжал сохраняться согдийский язык иранской языковой группы. В той же среде имелись небольшие группы, говорившие на языках семитской семьи, сирийском и арабском. Развитие письменности. В середине первого тысячелетия нашей эры тюрко-язычные народы уже пользовались собственной системой письма, названного рунической письменностью [5;96].

Первые сведения о рунических надписях появляются в России в конце XVIII в. Русские и зарубежные ученые скопировали и опубликовали некоторые образцы древнетюркских рунических надписей. В 1889г. Н. Ядринцев на берегу реки Кокшин-Орхон (в 400 км западнее Улан-Батора) обнаружил два больших рунических памятника в честь Кюльтегина и Билге Кагана. Они были изучены финскими (1890 г.) и русскими (1891 г.) учеными, организовавшими специальную научную экспедицию. Финскую экспедицию возглавил известный ученый Аксель Олай Гейкель, русскую - В. Радлов. В результате этой большой работы были составлены два атласа, а в качестве дополнения к атласам изданы шесть сборников трудов экспедиций. После издания рунических надписей материала оказалось достаточно для того, чтобы приступить к дешифровке загадочных надписей, 15 декабря 1893 г. датский ученый, историк, лингвист, скандинавист по своей основной специальности, Вильгельм Томсен (1842-1927 гг.) на заседании Датской королевской Академии наук и словесности прочитал доклад о своем опыте по дешифровке рунической письменности. Одновременно с ним над чтением тюркской надписи работал В. Радлов. Им опубликовано большое количество трудов, посвященных древнетюркской письменности. Традицию изучения рунических тюркских письмен, начатую В. Радловым, продолжили П.Мелиоранский, С. Малов, Н. Айдаров и др [6;48].

Согласно последним исследованиям, руническая письменность зародилась еще до на-

шей эры, возможно, в сакское время. В III-V в. н.э. существовало два варианта рунического письма - гуннское и восточное, бытовавшие на территории Жетысу и Монголии. В VI-VII вв. на базе последнего развивается древнетюркская письменность, названная орхон-енисейской. Гуннское руническое письмо послужило основой для развития булгарского и хазарского письма, а также письменности кангаров и кыпчаков [7;159].

Основным материалом для письма у тюрко-язычных народов были деревянные дощечки. Об этом говорят кыпчакские пословицы «Біті-біті, бітідім, бес агачка бітідім» - «писал, писал, пять деревьев исписал», «Узун ағач басында улу біті бітідім» - «Написал большую надпись на вершине высокого дерева» [8;89].

Эти поговорки свидетельствуют также о широком распространении письменности среди кыпчаков и других тюрко-язычных народов. Например, загадку «Салып козім, сансыз окимын» - «Подняв глаза, без конца читаю», означавшую небо и звезды, мог придумать народ, для которого чтение было нормальным явлением [9;236].

Эта загадка была широко распространена у кыпчаков. Наряду с использованием согдийского языка тюрки применяли согдийский алфавит для передачи собственной речи. Позднее этот алфавит после некоторых модификаций получил название «уйгурского», так как древние уйгуры пользовались им особенно широко в IX-XV вв [10;17].

Устное творчество. В VI-VIII вв. среди тюрко-язычных племен Казахстана существовала устно-поэтическая традиция, восходящая к еще более ранней эпохе. Элементы древней поэтической традиции тюрков зафиксированы в китайской исторической литературе [11;257].

Китайские летописи сохранили легенды и народные исторические предания, сюжеты которых отражают древнейшие тотемистические представления племен и их географическое расселение. Широко известны поэтизация легендарных мест, исторические предания о священной земле «Отукен», неоднократно упоминаемой в орхонских памятниках и трудах Аль Бируни, Марвази, Махмуда Кашгари. Представляет интерес поэтическая легенда о сказочной горной долине Ергене-Конг. Долина рисуется местом мирного обитания племен, недоступным для врага. Она окружена со всех сторон неприступными горами, и жизнь обитателей долины безопасна. Эта легенда отражала мечту народа о мирной жизни [12;86].

На основе древних исторических сказаний развивалось в VI-VIII вв. устное творчество, отражавшее чаяния народа, его стремление к свободе, ненависть к чужеземным завоевателям. Фольклор находил свое выражение и в поэтической, и в прозаической форме. Раннюю форму народного творчества представляют бытовые песни, связанные со свадебными и похоронными обрядами, народный календарь, а также исторические предания, легенды, сказки, пословицы, поговорки и загадки. Вместе с тем в устном народном творчестве VI-VIII вв. уже зарождались древнейшие поэмы и традиции эпической поэзии, зафиксированные в орхонских памятниках. Элементы ее уже видны в текстах надгробных стелл Кюльтегина и Билге кагана, повествующих о событиях V-VII вв. Надпись Кюльтегина насыщена эпитетами, метафорами, которые впоследствии стали традиционными, и переходили из поколения в поколение. С древней поэтической традицией связаны, например, клички боевых коней Кюльтегина: «Ак-оксиз», «Ак-адман», «Башгу-Боз», эпитеты «синий», «белый», «могучий» характерны для орхонских текстов [13;56].

Надпись Кюльтегина сохраняет мотивы родовой обрядовой поэзии (оплакивание умершего), перешедшие позже в эпос. Богатыри носят различные эпические имена: Мойыншор Контери (с панцирной кожей), Арслан-юракли (с сердцем льва), Елтуган-тутык (защитник народа). Общие синонимы богатырей - алып (огромный герой), ер (богатырь). О развитии народного творчества того времени дают представление многочисленные пословицы и поговорки, в которых отражены народная мудрость, культура и жизненный опыт трудового народа. В лаконичных изречениях даны назидания и советы, высмеиваются людские пороки. Приведем примеры устного творчества. Пословицы о труде:

«Труд не пропадет даром», «Камень разбивает голову, труд дробит камень», «Союз, скрепленный у сохи, не исчезает при жатве», «Наступление осени известно с весны». Бытовые поговорки: «Мышь, рожденная на мельнице, грома не боится», «Человек с кошмой мокрым не станет», «Не рой яму другому, сам попадешь», «Выпущенная стрела не вернется обратно», «Верхом на верблюде не скрыться в стаде баранов» и другие [14;524].

Махмуд Кашгари ссылается на акынов и сказителей, оказавших большое влияние на

развитие устной поэзии того времени. В их числе он упоминает имя древнего сказителя Чоже.

Эпическое искусство. Непосредственно на территории Казахстана сложились наиболее известные древнейшие эпосы на тюркских языках – «Коркыт Ата» и «Огыз-наме». Эпос «Коркыт Ата» возник в кыпчако-огузской среде бассейна Сырдарьи в VII-X вв. и распространялся изустно [15;145]. Только в XIV-XVI вв. он был записан в виде прозаического произведения «Книга деда Коркута» азербайджанскими и турецкими писателями. Именно благодаря этому нам известен огузский вариант эпоса. Эпос состоит из 12 поэм и рассказов о героических похождениях огузских богатырей и героев. События происходят на Сырдарье, в Средней Азии, на Кавказе и в степях Сарыарки (в эпосе Сардала). В эпосе упоминаются племена усуней и канглы, говорится о разделении огузов на внутренних и внешних. Сам Коркут, от имени которого ведется повествование, был реальной личностью, беком огузо-кыпчакского племени Кият [16;235]. Казахи считают его основоположником музыкальных произведений для кобыза, эпического жанра и искусства врачевания. Эпос «Огыз-нама» впервые был записан в XIII в. Рашид ад Дин, затем в XVIII в. Абулгази, однако появился он задолго до этого времени. Некоторые ученые считают, что этот эпос был составлен в Жетысу или Кашгарии племенами карлыков. Основное действующее лицо эпоса-Огыз-каган, которому приписываются сверхъестественные силы. Поэма посвящена детству Огыз-кагана, его подвигам, победе над одноглазым великаном Киятом, его женитьбе и рождению сыновей, носящим имена Солнце, Луна, Звезда, Небо, Гора, Море. Став правителем народа уйгур, Огыз-каган ведет войны с соседями, правителями Алтыном (Китай) и Урумом (Рум-Византия). В эпосе рассказывается о происхождении славян (Урусбек-оглы Саклаб), карлыков (Кагарлык-бек), кангаров (Биллик Кангалук), кыпчаков (Улыг Орду-бек Кыпчак) [17;46].

ЛИТЕРАТУРА

1. История Республики Казахстан. (Учебник для ВУЗов) А.Кузембайулы. Астана, 1999.
2. История КазССР в 5 томах под редакцией А.Н. Нусупбекова. Алматы, 1977.
3. Аристов А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей... Живая старина, 1896, вып. 3 и 4.
4. Ахметьянов Р. Г., Левитская, Л. С. Сравнительное исследование татарского и чувашского языков (фонетика и лексика). М, Наука, 1978.
5. Баскаков Н. А. Введение в изучение тюркских языков. М., 1962. (2-е изд., М., 1969.
6. Богородицкий В. А. Введение в татарское языкознание в связи с другими тюркскими языками, Казань, 1934.
7. Боровков А. К. Очерки по истории узбекского языка, «Советское востоковедение», т. V.
8. Ильминский Н. И. Вступление в курс тюрко-татарских языков, Казань, 1860, «Ученые записки Казанского университета», 1862.
9. Катанов Н. Ф. Этнографический обзор турецко-татарских племен, Казань, 1894.
10. Корш Ф. Е. Классификация турецких племен по языкам, «Этнографическое обозрение», кн. 84-85, М., 1910.
11. Мусаев К. М. Языки и письменность народов Евразии. Алматы, 1993.
12. Мюллер А. История ислама, т. III и IV. СПб., 1895-1896. (Здесь классификация А. Мюллера основана на работах Х. Вамбери)
13. Наджип Э. Н. Исследования по истории тюркских языков XI—XIV вв. М.Наука, 1989.
14. Некоторые дополнения к классификации турецких языков, изд. Ленинградского института живых восточных языков, Л., 1922.
15. Поцелуевский А. П. Избранные труды. Ашхабад, 1975.
16. Радлов В. В. Ярлыки Тохтамыш и Темир Кутлуга, Записки Восточного отд. Русск. археол. общества, III [также см. его работы ниже].
17. Щербак А. М. Введение в сравнительное изучение тюркских языков. СПб.: Наука, 1994.

МӘШҲҮР ЖҮСІПТІҢ ӨМІР ЖОЛЫ МЕН ҚАЛЫПТАСУЫ

Н.Қ. ЖҮСІПОВ
ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
М.Н. БАРАТОВА
ф.ғ.к., доцент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Тәуелсіздіктің аркасында кейінгі кезде тарихымыздағы қолдан жасалған «ақтандақтарды», яғни белгісіздік атаулыны ашып, тани бастадық. Соның бір көрінісі- белгілі ақын, фольклорист, тарихшы Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының мол /біздің естуімізше, 25-30 том көлемінде/ мұрасының алғашқы екі томдық таңдамалысының шығуы, сонымен бірге баспасөз бетінде ақын туындылары мен ол жинаған ауыз әдебиеті мен фольклор үлгілерінің соңғы 5-6 жылда жиі жарияланып жатқаны. Осы орайда Мәшһүр-Жүсіп өмірбаяны да қазірге дейін үстірт қарастырылып келгені, ақынның өзінің, немесе оның жиені Жолмұрат жазбаларына [1] назар аударылмағанын атап өткіміз келеді. Мәшһүр-Жүсіп аталары кімдер болған десек, шежіре заңы бойынша алдымен әкесін, іле оның баласын келтіру ретімен берсек, мына көрініс шығады: Жанарыс- Қарақожа-Арғын-Құтан- Мейрам- Сүйіндік-Суғыншы-Шуманак-Құлболды- Күлік- Тілеуімбет-Бесім-Ақжігіт- Сермұхаммед- Көпжасар /Көпей-/ Мәшһүр-Жүсіп.

Бұл есеп бойынша, Мәшһүр-Жүсіп Жанарыстан кейінгі 16-ұрпақ болып шығады. Атап айтқанда Орта жүзге енетін Арғын ішінде Сүйіндік руынан тарайтыны анықталады. Мәшһүр-Жүсіптің 1907 жылы жарық көрген «Сарыарқаның кімдікі екеніндігі» еңбегіне және «әулеттік архивте» сақталған сол кітаптың кеңейтілген варианты- өз қолжазбасына сүйенсек, ақынның сегізінші атасы- Құлболды Сырдарияның ар жағында /Павлодар өңірі көзімен қарасак, оңтүстік-батыс, яғни қазіргі Өзбекстан жағы/ тұрғанын [2] кейін одан тараған ұрпақтың, мәселен, ақынның бесінші атасы –Бесімнің Ұлытауды, ал төртінші атасы- Ақжігіттің Көкшетауды мекен еткенін анықтаймыз.

Мәшһүр-Жүсіп пен Жолмұрат жазбаларында Көпжасардың Орта Азия, Қазақстан арасында қатынаған сауда керуенінде қызмет еткені, кеш үйленгені, кейін еңбегімен тапқан біраз малын жұт жылы /1861/ жылы қырып алып, Мәшһүрдің 3 жасында /1861 жылы/ « адамға мал да жолдас емес, ғылым жолдас» екен деген шешімге бой сұнып, баласын медреседе оқыту мақсатында Баянға /ол кезде қала аз болғандықтан да қыр қазақтары Баянды қала деп атап кеткен/ көшіп келгені нақты көрсетілген.

Бұл жазбаларда сонымен бірге 1862-1864 жылдар аралығында Көпейдің Баянда сала басталған үйі бітпегендіктен де, уақытша сол арадан 5 шақырым жердегі Қызылағашта кедей жатақтармен бірге қыстағаны туралы да дерек бар.

Осы орайда Мәшһүр-Жүсіптің алтыншысы атасы- Тілеуімбеттің 14 ұлымен бірге қара қалмақ Қатысыбанмен соғыс кезінде өлгені; ал бесінші атасы, яғни Тілеуімбет ұлы Бесімнің қартайып өліп, оның деңесін Ұлытаудың «Бесімнің бес саласы» атанған теріскей бетінде Тілеуқабыл асуының бас жағына қойылғаны; сондай-ақ Бесімұлы Ақжігіт абыздың 49 жасында қайтыс болып, Көкшетау бауырында Шүртік, Қарағай- Қыздың қарасуы деген жерге жерленгені туралы деректер де сол жазбаларда орын алған. Ал, Ақжігіт ұлы Сермұхаммедке келсек, оның 70 жастан асып, Қызылтауға, ал Сермұхаммед ұлы Көпжасардың /Көпейдің/ 73-ке келіп, Баянда жерленгені де кезең тарихын ашарлық құнды деректер дегіміз келеді.

Мәшһүр-Жүсіп 5 жасында Баяндағы Байжан Смағұлының медресесінде Нәжімалдин хазіреттен оқиды. Ол баланың алғырлығын, зеректігін аңғарып оны «Шар» кітаптан бастап оқытады. Мәшһүр-Жүсіп 8 жасында Қамариддин хазіреттен оқи бастайды. Жас кезінде Бұхарай-Шарифтен оқып, дін ғылымын бітірген, кейін Ақмола облысында дуанбасы Керей Тұрысбектің қасында бірнеше жыл тұрып, одан соң Омбы облыстық ахуны болып жүрген жерінде дуанбасы Мұса Шорманұлы шақыртуымен Баянға келген. Қамариддиннің шығыс мәдениетін, қазақ ауыз әдебиетін кең білуі және насихаттауы – бәрі болашақ ақынға шешуші ықпал еткені анық. Бұрын ауыз әдебиеті мен фольклор үлгілері тек ауызша айтылып, оны қағазға түсіру дәстүрі болмаса, Қамариддин хазірет ала келген «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ер Тарғын», « Төрт жігіттің өлеңі» т.б. жырларды қағазға түсіріп, ауызша жырлап айтуы- Мәшһүр-Жүсіптің 8 жасынан бастап-ақ ауыз әдебиеті мен фольклор үлгілерін қағазға түсіріп, халыққа тарата бастағанын дәлелдейді.

Ол уақыттарда Мұса Шорманұлының Баянаула дуанына қараған халыққа аға сұлтан, дуанбасы болып тұрған күні екен, үйіне әдейілеп әкелі-балалы екеуін шақырып алып, бастан-аяқ тындайды. Әкесі Көпейге: «Мұнан былай бас киіміне үкі тақтырып қойың. Көз-тілге шет болмасын. Бұл бала өз заманында халыққа Мәшһүр болатын бала екен», - деп лепес қылған екен. Сөйтіп бұрынғы Жүсіп деген атына Мәшһүр деген атының алғаш қосылу тарихы осы сөзден басталса керек. Ал Мәшһүр-Жүсіп тақиясына үкіні хазірет әйелі -бибі Мариям, қызының бөркіндегі үкісінен бір шоқ алып таққан екен. Содан Мәшһүр-Жүсіп 3 жыл хазірет үйінде, кейін Мұса Шорманұлы үйінде, кейін тағы да 2-3 жыл Баянда тәлім-тәрбие, дәріс алады. Яғни 8 жасынан 15-ке келгенше Қамар хазіреттен оқып, дін, ғылым, араб, парсы, түркі кітаптарын т.б. меңгереді. Ал, 1874 жылы 16 жасында Мәшһүр-Жүсіп Әкімбек дегеннің үйінде 2 жыл тұрып, жалғыз баласы Қабібекті оқытады. Оның жаз жайлауы- Ақмола облысы «Еркіншілік» ауданына қарасты Ақша көлдің басы.

Алғашқы Мәшһүр-Жүсіптің өлені 15 жасында жазылған. 20 мен 25 аралығында Мәшһүр-Жүсіп Сарыарқаның халқын, жерін-суын түгел аралайды, серілік құрады. Әр таптың, әр дуанның аты, атағы бар адамдармен жолығып, пікір алысады: Қарқаралы дуанында заманында халқына қария, үлгі болған, көпті көрген көне, қажыға бірнеше рет барған Жүсіп қажы Бердалы қожамен; Атбасар дуанында Әліке Байдалы, Аққошқар Сайдалы тұқымдарымен және де Атбасарда Мейрам қажы Жанайдар батыр баласымен т.б. танысып, көптеген уақыттарын бірге өткізеді. Мейрам қажыға 23 жасында, яғни 1881-нші жылдары кездесіп, үйір болып танысып, көп уақыттар, жазы –қысы қолында болады (көне қолжазбалар мен кітаптарды ақтарып, әдеби мұра сөздерін көп зерттеген).

Сондай-ақ Мәшһүр-Жүсіп Ақмола дуанында Қоңырқұлжа төре тұқымдарымен, Жәңгір төремен т.б. танысады. Жәңгір төре де – сөзге шешен, ұғымды, ұқпа құлақ қария, сауатты адам болған. Ақмола дуанына қараған Қама, Жапар елінде атақты Бөгенбай батырдың немересі жүз жасаған Саққұлақ шешенмен, заманында Орта жүзге шежіре атанған қариямен ауыз жұлысып, тарих жағынан, қазақ әдеби мұра сөздерін жазып алып хатқа түсіреді. Ал, Көкшетауда Абылай тұқымы көп төрелермен танысады. Сыздық төре Кеңесарыұлымен Ташкент қаласында, т.б. жерлерде бірнеше рет кездеседі. Атақты Атығай, Қарауылдан шыққан Ақан серімен жиі кездесіп жүреді: «Ақан сері Құлагер өлген соң бұрынғы серілік мінезді қалдырып, көп басқан ас, жиын-тоға жүрмейтін, бармайтын болып дүние мұхаббатынан мүлде көңіл суытты,- дейді. - Құлагер өлген соң Ақан серінің басынан бақыты тайды. Ақан сері адамзаттың сұңқары, қызыл тілдің ділмәрі, жігіттің құлпы жібегі, сөздің ағытылған тиегі еді. Ақан серінің Ақтоқтыға жазған өлеңі «,- деп бірнеше өлеңдерін жазады. Ақан серінің 40 қызға 40 түрлі айтқан өлеңдерін; Құлагерді мақтап, жоқтап жазған өлеңдерін келтіре отырып, Мәшһүр-Жүсіп Ақан серіні әйел мақтау өлеңіне жетік, көп ақындардан аузы епті деп мақтайды.

10-15 жасынан бастап-ақ өлең жазып, хат жазалық болғаннан-ақ Мәшһүр-Жүсіп халық әдебиетін ел аузынан да, қағаз жүзінен де жинаумен айналысады. Арасында өзі айтысқа түсіп, қаламмен де жазып айтысып жүреді. Өзі турасында Мәшһүр-Жүсіп: «Үш жүздің баласы, қазақтан шыққан қария, шешен сөзге ұста, тапқыр, ойшыл, кеудесінің есігі бар, көзі жіті, көңілі қырағы, бір тіл емес, әр тілде білетін оқыған, тоқыған, жүйрік, білгіш адамдармен ойда-қырда, талай жерде жолығып, талайынша сөйлестім,- деп айтқан жерлері де жоқ емес.- Ата білген, шежіре болған бұрынғының көне қарияларына көп сөйлестім: Қаракесек ішінде Бердалы қожа, Қанжығалы қария Бөгенбайдан шыққан Саққұлақ- сондай жұрт аузында шежіре атанған қариялардан естідім... Абулғазы Баһадүр хан шежіресін құрттай бала күнімде оқыдым... Науаны бәрін барып ақтардым. Түрік жұртынан шыққан мір ғалым Шырынзахралдин Әмір Науаның күллісі қолымда. Бала жасымнан Мұса Шорманмен таныстым. Бұхарай- Шәріп пен Хатымкәрдә болып шыққан Қамар хазіреттің мәжілісінде болып өмір кешірдім. Мұны жазғаным мақтан үшін емес, ақтан үшін», - дейді.

В последнее время благодаря независимости раскрыты так называемые искусственные «белые пятна» истории. Свидетельством этому является издание двух томов Избранного из богатого наследия, объемом в 25-30 томов, известного акына, фольклориста, историка Машхур-Жусипа Копеева, вместе с этим в последние 5-6 лет часто публикуются собранные им образцы устной литературы и фольклора, а также произведения акына. В этом контексте следует отметить, что до сегодняшнего времени вопрос о жизненном пути Машхур-Жусипа

рассматривался поверхностно, не обращено должного внимания на рукописи самого акына или его племянника Жолмурата [1]. Если обратиться к родословной Машхур-Жусипа, если по закону шежіре указать отца, а затем сына, то выстраивается следующая последовательность: Жаңарыс – Қарақожа – Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманак – Құлболды – Күлік – Тілеуімбет – Бесім – Ақжігіт – Сермұхаммед – Көпжасар /Көпей/ -Бұл қолжазбалардың біразы "әулеттік архивте", сонымен бірге Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының ОҚҚ.- да сақтаулы. 1173 "а" папка, 1173 "б" папка.

Қазақтың бұрын Сыр бойында мекен еткені туралы дерек Шәкәрімде де бар. Мәселен, “Қалқаман-Мамыр” дастанының кіріспесінде: “...Мың жеті жүз жиырма екінші жыл қазақтың Сыр бойында жүргені анық”.- делінген /Шығармалары. А., Жазушы, 1988, 280 б./.

ҰЛЫЛАРДАН ҚАЛҒАН ҰЛАҒАТТЫ СӨЗДЕР ЖАЙЫНДА (АБАЙ, ШАНКӘРІМ, МӘШҺҮР ЖҮСІПТІҢ ФӘЛСАФАЛЫҚ-ТАНЫМДЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ)

Д.Ж. КЕМАЛОВА
мәдениеттану магистрі, ЕГИ колледжі, Астана қ.
А.Б. БАҚРАДЕНОВА
п.ғ.к., профессор, ПМПИ, Павлодар қ.

Егеменді еліміздің елу елдің қатарына көтерілуі мақсатындағы саяси бағыты қоғамдық өміріміздің әр саласында көрініс табуға. Ал қазақстандық азаматтың жеке басындағы даму, әсіресе жоғары оқу орнында оқып жатқан қазақ жастарының заманға сай өзгерісі бар ма?

Қазіргі адам құндылығын байқататын қасиеттер олардың ойларынан қалай көрінеді? Жастар үлгі алар ұлылардан қалған сөздер көкірекпен ұғыныла ма? Осындай сұрақтар төңірегінде ой жинақтағанымызда, тығырыққа тірелесің, тілі таза емес, ділі шала, діні әрқалай көпшілікке еліктемей, жастарымыз ұлылардан қалған сөздерден ұлағат алса, ана тілін ардақтап, ата салтын аяқ асты етпесе деген арманға бой алдырасың.

Бір өзгеріс айқын байқалады – ол жастарымыздың жедекабыл қозғалысқа, жеке басының хал-жағдайын төмендетпеге жанталастық жағдайда төтеп берушіліктері. Бұл олардың сабаққа қатысу-қатыспауына байланысты емес, берілген тапсырмаларды қалай да оқытушының алдынан өткізіп алып, соңғы рейтингтік нәтижесін жинақтауға белсенді ат салысуынан байқалады. Бірақ студенттердің ішінде байыптылары да бар. Олардың ұлттық рухын, ішкі ділі мен таза тілін сезіп, елді алдыңғы қатарға шығаратындар осындайлар болар-ау деп сүйсінесің.

«Тест-ол өз біліміңе өзің жасаған сараптамаң. Онан жақсы нәтижені жаттау арқылы шығарсаң да, пәннің жалпы мазмұнын, әр тақырыптың ғылыми-теориялық негізін өздік жұмыстарды іздең орындауына ештеңе жетпейді. Болашаққа кемел біліммен баруың керек» деп түсіндіріп жатамыз. Біз айтудай айтамыз, ал ұғынарлық жүрекке Абай, Шанкәрім, Мәшһүр Жүсіп сөздері – мәңгілікке дауа һәм шипа.

Ұлағаты ұшан теңіз Абай өз қолданымында өзі әркез тілеуқор болып келе жатқан жалпы әлеуметке, әсіресе жастарға «көкірегі ояу, көзі ашық», «кеудесінде сәулесі бар», «ақылмен тапқан айласын», «жүрегінде қайраты бар» деп сүйеуші болып көрінеді. Ал ауыр жолдан жеңіл-желпі шығып кетіп жататын не еңбектенуден қашатын адамдарды «ұйқылы-ояу, бойкүйез», «әбілет басқан», «сөзуар, білгіш, заңғар, көргіш», «сабырсыз, арыс, еріншек», «көрсен қызар, жалмауыз», «керенау, кердең бір керім» деп. жат қылықтарын жеріне жеткізе сынап өткен. Жастарға тәрбие беру әсіресе, «жүректі» қозғай отырып, сезімдік, эстетикалық тәрбие беру – Абай философиясы мен педагогикалық танымының айғағы. Жүрекке «атылған оқтай тиетін» тура айтылған сөзбен де, жанамалай, сықақтай айтылған сөзбен де жаралай отырып, емдеу тәсілі – қазақ халқында ежелден игі дәстүр.

Абайды жұртшылыққа алғаш таныстыра жазған белгілі ақынымыз Ілияс Жансүгіров[2]. 1934 жылы шыққан «Әдебиет майданы» журналының №11-12 нөмірінде «Абайдың сөз өрнегі» деген мақаласында [5]: «Абайдың ақындық ауданы – кең. Ол ақындық өнерінен бір ғана мазмұнды, бір-ақ түрлі саланы қуып кеткен емес, Абай ақындықты, тіл өнерін ақындықтың әр жағына да жұмсайды. Бірақ соның бәрінде Абай ақылшы, үгітші, не айтса да, не жазса да

әлеумет өміріне тірей, әлеумет алқасынан бастап отырады. Әрине, үгіт-насихаттың, ақылдың барлығында ақын жаңаланған ақсүйек ақын. Абай ақыл айту үшін алдымен айналаны мінеп, жазып отырады. Оның көрсететінін көбі ақылға, «адамшылыққа» жатпайтын жаман мінез, жат өнеге...Абай сындары ортасына дәл сын болды» деп жазды.

Әрине «ақсүйек» деп бағалауы ақынның алдыңғы ақын-жыраулардан бөлектенгендігі, ал осыған қоса «Абай біз тілді ақын» деуі бүгінгі күнге дейін қазақтан қалмай келе жатқан керітартпа кеселді, дертті мінездерді Абай сөзінің емдеп келе жатқандығы. Шәкәрім Құдайберді өз заманында:

«Сендерден белгі не қалар?

Жемтігін жеген жем қалар.

Ақылы дария Абайдан

Таусылмас қоры кен қалар», - деп жазған.

Шындығында, арамызда әлі де бар сыртқы келбетімен, көзбояушылықпен білгіш болып жүретін адамды Абай «Көкбайға» өлеңінде [1,59], безектеген өсекшіні «Көжекбайға» [1] өлеңінде, атақ, даңқ қуған, жылтырауық таққанға мәз болатындарды «Мәз болады болысын» өлеңінде [1,67] қатты сынға алған. Сол сияқты «Дүтбайға» өлеңінде көз қысты, бармақ бастымен жүретін, шенді шекпен жапқанға мәз болатын, қолынан іс келмейтін адамды, «Болыс болдым мінеки» («Күлембайға») өлеңінде [1,58] сыныптай сырғып, қалыбында тұрмайтын адамды «ұлы сөзбен» улап, өткір бізбен түйреп келген ғой. «Қазақ қашанда жамандыққа еңбексіздіктен үйір болады» деген Абайдың қара сөзінің мәнін өткен нарықтық экономика салдары мен қазіргі экономикалық тұрақсыздық салдары ашып отыр. Әрине, еңбекпен нан табудың амалдары көп. Десек тағы, еңбеккер жас пен кер жалқауды, тіпті кейбір тұстарда «Заман ақыр келіп қалды ма?» деген күдікті түртіп оятатын өлеңдерінде ұлы Абай сөздері мынандай болып келеді:

«Сүйер болсаң, сен сүй,

Сүйенерге жарар ол.

Сүйкімі жоқ күр масыл би-

Сүйретіліп өтер сол.

Табылмас қайла,

Ой – бала.

Не пайда?»

Сол сияқты тағы да осы заманды айтып тұрғандай:

« Заман ақыр жастары,

Қосылмас ешбір жастары.

Біріне-бірі қастыққа

Қойнына тыққан тастары

Өнімсіз іске шеп-шебер

Майданға түспей несі өнер?

Сиырша тойып мас болып,

Өреге келіп сүйкенер.»

Алдыңғы өлеңі «Ата-анаға көз қуаныш» [1,106], кейінгісі «Заман ақыр жастары» [1,110] деп аталады. Екі шығарманың да сөздері мен тіркестері халық нақылына сай етіп алынған, баланың бастапқыда ата-анаға көз қуаныш болуы шындық, бірақ есейгенде сол бала өзін-өзі жетілдіруге міндетті және оның жетілуіне айналасындағы адамдар, өскен ортасы міндетті екендігін аңғарамыз. Сол сияқты ақын «заман ақырды» жасайтындарды, жеке бас қамы үшін өнімсіз іспен жүрген, қиындықтан қашатын жандарды нұсқаған. «Білмеуімнің өзі – төңірімнің ісі» деп, жан-жағына жиіркеніш тудырып, жайбарақаттанған пенделерге ұлы Абай өз өкімін айтып, қиындықтан шығу жолдарын ұйымдастыруға шақырады:

«Жүректің көңілі ашылса,

Хақықтың түсер сәулесі.

Іштегі кірді қашырса,

Адамның хикмет кеудесі», - деген сөзіндегі [1,111] «хақық» шындық, «хикмет» керемет деген мағынаны жеткізеді. Сонда бұл ұлағаттан: «Шындықтың жолында жүр, болашағына сен, жаман ой ойлама. Сонда ғана еркін өмір сүресің. Алдымен көңіліңді кірге, мұңға алдырма, махаббаттан қиянатқа бір-ақ қадам» деген қорытынды шығады.

Ана тіліміздің болашағына анық сенген Мәшһүр Жүсіп: «Қазақ тілінен асыл, қазақ тілінен бай тіл жоқ. Сол ата-бабаның тілі болған қазақ тілін осы күнгі қазақтың барлығы білмейді. Егер қазақ тілін білсе, дін де осында, ғылым да осында. Солай болғаны үшін бұрынғы өткен ата-бабаларымыздың бәрі де жақсы болып, әулие болып өтті.» деген екен. [6] Сол әулиенің бірі-Абай, ал арғы қазақ ұлт болып, ел болып танылған ХУ-ХУІІІ ғасырларда қаншама сөз әулиелері өткені әдебиет тарихында белгілі, Мәшекең соларды айтып отырғаны белгілі. Өзгеге елікете п үйрену бір басқа да, адамның өз жаратылысына, өзін-өзі тануына бел бууы, өзін тәрбиелеуі ең маңыздысы екенін ғұлама, әулие болып өткен ақындар жақсы білген. М.Ж.Көпейұлының «Қалмады ойлай-ойлай баста миым» атты өлеңіндегі [3,10] көптеген афоризм, нақыл сөздерін теріп байқанымызда, бүгінгі оқырмандарына қалдырған даналық ойларына қаныға түстік. Олар:

Жастықта ұмтылып бақ ілгері өтіп,

Жұмысың жабдықтансын ерте бітіп.

Туралық әркімге ашы, тиер тынышсыз,

Сонда да болып үйрен тура сөзді.

Үлкенді үлкен, кішіні кіші біліп,

Жүргейсің мүсәпірді көзіне іліп.

Өзіңнен дәрежесі артық жанмен,

Орынсыз тайталаспа сөзге келіп.

Жүрерсің жайлы болсаң, жұртпен тату,

Жұмсақ бол, жұғымды бол, болма қату.

Кісілігі жоқ жанмен үйір болма,

Жолдас болсаң, жолдас бол кісіменен.

Бұзылған замананың уақытында

Шын сөзің өтірікке болмайды астар.

Туралық, хақылықпен жүрем десең,

Өзіңді керексіз ғып әркім тастар.

Мактаулы жұрт алдында болам десең,

Біреудің ауызға алма жамандығын.

Қауіп-қатерсіз, қайғысыз болам десең,

Араз боп, даулы болма еш адаммен.

Түгел адам болуға талап қылсаң,

Шала-шарпы жандардан сырың жасыр», - сияқты болып келеді.

Осы өлеңдегі ең негізгі идея дуалы ауызды ақынның өзінің адамгершілік тұғырын, бойындағы адамгершілік құндылықтарын айғақтаған төмендегі шумақта жеткізілген:

«Жаяу қыл, нәпсінді атқа мінгізбей бақ,

Міне қалса, жортқызып, жегізбей бақ.

Өзін өзі бағуға көп әл керек,

Көз соңынан көңілді жүргізбей бақ».

1998 жылы қасиетті бабамызға 140 жыл толу қарсаңында қолымызға ақталған ақынның еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін жарық көрген екі томдығын алып, шығармаларымен алғаш танысқанымызда, педагог болмаса да, педагогикалық ойлар айтып кеткендігіне тәнті болдық. Абай Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, кейін Шәкәрім поэзиясындағы тәрбие туралы көл-дария ойлардан кем емес Мәшһүр мұрасы адамзат мәдениетіне, өз сөзімен айтқанда «Ішпей-жемей тойғызар, шаһбаздың аузынан шыққан сөздердей» әсер етеді, тек сол сөздерді қазақы мінезді жастар көңіліне тоқи алуы керек.

«Мәшһүрдің сөзді киіндіріп жұрт көзіне түсіргені» деп аталған өлеңінде:

«Аузына кейбір жанның қыдыр дарып,

Ие бар тұратұғын кеңес салып.

Болғанда ақыл-дария, ауыз-садап,

Сөз-ғауһар сол садаптан алған жарып», - деп толғана жазған. Заман

шешендерін мәуелі ағашқа, сөзді жеміске балап, болашақтағы ұрпағына «осы жемісті кезінде үзіп ал да, дәмінен ләззат ал» деп тұрғандай.

Қара сөз тауға біткен тал мен терек,

Басқаға бір отыннан неге керек?

Болмайды сөз болғанмен, бәрі бірдей,
Парқы бар сөзден сөздің болсаң зерек».

«Аузынан сөзі түскеннің қойнынан бөзі түседі» деп халық макалында айтылғандай, әр адам сөйлер алдында «Сөзімді қалай айтсам, ойым шынайы да айқын жетеді?» деп ойланып алып сөйлеуі керек. Осыған әдеттенбей, тілді еркін жұмсау, сөзді таза қолдану мүмкін емес, әр сөздің өз орны болатынын ескертіп, ақын сөз мағыналарын дұрыс қолдануды талап еткен. «Сөз туғыз шешен болсаң, сөзден біздей, бақшада үлпілдеген қызыл гүлдей назым сөзді ал» деуі қазақ сөзінің әсерлілігіне назар салғызса, сөз сөйлеу мәдениеті туралы келесі өлеңінде «жасырмай өз ойыма келген сөзді айтайын» деп шын сөйлеу, дәл сөйлеу нағыз адамның қолынан келетінін байқатқан.

«Өңгіме естісеңіз мына бізден,
Адамға пәле-тілден, бейнет-көзден.
Адамның адамшылық артықтығы
Көрінер түсіп көзге, сөйлер сөзден»

«Мәшһүр Жүсіптің 46 жасында айтқаны» атты осы өлеңде сөздің құдіретін түсіну адам құндылықтарының бірі ретінде оның сапалық сипатын арттыратыны айтылған. «Біз тілді Абайдың» [5] сөзі адам бойында кездесіп тұратын кеселді қылықтарды түйресе, көріпкелдігімен болашақты болжаған Мәшекең де жоғарыда талданған шығармаларына қоса, адамгершілік, еңбекқорлық, ар тазалығы мен жан тазалығына тәрбиелейтін «Дүниеден көңілі қалғанда сөйлеген сөзі», «Жалқауларға айтқаны», «Кедей болар кер кеткен ұйқысы мол» [3;79,86] т.б. көптеген туындыларынан бүгінгі заманға да ескерерлік нақылдар теруге болады.

Рухани қазынамыздың асыл кендері – Абай Құнанбаев, Мәшһүр Жүсіп Көпеев сияқты ғасырда бір туатын ғұлама ақындардан қалған осы сөздер ұрпақтан ұрпаққа жете бермек.

Біздер оқып-үйреніп өскен «Философия» оқулығында [4,192] «Адам жан-тәнімен кіріспейінше, адамның ақыл-ойына терең мазмұнды сезім әсер етпейінше, бірде-бір даналық идея тумайды, бір де бір тамаша жоба жүзеге аспайды. Ғылыми білім адамның жеке басының сеніміне айналуға тиіс, сонда ол сол кезде бар шындықты өзгертуге бағытталған іс-әрекетке әзірлікті тудырады» деп жазылған. Ендеше, елі үшін мәңгілік еленуге тиісті сөздерін қалдырған данышпан ақындарымыз - «Қарны тоқ қаса маңғаз ұқпас сөзді, сөзді ұғар көкірегі болса көзді» деп ұлы Абайдың кесіп айтуы, «Адамның кеудесі – үй, қапас-жүрек, орнаса ол қапаса көңіл зирек» деп ол сөзді Мәшһүр Жүсіп бабамыздың жалғастыруы – кейінгі ұрпақтарына білімнен келер пайданы поэтикалық сезіммен жеткізіп кеткендіктері. Әр замандағы әлеуметтің мәнді де сәнді өмір сүруіне әрдайым шырақ болып тұратын бұрынғы өткен ұлылардың ұлағатты сөздерін оқырман жастарымыз көкіректеріне түйе жүргені ләзім.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абай. Өлеңдер. Жазушы баспасы, Алматы-1976.
2. Абай Құнанбайұлы, Шығармалар жинағы. Қызылорда: Қазмембаспасы, 1933.
- І. Жансүгіров. Алғысөз.
3. Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Екі томдық.- Алматы, Ғылым, 1992.
4. Философия. Оқу құралы. Саяси кітаптар баспасы, Алматы-1969.
5. Әдебиет майданы. №11-12. 1933жыл. Мақала: «Абайдың сөз өрнегі» І. Жансүгіров.
6. «Қазақ әдебиеті» газеті, №22. 1992 жыл.

МӘШҲҮР-ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРДІҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Б.Р. ҚОЖАХМЕТОВА
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Мәшһүр Жүсіп жазбаларындағы шешендік сөздердің көркемдік ерекшеліктерін қарастыру барысында би-шешендердің түрлі құбылыстарын жете түсініп, әр сөздің мәні мен мағынасындағы көптеген өзгертулер мен өңдеулерді, ауысулар мен алмасуларды,

құбылулар мен құлпыруларды дәл аңғарғанын байқаймыз. Би-шешендердің сөзі дәлдікке, ықшамдылыққа, сұлулыққа негізделгендіктен халық жадында ғасырлар бойы сақталып келеді.

Шешендік өнер – тіл, әдебиет, философияның түйіскен жері. Шешендік сөз қашанда көркемдікпен небір ұғымдар мен түсініктерді дәл сипаттауымен ерекшеленеді. Шешендік сөздерде көркемдеуші элементтер көп кездеседі, әсіресе фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер қолданысы ойды бейнелі және түйіндеп жеткізудің құралы ретінде пайдаланылады. Ғалым Ж. Дәдебаевтың пікірінше: «Шешен өз сөзін қатардағы қалың жұрттың сөйлеу деңгейінде айтатын болса, онда оның сөзі көпшілікке түсінікті айқын болғанмен, ешкімді тұшындыра алмайды. Мұндай сөздің шешендік сөз үлгілеріне еш қатысы жоқ. Белгілі ұғымды күнделікті қолданылып жүрген сөздің өзі білдіретіндей, тіпті одан да анық танытатын, бірақ танымға тосын, жаңа, сондай-ақ бейнелі, суретті, әсерлі түрде танытатын сөз ғана шешен өнерінің өрісін кеңейтіп, қадірін арттыра алады» [1, 66],

Шешендік сөздердің көркемдік ерекшеліктері жөнінде Г.Қосымова: «Ауызша айтылған сөз үлгілері көркем болмаса, тыңдаушысын әсерлендірмесе, жатталып атадан балаға жетпес еді. Ауыздан ауызға көшіп жүрген шешендік сөздерде көркемдеуші құралдардың жүйеленіп қалыптасуы – жекелеген сөз шеберлерінің, сөйлеуші шешендердің қызметінің нәтижесі» дейді.

Сондай-ақ, троптың түрлері өмір шындығын, кейбір құбылыстарды адамның көз алдына елестететіндей етіп суреттеуге мүмкіндік береді. Троптың түрлерінің барлығы ауыспалы мағынада қолданылады. Айтылған ойдың эпитет(көріктеу), теңеу, метафора, метонимия, символ, әсірелеу, шендестіру, синтаксистік параллелизм, т.б. осы сияқты көріктеу құралдар мен тәсілдер арқылы көрініс алуы поэтикалық образдар деп аталады.

Ғалым З.Қабдолов «Әдеби тілді ажарлау аз, құбылту керек. Әдеби тілдің әсемдігі ғана емес, әсерлігі үшін де орасан қажет тәсіл – құбылту» [2, 218], деген пікір білдіреді. Сондай-ақ, құбылтуды, яғни тропты (грекше tropos – иін, иірім) – сөздердің тура мағынасында емес, бұрма мағынасында қолдану, шындықты бейнелеп, кейде тіпті перделеп таныту, ойды өзгертіп, кейде тіпті өнін айналдырып айту деген түйіні шешендік сөздерге де тән екендігі назар аудартады.

Құбылтудың шешендік сөздерде жиі кездесетін түрі – метафора (грекше metaphora – көшіру) Қ.Жұмалиев «Метафора – сыртқы не ішкі ұқсастығына қарап, бір нәрсенің екінші нәрсеге балау. Екі нәрсенің арасына тепе-теңдік белгісін қою десе [3.114]»

Академик З.Ахметовтың пікірі бойынша: «Метафора – екі нәрсені, құбылысты салыстыру және жанастырып жақындату арқылы астарлы тың мағына беретін бейнелі сөз немесе сөз тіркесі» [4, 140-6].

Би-шешендер сөздеріндегі ұлттық дүниетаным көрінісін метафоралар арқылы бейнеленудің орны маңызды. Метафора көркем сөз тудырудың кілті болса, екінші жағынан, белгісіз заттар мен құбылыстардың атауының орнына жүреді. Метафорадан табылатын өрнекті суреттер, танымдық әсер, түсіндірмелі болжау сияқты белгілер тіл мен ойдың әсерінен бастау алады. Осындай құбылтулар Мәшһүр Жүсіп жазбаларындағы шешендік сөздер тілінің түрленуі, шешуші сырлары арқылы орын табады. Ақын жазбаларындағы би-шешендер сөздерінің танымдық мәні терең метафоралардың халықтық қуаты басым, көп сырлы, сан салалы. Оның тіл кестесін суретті жеткізетін сөз өрнектерінің қалың тобы образды фразеологизмдер болса, олардың көбі метафоралы тіркестер екенін көреміз.

З. Қабдоловтың анықтамасы бойынша ауыстыру, яғни метафора – сөз мәнін өңдендіре өзгертіп айту, суреттеліп отырған затты не құбылысты ақындай, ажарландыра түсу үшін оларды өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау; сөйтіп, суреттеліп отырған заттың не құбылыстың мағынасын үстеу мазмұнын тереңдетіп, әсерін күшейту. Мысалы, Торайғыр би бірбеткейлік, тік мінезділік қасиеттерінің салдарынан, көуірдің жүзін көргісі келмегендіктен ел соңынан ергісі келмейді. Оны кимай Шоң би де қалады. Шоң бидің бәйбішесі: «Азбанға бола би қайнағадан айрылушы ма едім»[6, 154], деп қайнағаларынан қалмай көшіп кетеді. Мұнда Шоң бидің бәйбішесі Торайғыр бидің елге ілеспей қалып бара жатқанын жақтыртпай, кезінде құдіреті жүріп тұрған, ал қазір қартайғандығын, еш нәрсеге жарамайды деген мағынада азбанға балау арқылы білдіреді.

Мәшһүр Жүсіп жазбаларындағы құбылту түрлері би-шешендер сөздерінің мазмұнын тереңдетіп, әсерін күшейтіп тұрған метафораларға тоқталамыз. Мысалы, Мәшһүр-Жүсіп мұрасын ұзақ жылдар бойы ерінбей жинаушының бірі - Төлөпберген Алдабергеновтің

«Аюжақы көкірегіндегі қайыс ілгекті ағытты» (1,93).

Ұлар - саяқ тіршілік иесі. Өйткені, ес білгелі көргені Алтай табиғаты. Табиғат бесігінде тербеліп өскендей. Сондықтан да «Жалғыздыққа жасынан үйренбеген адам болса, баяғыда-ақ мынау мұздай қатып-семіп жатқан иен дүниеден айран-асыр болып, ақылынан адасып өлер еді. Шыр етіп жерге түсіп, кіндігі кесілгенде дүниеге жалғыз келгенін сезінгендей, бұл жалғыздықтан қорыққан емес. Жалғыздық жанына жаққан. Жалғыз-жарым тірліктің құлы бұл. Ұлар жолы – жалғыз ғұмыр кешу. Бар мұраты – мұңлы болса да ерікті өмір» (1, 95).

Асқар Алтай кейіпкерінің ерекшелігі де осында – жалғыздығында. Мопассанның «Жалғыздық» деп аталатын новелласында айтылғандай, адамдар мен жұлдыздардың арасы алыс емес, адам мен адамның арасы алыс. Әр адам ғашығының қасында отырса да, өзін жалғыз сезінеді дейді ол жазушы. Асқар сол жалғыздық мәселесін жалғастырушы. Тіпті от-

басы болса да, өзін жалғыз сезінетін кейіпкерлер болады. Мысалы, Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романындағы Жәдігер сондай жан.

Ұлар аюды жалғыз өзі аулай береді. Алтайлықтардың аю аулаудағы қалыптасқан дәстүрімен таныс боламыз:

«Қып-қызыл терісі жылмағайлана жүгірген аю жақындай бере өгіздей өкіріп, жебеше атылды. Төрт аяқтап атылған хайуан тік тұрған аңшыға міне түскенде, Ұлар күтпеген де еді. Аю екпінімен ол шалқалай жығылған.

Бұл бір аса қатерлі, жай түскендей күтпеген сәт еді. Жас та болса, аю алып әдістенген Ұлар мұндай шабуылды кездестірмеген. Аю атаулы жауына екі аяқпен тік тұрып, екі қолымен ұра жығады деп қана ойлайтын. Өзін ақылсыз хайуанға алдай құшақтата беріп, иығынан жамылған бос ілгешекті тері жамылғыны қолына ұстата, құшағына тастай беріп, аса бір шапшаң да ептілікпен тізерлей еңкейіп, бір бүйірден қандалған селебемен жып етіп шығып кететін. Бұл – Алтайлықтар қолданып келе жатқан көнігі әдіс. Қауіпсіз де сенімді. Жамылғыны құшақтаған жыртқыш еңсеріліп қала беретін» (1, 105).

Сонымен қатар, аю аулаудың көне әдісі де көрсетіледі. Ілуде бір қолданатын ежелгі аңшылық, көпшілікке қол еместігін ескертеді. Бұл әдіс бойынша үңгірде ұйықтап жатқан аюды түртіп оятып алады. Аю ақырып үңгір аузынан басын шығара бергенде тамағынан бауыздап басын кесіп алады. Денесі үңгірде қалады. Ол үшін алдын-ала үңгір аузы ағаштармен шегенделеді. Бұл көрініс Ұлардың жүрегін айнытып, аю аулаудан бетін қайтарады. Нағашысы Шадан Ұларды аю қолынан мерт болып жүрмесін деп әдейі осы әдісті көрсетеді. Аю атаулыға жоламайтын етпек болады.

Жазушы аю тіршілігін бүге-шігесіне дейін суреттеп, даралап көрсетеді. Малға шабардағы оның әккілігі былай беріледі: «Бірақ аю атаулының қысаң жерде жол табар, қауіпті жерде азу салар сұм айла-амалы еш жыртқыштан артық түспесе, кем соқпасы анықты. Осы өңірдің қасқырындай қорқау, барысындай бұла, түлкісіндей тақыс екендігін былай қойғанда, адамын да, анын да алдап соғар сезімтал сұңғылалығы бір басына жетерлік

Токтаған сәтте тынысын тартып ала қойып, екі аяқтай тік тұрып, қаракөлеңке қарағай арасында тастай қатып, жоғарғы жағын жай қиып, төменгі молағы ғана қалған қысқа қарағайдай қарауыта қалып, ұрлана басып жақындап келе жатты» (42). Біз аюды тек алып күш иесі деп қана түсініп жүрсек, денесінің қорбаңдығына қарамай, басқа жыртқыштардың қасиеттерін бойына жигандығына көз жеткіземіз. Әсіресе, аюдың тік тұрғандағы бойы қысқа қарағайдай болатыны әсерлі шыққан. Жазушының тілді ұтымды қолданатыны байқалады.

Қыран қарағайлар туралы мәлімет шығарманың танымдық жағын дәлелдейді. «Қыран қарағайлар қарт Алтаймен бірге жасасып келе жатқан ағаштар ғой. «Қыран қарағай» деп ел-жұрт та тегін атамаған. Жасы жүздеген жылдарды ілестірген қарағайдың мұндай тектері тіпті мың жыл өмір сүреді дейді жұрт. Бұл қарағайлардың қара жерді қақ айырған табандарының аумағы қос қанат киіз үйдің орнындай еді. Он-он бес елі қалың қожыр қабықты, желімдей жабысқақ ащы шайырлы қыран қарағайға құрт-құмырсқа да жоламайтын. Жасының ұзақтығы да содан болса керек.

Көне заманнан көз боп келе жатқан қыран қарағайлардың құдіреті жалғыз ол ғана емес, қорыған аң мен қонақтаған құс, қорғалаған мал мен паналаған пенде атаулыға жазда қара жаңбырлы бұршақтан, қыста қарлы боранды суықтан сая болатын. Діңін дөңгелене қоршап тұратын құшақ-құшақ жуан бұтақтарының астына күн көзі түспейтін, жел өті өтпейтін. Қыран қарағайдың түбі сондықтан да қысы-жазы қос қабат киіз жапқан киіз үйдей жылы» (1,80). Ұлар қыста осы қарағайдың түбінде қос жасап, ішінде от жағып, қар суына бұлан етін пісіріп жеп, көйлекшең ұйықтап шығады. Қазақ жерінде осындай табиғаттың кереметтері бар екеніне таң қалып, оқырманды онымен таныстырған жазушыға риза боласың.

Жазушы тілінің байлығы, образды сөздердің молдығы соншалық, көз сүрінеді. Мысалы: «Ал жалғыз ұл бұдан да не қайыр: күн байыта батырып, түн оздыра атырып жүргені» (1,70). Бұрыннан айтылып жүрген «таңның атысы, күннің батысы» деген қолданысты жанаша сөз саптаумен берген.

«Шарбы бұлтты шанши төгілген ай сәулесі де нәрсіз» (1, 41). Арасы ашық селдір бұлтты «шарбы» сөзімен алмастырғаны бейнелі болып шыққан, көз алдымызға малдың қарнындағы шарбы майы елестей қалады. Ай сәулесінің бұлт арасынан өтіп барып жерге

түскені «шанши» сөзімен дәл шыққан. Ай сәулесінің нәрсіз болатыны бұлттың болғанына байланысты, аспан ашық болса, ай сәулесі толық түседі. Жазушы осындай өзгешеліктерді қалт жібермеген.

«Қара қазанның аюдың тырнағындай қиық айы туғанша, қара суығы ұрғанша» (1, 90). Алтайдың айының өзі аюдың тырнағына ұқсап қалған екен. Соны теңеу деп айтуға болады.

«Өзі де өленді жердің өгізіндей етженді, енгезердей неме екен, Ұлардай сүйекті тау қазағы иығынан зорға келді» (1,68). Біз «өленді жерде өгіз семіреп, өлімді жерде молда семіреп» деген мақалды білетін едік, мына теңеу сол мақалдың өзгерген түрі екен. Мұндай өзгертулер Абайға тән болатын.

«Тілмаш аңшының аузынан шыққан сөзін шыбын-шіркей қаққан көлбақаша іліп алып, оқалы киімді мығым орысқа қаз-қалпынша жеткізді» (1,68). Бұл теңеу де жазушының қиял байлығын теңеу де жазушының қиял байлығын көрсетеді.

«Тіпті киіз туырлықты қалың қалмақпен де Қаба мен Құба бойында қатар көшіп-қонып, қалың берісіп, құдандалы өмір сүріпті. Кейін келе туыс екі елдің арасына су жүгіріп, ірге іріп, туырлық туралып, жебе ұшып, берен сөгіліпті. Таудан түскен тасқындай, қиядан түскен көшкіндей қиын кезең келіпті» (1, 119). Жазушы қалмақ пен қазақ арасының ашылғанын бір сөзбен айта салмай, қандай оқиғалар болғанын ұғындыратындай бейнелі сөздермен жеткізеді. Жазушының сөзге шешендігі аңғарылады.

Бұлабикенің оң жақта балалы болғанына байланысты романдағы бір кейіпкер былай түйін жасайды:

«Ел ішінде мұндай жағдай ілуде бір кездеседі. Біздің халық қатал ғой, ондайларды ат құйрығына байлап та, үстінен табын қой айдап та жазаға кескен. Өлімге қиған! Кейінгіге тию қылған емес пе...» (1, 205).

Бұл айтылған нәрселер шарифат бойынша сай келеді, Бұлабикеге де байқатпай у береді. Бұл мысалдар шығарманың тәрбиелік – тәлімдік мәнін айқындай түседі.

Қорыта айтқанда, Асқар Алтайдың «Алтай балладасы» романының танымдық көкжиегінің кең екендігіне, көркемдік деңгейінің жоғары екеніне көз жеткіземіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Асқар Алтай. Алтай новелласы. – Алматы, 2001
2. Дәдебаев Ж. Қазіргі қазақ әдебиеті. Лекциялар курсы. – Алматы, 2003.

CHILDREN BIRTH. TURKISH TRADITIONS.

R.A. MUKHAMBETOVA, M.K. NURSAPINOVA
PSU, с. PAVLODAR

The birth of the child at all times was one of the most joyful events in a life of people. The newborn child brings pleasure not only to the father with mother, but also to relatives, neighbors and all sort for with each newborn child number of family and all sort increases, and also their influence accordingly amplifies. The saying « the Child supports a home » shows, what fundamental importance has a birth of the child.

On the other hand, the birth of the child increases respect for the woman – mothers, strengthens its position in family, among relatives. In what degree with surrounding people the woman who cannot give birth to the child is humiliated, in the same degree to oppressions and insults from are close the man is exposed also.

According to traditions and beliefs, the pregnant woman up to sorts, or even from the moment of when it learns about the pregnancy, should adhere to some customs, it is necessary to execute strictly without any deviations. Thus, process of a birth of the child, since that instant as the woman has made a decision on its birth, is accompanied by execution of numerous customs and traditions.

1. Before giving a birth period
Treatment of bareness, pregnancy

For that what to be reputable in family of the husband and to have on it influence to test pleasure of motherhood and for extension of a sort the woman should give birth to the child. The fruitless

woman always tested humiliations and oppressions proceeding from what it resorted to all means, give to become pregnant.

When at young pair the child was not born, basically always blamed the woman. Therefore it the first started to look for ways of the decision of problems. There were three ways of treatment of bareness.

Religious – having magical features

The methods of treatment entering into area of national medicine

Methods of modern medicine

2 – Asherme

During pregnancy of the woman cannot usually use some products. At the same time they have a uncontrollable desire is, any certain products.

The woman during pregnancy cannot usually use sharp both sour food and various seasonings. The popular belief is wide, that if the pregnant woman would like to eat sour it will give birth to the daughter. If the woman eats a lot of sweet at it the son will be born. There is such proverb: « Eat more sweets - you will give birth to the equestrian »

3 - Pregnancy

During all period of pregnancy and during first time after sorts associates concern to the woman, as some kind of the patient. In other words, in a society it is accepted, that associates concerned to the pregnant woman with indulgence as to the patient and it is not recommended to conduct an active way of life. In this situation the pregnant woman has been simply compelled to obey to some reserves existed in a society.

Though pregnancy and a birth of the child is considered joyful event, by tradition it is not accepted to declare the fact of pregnancy publicly. Till certain time pregnancy of the woman disappears from the senior members of family.

4– Sex of child

One of agitating subject matters during pregnancy of the woman is a floor of the future child. The desire of the future parents to have the daughter or the son depends and on other members of family and other relatives. It is considered, that the floor of the newborn child will have influence on the future of family. These traditions pass from father to son.

5- Behavior of the pregnant woman

On general belief, especial value in progress of the child has an instant when it starts to move in a womb of mother. The Much attention during this period needs to be given a psychological condition of future mother and a diet of its feed.

II Giving a birth

There is a set of national means which as it is considered to be, facilitate to the woman of giving a birth. Giving a birth is important and complex biological process in view of what at all times in people used means for their simplification and acceleration. There are some beliefs which adhere during acceptance of sorts and which as besides it is considered to be, facilitate giving a birth. Basically роды midwives who adopted акушерские knowledge at the previous generations of midwives accepted

III After giving a birth

1- Future of child

Trusting in that all events during sorts will have influence on the future of the child, its destiny, about process of sorts told nobody. After sorts of the child the spouse dug in the first diapers wrapped up in pure cloth and the rests of a placenta in the ground.

2- Condition of the lying-in woman after giving a birth

The lying-in woman after sorts usually remains in bed, and timeframe of its stay in bed depends on how have passed роды, its physical condition and a conditions of life surrounding the lying-in woman.

In the first week after sorts the lying-in woman visit to congratulate on a birth of the baby. On the second week young mother was visited to inquire after its health.

By tradition the lying-in woman should be first forty days in bed, it is undesirable to it to leave on street and it is forbidden to look in a mirror, to be engaged in house affairs. In case the lying-in woman badly feels itself, the doctor surveys its houses.

On custom relatives, neighbors and friends to the lying-in woman bring to it yoghurt, milk and other dairy products, basically sweet. The lying-in woman necessarily should if to not eat brought then to try it, differently on beliefs at it milk will be gone.

Babies look after with the big carefulness. Kids often bathe. Nails обрезают only in six months, in this regard it is usually accepted to arrange with it celebrations. If the baby – the girl before cutting nails, little palms of baby cover with henna; from this point on nails of the girl is cut in process of lengthening. If the baby – the boy by tradition in six months its hand thrust in a pocket of one of the senior members of family. In a pocket are money. The more the child will pull out money, it should be more successful at it the future. After this ceremony to the kid is cut his nails. In the further the boy never should have long nails.

After having the first kid's tooth, the holiday which name « Dysh Byngai » is arranged. This day necessarily prepare for sweets from wheat. Sweetened wheat long cook on slow fire. Together with an entertainment from wheat on a table other traditional sweets submit also. The invited relatives, friends and neighbors cheerfully mark this joyful event.

First steps of the baby are celebrated with the same pleasure. All these traditions carry the name « Traditions of the lying-in woman »

3- Faith in a red witch

Tell about existence of a witch which attacked lying-in women and babies, and sometimes even killed them.

This essence represented a mixture of the person and an animal. A giant – the murderer describe so: « the Essence of huge growth with greater fingers and long nails, hair disarranged, a body is smeared by fat, has short legs and hands, a ugly teeth stick out of a mouth and is dressed in a red shirt ».

To protect from attacks of this witch, to babies and lying-in women read special plot

4. Concept of the fortieth day

Illness of the lying-in woman or the child in first forty days after sorts name « 40 dyumshysy», « 40 karymshasy », « 40 basmysy ». For prevention of illness of mother and the baby traditionally accept a number of measures. If the lying-in woman with the child in first forty days after sorts has been compelled to leave for street it necessarily should take with herself «Eman», it is the collection made of some chapters of the Koran which number includes the chapter entitled «Eman».

5. Action of the lying-in woman in current of forty days after sorts

That the lying-in woman and the child were not ill in first forty days after sorts, also accepted a number of traditional measures. Before execution of forty days of the baby bathe in the water which has been started talking with the woman accepted giving a birth. Usually for plot in water threw a stone, a needle, a ring or something in this sort. After bathing the baby in the same water its mother washes also. Was considered, that after this procedure of ablution mother with the newborn child without any fears can leave on street. This ritual ceremony of bathing is named « 40 Uchurtma».

If the woman who has given birth the child, lived separately from relatives after sorts it all over again visited the mother-in-law, then mother. If the woman lived together with the mother-in-law to pay visits they sent together.

On a visit to the lying-in woman, on custom, presented a glass with the water, filled up to half; thus it wished, that it had a lot of milk. The woman should drink all water. After it drank water, to it offered various entertainments. By the developed tradition, all who saw the child, should give the baby платочек, an egg, money or something in this sort.

6. Name of a child

By tradition, a birth of the child attached much importance, and in each significant occasion in its life arranged solemn ceremonies. The celebration in occasion of definition of a name of the child - one of them.

On custom, for the seventh day after a birth of the baby, the father of the child treated relatives. This day cooked traditional food. To a dinner invited parents of mother and the father of the child, as well as other close relatives. After the feast the pray was read.

At the end of a holiday entertainment all discussed subject matter наречения the child a name. If parents of the kid in advance solved this problem this decision was simply coordinated with the senior members of both families. Among relatives one of the senior and dear people who after fulfillment of ritual ablution took the child on hands got out. Together with the baby this person turned the person to the south and loudly read “Azan” then three times in an ear of the child said its name.

After that ceremony attendees took the kid from hands in hands. Each of them wished

the kid of a happy and long life, health, well-being. On custom, everyone who handled the baby, should put in its diapers a gift. After this ceremony read the Koran. On it ceremony наречения the child came to an end with a name.

Kazakhstan

The set of ceremonies is connected with a birth and the first days of a life of the child in Kazakhstan. That the child grew strong and healthy as soon as it will be born, young mother should drink the jug filled up to edges from drawn butter.

Immediately the ram is cut and cooks, and the lying-in woman should eat a neck — about two kg of meat. Thus it is impossible to touch a throat: it will stretch on threads and will hang out for 40 days on a wall. After that mother hides it somewhere in steppe so that nobody could find.

Later three days after a birth of the child put in a cradle made from seven sticks taken at seven oldest women of an aul. And to swaddle and lay the child in a cradle, relatives call the old woman from an aul, whose children have grown healthy and strong.

Still later forty days of the child bathe in salty water. It is considered, that it will make its vigorous and strong, and wounds will heal all more quickly. After that parents present the kid a piece of blue silk (that dews obedient and never was depressed), the wooden spoon and big white kazan. When visitors gather, the baby put in kazan, and the most respectable visitors by turns water the child from the wooden spoon, saying the wishes. After that the guest of honor whispers in the baby ear its name three times.

Holiday in occasion of a birth of the son

As the life and well-being depend on endurance, force, dexterity and sharpness, the special attention in steppe was given inculcation to children of these qualities since the earliest childhood. Therefore many Kazakh ceremonies are anyhow connected with a birth, the childhood, youth and majority of the young man.

For example, on shildekhane - festival in occasion of a birth of the son, men of means did generous entertainments with the invitation of residents not only the, but also adjacent auls, arranged competitions of singers, riding on horses.

The child quite often named a name of the person esteemed in an aul. There were also cases when gave the child the first got, anything приметное, at times even very obscene name that it grew not on a type healthy and strong.

The Kazakh conducted the family tree on a man's line. It considered as the Nemere- the grandson only the one who was born from the son.

That child who was born from the daughter, could not be considered as the grandson and consequently referred to zhien - as the nephew, and its child (nephew) named zhienshar - the scion of the nephew (zhien). So was considered under the unwritten law of steppes where daughters could give in the wife only to people from other sorts and auls and consequently their children could not count on position of lineal descendants of the chapter of a family sort. There was even such expression - zhien ate bolmas, that in translation means - the nephew do not consider as the !

Only now, presently in city, began on European to name Ladas children who have born and from daughters, grandsons. And the one to who can be born from "nemere" (the direct grandson) named "shobere", what it means the great-grandson, and born from the great-grandson named – "shoshpek" - the great-great-grandson that means tiny, small. The son of it shoshpek could be named (great-great-grandson) not мөңө, means not clear, and its posterity "Tuazhat"- born to be another's.

As special stages on a way to majority in the Kazakh family marked such events as besike to bacon - stacking of the newborn in a cradle, with a hint on that it quickly grew and it was typed good health; "Tusau kesu" - first steps of the child that it was able to go and quickly to run. In this day, on the Kazakh custom, in yurta where the kid has made the first step, it was accepted to call the oldest and dear person in an aul that it knifed the special cords entangling legs of the child.

"Atka otyrgyzu" is a landing to a horse with transfer to hands not only lash, but also spears that the successor was able to exploit, metal is the best than a spear, far and precisely.

Then the ceremony of trimming followed. This day parents of 5-7-years old call the son to yurta respected mulla. And that makes a ceremony of trimming then it is generously remunerated by parents of the child. Then they on custom, should make that is a holiday. It is convoked many visitors, relatives from adjacent auls, those in turn do gifts to the child and its parents.

М. ШАХАНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «ҰЛТТЫҚ МІНЕЗ» КОНЦЕПТІСІ

Л. НҰРФАЛИЕВА

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Ұлттық мінез-құлықтың қасиеттері фразеологизмдер, көркем-әдебиетте бейнеленген қылықтар арқылы көрсетіледі. Халық өз тіліндегі байырғыдан келе жатқан тұрақты тіркестер аз сөздің аясына халықтың дүниетанымын, наным-сенімін, мінез-құлық туралы қалыптасқан көзқарастарын сыйдырып, ерекше өрнектей білген. Олар мінез-құлық концептінің ментальды-мәдениетті мазмұнын бейнелі түрде сипаттап, концептіні сырттандыру тәсілі ретінде қолданған.

Мінез-құлық концепті – халықтық білімнің жиынтығы. Ол жағымды немесе жағымсыз мінез-құлықтар туралы түсінік беріп, әлеуметтік жағдаяттарда жағымды мінезді көрсетуге, жағымсыз мінез, қылықтардан қашуға бағыттаған. Мінез-құлықтың негізінде өмір сүру нормалары, моральдық-этикалық критерийлер жатыр, осындай нормалар әр қоғамда сұрыпталып, шыңдалып, қоғамның өмір салтын қапысыз реттеп отыруға қызмет еткен. Кейіннен «туыстық қарым-қатынастар нормасы таза моральды-этикалық категория шеңберінен шығып, қоғамдық өмірді реттейтін заң, кодекс деңгейіне көтерілген.

Ұлттық мінез-құлықты сипаттау үшін ситуативтік аспектілік, параметрикалық модельдерді қолдану керек. Ситуативтік модель арқылы халықтың коммуникативтік мінезін стандарттық коммуникативтік жағдаяттарда көрсетуге болады, мәселен, сәлемдесу, кешірім сұрау, қауышу, т.б. Аспектілік модель мінез-құлықты белгілеген шеңберде сипаттауды қажет етеді, мысалы, фразеологизм, мақал-мәтелдер арқылы. Ал параметрикалық модель арқылы халықтың коммуникативтік мінезін зерттеуші белгілеген факторлар, белгілер, параметрлер негізінде қарастыра алады.

Параметрикалық модель халықтың коммуникативтік мінезін жалпы түрде сипаттағанды қалайды. Біздің ойымызша, халықтың мінез-құлқын салыстырмалы ұстанымдық модель арқылы қарастыру қажет, өйткені бұл жағдаяттың бір жағынан ситуацияда көрсетілетін мінез-құлық жүзеге асырылса, екінші жағынан ділімділік параметрлерге сәйкес халықтың стереотиптік мінез-құлықтары сипатталынады. Қазіргі көркем өнерге «ұлттық» мәселенің айрықша назарға ілінуі тегін емес. Байырғы ұлттық дәстүр үлкен өмірден жіңішке жол тартып, ерекше өнер объектісіне айналуында зандылық бар. Уақыт қойып отырған өмір-өнердің актуальды сауалы.

Дәстүрлі лириканың аясын кеңейткен, жаңа тыныс берген М. Шаханов шығармашылығы ең алдымен ұлттық сипаттарының молдығымен бағалы. Ақын барлық ұлттық қасиетімізді өз әлемінде қайта тірілту арқылы бүгінге жауап береді. Ойлауда да, сөйлеуде де ұлттық мінез ерекшелігін айқын танытады. Ақынның көркемдеу құралдары жана, поэзияға сіңісті троптың түрлері жанарды. Әдісі, өлеңнің композициялық құрылысы, ең бастысы-жана ырғақ келеді. Абстракциялық ұғым нақтыланып, идеялық нысаны айқындала түсті, өмірмен қарым-қатынас күшейді.

М. Шахановтың ақындық шеберлігі мен ұлттық сөз өнерінің бірлігін лирикалық туындыларының басты арнасы ел-жер, азаматтық, табиғат, жастық, махаббат тақырыбындағы өлең өрісі мен өректеріндегі өзіндік өзгешеліктер, ой-сөз жүйесі, көркемдік таным арналары зерделенеді. Махаббат лирикасына «Бақытпен тілдесі», «Махаббат елі», «Айналайын», «Дариға» т.б. өлеңдері, достық тақырыбына: «Достық өлкесінің заңы», «Достық туралы» өлеңдері, туған жер тақырыбына «Туған жермен сырласу», «Жайықпен жүздескенде», «Желтоқсан алаңы», «Намыс, намыс мұның қалай», табиғат лирикасына «Тастастар неге тілсізсіңдер», «Бақтар неге үнсізсіңдер», «Өзендер» өлеңдері, азаматтық лирикасына «Жігіттің екі сипаты», «Түсінісу төремасы», «Алтын, күміс және қалайы», т.б. өлеңдерін жатқызуға болады.

М. Шаханов тіршіліктегі бар жақсылықтың басы туған анаға, туған жерге деген сүйіспеншілік екенін тани отырып, бұл екеуін және намыс пен сүйген адамның адалдығын өз өміріне мұрат тұтады. Ақынның өз сөзімен айтатын болсақ:

Көкірегімде төрт сәуле бақыттан тұратын.

Төртеуі - менің мұратым.

Төртеуінен алма-кезек нәр алам
Біріншісі – туған елім-ұлы анам.
Екіншісі - ғазаиз анам, саулығымды сұраған.
Бірақ маған екеуі де бір адам.
Үшіншісі - намыс үшін беріспеген күндерім,
Төртіншісі - сәл тайқыса болар мұң.
Маған деген адалдығы оң, мені сүйген адамның

М. Шаханов шығармашылығына тән бір ерекшелік бар. Ақын қандай тақырыпты жырласа да, оның өлеңдерінде терең философиялық ой жатады. Және ол күтпеген жерден тың байлаулар жасайды. Мысалы, ақынның «Жігіттің екі сипаты» деп аталатын шығармасын алатын болсақ, онда ақын үш сауал қояды:

Кім қайратты?
Кім кімге асқар тұлға?
Мүмкін бе екен тағдырдан бас тартуға?

Бұл сауалдардан кейін ақын тастар жайлы сөз қозғайды. Кейбір тастардың биіктен құласа да, тас қалпында қалуын, ал кейбір ірі тастар кішкентай жырадан құласа да, быт-шыт болатынын айтады. Осыдан келіп мынадай қорытынды жасайды:

Алуан тағдыр берілген бұл адамға,
Есегінен ер жігіт құлағанда
Жұбатындар,
Аяңдар!
Өйткені оның
Құм боп кетер жігері жылағанда.
Алуан тағдыр берілген бұл адамға,
Тұлпарынан ер жігіт құлағанда
Жұбатындар!
Ер адам от-жігерін намысына
Намысына жаниды жылағанда.

Ақынның бұлай түю себебі екі жігіт мінезінің әр түрлілігіне байланысты. Бірінші жігіт - ар-намысы жоқ, ер жігіт. Сондықтан оның есектен құлауы да, адамдардың оны аяп жылауы да намысына тимейді. Ал екіншісі – намыс бар жігіт. Сол себептен оған жыламанлар дейді.

Жастық жасампаз ойға қалып,
Жарар еді кетпесек майдаланып.
Сары шымшық сан рет той бастады,
Бұлбұлдардың аздығын пайдаланып.
Қалайы өтсе күмістің есімімен,
Үйреніппіз қарауға кешіріммен.
Соның бәрі асылдың аздығынан,
Азға зорлық жасаудың кесірінен.

«Алтын, күміс және қалайы» деп аталатын бұл өлеңде ақын ұлыларды алтынға, күміске, бұлбұлға балайды. Сонымен бірге, ақын алтынның орнын мыстың, күмістің орнын қалайының, бұлбұл даусын шымшықтың басуын астарлап айту арықыл ұлылардың орнын кеп «ұлысымақтардың» басып жүргенін меңзейді.

«Мұхтар - қазақ поэзиясында еркін өлшемді өлеңді барынша дамытқан ақын. Сондықтан оның әрбір жаңа шығармасында жан бар, өмір бар. Сондықтан жеке өлеңде бедерленген сезім-күй, ой-толғаныс ақынның бүкіл шығармашылығы контекстінде қаралып, автордың поэтикалық жүйесіне логикалық-психологиялық тұрғыдан табиғи кірігіп жатқан, тиянақ-тұтастығы, жалғасар өрісі бар бірегей көрініс, әрі бүтіннің бөлшегі ретінде танылуы заңды болмақ.» [1;6].

Яғни, сол жеке бір өлеңдегі ой-сезім-кездейсоқ айтылған сыр емес, ақынның бүкіл лирикасында сомдалған әдеби тұлғаның, демек, лирикалық кейіпкер көңіл-күйінің бір сәті, жан-дүниесінің бір бірден сезіледі.

Әр талант өзін толық ашқанда барып өзіне тән стиль қалыптастырды. Ізденіс жолында олар ұлттық поэзиямыздың әр қасиетінен үлгі алуы – заңды құбылыс. Мысалы, М. Шаханов өз шығармасын сазды лирикадан бастап лириканың баллада жанрына, сюжетті өлеңге ойысып кетуі- оның өзін табуы.

Ақын түлеткен бұл жанр арқылы ұлттық тіліміздің поэтикалық қабаты қайта түлегендей. Оның сезімдік көңіл күйі, сағынуы мен аңсауы, эпикалық үлгімен тамаша қабысады. Жақсы ұйыған айрандай дірілдеген сезім оның сюжетті дүниесін түгелдей лирика мүлкіне айналдырды. Оның эпикалық баяндауының өзінде лирикаға тән шапшаңдық, өткірлік үстем отырады. Бірден-бір шумағы құрғақ баяндау-эпикаға тән сипат алмайды. Міне, осы тұста ол жанрға тілдік, образдық жағынан жаңалықтар енгізді.

Ауызекі тілге жақындау өлеңнің драматизмін тереңдету мақсатында ұзынды-қысқалы тармақтар пайда болды.

Москал шебер күйіп-пісті:
Қарағым-ау, мұның не?
Көпсінгенің осы нұрсыз, шабаталы күнің бе?
Енді қайттың?
Әлде басың өкпелі ме иығыңа?.

Қалпымен драмалық элементтер өлеңге айналып тұр. Ұйқас, ырғақ, динамика лирика табиғатынан бұра тартпайды. Керісінше, қара сөзге лайық ұғым мен мазмұн лириканың объектісіне айналады. Ақынның әрбір сөзі психологиялық дәлдікпен жұмсалады. Сөйтіп, байырғы тілдік жанр бүгінгі оқырманға түсінікті стильге ауысады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ахметов.З. Поэзия шыңы-даналық. - Астана: Фолиант, 2002. -216 б.
2. Шаханов М. Танакөз: Жыр кітабы.- Алматы: Рауан, 1996.-158б.
3. Шаханов М. Эверестке шығу: Өлеңдер, балладалар, поэмалар.-Алматы: Атамұра, 2003.-269б.

М. ШАХАНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «АДАМГЕРШІЛІК» КОНЦЕПТИСІ

Л. НҰРФАЛИЕВА
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

“Адам және тіл” мәселесі соңғы уақытта мол өзектілікке ие болуда, өйткені тілді адекватты зерттеу ісі оның өз шеңберінен шығып, табиғат пен қоғамдағы белгілі бір ортада өмір сүретіндердің тобына жүгінгенде ғана толық мүмкіндікке ие болмақ, себебі, тіл адамды адам ететін айрықша белгі, ерекше нышан қасиетімен танылады.

Бүгінгі таңдағы тіл білімінде антропоцентристік бағыттағы зерттеулер тілге жаңаша бір қырынан қарастыруды қажет етіп отыр. Тіліміздегі поэтикалық көркем де бейнелі сөз шебері М.Шаханов шығармаларындағы танымдық әлеміндегі тілдік және танымдық дәстүрдің жалғастығы мен өзіндік ерекшеліктеріне зерттеу арқылы жана бір тың танымдық ақпараттармен қарулануға болады. М.Шаханов шығармаларындағы концептілер адамның әлем туралы мәдени-ұлттық түсінігін көрсетеді де, ұлттың өзіндік менталитетін танытады.

Ақын жырларының көбінде адамгершілік мәселелері қозғалады. Осы бір мәңгілік тақырып - М.Шахановтың шығармашылығының бастау-мұраты, арқау діңгегі. «Қазір мені үш топ адам қоршап тұр» деген өлеңінде сәтті жолдарына, ұтымды ойларына қарамастан, өзіне ғана мәлім сезім толқынынан шыға алмаған. Өзін қоршаған адамдарды үш топқа бөліп, таразының бір басына салады да, екінші басында ақын өзі тұрады. Біріне: «Тарыл-маса талабымның алаңы, Ертең жеңіс мен жағында болады», - дейді, екінші топқа өзін қорғаушыларды жатқызады да: «Маған тісін қайрағанда, Шегелер мен балғалар, барын салып мені қорғап қалды олар», -дейді. Үшінші топтан: «Талпынғанмен, талап-ойы өспеген» жандарды көруге болады. Ақын да: «Мен тек қана осы топтан сескөнем!»-деп түйеді. Өлеңнің «Өнерде адалды-ғын жоғалтқандар қауіпті» сияқты сәтті ой ұшқындары көңілге ұялайды. Ақын қорытындылары бірталай даулы, екіұшты ойларға жетелейді.

Ақынның «Жігерлендіру» жырындағы оптимизм, «Достық туралы», «Жайықпен жүздескенде» өлеңдеріндегі асқақ сезім, айқын ой жетпісінші-сексенші жылдардағы қазақ поэзиясының жақсы жарқын саздары. Ақынның азаматтық дауысы да осындай жырларында барша бояу-нәрімен көрінеді.

Акын шығармаларында қанатты, нақыл сөзге пара-пар өлең шумақтары «Адамгершілік» концептілеріне толы:

Мысалы:

- 1) «Кейде тіпті биік болу қайғы екен,
Биігіне тұрса ешкім шыға аламай».
- 2) «Ұйқың шала болса болсын,
Күлкің шала болмасын!»
- 3) “Мүгедектер-тән саулығын аңсаған:
Біреуге аяқ, ал біреуге қол қайғы.
Өз борышын сезінуден қалса адам.
Бұдан асқан мүгедектік болмайды...”
- 4) «Ал түсі аппақ бола тұра берілсе адам жат ойға,
Онда оның ақтығынан адамзатқа не пайда?!!»
- 5) «Кейде қызык. Тұлпар жүрген жолменен,
Есектер де кетіп бара жатады...»
- 6) «Намыстанам, бүркіт ұшқан қияда,
Жапалақтың ұясы бар дегенге...»
- 7) «Өз күшіне сенгендер күндемейді өзгені...»
- 8) «Азат арман қанат жайса, азат ойлар көбеймек...»
- 9) «Ғашық адам сүйгені үшін бола алмайды жазалы
Адам азда ғашықтықтың жоқтығынан азады...» т.б.

Бұл сияқты шумақтар акынның шешендігін, дарындылығы мен алғырлығын таныта түседі. Поэзияда көркемдік-бейнелеу құралдарының соны үлгілері мол:

«Менменсінген кәрі тарих

Саған қарап түзеді галстугін».

«Ғашық жыры –тіршіліктің көкей тесті өлеңі.

Ешбір геометриямен

Өлшенбейтін көлемі.

Ғашық болу келсе кімнің қолынан

Әлем соған сенеді.

Кұлай сүю – ерлікпен тең себебі!» т.б.

М. Шаханов шығармашылығына тән бір ерекшелік – жалпы нені жырласа да тереңнен тартып, философиялық ойға құру, күтпеген тың байламдар жасау. Акын поэзиясының енді бір ерекшелігі – оның адам жанына пайдалы рухани дәрумен секілді, халыққа қажеттілігі мен пайдалылығында. Акынның үшінші бір ерекшелігі – азаматтықты ақындықтан биік қоятындығы.

Мұхтар Шаханов –ұлттық шеңберде тұйықталмай, бүкіл адам баласына тән тақырыптарды жырлап келе жатқан кең құлашты, алымды акын. Оның қай-қай туындысында да ұлттық өрнек пен интернационалдық мазмұн табиғи тұтасып, бір арнадан шығып жатады. Оқырманының жан тазалығына, ақылдылыққа, күштілікке, адалдыққа, ерлікке, достыққа, патриоттық рухында тәрбиелейтін биік мәртебелі оның шығармаларының қазіргі қазақ поэзиясының алатын орны салмақты. Мұхтар Шаханов көркемсөз бәйгесінің алдыңғы легінде келе жатқан ақындарының бірі. Оның алда да оқырманының жан дүниесін жадыратып, ұланғайыр қуанышқа, рухани рахатқа бөлейтін талай-талай өлең, балладалар жазатынына сенеміз.

М. Шаханов өмірлік, заманалық мәселелерді қозғайды. Ол бір күннің қажетін өтеуді мақсатына алмайды. Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін бастауыш мектеп шәкіртінен бастап еңкейген кәріге дейін жатқа айтуының бір себебі осы бір шағын ғана шығармада қай дәуірдің баласы да, жасамысы да ескере жүрер сезім сыры бар. Сол сияқты С.Торайғыровтың “Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып, күн болам” деген ант тәрізді өлең жолдары қай заман болса да, жастардың ұраны тәрізді естіледі. Мұндай асыл дүниелер ешқашан тозбақ емес.

Міне, осындай ақындардың зейінмен оқып, зерттеген Мұхтар Шаханов та халық тіршілігіндегі небір жарасымды қасиеттер мен толғамды әрекет-терді оқырманына ұсыну арқылы жақсылыққа үндеп отырады. Шығарма-сының басты арқауы тарихи адам болып келсе де, деректі оқиға төңірегінде орайластырылса да, қазіргі өміріміздің қылт етіп көзіне

түскен бір жайы болса да, өзінің осы бағытынан, өзіне жүктелген осы парызынан таймауға талаптанып отырады. «Арман» балладасын немқұрайды оқу мүмкін емес. Бұдан он-он бір ғасыр бұрын бір топ шәкірттің ішінде екі бала ерекше даралана берді. Екеуінің есімі ел аузында. Оларды өнеге етпейтін ата-ана жоқ. Екеуінің қайсысы жайында сөз болса да, негізгі айтатындары-олардың әдептілігі, кішіпейілділігі, сабаққа өте-мөте зейінділігі. Бірде екеуін –Дойылды да, Әбуді де бір ақылғөй қария шақырып алып әңгімелеседі. Негізгі сауал әлгі балалардың келешекте нені қалайтыны, нені армандайтыны жайлы болады. Дойыл болса, дәрісті ынталы тыңдай, жақсы оқитынының себебін болашақта сауда-саттықпен айналысудың керектігінен деп ойлайды, қысқасы байып, дүние жиюды армандайды. Бұған тындып отырған қария онша риза болмайды. Ал Әбудің арман:«Менде де бар бір арман,

От боп маздап, қол бұлғайтын шынардан.

Ұлы баба, бірақ менің арманым

Парыз бенен махаббаттан құралған.

Мейлі, мәңгі жарымайын киімге,

Мейлі, түйір нан қалмасын үйімде.

Жүргендігін ұғынбасын қалың ел.

Қарлы боран қыран жолын бөгер ме,

Өнеріммен тасып толам кемерге.

Мен өзіме риза емеспін, елімнің

Мақтанышы бола алмасам егерде».

Арада талай айлар мен жылдар өтті. Екі өспірім өздерінің армандарына жету үшін күресті. Күндердің күндерінде өмірдің өзі олардың кім болғанын көрсетті Дойылдың жайын акын былай суреттейді:

“Есіпсіздің нәсібесі озар ма,

Әйелін де баулыды ол сол заңға.

Қонаққа арнап асылатын етті де

Өзі салып беріп жүрді қазанға”.

Одан әрі екінші жігіттің жайын тындайық:

«Ал Әбу ше!

Кенге жайды ол қанатын,

Әбуіміз-әрі ғалым, әрі акын,

Әбуіміз-біздің ұлы бабамыз,

Әбу Насыр әл –Фараби болатын».

Ақынның қашанда жақсылық пен жамандықты, ғалымдық пен надан-дықты салыстыра отырып, бірінің екіншісінен әлдеқайда артық, пайдалы екенін осы үзінділерден де байқауға болады. Ақынның сөз түйіні мынаған саяды:

«Үлкен адам болу үшін ғаламда,

Үлкен бақыт табу үшін ғаламда,

Үлкен болып қалу үшін ғаламда,

Үлкен арман керек екен адамға!»

Өмірде өз қабілетінді дұрыс танып, қоғамның, халқынның қажетіне жарау үшін арманды дұрыс тандай білу керектігін уағыздайды.

Мұхтар Шаханов шығармашылығындағы «адамгершілік» мәселесі барлық шығармасының өн бойында желідей тартылып жатады. «Зұлымдықтың жаңғырығы» атты драмалық дастанында да көтеріледі. Әрі зұлымдық, әрі соның жаңғырығы! Жұдай ханның айдалада алдынан кесін өткені үшін ғана, жүкті әйелді ат үстінен аударып тастауын кім зұлымдық емес деп дауласады? Ал он жеті жыл өткен соң сол жүкті әйел жарық дүниеге Ақсақ Темірді сыйлайды, оның Жұдай ханның басын кесіп, сайға домалатып жіберуі одан да өткен зұлымдық емес пе? Ал жаңғырық болатыны – сонау ертедегі тарихтан бізге естіліп, елес беріп тұрады. Денені шымырлатар құбылысты суреттей отырып, акын нағыз Адам болуға шақырады.

«Кездесінде асыл тас өлшейтін күйентелі таразыдай биік талғамы бар шын дарын қашан да әр шығармасын әбден сорықтырып, сартап қылып, емешенді құртып барып ортаға тастайды. Жалпақ әлемге жан дүниесін жайып салу - акын адамның өзге жұмыр басты пенделерден жалғыз-ақ айырмасы осы тәрізді. Бірақ, сол дүйім жұртты аузына қарату үшін қаншама рухани ерлік керек. Шын ақынның құзар шындай өр келетін де содан шығар»[1].

Мына бір-бірін киып жеп жатқан алакүдік ғұмырда қуанышпен қатар қасірет те екенін ақиық ақын Мұхтар Шаханов қолына қалам ұстағаннан бері тынбай жырлап келеді. Әсілі, тапшы таланттан, таңқы дарыннан кемел суреткер шығып көрген емес. Өнерді өмірлі ететін – шындық. Осы бір даусыз қағиданы жүзеге асыру үлкен таланттың өзіне де оңайға түспейді. Міне, Шыңғыс Айтматов айтулы дарынның өнердегі хәм өмірдегі кескіндемесін осылайша байыта түседі. Мұхтар Шахановтың асқақ шабыты адамдық болмыстың барша бейнесі жарқырап көрінетін асқар ала биіктерден талай-талай сорғалап ақты.

Тағдырыңды тамырсыздық індетінен қалқала!

Әр адамда өз анасынан басқа да

Жебеп жүрер, демеп жүрер арқада

Болу керек күдіретті төрт ана:

Туған жері – түп қазығы айбыны,

Туған тілі – сатылмайтын байлығы,

Туған дәстүр, салт-санасы – тірегі,

Қадамына шуақ шашар үнемі.

Және туған тарихы, еске алуға қаншама

Ауыр әрі қасіретті болса да.

Төрт анаға әнін жалғай алмаған

Пенделердің басы қайда қалмаған?

Төрт анасын қорғамаған халықтың

Ешқашан да бақ-жұлдызы жанбаған.

Қасиетті бұл төрт ана – тағдырыңның тынысы,

Төрт ана үшін болған күрес – күрестердің ұлысы! .

Мұхтар ақын бейбіт күнгі өмірді май тоңғысыз жаймашуақ, мамырайқан тірлік деп ұқпайды. Азаматтық ерліктің соқтықпалы сындарынан өтіп келген ақын адамдардан ел бірлігін, ірлікті, рухани тұтастықты талап етеді. Сондықтан да оның аузынан шыққан сөз бір адамның ғана емес, бүкіл бір ұрпақтың, бір тұстағы бүкіл бір халықтың жан сырындай жалынды естіледі. Мұхтар Шаханов өткен ғасырдың сексенінші жылдарындағы шырқап шыққан рухани биігінен күні бүгінге дейін сәл төмендеп көрген емес.

Майданда қорқақтық қандай рухани опасыздық болса, заманның тыныш кезеңінде қаулап шығатын ұсақ мінез, күйкі құлық, су бетіне төгілген жермайдай тұрлаусыз құбылғыштық та тап сондай опасыздық болып табыл-мақшы. Ақын, әсіресе, махаббаттағы бойкүйездікті, сатқындықты өлтіре әш-керелеп, сезімнің «сасыған Сорбұлақ» тұстарына уытты жырларын аямай төгіп келеді.

Бұлақ өмір сүргенімен құрақсыз,

Сенім өмір сүре ала ма мұратсыз?

Жүрегінде ерлігі жоқ адамның

Барлығы да махаббатқа тұрақсыз...

немесе

Қайтіп тірлік кешеді жұрт самғамай,

Арындамай,

Ағындамай

Таңдамай.

Махаббатсыз өткен күннің бәрі ізсіз,

Суға жазған таңбадай.

Жүрсек мейлі қай белесте,

Дөңесте,

Сағыныштан атқан таңның бәрі есте.

Мағынасыз үш мың жылдан

Мағынамен,

Мәнмен өткен,

Махаббатпен

Әнмен өткен

Үш жыл артық емес пе?

Егер оны көп десен,

Айналайын алып тұлға,

Қасиетті жұмыр жер,

Ғашығыма жолықтыр да,

Үш-ақ күндік ғұмыр бер!

Сезінбестей ет кессе де етімнен,

Лапылдайын інжулі інкәр отыммен,

Тек үш-ақ күн,

Тек үш-ақ күн бере ғой,

Сонан кейін басымды алсаң, өкінбей...

Әр оқырманның әдеби дүниеден іздейтін өз жоғы бар. Соны тапқанда ғана оның рухани шөл қатасы тарқап, мейірі қанғандай болады. Мысалы, туған ел, ару атамекен, бабалар рухы, ақ шарият, өз махаббат, сағым көмкер-ген самиян дала – М.Шахановтың талайдан бері таусыла жырлап келе жатқан жеңсік тақырыптары. Алғыр ақын кең байтақ қазақ даласының өткенін жырласын мейлі, бүгінін жырласын мейлі, біртұтас ұлт, біртұтас мемлекет болған халық пен өлкенің қай бұрышындағы оқиғаны да ешбір алаламай бірдей толғанып, бірдей тебіреніп, тұтас жырлады. Оның жомарт талантты ғашықтарды әнмен егілдірген Естайды, отызға жетпей Шығыстану аспанында жарық жұлдыздай сорғалаған Шоқанды, дүлдүлінен айырылып бебеу қаққан Ақанды, Нарын бойындағы байманаптардың қонысын тулақтай қаққан Исатай-Махамбетті де тебірене жырлады.

Қалай дегенмен де, М.Шаханов жырларының астарында буырқанған өмір, екшелген кескіндер, қазының майындай жүрекке шық ете түсетін терең әсер, бойлатпайтын шүңейт иірімдер жатады. Ақын белгілі бір ғасырдың белгілі бір оқиғаларын тек ұлттық шеңберде ғана қарамай, оны ел мен жер, жер мен көк, адам мен қоғам, заман мен тарих майдай араласып кеткен жал-пы әлемдік болмыстық кеңістікте бейнелейді. Әлемдік болмысты пышырат-пай ұстап тұрған құпия заңдылықтарға шұқшияды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Серғалиев М. Сөз сарасы: Сын мақалалар.- Алматы: Жазушы, 1989.-149б.
2. Шаханов М. Танакөз: Жыр кітабы.- Алматы: Рауан, 1996.-158б.
3. Шаханов М. Эверестке шығу: Өлеңдер, балладалар, поэмалар.-Алматы: Атамұра, 2003.-269 б.

СВАДЬБЫ У РАЗНЫХ НАРОДОВ. СВАДЕБНЫЕ ОБЫЧАИ ТУРЦИИ И КАЗАХСТАНА

М.К. НУРСАПИНОВА, Р.А. МУХАМБЕТОВА
ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Свадьба – одно из важных событий в жизни человека. Два любящих сердца образуют свое маленькое государство. Бракосочетание- это постоянный союз мужчины и женщины, которые разделяют общую жизнь в любых обстоятельствах. В разных уголках мира отмечают ее по-разному, но везде она приносит с собой веселье, замечательное настроение и соединение двух сердец. Церемония бракосочетания, которая везде в мире проводится в рамках установленных правил и форм, представляет собой богатую картину обычаев, традиций и устоев. Эти традиции соблюдались веками и передавались из поколения в поколение: о том, как празднуют свадьбы разные народы в разных странах. Итак, рассмотрим и сравним общие черты и отличия в Турции и Казахстане.

Брачный возраст

В Турции наряду с разным возрастом в зависимости от региона, традиционным брачным возрастом для мужчин является 17-22 лет, но вместе с этим могут быть условия окончания военной службы или женитьбы до ухода в армию, основную определяющую роль при этом играет регион, где живет жених. Также традиционным брачным возрастом у девушек является 17-20 лет. Разница между женихом и невестой меняется в интервале 4-5 лет. В некоторых регионах все еще есть обычай ждаты в семье своей очереди для брака.

В Казахстане при вступлении в брак соблюдались определенные ограничения. Так по адату (обычай и традиции) брак между родственниками запрещался до седьмого колена. В связи с этим каждый казах должен знать свою родословную хотя бы до седьмого предка, и в течении веков генеалогическую историю хранили особенно бережно. Это правило соблюдается и сегодня, поскольку незнание своего происхождения считается невежеством и невоспитанностью. По народному поверью, считается, что ранние браки способствуют удержанию молодежи от непристойных поступков, а также способствует появлению и росту здорового потомства. Поэтому девушек выдавали замуж в 13-14 лет, сыновей женили в 14-15 лет. В настоящее время такие ранние браки не практикуются.

Сватовство, предложение руки и сердца

Традиционно женитьба в Турции начинается с поисков будущей невесты. Семья начинает искать невесту и будущую жену для жениха. Сперва - эти поиски начинаются в своем кругу, у родственников и соседей. В этом им помогают сами родственники и соседи. В больших городах Турции, где идет культурная революция все больше и больше создаются семьи в результате знакомства и согласия обеих сторон, а в регионах, где все еще традиции играют основную роль, «Сватовство» является самой распространенной стадией предложения руки и сердца девушки. В основе сватовства лежит посещение дома будущей невесты со стороны нескольких свах из мужской стороны. При этом визите свахе имеют возможность более близко посмотреть на девушку и объявить о своих намерениях. Это называется «Кыз Бакма», Геруджу Чыкма, Дунур Гезме» Свахи, если им понравится девушка, дают возможность со стороны будущей невесты подумать и узнать будущего жениха. В результате достижения обоюдного согласия миссия свах завершается. После выполнения миссии свах, в дело вступают мужчины, которые и по обычаям просят руку девушки. При этом мужская сторона пытается иметь в рядах сватов, чтимых в семье девушки. Так как, девичья сторона бывает капризной, сваты посещают их несколько раз.

Договор - это следующая стадия после сватовства. Стороны, пришедшие к согласию в результате сватовства, хотят укрепить это решение более широким кругом. Это укрепление решения называется «Сез Кесими» или же «Договор». При договоре мужская сторона дарит девушке обручальное кольцо и платок. В некоторых регионах Договор называют «Маленьким Обручением». Сладости, привезенные мужской стороной раздаются там же всем присутствующим. В некоторых регионах даже в наши дни парень не имеет права приходить на свой Договор. В зависимости от позиции отца девушки, жених и невеста могут поцеловать руки родителей. Таким образом, договор означает согласие. В этот день оговариваются все подарки и украшения невесты и материнские права тещи. В наши дни, за исключением нескольких регионов, калым исчез как традиция. Вместо него матери невесты даются подарки, стоимость и размер которых меняются в зависимости от материального состояния семей.

У турков после договора идет обручение. Обручение происходит в доме невесты. В некоторых регионах все расходы в связи с Обручением несет мужская сторона. После определения дня обручения эта новость передается всем знакомым, которые приглашаются на обручение. Все приглашенные собираются в доме жениха и направляются в дом невесты. Традиционно мужчины и женщины собираются в разных комнатах, и свекровь и родственники жениха дарят невесте украшения называемое «Таки». В некоторых регионах жених не приходит в дом невесты. В этом случае, обручальное кольцо невесте надевает одна из женщин со стороны жениха. Если на церемонии обручения присутствует жених, то обручальные кольца надевает один из старейших на правые руки, приговаривая определенные слова счастья и благополучия. В богатых и развитых поселках обручение проводится в «Домах счастья». В этих церемониях мужчины и женщины участвуют вместе. В городах эта церемония проходит более раскованно.

Категорических правил в связи с продолжительностью обручального срока нет. Этот срок зависит от соглашения сторон. Если в городах обрученных это в порядке вещей, то в провинции, наоборот, они могут встречаться только с разрешения других членов семьи или же в их присутствии. В случае расторжения обручения, парню и девушке уже трудно создать семью с другими из своего круга. Если девичья сторона расторгает обручение, то она обязана возратить все ценные подарки. Если же расторгает мужская сторона, то подарки не возвращаются.

В Казахстане юноша просит согласия у любимой девушки стать его женой не сам, а через жену старшего брата. Подобная церемония не случайна, так как на протяжении многих веков строгие законы степей не допускали открытых встреч жениха и невесты. Очень часто бывало так, что невеста даже и не знала своего суженого, зато их родители были в дружбе. Во время сватовства «Кудалык» предварительного сговора проходит визит сватов в дом невесты, вручение подарка-задатка отцу невесты, вручение «шеге шапана» (халата) отцом невесты главному свату после обоюдного согласия, часто повторяется обряд «шашу» осыпания. В прошлом для данного обряда использовали продукты животноводства – курт, ірімшік, фрукты, сахар. Родители и родственники жениха везут кольцо, два платка и два отреза на платье. В доме невесты режут барана и готовят из него сорпу. Одна из родственников жениха надевает на безымянный палец невесты кольцо. После этого устраиваются смотрины будущей невесты, с гостей за это берут выкуп.

Приготовление обрядового угощения «куйрык баур» из печени и курдючного сала, свидетельствует о факте сватовства.

«Кыз узату» - проводы невесты, на которое приезжает нечетное количество сватов 5-7 человек, а иногда и больше вечером, а отправляют девушку со сватами утром рано. Молодежь поет песню «Жар-Жар». Песня исполняется между девушками и джигитами.

Хновая ночь

Эта ночь перед настоящей свадьбой, устраивается в доме невесты, где собираются все женщины из семьи, родственники и соседи невесты. Гости со стороны жениха и все другие гости принимаются в доме невесты. В серебряном или медном тазе одна из приглашенных женщин не потерявшая своих родителей и не потерпевшая разлуки, приготавливает хну, которая в сухом виде пришла из дома жениха. Невеста украшенная фатой заходит в комнату под пением молодых девиц. На руки и ноги ложится хна. Мужская сторона, при этом, должна отпускать в руки невесты деньги. Положенная хна имеет такие названия и формы: ниточная хна, гладкая хна и птичий глаз. После ухода женщины с невестой остаются ее подруги, которые веселятся до утра.

В некоторых регионах в доме жениха проводится Хновая ночь жениха.

Свадьба

В основном турецкая свадьба начинается во вторник или в пятницу и заканчивается, соответственно, в четверг или в понедельник. Все расходы в связи со свадьбой также несет мужская сторона. Хотя и между регионами есть какая-то разница, но в основном свадебные обряды можно пересчитать в следующем порядке: Свадебное знамя, Хновая Ночь, За невестой и Дувак «Фата».

Как и в Обручении, перед свадьбой всем раздаются приглашения на свадьбу. Перед свадьбой девичья сторона готовит приданное, а мужская сторона покупает все согласованные заранее вещи. После возвращения с дневной молитвы, мужчины возвышают на свадебном дворе жениха Свадебное знамя. В некоторых регионах на верхушку знамени насаждается лук, яблоко и т.д.

Ехать за невестой приглашаются все. Если дорога близка, то идут пешком, а если дальняя то на автомобилях. В некоторых регионах жених не имеет право ехать за невестой. В церемонии участвуют барабанщик, и несется Свадебное Знамя. Традиционно невесте забирается со стороны женщин из дома невесты, но ныне ее забирают из дома жениха прямо с парикмахерской, где ей делается свадебная прическа.

После прощания с домашними брат или один из близких родственников завязывают «пояс девственности». После уплаты за сундук и ворота. Мужская сторона забирают невесту и сажают в свою машину.

С музыкой объезжают окрестности села и приезжают в дом жениха. Перед входом в дом свекровь дарит невесте подарок. После нескольких обрядов, которые, как верят в народе, действует на характер невесты, жених берет невесту за руки и вводит в дом. Далее жениха ведут к парикмахеру для стрижки под жениха. Потом идут в баню и далее к портному, чтобы жених надел уже заказанный и приготовленный костюм. После ночной молитвы жених приходит обратно домой. В присутствии муллы проводится религиозная церемония бракосочетания. В результате этого утверждения брачного союза жених заходит в брачную комнату.

Брачная ночь «Гердек».

В комнате одна старуха дает руку девушки в руку парня. Жених молится, потом, отдав невесте подарок за показ лица снимает с нее фату. Вместе едят еду, пришедшую из дома невесты.

В традиционных обществах девственность очень важный нюанс. Должен появиться определенный знак. Не выявление этого знака может привести даже к возвращению в отчий дом. Женщина, собирающая кровать новобрачных забирает деньги оставленные женихом.

В некоторых регионах на следующее утро после брачной ночи невеста украшается и принимает участие в церемонии, где участвуют только женщины. Эту церемонию называют дувак (фата), следующее утро, утро невесты и т.д. На этой церемонии невеста танцуют, а собравшиеся показывают простыню брачной ночи.

Казахи предпочитают устраивать свадьбы в осеннее время или в конце летнего сезона. При определении сроков свадьбы обращали внимание не только на сезон года, но и на время месяца - начало (новолуние) или его середину. Юрту молодых устраивали за юртой отца невесты. В готовую юрту сначала входила невеста. Переступала правой ногой порог и ударяла ее левой стороне. После этого входил жених и совершал то же действие. Один из обрядов – обряд совместного питья воды. В воду опускали сахар и соль, что должно было обеспечить новобрачным сладкую жизнь. Особый интерес в свадебном комплексе представляет обряд косы невесты, когда ее расплетают и разъединяют на две. Удвоение девичьи косы символизировало конец одиночества и начало супружеской жизни. Угощение зятя грудинкой олицетворяло богатство, достаток и плодородие.

Утром невесту с прикрытым лицом выводят в главную комнату, где собираются родственники и соседи жениха. Приподнимают края платка и открывают лицо новобрачной. Она встает и склоняет голову в знак уважения. Все поют «Бет Ашар». Снохи выводят ее под руки во двор, где ее с песнями встречает жених с друзьями. Тем и заканчивается свадьба, но это отнюдь не главный обычай празднования, каждая свадьба имеет свои специфические особенности, которые зависят от условий той или иной местности.

Как вы видите, у нас есть и сходства и различия. А вообще свадьба очень сложное и важное событие для любого народа. Ну что ж, пожелаем всем счастья и долгую жизнь, кто решил связать себя узами Гименея.

ЛИТЕРАТУРА

1. Кулаков А.Е. «Религии мира». Москва, 1996. Издательство «АСТ».
2. Традиции, религия и картина мира (мировоззрение) тюркского народа
3. Тюркологический сборник-1971, М., 1972.
4. <http://www.bosfor-egitim.ru/man-and-woman.html>

СҮТ ТАҒАМДАРЫНА ҚОЛДАНЫЛАТЫН «САБА» ҰДЫСЫНЫҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МӘНІ

Ш.Б. СЕЙТОВА

ф.ғ.д. менгеруші, казак филология кафедрасы,

Ә.М. ЖҰМАҒҰЛОВА

ф.ғ.к, Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті

Сүт – адамзаттың ежелден келе жатқан тағамы. Тарихи деректерге қарағанда адам әуелі етпен, содан кейін сүтпен қоректенуді үйренген секілді. Келе-келе ата-бабаларымыз сүтті рәсуа етпей сақтау жағын да ойластырған. Осы жағдайға байланысты сүт тағамдары «дүниеге келсе» керек. Сөйтіп сүтті ашытып – сусын, қайнатып – құрт-ірімшік т.б. тағамдар дайындаған. Бұл тағамдар талай ғасырдан бері өз мәнін жойған жоқ. Жоймайды да. Өйткені, қымыз, шұбат ашыту, құрт, ірімшік қайнату секілді бұрын қолмен атқарылатын жұмыстардың механикаланғаны қашан! Иә, қазір осы бір бағалы ұлттық тағамдар технологиялық жолмен дайындалып, халқымыздың дастарқанын бұрынғыдан да молайта түсуде.

Сүт – өте бағалы өнім. Олай дейтініміз, организмге оның құрамдас бөлігінің 95-98 пайызы сінеді. Сүт сондай-ақ амин қышқылдарының, макро және микро элементтердің, витаминдердің таптырмайтын көзі.

Сүт тағамдарын дайындаудың не пайдасы бар? Халық мұның да құпиясын жақсы білген. Мәселен, сүт өсімдік май өнімдерімен қосылып, адам тағамының биологиялық құндылығын арттыруда. Себебі, сүт организмге түсетін қоректік заттардың жалпы көлемін ғана арттырып қана қоймай, май, белок, көміртегі, минералды тұздармен, сондай-ақ дәрумендермен біріге отырып организмге сіңу үшін өте пайдалы жағдай туғызады.

Сиыр сүтімен қатар тағам ретінде басқа мал түліктерінің – ешкінің, қойдың, түйенің, биенің сүттері де пайдаланады. Аталған мал түліктерінің сүтінен әр халық өз салтына, өз дәстүріне қарай неше түрлі сүт тағамдарын дайындайды. Күніне қой мен ешкіні бір рет, түйені үш-төрт рет, сиырды екі рет, биені алты-жеті рет сауады.

Жылқы сүті тек қанттылығы жөнінен өзге түлікке қарағанда жоғары. Сондықтан алғаш сауылған бие сүтінің құрамы ана омырауының құнарына жақын. Осыған орай соғыс және жұт жылдарында қазақ халқы бие сүтімен анасынан айырылған жетім нәрестелерді тамақтандырып, ауру мен ажалдан алып қалған көрінеді. Ол аз десеңіз, сүттің құрамында жас ағзаның (сәбилермен қатар одан да ересектерге) өсіп-өнуіне қоректі минералды заттардың бәрі бар.

Сүт – барлық жастағы адамдар үшін жұғымдылығы жоғары оңай сінетін өнім.

Сүт – өмірдің бастауы. Сүт – бұл дүниедегі саналы, санасыз, белгілі бір өмір иелері үшін қажетті тамақ өнімі. Осы тамақ өнімдерінің күнделікті тұрмыста қолданылуының қазақ халқы үшін орны ерекше. Тіптен күнделікті тұрмыстық жағдайларда сүтті пайдалануға қатысты ыдыс-аяқ түрлеріне де айырықша мән берген. Тұрмыс дәрежесі дегеніміздің өзі – халықтың материалдық, әлеуметтік және рухани игіліктерімен қамтамасыз етілуін, оларды тұтынудың қол жеткен көлемі және осы игіліктерге деген адамдардың қажетін қанағаттандыруы.

Әр ұлттың өзіне тән мәдени-танымдық ерекшеліктерін бойына жинақтау арқылы тіл шындық болмысты игереді. Яғни, тіл ақиқатты сезіну, қабылдау тәсілдерінің бірі ретінде белгілі бір тілдік ұжым мүшелерін тек тілдік жағынан ғана емес, мәдени-танымдық жағынан да өзара жақындастырады.

Тіл өз халқының тұрмыс-салтымен етене байланысты. Ол тек қана сол елдің тарихына, мәдениетіне ғана емес, өмір сүру әдісіне, руханият, материалдық саладағы қол жеткен жетістіктеріне байланысты. Сондықтан тіл тек ақыл-ойдың хабаршы қызметін атқарып қоймайды, ол тарихи, мәдени құндылықтарды насихаттаушы да. Әр дәуірде халық жасаған мәдени жетістіктер тіл ғылымында этнографиямен сипатталып этномәдени лексиканы құрайды.

Ал, өндірістік, қоғамдық-саяси іс-әрекеттен тыс, адамдардың осындай тұрмыс қажеттілігін (еңбек құралдары, үй бұйымдары т.б.) қамтамасыз ететін – материалдық жағдай немесе мәдениет.

Көшпелі мал шаруашылықтың қажетіне байланысты қоректі ер-тұрмандар, сонымен бірге құмнан, тастан, саздан жасалған ыдыс-аяқтар кең етек алды. Қазақ тұрмысының мәнімен сәнін бейнелеп, күнделікті өмірдегі қажеттілігін қамтамасыз етіп қана қоймай, рухани қазынасын да көрсететін сан түрлі ыдыс-аяқ атаулары ұлттық мәдениеттің өзекті бір саласын құрайтыны сөзсіз. Олардың этнографиялық мазмұны, шығу, жасалу тарихы, қолданылу аясы т.б. Ш.Уалиханов пен Ы.Алтынсарин еңбектерінен бастау алып, көрнекті этнограф-ғалымдарымыз Ә.Марғұланның, С.Қасимановтың, Х.Арғынбаевтың, С.Масановтың, Ө.Жанібековтың және олардың тілдік сипатын зерттеген Т.Арыновтың, Н.Уәлиевтің, А. Оқаның т.б. еңбектерінде жалғасын тапқан.

Ыдыс-аяқтар этникалық мәдениеттің тұрақты бір элементі ретінде есептеледі. Қазақтың дәстүрлі ыдыс-аяқтары материалдық мәдениетіміздің ажыратпас бір саласы, әрі мал шаруашылығымен және көшпелі өмір тіршілігімен тығыз байланысты екендігі белгілі.

XVIII-XIX ғасырдың ішінде қазақтардың шаруашылығы натуралды деңгейде басымдылық танытты. Сондықтан дәстүрлі ыдыс-аяқтар істелінген материалдардың көбісі қазақтардың өз үй шаруашылығы ауқымында болды. Ыдыс-аяқтар үй шаруашылығы өнімдерінен жасалды. Мысалы, тері, сүйек, мүйіз, мал жануарларының жүндері әрбір от басының қолында тұрды. Қазақтар әсіресе ағаш ыдыстарды кең қолданған.

Түркі халықтарында қымызға байланысты ыдыс-аяққа аса мән беріледі. Ең негізгі ыдыстың бірі – саба.

ЫДЫС

САБА

БАЙЛЫҚТЫҢ АЙҒАҒЫ

1 сурет – 1-Саба ыдысының қолданысы мен маңызы

Ол жылкының тұтас терісінен жүнін қырқып алып, қалыпқа келтіріп, ыстап жасалады. Саба он жылға дейін ұсталады. Оны күніне бір қойдың құйрығымен майлап отырады, күнге кептіреді, ысқа ұстайды. Мұндай ыдыста терінің иісі болмайды.

Сабаның көлемі байлықтың айғағы іспеттес. Кейбір байдың сабасының ішіне 30 шелек қымыз сыйып кетеді. Той, асқа шақырып барған адамнан, сабасы неше теріден істелген екен деп сұрайтын әдет болған. Осындай сабаның түрі «тай жүзген» деп аталады [1].

Демек, жылқылы байлар сабаның мөлшерін бәстесіп, бәсекелесіп жасатқан; сүйретпе – сабадан кейінгі үлкен ыдыс. Ол жұмырлау, тіктеу келеді; мес – ешкі терісін бітеу сойып, пұшпақтарын байлап жасайды; торсық – ыдыстың шағын түрі. Оның жолаушылағанда қанжығаға байланатын кішкентай түрін жанторсық деп атаған; көнек – бие сүтін сауатын ыдыс; қауға – құдықтаң су тартатын көншелек. Қазақ төзімді болу үшін көн ыдысты көбіне жылқы терісінен жасатқан. Ол үшін терінің жүнін шикі күйінде қырғызды, оң жағын ішіне келтіре әр ыдыстың өзіне тән формасын сақтай отырып жіппен тігеді. Жіп түйенің шудасынан иіріледі. Ол шірімейді әрі төзімді. Тігілген ыдысты ішіне топырақ не құм толтырып, күн көзіне қояды. Содан соң ыстайды. Ысталған ыдыста ашытылған сусын өте дәмді келеді; Талыс – бұзау терісінен жасалынған ыдыс. Бұған балға, ыңғыру, таспа, шеттік, қанжыға, қайрақ сықылды күнделікті қажет нәрселер салынады. Терісі шүберектей ғып иленген бұл ыдысты қазақ көбінесе жүкаяқтың, астына белгілі жерге қояды; Шөншік – ешкі терісінен жасалынған кішкене ыдыс. Бұл, біз, тарамыс, тебен, егеу сықылды ұсақ - түйекті салуға керек. Бұның орны да жүкаяқтың асты [2, 109 б.]. Көн – иге салып, түгін түсірген ірі қара терісі. Одан тұрмысқа қажетті бұйымдар жасалған. Көннен көн етік тігіп, көнек, көкжарғақ, торсық, саба жасайтын. Кейде көнді кереге көктеуге де пайдаланады [3, 31 б.].

«Саба» атауының қолданысына байланысты «саба жию» деген дәстүр де болғандығын көреміз. «Саба жию» – соңғы іркіт піскен соң сабаны тазалап бүктеу (соңғы іркітті қайнатып, құртқа май сапырып ауыл адамдарына ішкізіп, сабаның мойнына (ақтық ақ шүберек) байлайды, кошқардың жүнімен сабаның аузын бітейді.

Қымыз құятын ыдыс байлықтың көрсеткіші деген ұғым басқа халықтарда да болған. Мысалы, якуттерде қымыз құйылған ыдыстардың саны той иесінің жылқы үйірлерінің санымен бірдей болған. Якуттердің ұғымдары бойынша, мейрам кезінде құдайдың шапағаты сүт ыдыстарына түседі. Сондықтан олар ең бірінші қымызды құланның ерніне тигізіп, үстіне қымыз құйған. Сонан соң теріден жасалған ыдысты (чан) айнала қоршап отырып, бірінші кесені барлығы бірдей бөліп ішетін болған [1].

Сүт – көшпенді халықтардың негізгі қорегі. Сүт (ақ) – пәктіктің, тазалықтың көрсеткіші болған. Сондықтан болар сүт тағамдары ортақ болып саналған. Мысалы, алғашқы қымызды ортақтасып ішу рәсімі, немесе буряттарда ақтың қорабасын бөтен адамдарға беруге болмағандығы [1]. Осы орайда Л. Потаповтың еңбегінде көрсетілген өзбек ханының ордасында қымыз ішу рәсімі аса назар аудартады. Бұл рәсім әлі күнге дейін сақталған (қымыз-мұрындық, сірге-мөлдиретер). Қымыз ішу барысында қонақтар белгілі бір тәртіп бойынша орналасқан және де отырғызу тәртібі қатаң сақталған. Мысалы, оң жақ шеп бойынша, ал сол жаққа аса қадірменді қонақтар отырған. Мұндай рәсімді М.Гаврилов жартылай көшпенді өзбектердің боза ішуіне байланысты сипаттаған. Автордың сипаттауынша, боза ішу бұл жерде тек ер адамдардың ермегі болған. Ал бозақорлардың орналасу тәртібі жоғарыда көрсетілгендей өте қатаң сақталған (оң, сол). Боза ішу барысында аталмыш ішімдік туралы жазылған өлеңдер оқылған (газельдер) [1].

Дәл осындай рәсім оңтүстік алтай халықтарында да көрініс тапқан (сүт арығын архи ішу рәсімі). Бірақ алтайлықтарда оң жаққа – ер адамдар, сол жаққа – әйел адамдар, төрде – қожайын, үй иесі отырады. Мұндай құбылыс демек, көшпенді халықтарда ежелден қалыптасқан дәстүр болып табылады.

Демек, тағам атауларына қатысты лексика халықтың рухани байлығының қайнар көзі іспеттес. Қоғам, тұрмыс жағдайы өзгергенімен олар өзгеріске көп ұшырай қоймайды. Сонымен қатар тағам атаулары түркі тектес халықтардың көбінде ұқсас болып келеді. Бұл дерек олардың материалдық мәдениеттерінің жақындықтарын көрсетеді. Алайда дайындау технологиясы, дастархан мәзірінде қолданылуы әртүрлі болып келеді. Азербайжан ғалымы К.Т. Карагашлы: «... кушания, как известно, являются важнейшим элементом материальной культуры. Зачастую на основе состава, приготовления и использования кушаний становит-

ся возможным выяснить не освещенные в достаточной мере в исторических документах важные вопросы прошлой жизни исследуемого народа. Например, характеры хозяйственных занятий, уровня развития производительных сил и даже ряда бытовых вопросов» – деп пайымдаған [1].

Түркі халықтарының дастарқан мәзірі негізінен ұқсас болып келетінін байқауға болады. Ол көбінесе сүт, ет тағамдарынан тұрады. Сондықтан болар осы топқа қатысты салт-дәстүр, әдет-ғұрып көп ұшырасады (табақ тарту, ас беру, ет асату, сауын айту, қымыз-мұрындық т.б.). Ол түсінікті де, өйткені, көшпенді халықтың төрт түлік мал ішсе -тамағы, кесе- киімі, мінсе – көлігі болған. Амандасқан кезде қазақтар ең алдымен « мал-жан аман ба?» деп сұраған.

Түркі халықтарында сүт тағамдарына ерекше мән берілген. Сондықтан болар оған байланысты наным-сенімдер молынан ұшырасады (ақ шашу, сүтке жуу). Оларды құятын ыдыстарға да аса мән берілген. Мысалы, башқұрттарға қымыз құятын саба үйлену тойында белгілі бір мағынаға ие болған, атап айтқанда, екі отбасының, құдалардың бір-бірімен тату болуы үшін «саба жию» рәсімі өткізілген. Үйінен шығарда қалыңдық сабаны құшақтап, қоштасып жылайды. Содан соң сыйлық байлап кетеді

Ал оңтүстік алтайлықтарда тері қап тажуур олармен өмір бойы бірге болған. Кейде оны бала дүниеге келуіне қарсы тіккен. Сонымен қатар үйлену тойында да оның болуы міндетті болған [1].

Қазақ халқы үшін дастарханнан үлкен, дәмнен үлкен нәрсе жоқ. «Ас – адамның арқауы», «Жаман ауруға – жақсы ас», «Ас қадірін білмеген аштан өледі, ат қадірін білмеген жаяу қалады» деп халық тегін айтпаған.

Қазақ халқының өмірінде тағамдар мен оның түрлері көшпелі тұрмысы мен мал шаруашылығы кәсібімен байланысты. Материалдық мәдениетті танытатын ұлттық тағам атаулары халқымыздың өмір салтымен бірге жасасып, ұрпақтан-ұрпаққа өз ерекшелігімен жетіп отыр. Әрбір дәм-тағамды өз қасиетіне байланысты даярлап, тұтыну – халықтың дәстүрлі мәдениетінің жарқын көрінісі болып табылады.

Қазақ лексикасында тағам атауларына байланысты этнографизмдер материалдық мәдениеттің бір саласы. Қазақ халқының негізгі кәсібі мал шаруашылығы, егіншілік болғандықтан ұлттық тағамдары көбінде ұннан, мал еті мен сүтінен жасалған.

Қорыта келе, тілді зерттеу барысында тек лингвистикалық деректерді пайдалану жеткіліксіз. Сөздің о бастағы мағынасын, эволюциясын анықтау үшін экстралингвистикалық, салт-дәстүр, әдет-ғұрып т.б деректерді қолдануымыз керек. Себебі, этнографизмдер – тарихтың куәгері.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жылқыбаева А.Ш. Салт-дәстүрдің тілдегі көрінісі – Өскемен: ШҚМУ, 2004.– 84 б.
2. Жүнісов А. Фәниден бақиға дейін. – Алматы: Қайнар, 1994. – 128 б.
3. Көн.ҚСЭ. – Алматы, 1975. – 640 б.

ABOUT THE CULTURE OF TURKISH NATIONALITIES

ZH.K. SMAGULOVA, G.K. KHAFIZ
Pavlodar State University after S. Toraiyrov, Pavlodar city

Turkish culture is still predominantly patriarchal. Female teachers will find it more difficult to gain the respect of their students in the classroom. This is especially true if you dress in more revealing Western style clothes. As a woman it is recommended that you wear long pants or skirts and shirts that do not reveal any cleavage, preferably with longer sleeves. Turkish men are less likely to trust a female teacher and will very possibly have control issues. If you are even the slightest bit attractive be ready to be asked to dinner, on a date, or for your phone number. Unbeknown to most Westerners, this is actually an insult. They do this because they think you are easy like they see on TV. A large percentage of Turkish women are virgins before marriage, so anyone who is assumed to be experienced is considered disreputable. If a Turkish man really likes you and respects you, he will be incredibly timid and will not make any advances until he

has established a strong friendship first. Nothing goes beyond a request for a date though. There is rarely harassment by men of women in the classroom. Should an occasion occur, one comment by management will end any such problems.

Men also should to dress nice. Turkish students have little respect for teachers that come in jeans and a wrinkled shirt. In American culture this may be the sign of a laid-back, friendly teacher. Here it's simply unprofessional. Turkish teachers dress formally and it's advisable to do the same if you want respect from the students.

Along similar lines, you should not embarrass men in front of women, especially younger women, as it might upset them and cause problems. Older men especially may be fearful of speaking or making mistakes in front of younger women, especially if the woman is a better speaker. Of course, this all varies from person to person and often depends on which city the student is coming from.

In Turkish education, books are incredibly important. What the book says must be true. If you say something in contradiction to the book, they will start to doubt you. As a teacher you need to be capable of explaining any differences between what you teach and what the book says.

Turkey is a fairly closed culture when it comes to free speech. Insulting Ataturk or Turkishness is a jailable offense and happens quite often. Almost anything can be interpreted as an insult to Turkishness. Never say anything bad about Turkey or Ataturk. For example, I was once discussing Ataturk with a friend. I said that Ataturk often got drunk. While it is common knowledge that Ataturk drank a lot of raki and this fact is easily accessible even in many Turkish history books, it is considered an insult to say that he got drunk because "proper" Muslims don't get drunk. With one conversation our friendship was over. Not only that, but the 5-year friendship between my girlfriend and this friend was also over because she refused to break up with me over it. Ironically, I heard the exact same type of story from another friend who lives here. In this case it was two Turks arguing and a 10-year friendship ended.

Turkey is a Middle Eastern country with many Middle Eastern values. The group is always valued over the individual. Many things like religion or politics are not discussed due to the fact that they could destabilize a relationship. Many Turks cannot discuss religion or politics in Turkish. They find these subjects very difficult and are often scared to voice their opinions and for good reason. While things are better now, many people still remember journalists or dissenters being killed or thrown in jail for speaking out. I have had good discussions on these topics, but you must have rapport with the class, everyone must be very comfortable with each other, and you have to monitor the discussion carefully. Particular issues to avoid are Kurds, Armenians, Ataturk, Alevis, the headscarf issue, Israel, Islam, and the war in Iraq.

Honor is extremely important in Turkish culture and, like all Middle Eastern countries, much of a male's honor is tied to his female relatives. Never ever joke about someone's mother, sister, or significant other. Even the phrase, "Your mother is beautiful" is considered highly offensive and can be cause for a fight.

Many Turks quickly become aware of the fact that most teachers of English actually know very little about teaching and did not study it at university. Turks place great importance on their departments and it's often very difficult to get into a particular department at university. It's all based on a nationwide testing system. If you didn't study ESL teaching at university in their minds you shouldn't be teaching. To gain the trust and respect of your students you should always be prepared before you enter class. Be sure you know what you are teaching and that you understand it. Anticipate questions from the students and have answers ready.

Starting in high school, Turkish students can act very chummy towards their teachers. Many foreigners and also many Turkish teachers see it as a form of disrespect, but it's pretty normal here. Be very careful with becoming too friendly with students. Befriending students is always great, but it can come with some difficulties you should be aware of. Once friendship is established they may stop listening to you in the class. Turks usually don't make a distinction between a professional relationship and friendship. You cannot be one thing in the class and another outside it. If you try to adopt the role of teacher in the class after becoming friends, you may get kűsmeked and things could become very negative in the classroom. A Turkish student would be incredibly upset if their teacher they were friends with failed them in the class.

Turkish students are very sheltered as well. Most of them live with their parents until marriage, which is usually to around their late 20's or 30's. Turkish students often do not have much in the

way of life experience. Life is much simpler and quieter here. Because of this, Turkish students are rather adverse to working for anything, much like students anywhere in the world. Turks under the age of 30 have had few to no responsibilities in life. The family provides everything. You can be sure that most of your students are not paying for their course themselves. It's coming out of their families' pockets and so they don't value it as much as if the money was coming out of their own.

If the family is rich or influential enough, students also have not had to do any work in school. One call to the principal from dad and the student will pass the class. Don't be surprised when you gets students that feel they are entitled to pass your course regardless of their performance. Many richer students feel that the teacher or the school should cater to their every whim. If you have a student like this in your class, it's important to establish authority quickly and stay in control. Make sure your manager is aware of the situation and will back you up. Should a student complain and the school cave in to his or her demands you will be undermined in the class and any chance you have of establishing authority in the class will be shot.

There are certainly a number of obstacles to face in the Turkish classroom environment, but if you are aware of and prepared for them, it's not so bad. Turkish students can be very fun to teach once they understand how your class works and what they should be doing. Your school and the other teachers there will play a big role in how your class behaves. If the school and other teachers are on the ball, the students will be introduced to standard language learning methods immediately and they will quickly adapt. If this is not the case, then be prepared to bang your head against the wall for the first couple weeks and battle with the students until they start to realize that what you are trying to do really works. If you are aware of some of the issues above, hopefully you can avoid any pitfalls. I think it's always important to remember that we always need to teach our students how to learn as well as English. Sometimes we forget this. If done correctly, the pay off is huge both for the teachers and the students. Good luck out there.

LITERATURE

- 1 "Turkish Statistical Institute". Turkstat.gov.tr. Retrieved 2011-05
- 2 Hűr, Ayşe (2008-08-31). "Tűrk Ermenisiz, Ermeni Tűrksűz olmaz!" (in Turkish). Retrieved 2008-09-02. "Sonunda nűfuslarını 70 bine indirmeyi bařardık".

С. МӘУЛЕНОВ ӨЛЕНДЕРІНДЕГІ ТЕҢЕУ

(Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін 10. 02. 02. – қазақ тілі мамандығы бойынша дайындалған Бекбосынова Асия Хасанқызының диссертациясын оқығаннан кейінгі ой)

А.Қ. ТҰРЫШЕВ

**ф.ғ.д., ЖОО-ның профессоры, Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығы,
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.**

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

С. Мәуленов XX ғасырдағы қазақ әдебиет әдебиетіндегі алатын орыны ерекше. Мемлекеттік сыйлықтың иегері. Ол 1931 жылғы ашаршылықты да, 1937 жылғы зұлматты да, Ұлы Отан соғысына қатысқан одан кейін Кеңестер дәуірін де өмір сүрген адам. Демек, бір дәуірдің ақыны. Олай болса, тілі де қазақ әдеби тілі қарастырылғанда бірге зерттеліп, айтылғаны орынды. «Мәдени мұра» аясында ұлттық құндылықтарды зерттеу әлі де жалғасын тауып жатыр. Бүгінгі зерттеу жұмысын осы істің жалғасы десек те болар еді. Себебі, ақын шығармаларының қазақ әдеби тілінде алтын орнын айқындау үшін, осындай сұранысқа ие зерттеу жұмыстары болғаны жөн. Тамшыдан теңіз құралады. Ақын – шығармашылығына осылай тілдік зерттеу арқылы дендеп еніп барып, баға берілмесе, С.Мәуленовтың қазақ әдеби тілінде алатын орыны шыны керек байқалмай қалар еді. Жұмыстың мемлекеттік бағдарламаға (қазақ әдеби тілінің дамуына) оның ішінде дербес қазақ тілі саласының көп қырының бірі «Теңеудің» ақын қолданысындағы ерекшелігін ашып, нақты мысалдармен

көрсетіп, зерттеуі «Зерттеудің теориялық және практикалық маңызында» (А - Б. 5.) жазылған.

2. Диссертацияға қойылатын («Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің 9, 10 тармағында») және ғылыми қызметкерлердің тиісті мамандықтарының төлқұжаттарында талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Ізденуші А.Х. Бекбосынова қазақ тілі мамандығы бойынша алған терең теориялық білімін ғылыми жұмыспен: «С. Мәуленов өлеңдеріндегі теңеу» ұштастырды білген. Әрине, ғылым докторы М. Серғалиев жетекшілігімен дайындалған білікті жұмыс төмендегідей талаптарға жауап береді:

а) жеке ұлттық тарихи мәнге ие қаламгерлердің тілін зерттеу, оның стилі мен тіл шеберлігін зерттеу күні бүгінге дейін жалғасын тауып келе жатқан үрдіс екендігі белгілі, ізденушінің зерттеу жұмысын дәл осы тұрғыдан дербес бағаласақ, қазақ тіл біліміндегі жекелеген нәтижелері жаңа болып табылатын ғылыми жұмыс екендігі (Д. –Б. 8-115);

ә) С. Мәуленов өлеңдеріндегі теңеудің қолданысындағы ұлттық сана мен халықтың таным ерекшелігі көрінетіні: төрт түлкі мал (Д. –Б. 13-), аң, жан-жануарлар дүниесі (Д.-Б. 16-17), құс атаулары (Д. –Б. 17-19), сол сияқты этномаркелді (ақпаратқа ие хромотонимдер): ұлттық бас киімдер, әшекейлер, бұйымдар т.б (Д. –Б. 19-25). Прецеденттік есім (этномаркелді антропонимдер, топонимдер) негізінде жасалған теңеулер: Омар Хаям, Абай, Новой т.б (Д. –Б. 26-); Сентенция – теңеулер (негізінен кітаби тілде айтылған) адамгершілік тұрғыдағы сөзсаптау: *Айтылған сөз қисынсыз, Қаңғыбас үй-күйсіз* (Күрделі теңеудегі теңеу заты – қисынсыз сөз), образы – қаңғыбас (адам), белгісі (заттың күйінің белгісі) – үй-күйсіз (Д. –Б. 30-35); Сенсорлық – перцептивтік модус арқылы теңеулер: олар екіге бөліп қарастырылған сенсорлық және перцептивтік. Ізденуші осы қағиданы одан әрірек дамытып: С. Мәуленов өлеңдеріндегі теңеулерді сезім мүшелерінің қарым-қатынасына қарай жіктеп: 1) Көру теңеуі, 2) Есту теңеуі, 3) Дәм сезімі теңеуі, 4) Тері сезімі теңеуі, 5) Иіс сезімі теңеуі, 6) Сезім-күй теңеуі деп бөлген (Д. –Б. 35). ТТ (тұрақты теңеулердің) С. Мәуленов өлеңдеріндегі қолданылған халықтық фразеологизмдердің және авторлық өңдеуіндегі теңеулер зерттелген. Ізденуші тұрақты теңеу оның ішінен теңеу заты мен теңеу образын ажырата білген және нақты мысалмен дәлелдеген:

Кешіктім деп күнім не ғып,

Көзім болар алақандай,

Жүрек, шіркін, діріл қағып,

Тулар жетім балапандай – деген өлең шумағындағы *алақандай* да *балапандай* да (заттық теңеу) осы - шумақ **мен** (ақынның өзі) – деген образға құрлығандықтан: *Менің көзім болар алақандай, Менің жүрегім тулар шіркін, діріл қағып жетім балапандай* – деп оқысақ образ ілік септігіндегі меннің (заттық образдағы) нақты суреті болып шығар еді. Сол сияқты, тұрақты теңеу құрылымында кейде тек теңеу образы түрінде келсе, теңеу заты мен теңеу образы қызметін атқара алады, кей жағдайда теңеу белгісі түсіп қалады деген тұжырымын да құптауға болады (Д. –Б. 50). Ізденуші Ақын өлеңдеріндегі теңеулерді лексика – семантикалық табиғатына қарай: есімді тт және етістікті тт – деп бөлген және өте көп кездесетінін анықтаған. Тұрақты теңеу құрылымына қарай ізденуші толық тұрақты және жартылай тұрақты теңеу деп екі топқа бөліп қарастырған (Д. –Б. 51). Ізденуші бұл жағдайда толық тұрақты теңеулерде образы мен белгі арасында тұрақты қасиет сақталатынын байқаймыз дейді (Д. –Б. 52). Жартылай тұрақты теңеулерде образда ғана тұрақты қасиет сақталатынын және тұрақты образ арқылы теңеулік құрамындағы белгіні тауып атуға болатынын айтады (Д. –Б. 52). Бұдан әрі ізденуші жалпыхалықтық қолданыстағы фразеологиялардың құрамындағы бір сыңарының не екі сыңарының өзгеріске түсетінін, не автор өзі өзгертіп не ықшамдап қолданғанын мысалдармен дәлелдеген (Д. –Б. 52-57).

б) С. Мәуленов өлеңдеріндегі теңеулердің семантика-стилистикалық сипаты мен танымдық көрінісі зерттелген. Әдебиетте метафора - өздеріне ұқсас затқа, құбылысқа балау (З.Қ.). Ал, тілде көбіне теңеулі қосымша арқылы танылады, не қосымшасыз анықталады. Ізденуші бұл орайда, мынандай мысалдар келтіреді: *Көңілден көлдей күй ақты* (Д. -60). **Көңіл** дерексіз зат есім. Біріншіден ақын – образ жасайды. Екіншіден образ балама құбылысқа ұқсату арқылы туады. Ал тілде екінші бір құбылысқа теңеу арқылы көрініс табады. Демек, *көңілден шыққан күй көлдей ақты* деп түсінеміз. Расында *көңілден күй ақпайды*. Бірақ, күйдің әсерлігін қалай түсіндіреміз, көлдей аққан күй болмаса. Мінекей, осындай талдаулар

қолжазбаның өнебойында ұшырасып отырады. Осындай тілдік талдаулар әдеби талдаулардан ажыратылып отырады. Ізденушінің: *Қыс келеді айқайлап, Қой қайтарған қойшыдай, Алаңдамай асығып, Шауып өтті жаз аттай, Шұлғы тартқан сулығын иу асаудай, Арындайды толқының арғымағы т.б* (Д.-Б. 62). Қыс - қойшы, жаз - ат, толқын – арғымақ сияқты метафораларды келтіре беруге болады. Ізденуші Абай өлеңіндегі метафоралармен С. Мәуленов өлеңінен бір ауыз шумақ алып дәлелдеген ізденісі де құптарлық (Д.-Б. 62). Ізденуші ақын өлеңіндегі метафоралық теңеуді түрлі мақсатқа: 1) адамның жан дүниесі мен іс-әрекетін суреттеу үшін; 2) табиғаттағы алуан түрлі құбылыстарды бейнелеу үшін қолданады дейді (Д.-Б. 63). Б. Хасанов: *Үйі – базар, түзі - той* – деген мысал келтіріп, теңеудің жұрнақтарын жалғауға болмайтынын ескеріп теңеу мен метафораны екі нәрсе ретінде бөліп қарастырады (Қараңыз, 14 бетті). Ал, ізденушінің жоғарыдағы мысалы Образ – *Қыс келеді айқайлап*. Теңеу – *Қой қайтарған қойшыдай*. Метафора (қыс - қойшы) теңеуге айналғанда соңғы қойшы сөзіне -дай жұрнағы жалғанады. Бұл да ізденушінің жаңалығына (теңеу мен метафораны айрудағы) қосылады. Ізденушінің: эпигеттік теңеу болудағы басты ерекшелік – образ әрдайым теңеу заты немесе белгіні анықтап, айқындап тұруы қажет деген сөзіне қосыламыз (Д. –Б. 64). Келтірген мысалы да орынды: *Оралар соқпауылдай жегіт болып, Әлжуаз сен жөпелткен нәзік бала* (Д. –Б. 64).

в) Метонимиялық және синегдохалық теңеулердің Мәуленов өлеңдеріндегі қолданылу ерекшелігі нақты мысалдармен берілген. Айталық, *Қазақтың сұлулары, Ұқсайды Сыр қызына*. Өз ара шектес ұғымдар бірінің орынына бірі қолданылған. Демек, бірінің ішінде метонимия да теңеуде бар. Теңеу көзге көрнібейді, ой арқылы метонимия арқылы беріледі (Д.-Б. 67). Зерттеуде: *үй – адамдар* (метонимия), *үй – образ* арқылы сыпайгершілікті, қазақтың қонақжайлығын танытады демек, мәдениет (таным) сол сияқты: *ауыл жұрт, керуен, көш, жан* т.б. метонимиялық теңеу орынында қолданылып тұр (Д. –Б. 68). Жағымсыз адамдар бейнесін ашатын теңеулі метонимия: *жылпыңдар, сабазың, текешік, қолиоқпар* т.б (Д. –Б. 69). Ізденуші метонимиялық теңеулердің көбіне эмоционалды-экспрессивті мәні (жағымсыз қылықтарды) есімдіктер арқылы түзілген теңеу заты алмастыратынын анықтаған (Д. –Б. 70). Жалпы, метонимиялық теңеуленіп келетін заттың адамның әр түрлі іс-әрекетіне, көңіл күйіне қатысты айтылатынын да зерттеу барысында жаңалық ретінде ашқан (Д. –Б. 71). Синекдоха – мегзеу. Түймедейді түйедей, не керісінше құбылыс деп қарауға болар еді. Ізденуші – ақын өлеңдеріндегі мегзеулі теңеуді метонимия сияқты тек ой мазмұнынан табуға болатынын айтады. Шынында жекелей талдағанда және бір қарағанда олар әдебиеттегі қолданылған метонимия, синекдоха сияқты көрінуі мүмкін. Ал тілдік талдауға түскенде оларды ақын өлеңінің мәні мен мазмұнынан айтылар ойдан (идеядан) бөлек алып қарастыра алмаймыз. Ізденуші синегдоханың синонимдік жұп ретінде ақын өлеңдерінде ұшырасатынын да жаңалық ретінде алған. Мысалы: темірдей, тегүрінді жұрт, Алапестей аластап, Ауылдан қуар татам жұрт т.б (Д. –Б. 72). Көптік мағыналы теңеулік құрылымның теңеу образының қызметін атқарып, синекдохалық теңеу жасауға негіз болған мына мысал: *Елдің құстай ұшуы, елдің өзендей еңіреуі* (Д. –Б. 72) (гипербола, литота) арқылы жасалған синекдоха. Көптік ұғымдағы *көңілдер* тағы да көптік жалғау (-дер) жалғануы, *отты көз, бір жүрек* т.б. сөздер де синекдохалық теңеулерге жататынын анықтаған (Д. –Б. 73-74).

г) гипербола мен литоталық теңеулер: күректей алақан (теңеулік құрылымындағы теңеу заты – *алақан*, теңеу образы – *күректей* гипербола). *Оқ борандай түтесе де, Аспанға сырлы жебедей, Шанышылып қалған көк таулар, Өзінің омарауына даласындай, дәудің апандай аузын жауып* т. б. – бәрі гиперболалық теңеулер. Демек, бұлар – теңеу образды заттық ұлғайтулар. Литотаға байланысты ақын өлеңдерінен: *туған әсер құс боп бармақтай, темір таяқтар жұқарса да теңгедей* (халықтық негізде құрылған литота), *шомбал шоқпар шоксе-дағы шеңгелдей* т.б (Д. –Б. 76) терілген мысалдарды жатқызуға болады. Ізденуші осы – алынған мысалдардың бәрін де тілдік талдауға түсіріп, метонимияны, гиперболаны, литотаны әдеттегі әдебиеттегі қоланыстан айырып, теңеулік жағын лингвистикалық тұрғыда түсіндіргені жаңалық ретінде бағаланады (Д. –Б. 76-78). Градацияның тілдік оралымға айналып теңеулену құбылысы да кездеседі. Теңеулі заттық құбылыс түйдек – түйдек мәтін ішіндегі градациялық алдыңғы құбылыстың, соңғы құбылыстан асуы салыстырылмалы негізде ғана ара-жігі бөлінеді. Былай айтқанда бірінің-ішіндегі бірі бар құбылыс. Олар тек қана мәтін құраушы сөз арқылы ғана ажырайды. Ізденуші ақын өлеңдеріндегі градациялық

теңеудің төрт түрлі мақсатта жұмсалғанын: 1) ер адамның портретін, мінезін көрсету, 2) қыз, әйел-ананың мінезі мен әсем бейнесін ашуда, 3) жағымды, жағымсыз қылықтарды ашу, 4) деректі-дерексіз ұғымдардың бейнелі образын жасау деп атап көрсетеді (Д.-Б. 84). Зерттеуші грациялық теңеуленуге (Д.–Б. 78-84) арнаған. Синонимдік, антонимдік теңеулердің ақын өлеңдерінде орын алуы. Ізденуші – белгілі бір сөздің синонимі теңеулік құрылымда образ қызметін атқаратыны және образ бен белгінің синонимдік қатынасқа түсе алуын көрсетеді (Д.–Б. 85). Шумақтағы образ мәтін ішіндегі синонимдік теңеумен белгілі бір қатынас жасай алады. Мысалы: *Өзіңді дәмеліге санап қойып, Алдыңа Алатаудай талап қойып* (асты сызылғандар синонимді теңеу) екінші жолдағы: *Салды олар олең ата суретін, Жазғын деп ұлы Абайға қарап қойып* шумақтағы толық образ ішкі синониммен қатынасқа түскенін көреміз (Д.–Б. 85). Мәуленов өлеңдеріндегі теңеу мен антонимдер қатар қолданылатынын жаналық ретінде ұсынғанын да осы – еңбектен көреміз. Мысалы: *Ұлы Отан оққа оранды. 1418 күн, 1418 түн Күркіреген аспандай* (Д.–Б. 89). Күн-түн антонимі теңеулік құрылымда теңеу заты қызметін атқарғанын көреміз. Сол сияқты, *күлкідей, кейде ашудай, түндей жаманат, күндей хат хабар* т.б. (Д.–Б. 89). Антонимдік теңеудің бір заттың екі жағы сияқты көрінуі: Ереван - *әрі кәрі дүниедей, әрі жас*. Бір құбылыстың екі жағын көрсететін антонимдік теңеу: *Шабұылға шықтық Жердей, Аспандай Кеудемізде кектің оты жалындап* (Д.–Б. 90). Оксюморон: (қарама-қарсы ұғымдардың синтаксистік тіркеске түсуі) *Қарайды тірі өліктей айналаға, Өрт ішінде тірі өліктей* мысалдары да антонимдік теңеу жасайтынның көрсетеді (Д.–Б. 91). Мәнмәтіндік антонимдік теңеулерге антоним деп танылмайтын екі сөз мәтін ішінде қарама-қарсы мәнге ие болады: *Көңілім бірде қол сияқты, Көңілім бірде жел сияқты* (Д.–Б. 92). Теңеулердің концепті құрушылық сипаты мына мысалдар арқылы өмір, өлім, уақыт, сұлулық, махаббат, арамдық т.б. ашылады (Д.–Б. 95-119).

Қорыта келгенде, ізденуші нақты эксперименттік теориялық қағидаларын ұсынғанын көреміз. Сол сияқты ізденушінің қорғауға ұсынылған теориялық және практикалық жаналықтары жаңа ғылыми нәтижелермен толыққан. Зерттеу жұмыстың ішкі бірлігі мен түзілген мазмұнының арасында зерттеуден алынған қорытынды толық сай келеді. Автор ұсынған жаңа шешімдер сыни тұрғыдан қатаң қаралып, біздің тарапымыздан диссертацияның нәтижелері бұрын қолданылмағаны дәлелденді.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Т. Қоңыровтың «Қазақ теңеулері» деп аталатын монографиясы қазақ тілі саласындағы теңеудің жалпы сипаты мен мағыналық құрылымы зерттелген еді. «Қазақ тілінде» теңеулер тудырудың үш түрлі жолы (-дай, -дей, -ша, -ше жұрнақтары мен секілді, сияқты, тәрізді сөздері арқылы) бар деп есептесе, Т. Қоңыров теңеу жасаудың 9 түрлі негізгі, және бірнеше қосалқы тәсілдері бар екендігін айтқан болатын. Т. Қоңыров теңеулердің синтаксистік құрылысын жай сөйлем синтаксисі тұрғысынан сөз етеді. Теңеулердің функционалды типтері, ассоциациялық типтері, сезім мүшелерінің қарым-қатынасына қарай 6 түрі болатынын, семантика-стилистикалық жағын, теңеулердің стильдік мүмкіндігін, эмоционалды-эксперсивті табиғатын т.б. зерттеді. Сол сияқты, А. Ысқақовта сияқты, секілді, тәрізді септеулігінің - дай, - дей, - тай, - тей жұрнағының мағынасына жуықтау екендігін жазған еді. Ізденуші осы – аталған т.б. теңеудің айналасындағы тілдік зерттеудің көпшілігін оқып шығып, кейбірін ара-тұры қараған сияқты. Ал, жаңалықтары теңеудің тіл білімінің басқа категорияларымен байланысы барлығы диссертация тақырыбынан және де түзген мазмұнынан анық байқауға болады. Демек, ізденушінің ашқан ғылыми жаңалығында күмән жоқ. Ізденушінің шығыс септігінің теңеу жасаудағы қызметі ерекше екендігін нақты дәлелдермен толықтырып, өзіндік ой қосуы да тіл біліміндегі батыл шешім деп есептеледі. Ізденуші осы – жайтты бұрынна бар қағидадан одан әрі тереңдетіп, өзінің көзі жеткен ойын жазған. Шығыс септігі арқылы жасалған теңеулерден көбіне абстракті затты нақты нақтылана түсетінін байқауға болады. Адамға ғана тән абстракті зат – ақылдың керемттігін ақын мынандай сентенция-теңеумен береді: Найзадан күшті, Найзағайдай ұшқыр – деп ойын қорытындылайды (Д.–Б. 34). Немесе, Шығыс септігімен бірге теңеу жасайтын – тең сын есімінің қатысуымен жүзеге асқандығын да мысал арқылы дәлелдейді: *Теңізден терең емессің, Жерден жомарт емессің. Салыстырып оларға, Тең тұтпайды сені ешкім* (Д.–Б. 34). Б. Хасанов метафораларға «тең» сөзінің тіркесуі мүмкін деген еді (Хасанов: 14). Ал ізденуші сол үрдісті дәлдеп **тең** сөзінің

сентенциялы-теңеу жасаудағы қызметін жаналық ретінде ұсынған. Б. Хасановтың метафора мен теңеудің 5 түрлі айырмашылығын айтқан болатын. Кейбір Хасанов қағидаларын басшыққа ала отырып, ізденуші өзінің тың ойларын айтқанын жоғарыдағы нақты дәлелді зерттеулер нәтижелері біздің тарапымыздан да жаналық деп бағаланады.

4. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жаңалық дәрежесі. Диссертацияның жаналық дәрежесін былай бағалауға болады:

1) диссертацияда алғаш рет қазіргі қазақ тіліндегі сөзжасамдық өнімсіз жұрнақтардың әлеуеті жан-жақты арнайы зерттеу нысанына алынады.

2) тіліміздегі сөзжасамдық жұрнақтар қызметінің өнімді-өнімсіздігін анықтаудың өлшем межелері толық анықталып, бүгінде сөзжасамға белсенді қатысып, өнімділігі артқан кейбір өнімсіз жұрнақтар өнімді жұрнақтар қатарында танылады;

3) қазіргі қазақ тіл білімінде сөз түрлендіруші жұрнақ ретінде танылып келген кейбір (мысалы, -дауыт, -деуіт, -лауыт, -леуіт, -қан, -кен, -пан т.б.) жұрнақтардың сөзжасамдық қызметінің басым екендігін анықталып, дәлелдеген. Сонымен қатар, бұл жұрнақтардың қатысуымен жасалған туынды сөздердің түрлі ғылым салаларында қолданылатын терминдік атаулар ретінде қолданылатынын анықтап, дәлелдеген;

4) сөзжасамдық өнімсіз жұрнақтардың, олар жалғанатын түбірлердің валенттілігін, сөзжасамдық әлеуетін анықтау мақсатында өнімсіз жұрнақтар арқылы жасалған туынды сөздерге талдау жасау нәтижесінде жұрнақтардың өнімсіз қызметінің бір себебі олар жалғанатын түбірлердің аз болуына да байланысты екендігін анықтаған;

5) кейбір ғылыми еңбектерде түбір мен оған жалғанатын жұрнақтардың сөзжасамдық әлеуетін шектеуші факторлар айтылып жүргенімен, сөзжасамдық өнімсіз жұрнақтардың сөзжасамдық әлеуетін кеңейтетін факторлардың мүлде аталмайтынын ескеріп, оларды анықтауға ерекше көңіл бөлінген.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағасы. Диссертациялық жұмыста қарастырылған тақырыптың мазмұны, ондағы нәтижелер мен тұжырымдар бірін-бірі толықтырып, әр бөлімде айтылған ой жүйесі тереңдеп, тілдік деректермен дәлелденіп отырады. Диссертация бөлімдеріндегі тақырыптар мен тақырыпшалар теориялық негізде талданып, олар мысалдармен, деректермен дәйектеледі. Жұмыста анықталған нәтижелер, түйіндер әр бөлімнің ішіндегі тараушаларда жүйелі сабақтасқандықтан, бір-бірімен байланысты өрбіп отырады. Зерттеу жұмысында жүргізілген талдау жұмыстарының негізінде жасалған тұжырым мен қорытындылар нақты нәтижесін берген.

6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы. Диссертациялық жұмыстың теориялық құндылығы ең алдымен, қазіргі қазақ тіліндегі өнімсіз жұрнақтардың сөзжасамдық әлеуетін анықтауға жасалған талдау нәтижесімен дәлелденеді. Осы талдаулар барысында қол жеткізген нәтижелер мен тұжырымдар қазіргі қазақ тілінің сөзжасам, терминология, лексикология, лексикография сияқты салаларына тиісті үлесін қосады. Зерттеу жұмысының нәтижелері жоғары оқу орындарындағы «Қазіргі қазақ тілі» (сөзжасам) курсы бойынша оқылатын дәрістерге, студенттердің өздік жұмыстарына, тандау курстарына, сөздік құрастыруда қосымша материал болуы керек деп есептейміз. Сондықтан, біздің пікірімізше, диссертант Шоқабаева Салтанат Сағатқызының дайындаған диссертациялық жұмысының қазіргі ғылыми және тәжірибелік міндеттерді шешуге бағытталғандығы даусыз.

7. Диссертацияның негізгі қағидасының нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама. Зерттеу жұмысының құрылымдық мазмұны, негізгі қорытындылары және қолданбалы ұсыныстары ізденушінің 8 мақаласы мен баяндамасында жарияланған. Олардың бесеуі халықаралық және республикалық конференцияларда баяндалған, ал 3-еуі ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті бекіткен басылымдарда жарық көрген.

Диссертация тақырыбы бойынша жарияланған мақалалар мен баяндамалар:

1. Ғалымдар еңбектеріндегі өнімсіз жұрнақтар мәселесі //Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. – Астана: Еуразия гуманитарлық институты, 2006. – 226-228-б.

2. Өнімсіз жұрнақтар қызметінің грациялық сипаты жайлы түркологтар пікірлері туралы //«Ломоносов – 2007»: халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Астана: Казахстанский филиал МГУ им. М.В.Ломоносова, 2007. – 181-182-б.

3. Араб-парсы тілдерінен енген аффикстердің сөзжасамдық әлеуеті //Қарағанды университетінің хабаршысы. Филол. серия. – Қарағанды, 2007. №3 (47). – 51-54-б.

4. Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл - құрал» еңбегінде журналдардың берілу сипаты //«Ахмет Байтұрсынұлы оқулары»: республикалық I ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2006. – 79-82-б.

5. Өнімсіз журналдардың сөзжасамдық әлеуетін анықтау мәселесі туралы //«Мемлекеттік тіл саясаты: терминология, аударматану, ресми құжат тілі»: халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Арыс, 2007. – 279-282-б.

6. Өнімсіз журналдардың анықтаудың өлшем межелері жайында //Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. – Астана, 2007. №4. – 200-204-б.

7. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы тілші ғалымдар еңбектерінде өнімсіз журналдардың қарастырылу жайы //С.Торайғыров атындағы Павлодар Мемлекеттік университетінің хабаршысы. Филол. серия. – Павлодар, 2006. №4. – 157-165-б.

8. Өнімсіз сөзжасамдық журналдар қызметінің 31 томдық салааралық терминологиялық сөздіктегі көрінісі //«Қазақстантану – 3»: халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Астана: «Тұран-Астана» университеті, 2008. – 362-366-б.

9. Авторефераттың диссертация мазмұнына сәйкестігі.

Автореферат диссертация мазмұнымен толық сәйкес келеді.

10. Диссертацияның мазмұнындағы және ресімделуіндегі кемшіліктер Диссертацияны өз мақсатына жеткен, сол мақсатқа сай алға қойған міндеттерін орындаған, аяқталған жұмыс деп бағалай отырып, мынадай ескерту-ұсынысымызды атаймыз:

1. Зерттеу материалдарына алынған нұсқалар қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінен басқа да сөздіктер бойынша қамтылса артық болмас еді.

2. Қазіргі қазақ тіліндегі өнімсіз, өлі журналдардың қатарына тоқталу барысында диалектілік сөз тудыруда қолданылатын сөзжасамдық журналдарға көңіл бөлудің қажеті жоқ сияқты.

3. Пайдаланылған әдебиеттер тізімінде кейбір техникалық қателер кездеседі.

Дегенмен, бұл айтылғандарды кемшілік дегеннен гөрі ұсыныс, ескерту деп атағанымыз орынды шығар. Аталмыш ұсыныстар диссертациялық жұмыстың, тұжырымдардың жалпы құндылығына нұқсан келтірмейді.

10. Диссертацияның «Ғылыми дәрежелер беру ережесінің» екінші бөлімінің талаптарына сәйкестігі.

Шоқабаева Салтанат Сағатқызының «Қазіргі қазақ тіліндегі өнімсіз журналдардың сөзжасамдық әлеуеті» атты тақырыпта «10.02.02 – қазақ тілі» мамандығы бойынша филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясы ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» 2-бөлімінде көрсетілген талаптарына толық сәйкес келеді.

Ізденуші Шоқабаева Салтанат Сағатқызы «10.02.02 – қазақ тілі» мамандығы бойынша филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алуға лайық.

С.М. ИСАЕВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ ГРАММАТИКАСЫ

А.Қ. ТҰРЫШЕВ

ф.ғ.д., ЖОО-ның профессоры, Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығы,
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Ұстазым, ҚР. ҒА. Корреспондент мүшесі, филология ғылымының докторы, профессор Қазақтың мемлекеттік қыздар педагогика институтының ректоры болған Сейілбек Мұхаметжарұлы Исаев «Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты» (Алматы, Рауан: 1998) жылы басылып шыққан оқулығын маған - «*Ойлы да өрелі Айтмұхаметке Ұстаздық батамды беремін*» - деп қолтанбасын беріп тұрып, көзіме ойлана ұзақ қарағаны бар. Ол кісінің қарағаны маған «Сиясы кеппеген, су жаңа оқулыққа пікір айта алатын шамаң бар ма?» - деген сияқты көрінді. Ұстазым дейтіндей мен ол кісіден ұзақ жыл дәріс те алғаным жоқ, бас - аяғы үш - төрт рет қана әңгімелесуге уақыты жетті. Ол кезде Қыздар

педагогикалық институттың ректоры болатын. Бірақ, неге екені белгісіз риясыз дос, көптен бері көріспеген аға мен інілік қарым - қатынаста болдық. Біреу кіре алмаған кабинетіне емін еркін тоқтаусыз кіріп, шыға беретінмін. Шыны керек, Сейілбек ағаны ол кезде өте жақсы білмейтінмін, ал өзім ол кісіні шексіз жақсы көрдім, әлі де жадымнан шыққан жоқ. Сондықтан да бірер - кездесудің өзі «ұстазым» дейтіндей ұлы сөзге барғызып отыр.

Сейілбек ағамен 1995 жылы жақыннан таныстым. «Лиро-эпостың стилі мен тілі» («Қозы көрпеш-Баян сұлу жыры мен Қыз Жібек жырының тілі мен стилі») - деген тақырыпта кандидаттық диссертациямды әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің жанындағы Д.14.01.23 – мамандандырылған кеңестің мәжілісінде қорғадым. Ғылыми жетекшім Мырзатай Серғалиев аға еді. Жоғарғы аттестация комиссиясының президентімен өтпей қалдым. Эксперт мүшелері ф.ғ.д., профессорлар С. Исаев пен Б. Әбілқасымов ағалар екен. «Алатау» демалыс орынында демалып жатыр екен. Таксимен барып, өзімді таныстырып, кім екендігімді айттым. Дастархан басында біраз отырып әңгімелестік, келесі жылы «Қыз Жібек» жырының тілі мен стилі - деген тақырыпта диссертациямды қайта жазып алып кел көреміз деп уәде берді. Кей ғалымдар ғылыми жетекшінді ауыстырсаңшы деп те ақыл берді. 1998 жылы диссертацияны сол кеңесте сәтті қорғап шықтым. Мінекей, алғашқы танысқан күннен бастап, ол кісімен жақсы араласып, ғылыми кеңес алып тұрдым. Араласа-құраласа жақсы көріп кеттім.

Мақала Сейілбек ағаның көзі тірісінде жазылған еді, түрлі себептермен баспаға берілмеді. Атағы тауай, аты алты алашқа мәшһүр болған адамның кітабына құр жаяу бізге пікір жазу оңайға соқпаса керек. Ол кезде менің ғылыми атағым да жоқ, шыны керек жүрексіңген едім. Ендігі жерде бұл мақала оқырман көңілінен шығып жатса, аға алдындағы борышым азда болса орындалып, арқамнан бір жүк түскендей болар еді.

Оқулық бес бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім: «Грамматикалық категория». Үшінші бөлім «Сөздің морфологиялық құрамы». Төртінші бөлім «Сөзжасым және сөз тудыру тәсілдері». Бесінші бөлім: «Сөздерді топтастыру» - деп аталады.

Бірінші бөлімде: Тілдің қоғамдағы алатын орны, коммуникативті қызметі жан - жақты сараланған. Сөз және оның мағыналарының ерекшеліктері, тілдің ойды жарыққа шығару құралы екендігі, ойдың ең кіші единицасы сөйлем, сөйлемнің кіші тілдік единицалары сөз, сөз тіркесі т.б. екендігі нақты мысалдармен талданған.

Сөздің фонетикаға, лексикаға, грамматикаға, морфологияға, синтаксиске де тікелей я жанама түрде тәуелділігі барлығы анықталады. Сөздің ішкі мағыналық және сыртқы дыбыстық жағы: түбір морфема, қосымша морфема арқылы лексикалық мағына және грамматикалық қасиеті ескеріле отырып зерттеледі.

Түбірдің әдеттегі беріліп жүрген анықтамасының мәнін одан әрі тереңдете түсіп, түбірдің жеке тұрғандағы сөйлемдегі қасиеті, түбірдің өз ішінен туындайтын қасиеті емес, түбір жеке тұрғанда да белгілі бір мағына білдіре алады, ол түбірдің лексикалық мағынасы болып табылатындығын /күміс/ нақты зат атауынан басқа, неден жасалғанын, заттан гөрі нақты затқа қатыстығын, /тас/ нақты зат атауынан басқа, үйдің неден салынғандығын, затқа қатыстығын білдіріп, түбір білдіретін мағынадан басқа қосымша мағына, қатыстық мағына білдіретіндігін нақты көрсете білген. Бұндай ерекшеліктер етістік түбірден де байқалатынын, сөйлемдегі қолданысқа байланысты дыбыстық өзгерістерге түсіп, дамып отыратынын ашып жазған. Орыс тіліндегі түбірдің әр уақытта мағынасы бола бермейтіндігі де салыстырыла кеткен.

Тіліміздегі сөз бен дыбыстың сәйкес келетін /у/у/, /и/и/ қарастырып, белгілі мәнді білдіретін айта келіп, сөздің басты тұрақты белгісі лексика семантикалық, грамматикалық қасиеті болатынына назар аударады. Сөздің лексикалық мағынасы мен контекстік келтірінді мағынаның өресін «жаман» сөзі арқылы жеткізеді. Айталық, «жаман», «нашар» сөздері контексте басқадай айналымға түсетіндігін, сөздің полисемиялық мағынасы көп болғанмен, сөйлемде қолданылғанда бір ғана мағынасы және бір ғана мәнде қолданылатындығын, керісінше бірнеше грамматикалық мағына болатындығын нақтылай түседі. Басқа оқулықтағыдай емес, сөздің грамматикалық мағынасына да кеңінен шолу жасайды. «Жалпы тіл білімінде» грамматикалық мағынаны жасалу тәсіліне, сөздің грамматикалық сипатын айқындаудағы мәніне қарай профессор С.М. Исаев үш түрге бөліп қарастырады:

I Жалпы грамматикалық мағына;

II Категориялық грамматикалық мағына;

III Қатыстық грамматикалық мағына.

Расында, грамматикалық мағына лексикалық мағынаны айқындайды, грамматикалық тұлғалар арқылы басқа сөздермен қарым - қатынасқа түсу арқылы пайда болатын туынды / жалпы/ мағына деп көрсетіліп келді. Сол сияқты грамматикалық мағынаның да лексикалық мағына сияқты сөйлеу процесінде, грамматикалық категория сипатындағы ауқымы активті екендігін бұлжытпас дәлелдермен бекітеді. Бұл ғылым саласындағы тың жаңалықтардың бірі екендігін айта кеткен жөн.

Филология ғылымының докторы С.М. Исаев грамматикалық мағынаны білдірудің үш тәсілін /семантикалық, синтетикалық, аналитикалық/ басын ашып, орынды мысалдармен анықтай түскен. Грамматикалық категорияның; Грамматикалық форма /нысан/; Грамматикалық мағына мен грамматикалық форманың сәйкестігі және нөлдік форма деп тақырыптарға бөліп, грамматикалық форманың сөз табының түрлі әрекетке түсуі арқылы көрінетінін аң, грамматикалық мағына мен грамматикалық форманың сәйкестігі сөз болғанда /грамматикалық мағынаның үш түрінің бірі/ категориялық грамматиканың мағына негізге алынатындығы басты критерий болатындығы дәлелденген. Сөз формасы да оқулықта қалыс қалмаған. Оның грамматикалық формасы мен тығыз байланысты екендігі, А. Ысқақовтың пікіріне орай сөз түрлендіру және форма тудыру ұғымдарының араласып кеткендігін тіліне тиек қылған.

Екінші бөлім. «Грамматикалық категория» - деп аталады. Грамматикалық категорияның өрісі бірнешеу ғана болып қоймай олардың іштей жіктелуін тағы да саралай түскендігі байқалады. Грамматикалық категория болудың алғы шарттарын біріншіден, бірнеше кемінде екі грамматикалық мағына болуы керектігі. Екіншіден, мағыналары тектес, ыңғайлас, мәндес, болуы керектігі. Үшіншіден, грамматикалық мағыналар қанша тектес, ыңғайлас, мәндес болса да бір - біріне қарама қайшы болуы. Төртіншіден, бөліне отырып бір тұтас болуы. Бесіншіден, сөздердің өзі белгілі грамматикалық мағына арқылы берілуі. Алтыншыдан, прагматикалық жүйе құру арқылы, мағыналық тұлғалық сәйкестіктің бір жиынтығы болатындығы бірнеше топқа бөлініп берілген.

Грамматикалық категориялардың тілдік деңгейге қатысты шартты тілде морфологиялық категория; синтаксистік категория деп бөліп, олардан ара қатынасын, морфологиялық сипатын, ішкі құрылымын мәнін тың үлгіде жаңаша тұрғыда көрсете білген. Мысалы: /сан - мөлшер/ көптік категория, тәуелдік категория, септік категория, мұның өзі септік жалғаудың мағынасы мен қызметі, септік жалғаулар оның грамматикалық және көлемдік септіктерге бөліудің мәні деп қарастырып барып, жақ /жіктік/ категориясы /жіктелу/ сапалық сын есімнің шырай категориясы, етістік түбірінің грамматикалық ерекшеліктері, етістік категориясының ерекшеліктері, етістіктің сабақтылық салттық категориясы, етіс категориясы, етістіктің болымды /болымды болымсыздық/ категориясы, күрделі етістіктер, рай категориясы, шақ категориясы егжей - тектейлі талданып оның іштейгі бөлінісі грамматикалық категория деген ұғымға терендей барып, теориялық тұрғыдан ашып беруі дәлелді шыққан.

Үшінші бөлім. Сөздің морфологиялық құрамы. Сөздің морфологиялық құрамы әдеттегідей лексикалық мағына қатысына байланысты емес, сөздің грамматикалық мағынасына байланысты 3 түріне қарай бейімділігін айта отырып, басқа сөздерге осы сипаттағы мағына үстеуге негіз болатын бөлшекті морфема деуге болатынын негізге алды. Сол сияқты лексикалық мағына білдірге алатын түбірдің морфологиялық құбылысын сараптап, лексикалық үлестік мәні барын көрсетеді. Сөйтіп, лексикалық мағына мен грамматикалық мағынаның сыр сипатын екеуіне де ортақ белгілерін тән қасиеттерін зерттейді. Сөздің құрамындағы морфемалар білдіретін мағынасы мен атқаратын қызметі жағынан олардың ерекшелігін ескеріп /түбір морфема, қосымша морфема/ - деп бөліп алып, сөздің морфемалық құрамын мағыналық қызметін басқа қарынан көрсетушілігі бар/ омонимдік, синонимдік, антонимдік, моносемиялық, полисемиялық/ және олардың тағы даралық сипатының барлығын айқындайды.

Осы жағынан келгенде сөздің морфемалық құрамы морфологиялық талдаудың жанашылдық үлгісінде бой береді. Қосымшалардың жіктелуінде: қазақ тілінің қазіргі қолданысындағы айрым белгілері, мағыналық қызметі, семантикалық мән мағынасы т.т. «аффикс» деген термин дәл осы тұрғысында, дәл осындай сипаттағы түрімен таныта алмайтын, яғни бірге бір келмейтіндігін жазады. Тілші ғалымдардың қосымшалардың мағыналық,

қызметтік ерекшеліктеріне қарай түрлерге бөліп, қолданылуының да өзіндік заңдылықтары бары талданудан қағыс қалмаған. Сөйтіп, қосымшалардың жіктелуінің теориялық үлгісін схемаға салып көрсеткен (қараңыз: 230 б).

Қосымшалардың мағыналық, құрылымдық ерекшеліктері, мағыналық жағынан екшеледі. Мысалы, сөзжасам қосымшалары лексикалық мағынаны білдіруін, ал сөзтүрлендіргіш қосымшалар «грамматикалық мағыналарды білдіруін анықтайды да сөзжасам және сөзтүрленім қосымшаларының бір тобы ғана мағына беріп: моносемиялық болып, екінші тобы бірнеше мағына беріп полисемиялық қосымша болып бөлінетіндігін қосымшалардың сөз ішіндегі қызметі арқылы дәлелдейді. Сөзжасам және сөз тудыру тәсілдері. Оның анықтамасы мен тіл білімінде алатын орны зерттеу объектісінің үш белгісі нақты беріледі. Біріншіден, сөзжасамның мәні мен сипаты, ерекшелігі анықтамасы. Екіншіден, сөзжасамға тән лексика семантикалық, семантика грамматикалық қолданысы, үшіншіден, жеке өзі лингвистиканың бір саласы бола ала ма? деген сауалдар тәңірегінде өрбиді. Сол маңайдағы сөзжасамның грамматикалық сипатын, морфологиялық принциптерін, лексикалық қабатын, тілдік процесс үстінде, тілдік факті ыңғайында қаралады. Сөзжасамның синтетикалық /морфологиялық/ тәсіл: біл+ім, тый+ым, түс+ім, келіс+ім, бұрал+қы, бүгін+гі, тоңазыт+қыш, желдет+кіш, бас+қыш т.б. Синтаксистік /аналитикалық/ тәсіл: айбалта, белбеу, көр+тыш+қан, үшбұрыш, бесжылдық, бүгін, биыл т.б. Лексикалық – конверсиялық тәсіл арқылы жасалған сөздер тобы да көрініс тапқан. Лексикалық тәсіл басқа тілдерден енген сөздер жиынтығы жатса, конверсиялық тәсілге есім етістік тәрізді түрлі синкретизмдік тілдік құбылыстардың қалдық көрсеткішін жатқызады: тат /өсімдіктің, заттың сыртқы жұғатын түрі немесе көне түркі тілінде астың дөмі /және тат /ауыз тию, дөмін алу: астан тату/ т.б. Немесе конверсиялық тәсілдің субстантивтену /заттану/, адъективтену /сындық сипатқа айналу/, адвербиалдану /үстеуге айналу/, пронициалдану /есімдікке айналу/, вербиалдану /етістікке айналу/ процестеріне де мысал келтіре отырып көз жеткізген. Сөзжасам үлгілерінің өнімділік, құнарлық сипатын бүгінгі өмірмен байланыстары қарастырғаны өте сәтті шешім болып табылады.

Төртінші бөлім. Сөздерді топтастыру. Бұл салада грамматикалық топтар жөнінде сөз болады. Байырғы атаушы сөздер, көмекші сөздер, одағай сөздер дегендердің морфологиялық белгілері айқындалмағанын формальдықтың түрлену, түрленбеу сипаты әлі айқын еместігін, қысқасы морфологиялық белгілер сөздерді атаушы, көмекші, одағай - деп бөлуге негіз бола алмайтынын зерттеп, тұжырым берген.

Дәл анықтауда сөздерді топтастыру принциптері және сөз топтары деген таралым беріп, бүге шігесіне дейін талдаған. Сөз топтары бұрынғыдай 9 емес, 10 деп көрсетіліп барып, олардың тіліміздегі алатын орны, қызметі сараланған. Модаль сөздер - сөз табы ретіндегі ролі айқындалған.

Қорыта келгенде, ҚР. ҰҒА. Корреспондент мүшесі, филология ғылымының докторы, профессор Исаев Сәйілбек Мұхаметжарұлының аталмыш оқулығы тіл білімі саласындағы орны ерекше. К. Аханов, А. Ысқақов т.б. тілші ғалымдардың еңбектерінен кейін, бірнеше жылдар өтіп тіл мәселесінде қордаланып қалған проблемаларды шешуде табылмайтын құрал. Тілдің өте күделі саласы грамматиканың сан салалы, ішкі құрылымдық жүйесін бақайшағына дейін шағып, талдап берген, бұл зерттеу еңбек студенттер үшін ғана емес, жоғарғы оқу орнында қызмет жасап жүрген әріптестердің қолына түсе бермейтін көмекші әдістемелік оқулық деп білеміз. Бүгінгіге дейін морфология бөлімінде анықталмай келе жатқан, күманды, дұдамал грамматикалық мағына, грамматикалық форма тәрізді негізгі ұғымдарға басы ашылып, нақты бағасы берілген. Әсіресе, қазіргі заман ағымына байланысты дамып, жетіле түскен сөзжасам процесін тілдік құбылыс ретінде қарастырып, тың өріске, жаңа деңгейге көтере ғылымның жаңа объектісі деп танудағы оған сүрлеу салғаны, осы саладағы мамандарға немесе жас буындарға үлгі болмақшы. Бір сөзбен айтқанда бұл оқулық тәңірегіндегі келелі ойлар әлі де толастамақ емес.

60-70 ЖЫЛДАРДАҒЫ АРНАУ ӨЛЕҢДЕР

О. ДОСАНОВ

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақ ақындарының шығармалары ауыз әдебиетінен нәр ала отырып дамиды дейміз. Ақындар өзіне дейінгі халық поэзиясынан не алды деген мәселені қарай отырып, әр ақынның жеке стилін талдау дәстүр сабақтастығын ашуға мүмкіндік береді. Сонымен әр ақын, жазушының қалыптасуы өзіне дейінгі дәстүрді игеру мен жүзеге асады. Демек, поэзия бұлағындағы лирикалық өлеңдердің көркемдік негізі – фольклор. Ақындық поэзиядағы лирикалық өлеңдердің халықтың арнасында ұрпақтан-ұрпаққа таралған бұқаршылдық сарындары, тұрмыстық-әлеуметтік оқиғаларға жедел үн қосатын ерекшеліктері мол болады. Ауыз әдебиетінде өзінің айшықты көркемдік құралдарымен ерекшеленген арнаулар жыраулар жырларында бұрынғы дәстүрдегі бар бай тәсілдерді өз бойына сіңіріп қана қоймай, жана көркемдік әдістермен де күшейген. Сөз бейнелілігі, стилі, өлең құрылысы, ұйқасы, буын-бунағы жыраулар арнауларында ерекшелене түсті. Стильдегі ірілік, асқақтық, ой тастау, ақындық шығандау – бәрі де даладағы тұлпардың тұяғының дүбірін еске түсіретін әсер қалдырады. Өйткені, жыраулар поэзиясындағы арнаулардың ұлттық бояуы қанық, сипаты анық, ұлттық дәстүрі берік.

Біз жоғарыда аталған ақындар поэзиясындағы арнау өлеңдер табиғатын саралауды жөн санадық.

Арнау өлеңі көңіл-күй сазын шертетін түр емес, атын атап, түсін түстеп айтатын поэзиялық түр, сондықтан оған өз ойын жеткізетін арнайы өлең өрімі керек. Бұл арнау өлеңі өзіндік айтылу, мазмұнды беру формасын керек ететін қасиетке де ие екенін көрсетеді.

Арнау өлеңдері халық лирикасының көптеген жанрлық түрлерінен өзінің тұтас бір аяқталған ойды беретін формасымен ойды беретін формасымен, философиялық нақты оймен, белгілі бір тарихи, деректі оқиғаға байланысты тууымен ерекшеленсе, толғау жырларынан тақырыптық айқындылығымен, айтпақ ойын тек толғау түрінде ғана емес, терме, қара өлең, жыр, яғни кез-келген өлең өлшемі, өлең ұйқасымен жеткізе алатындығымен де ерекшеленеді. Ақындардың арнау өлеңдері халық ауыз әдебиетімен сабақтасып жатады. Арнау өлеңдерінің арғы тегі халқымыздың ауыз әдебиеті үлгілеріне негіз болған наным-сенімдерге байланысты туған көк, жер, әруақ культіне қайырылу өлеңдерінде, сөз өнерін қасиетті санап шешендік арнау деп атаған поэтикалық дүнелерде жатыр. Бұл бастаулар Тоныкөк, Білге қағандарға арналған жырларда жалғастық тауып, ежелгі жазба ескерткіштерінде көрініс берсе, XV ғасырдан бастап жыраулық поэзияда қазақ әдебиетінің негізгі жанрлық түрінің біріне айналады. Бұл үрдіс XVIII-XIX ғасыр ақындары шығармаларында әр қырынан көрініп, тақырыптық, мазмұндық аясы кеңі түсті. Ал Абай творчествосының поэтикалық айналымына түскен арнау жанры ұлы ақынның асқақ шеберлігі арқасында бұрын-соңды жетпеген жаңа биікке көтеріліп, өзінің классикалық үлгісін қалыптастырады.

Арнау өлеңдері өз бастауын өте ертеден алатыны еш күмән туғызбайды. Себебі жер, суға, тәңірге, аспан, күн, айға және т.б. табынған халық өз тілегін, өз ризалығын поэзия тілімен жеткізгені анық. Оған мысалдарды ауыз әдебиетінен көптеп табуға болады. Өмірі төрт түлікпен байланысты өткен халқымыз «қой баласы - қоңырым», «Қамбар ата - өрісім», - деп жан-жанураларға «Ат басындай ақ бұлт», «Кер, кер, кер жылан», - деп әртүрлі құбылыс, жәндіктерге өлең арнаса, бұл арнау өлеңдерінің алғашқы көрінісі еді.

Қазақ халық өлеңдерінің бір түрі жоқтаудың да көптеген үлгілері арнау түрінде шығарылған. Жоқтаудың арнаумен жақындастыратын оның өлген адамға арналуы. Мұнда айтылатын ой өлген адамның өзіне бағыштала отырып оған мұң шағу түрінде беріледі. Бірақ бұл мұң шағу – лириканың көптеген түрлерінде берілетін көңіл-күй сезімін айту, өлген адамның аруағына айтылатын мақтау түріндегі сырласу. Арнау өлеңдерінің осы жоқтау түріндегі үлгісі көптеген ірі эпикалық шығармалардың компонентінің бірі болғанын қазақ эпостарын зерттеуші ғалымдардың бәрі айтып өткен. Оның мысалын «Қорқыт ата кітабынан»

бастап тарихи жырларымызға дейінгі аралықтағы көптеген батырлық жырлардан молынын табуға болады.

Арнау өлеңдерінің ауыз әдебиетінде кеңінен көрініс беруі – шешендік арнаулармен байланысты. Бұл заңды да. Себебі, қызыл тілдің шебері шешен-билер өздерінің екі сөзінің бірін халқына не қарсыласына арнаған. Досының басына ауыр күн түскенде өзінің табиғатына тән туралықпен:

Ей, батыр, Ерден
Басыңды көтер жерден..
Көкті бу көтереді,
Жерді су көтереді,
Жүйрікті ду көтереді,
Өлімді ер көтереді, -деп сөз арнауы осының айғағы.

Ауыз әдебиетіндегі риторикалық сұрақ шешендік арнауда кеңінен пайдаланылып, сөз объектісіне сауал тастай, оған берілетін жауапты ашық қалдырып отырған.

Ілімің бар екен, жаным,
Білімің әлдеқандай ?!
Қағуың бар екен, жаным,
Халқыңа жағуың әлдеқандай?!

Шешендік арнаулардың озық үлгілерін Төле би, Қазбек би, Әйтеке би және т.б. шығармаларының молынан кездестіреміз. Бұл шешендік арнаулардың басты тақырыбы – адамгершілікке үндеу, халықты бірлікке шақыру, жаманнан жирену, жақсыдан үйрену. Шешендік арнаулар сөз арнаған объектіден жауап күтпейді, бірақ әр сауалдың жауабы болуы керек екенін меңзейді. Егер Төле би:

Өзіне өзің көміл бол,
Халқыңа әділ бол,
Жауыңа қатал бол,

Досыңа адал бол, - деп ұрпағына шешендік сөз арнаса, ол халқының бойынан ізгілік, адалдық көргісі келгендігі.

Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуіріне көз жүгірткенде, арнау өлеңдерінің өзіндік үлгілерін Орхон-Енисей жазба ескерткішінен көреміз. Өз сөзін халқына арнап, түркі халқын ел болуға, бас біріктіруге шақырып отырған білге қағанның сөзі арнау түрінде айтылуы ауыз әдебиетінде бар үрдісті жалғастыру, соның түрін пайдалану.

Тоғыз оғыз бектері халқы

Бұл сөзімді мұқият тыңда, - деп басталатын үлгі – арнау өлеңдеріне тән қалыптасқан жыр бастау түрі. Ал бұл әдіс арнау өлеңінің жанрын құрайтын бір компонент екенін ескерсек, онда аталмыш ескерткіштің алғашқы жыр жолдары арнау өлеңі түрінде туғандығына еш шек келтірілмейді. Мұндай арнау өлеңдері үлгілерін М.Қашқаридің, Ж.Баласағұнның, А.Юғнакидің және т.б. шығармаларынан көптеп кездестіреміз.

Қазақ халқының өз алдына хандық құруы бұрынғы ауыз әдебиеті, ежелгі әдебиетте көтеріліп келген елді, жерді сырт жаудан қорғау мәселесін бірінші кезекке шығарды. Ал бұл сол іске басшы болатын батыр мен бидің, хан мен ханзаданаң абыройын көтеру, солардың маңына халықты біріктіру мәселесін алға тартты. Мұндай күрделі проблемаларды шешетін құрал сол кезде өз заманының сөзін айта алатын әрі батыр, әрі ақын, әрі шешен жыраулар және олардың күдіретті сөзі еді. Ал ол сөздерді тағы да дәстүрлі арнау үрдісінде туа бастады.

XV-XVI ғасыр кезеңі әдебиетінде арнау өлеңдері халыққа жайлы қоныс іздеу, елді бірлікке шақыру, сырт жаудан елді, жерді қорғау түрінде көрініс берді. Терең философиялық ойға құрылған, көбіне толғау түрінде ауызекі шығарылған бұл арнаулар жеке адам, халыққа сөз арнау мағынасына ие болды. Ақылгөй, көріпкел, дана, арқалы жырау, шашасына шан жұқпас жүйріктер Асанқайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалқияз, Жиенбет, Марғасқа және т.б. жырауларымыздың арнау жырлары – осының айғағы.

Жыраулар шоғырының көш басшысы Асанқайғы Сәбитұлы бірде халқының күндіз күлкі, түнде ұйқыдан айырылған қайғы-қасіретін жеңілдету жолы халыққа жайлы қоныс іздеуде деп өз шығармаларын «Жерұйықты» іздеуге арнаса, тағы бірде ел бірлігін, жер тұтастығын сақтауға тиісті ханына:

Ай, хан, мен айтпасам білмейсің,
Айтқаныма көнбейсің
Шабылып жатқан халқың бар
Аймағын көздеп көрмейсің...
Өзіңнен басқа хан жоқтай

Елеуреп неге сөйлейсің, - деп батыл сөз айтады. Бұдан жыраулар поэзиясындағы арнауларда халықты, ханды жаңа құрылған мемлекеттің бірлігін, тұтастығын сақтауға шақыру, сырттан торыған жаудан қорғауға үндеу бірінші кезекке шыққанын байқаймыз. Бұл жолдан тайған ханға да, бекке де жырау аяушылық білдірмейді. Себебі ел бірлігі – бәрінен жоғары, қасиетті. Сондықтан да Марғасқаның опасыздыққа барған Тұрсын ханға:

Ей, Қатағанның хан Тұрсын,
Кім арамды ант ұрсын.
Жазықсыз елді еңіретіп,
Жер тәңірісіп жатырсын.
Хан емессің қасқырсың,
Қара албасты басқырсың.
Алтын тақта жатсаң да,
Ажалы жеткен пақырсың, - деп уытты жыр семсерін аямай сілтейді.

Жыраулар шығармаларындағы арнау өлеңдеріне негіз болған тақырыптар с аң алуан болғанымен онда күнделікті күйкі тіршіліктің ұсақ-түйегін сөз ету жоқ, тек мемлекеттік дәрежедегі мәселелер ғана сөз болды. Егер Ақтамберді жырау:

Бірлігіңнен айрылма,
Бірлікте бар қасиет.
Татулық болар береке,
Араз болсаң алты ауыз,

Еліне кірген өреке, -деп жыр толғаса, жоғарыда айтылғанның дәлелі. Жыраулық поэзияның алғашқы кезеңдерінде арнау түрінде туған толғаулар негізінен объектіні мақтау, дәріптеу түрінде туса, кейінгі дәуірлерде шындықты көзге айта білу тура жолдан тайғанға сын найзасын сілтеу өріс алған.

Жауына қатты айту оңай, ал ханына, халқына қатты айту кез-келген жырау қолынан келе бермейді. Ондай сөзді жүрегінің түгі, сөзінің оты, халқына қадірі бар жырау ғана айта алады. Ал қатты айтпасаң халық тағдыры, жер тағдыры шешілер тұста ел билеушісі осалдық танытып қоюы мүмкін.

XV-XVII ғасыр жыраулар поэзиясында негізгі сарын жоңғар, қалмақ шабуылдарынан елді, жерді қорғауға халықты үндеу, ұлы іске көпті біріктіру болса, XVIII ғасыр қазақ еліне жаңа қайғы-қасірет алып келді. Ол қазақ жерінің батысынан сұғына еніп, қару мен алдауды қатар қолданып елді, жерді иемдене бастаған Ресейдің саясаты еді. Қай жағыннан келетінін аңдатпайтын қулығы мен сұмдығы көп дұшпанға қарсы елді біріктіру, осы іске халықты бастай алатын ұлы тұлғаны шығару, оны дәріптеу Үмбетей, Бұқар секілді жыраулар еншісіне тиді. Қос бүйірден қысқан ата жаулармен қатар жаңа бас көтерген қатерлі қауіпке төтеп берер қазақ халқының ханы Абылай екенін бар болмысымен түсінген жыраулар өз арнауларының басты тақырыбын Абылай маақтауға бұрды.

Абылай орта жүзге хан сайланып, өзінің асқан ақыл-парасатын, іскерлігін, саяси қайраткерлігін көрсете білуі жыраулар шығармаларына кең жол ашты.

Алтын тақтың үстінде,
Үш жүздің басын құрадың.
Жетім менен жесірге,
Ешбір жаман қылмадың.
Әділетпен жүрдіңіз,
Әдепті іске кірдіңіз, - деген Бұқар жырау арнауы – бұған дәлел.

Арнау өлеңдері жыраулық поэзия арқылы өзінің өміршендігін, бүгінгі күнге керекті ойды айта білудің бірден-бір ұтымды үлгісі екенін көрсетті. Сондықтан да болар XV-XVIII ғасыр аралығындағы жыраулар творчествосы өзінің өлең өлшемі, айтылу түрі жағынан толғау түрінде көрініс бергенімен тақырыптық, мазмұндық, айтылу түрі жағынан арнау жанры үлгісінде кең қанат жайды. Тек біз осы уақытқа дейін оларды арнай айтылған толғаулар деп атап келдік.

Арнау өлеңдері XIX ғасырда жаңа арнауға, жаңа мазмұн, тақырыптарға қарай ауысты. Оның басты себебі – тағы да саяси жағдай, қоғамдағы өзгерістер.

Ресей патшасының отарлау саясаты қалыптасқан хандық құрылымды ыдырата бастауы жыраулар мен ақындар арнауларында өзіндік көрініс тапты.

XIX ғасыр ақын-жырауларының арнаулары отаршылдық құрығына қарсылық, кешегінің аңсау түрінде көрініс берді. Сондай-ақ адамдарды ізгілікке, адамгершілікке уағыздау мен заман талабы – білім, ғылым үйренуге шақыруға да арнау жанрының бет бұра бастауы осы шақ.

Отаршылдық дәуір қазақ халқының мемлекеттік құрылымын ғана өзгертіп қоймады, ол өзімен бірге паракорлық, бақталастық, жемқорлық деген жаман әдетті де ала келді.

Хан оңбас қарашасын қарақтаған,
Нар үріксе жүгі ауыр қарқарадан.
Тұлпар ақау болды аяғынан,

Ақсаса оңалмайды би парадан, - деп Жанақ ақынның Рүстем төреге паракорлық туралы айтқан ойы, Абай дәуірінде арнау өлеңдерінің негізгі тақырыбына айналуы – бұл кеселдің тамыры кенге жайылатынын сол бір кезде-ақ ақындарымыз аңғарғанын, содан аулақ болуға баршаны шақырғаны байқалады.

Жыраулық пен ақындық поэзияны жалғастырушы тұлғалар – Шал, Махамбет шығармаларындағы жаугершілік рух, хан, билерге қарсы тұруға шақыру әлі де болса жыраулық поэзияға жақын тұрса, Шортанбай, Дулат, Мұрат, Байтоқ шығармаларында отаршылдыққа қарсы тұруға үндеу мазмұнына ауыса бастады, ал **Сүйінбай, Бактыбай арнаулары қоғамдағы жат қылықтардан халықты аулақ болуға шақыру түрінде болды.** Арнау өлеңдердің мазмұнының өзгеруі, тақырыбының кеңуі, сатиралық рухтың күшеюі және сатиралық арнаулардың классикалық үлгілерінің тууы Абай шығармашылығымен байланысты. Ақын өзі сөз арнап отырған адамдарға мінездемені көбінесе теңеу арқылы жеткізген. Абай арнаулары өз бойына сан алуан белгілер мен сипаттар біріктірген. Олар: өрнектілік, суреттілік, танымдық, әсерлік, түсіндірмелілік, болжағыштық. Мұндай қасиеттер тіл мен ойдың бір-біріне әсерінен бастау алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жүсіп Қ.П Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. 2007. - 440 б
2. Қабдолов З. Сөз өнері. - Алматы: Қазақ университеті, -1992. – 352б.
3. Уәлиханов Ш. Бес томдық шығармалар жинағы. А.: ҚСЭ, 1т.1984.-432 б
4. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. -Алматы: Мектеп, -1982. - 335 б
5. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. -Алматы: Жазушы.-1985.-368 б.
6. Қасқабасов С. Жан азық. –Астана: Аударма, -2002.-584 б.
7. Бес ғасыр жырлайды. 2 томдық (Құраст. М.Мағауин, М. Байділдаев) -Алматы: Жазушы, -1989.-1-т.-384 б.
8. Екі мың жылдық дала жыры (Құраст. Е. Дүйсенбайұлы, Ә. Қайырбеков), -Алматы: ҚЭ, - 2000.-752 б.

ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Н.Қ. ЖҮСІПОВ
ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ
Д. АДАМБАЕВА
студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ

Халық ертегілері өткенді баяндаумен ғана шектелмейді. Болашақ, келешек туралы да ойландырады. Оның өзі тартыс түрінде келеді. Ертегіде адамның арманы өзінен өзі орындалмайды, онда да еңбекпен келеді. Адамның қолының еңбегі, ақылы мен ой-санасының көмегімен жүзеге асырылады. Ертегіде халықтың ойландырған құбылыстарына жауап ізделеді. Қоршаған ортаның тылсым сырларын ашуға талпынады. Қазақ ертегілерінде отбасылық салттардың кейбір әлсіз жақтары сыналады. Оған көбіне әйелдердің сенгіштігі,

анқаулығы себеп болды деп түсіндіріледі. Жалмауыз кемпір, мыстандар сұлуды арбайды. Бұл оқиғалардан халықтың ертегі арқылы отбасын сақтау, сақ, сергек болуға үндейтінін бірден аңғарамыз. Әуезов қазақ ертегілерінің зерттелуіне қор үлес қосқан ғалымдардың бірі. «Ертегілер» деп аталатын еңбегінде қазақ ертегілері жанрының тарихын үш дәуірге бөліп көрсетеді:

1. бағзы замандардан бастап, өткен ғасырдың 60-жылдарына дейінгі дәуір;
2. реформадан кейінгі дәуір;
3. социализм дәуіріндегі ертегі жанрының дамуы».

Бұдан ғалымның ертегі жанрының даму үрдісін дәуірлеуіне әдебиеттің дамуын дәуірлеу мәселесіне сәйкес алғанын аңғарамыз. Ғалым ертегі табиғаты туралы тұжырымдарында қоғам дамуына орай ертегілердің де дамып, өзгеріске ұшырап, тақырыбы кеңіп отыратындығын айтады. Қазақ ертегілерінің сюжетіндегі тартыс, кезеттен болған іс-әрекеттер халық романы, хикая, новеллалардың стиліне ұқсас екендігін ғалым жақсы пайымдаған.

М.Әуезов тұрмыс-салт ертегілерін зерделей отырып, оны ішкі жанрлық жағынан былай жіктеген:

- 1) пайдалы өсиет жайындағы салт ертегілер;
- 2) ақылды жігіт, есті қыз жайындағы ертегілер;
- 3) айлакер, тапқыр, алғыр және күлдіргі, қу тазшалар жөніндегі ертегілер және, әсіресе, Алдаркөсе жайындағы ертегілер;
- 4) қиянатшыл өгей шеше жайындағы ертегілер;
- 5) тағдырға бас июді уағыздайтын ертегілерге қарсы, әдейі әзіл, мысқыл есебінде туған әңгімелер.

Сонымен қатар ғалым күлдіргі ертегілерді жеке алып қарастырады.

М.Әуезов: «Ел қиялы Алдаркөсенің басына сансыз көп, шексіз, кең оқиға, әңгімелердің бәрін жамай, кұрай берген. Алдаркөсенің аты сондықтан да жеке дара ат емес, мысал сөз түрінде жаппай ат болып кеткен. Алдаркөсе әңгімелерінің бір зор ерекшелігі осы. Мұның алғашқы, ерте кезде шыққан бір топ әңгімесін сүйіп, көп қолданып кеткен ел, бері келген сайын сол алғашқыға тың әңгімелер қоса берген. Сонымен қатар, жалпы ауызда жүретін әңгімелердің қалпы бойынша бұның ең алғашқы әңгімелерінен ұмытылып, жоғалып қалғандары да болған. Бүгінгі бізге жеткен әңгімелер де ел аузында ыдырап жүріп келген әңгіменің бәрі емес. Бұл бергі айтушының құлағына тиген үзінділер ғана»,— деп баяндайды. Ғалымның бұл пікірі орынды тұжырым болып табылады.

М.Әуезов алғашқы болып **әлеуметтік ертегілер** туралы баяндайды. Яғни қазақ ертегілерінің ішінде жұмысшылар арасында кең таралып жүрген ертегілер туралы да құнды пікір қалдырған. Ол мұндай ертегілерде әлеуметтік мысқыл элементі басым келетіндігін бірінші болып аңғарған, тұжырымдаған [1].

М.Әуезов пен Е.Ысмайыловтың «Қазақ ертегілерінің» I томына жазған алғы сөздерінде қазақ ертегілері үш топқа бөлінеді:

- 1) қиял-ғажайып,
- 2) хайуанат жайындағы,
- 3) шыншыл ертегілер деп бөлініп, шыншыл ертегілердің өзі:
 - а) салт ертегілер;
 - ә) күлдіргі ертегілер;
 - б) аңыз ертегілер деп жіктелді.

«Қазақ халқының ауыз әдебиеті» деген еңбегінде М.Ғабдуллин ертегіге арнайы тоқталады. Ғалым: «Ө.Марғұланның, М.Ақынжановтың еңбектерінде қазақтың ертектілік өнері лиро-эпос пен батырлар жырларының даму кезеңдерімен байланысты қарастырылады. Ө.Марғұланның Алдаркөсе жайындағы әңгімелердің шыққан тегі қазақ топырағы деген пікірінің өте дәлелді айтылғанын мойындамасқа болмайды. Сондай-ақ, М.Ақынжановтың қазақ лиро-эпосы әуелде ертегілердің негізінде туғандығы жайында айтқан пікіріне де құлақ аспауға болмайтын сияқты»,—деп көрсетеді [2, 81 б.].

М.Әуезов ертегілерді «қазақта ертегі тобына қосылатын фольклор қорына келгенде, барлық халық қазынасын негізгі үш жікке (жанрға) бөлеміз. Мұның бірінші жігі – қиял-ғажайып ертегілер, екінші жігі – хайуанат жайындағы ертегілер, үшінші жігі – шыншыл ертегілер»[1], - деп жіктейді.

Ғалым қиял-ғажайып ертегілердің екі түрлі саласын анықтайды. «Біреуі – қазақ ескілігінен келе жатқан өз тумасы. Екінші түрі – неше алуан жолдармен, әлденеше елдерді аралап жеткен келгін ертегілер. Соңғы саланың ішінде ескі үнді, ескі парсы, араб елінен келген ертекттер бар екендігін айтады. Бұлардан басқа, қазақ тарихымен ерте күннен бері үздіксіз ұзақ қатынаста болған монғол халықтарының Алтай, Саян, Байкал атырабында, Сібір терістегінде болған монғол-түрік тектес елдер ертегілерінің де ауысқаны көп»[1]-дейді.

Көне ертегілердің көбі хайуанат туралы ертегілер. Хайуанат жайлы ертегілер - ескі заманнан келе жатқан ең көне түрдің бірі. Хайуанат жайлы ертегілерді екі топқа бөлу кездеседі. Бірінші топтағы ертегілерде хайуан мінез құлықтарын дәл хайуанның өзін суреттеу үшін айтпай, адамдағы мінез-құлыққа, бейне тұспа, мысқыл есебінде қолданған. Адамдағы мінді, кемдікті бадырайтып, ұлғайтып, жиренішті етіп көрсету үшін сондай сын арқылы жаманшылықпен алысу үшін мысал етіп алуға болған. Хайуан мінездерін әңгіме етудің екінші түрі бар. Ол хайуанды анық хайуан етіп суреттейді. Оның шындық болмысын адам түсінігі арқылы анықтайды. Әсірелеп, ұлғайтып көрсететін тұстары да болады. Бұл түрде мысқыл емес, хайуандардың жұмбақ бітімін тануға ұмтылу, жат сырына таңданудан туындаған. Ғажайып күшіне танданып, иланып, сенушілік те байқалады. Ертеде жұрттың кейбір хайуандарды киелі, құдіретті деп қастерлеуі де ертегіде беріледі. Қазақ халқының ертедегі ескілігі мен көне дініне қарасак, наным – сенімдерге көп көңіл бөлгендіктері ертегілерден аңғарылады. М.Әуезов бұл жөнінде былай дейді: «қазақтағы хайуанат жайындағы ертегілер ішіндегі ең ескі ертегі болу керек. Мұнда мифтік тотемдік (белгілі аң, хайуанды киелі санап, қастерлеу) наным бар. Сондай аңның бірі – қазақ ертегісіндегі қасқыр болады» [3, 22 б].

М.Ғабдуллин қазақ халқының қиял-ғажайып, тұрмыс-салт, хайуанаттар туралы ертегілерінің тақырыбын, ертегінің көркемдігін, ертегілердің жиналу, зерттелуіне тоқталады. М.Ғабдуллин кейбір ғалымдар тәрізді Алдаркөсе, Жиренше, Асанқайғылар туралы әңгімелерді аңыз деп қарастырады. Ғалым: «Аңыздардың әңгімесі тарихта болып өткен адамдар жайынан алынады дегенді біз шартты түрде айтамыз. Өйткені қазақтың аңыздарында аталатын Алдаркөсе, Асанқайғы, Жиренше туралы тарихи деректер жоқ, тек аңыз-әңгімелер бар. Олардың қай ғасырда жасағанын да дәлдеп айту қиын. Бірақ солардай адамдар тарихта болуы мүмкін. Ерте кезде жазу-сызуы болмаған халық жаңағы адамдар жайында тек аңыздар қалдырған, онда тарихи адамдарды ауыз әдебиетінің кейіпкері етіп жіберген»,— деп орынды тұжырым жасайды. Ғалым ертегілердің тәлім-тәрбие берелік қасиетіне, ертегіден қазақтың тұрмыс-салтын көруге болатындығын, ертегілердің ғибраттылығын және сол ғибраттылығының өзі мысқыл, әзіл, қалжың, күлкімен араласып отыратынын айқындайды.

С.Қасқабасов жануарлар туралы ертегілер деп жіктеп, жануарлар туралы ертегінің өзін үш топқа бөлген. Ғалым: «біріншісі – шығу мерзімі жағынан ең көне миф жанрымен байланысын толық үзе қоймаған, жануарлардың пішініндегі немесе жүріс-тұрысындағы, я болмаса, мінез – құлықтағы, әйтеуір қандай да бір ерекшелігін түсіндіре баяндайтын этиологиялық ертегілер. Екіншісі – Шығыс және Батыс халықтарының көпшілігіне мәлім, дүние жүзілік жануарлар эпосын құрайтын классикалық ертегілер. Бұлар бүгінде балалар еңшісіне тиген. Қай елдің болса да, жануарлар жайындағы классикалық ертегілері адам мінезінің ақылдылық, ақымақтық, қулық, сұмдық жақтарын қарапайым аллегория арқылы ашып береді. Үшінші топқа мысал ертегілер аполоттар жатады. бұл ертегілер көбінесе кітаби болып келеді де әдебиетке жақын тұрады»[4,193 б], - дейді.

С. Қасқабасов зерттеу еңбегінде ертегілерді жіктей отырып әрқайсысына тән ерекшеліктер мен белгілерді айқындап береді. Мысалы жануарлар туралы ертегінің әр бір тобына тән белгіні анықтайды. Этиологиялық ертегілердің синкреттілік сипатын айтып, онда даралап тұратын нәрсе себеп-салдарлық баяндау екендігін көрсетеді. Тұрақты композициялық құрылым жоқтығын, сол арқылы этиологиялық ертегілердің мифке жақындығын көрсетеді. Қазақ ертегілеріндегі төрт түліктің кейіпкер-жануар бейнесі тотемистік түсініктегі мифте көрінетін жануармен ұқсас болып келеді. Мысалы, қазақ ертегісіндегі ботасын іздеген бозінген жайындағы, иесінің қамын ойлаған сырттан ит туралы шығармалар шын мәніндегі ертегіге айналып үлгермеген, жануарлар мифтегідей «қасиетке» ие болып тұр.

Ғалым Қасқабасов ертегілерді зерттей келе, оларды жанрлық тұрғыдан былай класси-

фикациялайды:

- Жануарлар жайындағы ертегілер;
- этиологиялық ертегілер;
- хайуанаттар туралы классикалық ертегілер;
- қиял-ғажайып ертегілер;
- батырлық ертегілер;
- новеллалық ертегілер;
- сатиралық ертегілер.

Ғалым әрбіріне былай түсініктеме береді. Жануарлар жайындағы ертегілердің түп төркіні адамзат тарихының ең арғы заманында, аңшылық өмір кезінде жатыр. Ол кездегі адамдар кейбір аңдарды қасиетті деп санап, қадір тұтқан, оларды өздерімен туыстас деп ойлаған, ал кейбір жануарларды рудың бабасы деп сенген. Жануарлар жайындағы қазақ ертегілерін үш топқа жіктеуге болады. Біріншісі шығу мерзімі жағынан ең көне миф жанрымен байланысын толық үзе қоймаған жануарлардың пішініндегі, немесе жүріс-тұрысындағы не болмаса мінез-құлқындағы әйтеуір қандай да болмасын ерекшелігін түсіндіре баяндайтын этиологиялық ертегілер. Екіншісі – шығыс және батыс халықтарының көпшілігіне мәлім, яғни дүниежүзі елдерінің жануарлық эпосын құрайтын классикалық ертегілер. Бұлар бүгінгі дәуірде балалардың үлесіне тиген. Қай елдің жануарлар жайындағы классикалық ертегілері адам мінезінің ақылдылық, ақымақтық, қулық, сұмдық сияқты жақтарын қарапайым аллегориялық формамен ашып береді. Үшінші топқа мысал ертегілер (апологтар). Бұл ертегілер көбінесе кітаби болып келеді де, әдебиетке жақын тұрады. Мұндағы жануарлар бейнесі шартты түрде алынғанмен, ғибрат ашық айтылады. Енді осы үш топты жеке-жеке нақты масалдар арқылы қарастырайық.

Этиологиялық ертегілер. Бұл топтағы ертегілер жанрлық ерекшелігі оның синкреттілік сипатында, яғни мұнда көзбен көріп, қолмен ұстап алатын жанрлық белгілер жоқ. Бұларды даралап тұратын нәрсе – себепті-салдарлық баяндау, бірақ соған қарамастан мұнда тұрақты композициялық құрылым жоқ. Бұл тұрғыдан алғанда бұл ертегілер этиологиялық мифке жақындайды, ал кейіпкер-жануарларды суреттеумен олардың мінез-құлқын бағалауда ертегіге жақындайды. Рас, қазақтың төрт түлік туралы кейбір төл шығармаларында кейіпкер-жануар бейнесі тотемистік түсініктегі мифте көрінетін жануарлармен ұқсас болып келеді. Мысалы, ботасын іздеп боздаған бозінген жайындағы, немесе иесінің қамын ойлайтын сырттан ит туралы шығармалар әлі шын мәніндегі ертегіге айналып үлгермеген, мұндағы жануарлар мифтегі сияқты «қасиетті» деп есептеген. Бұл қазақтың жануарлар жайындағы этиологиялық ертегілердің басты ерекшеліктері. Аталмыш ерекшелік – этиологиялық ертегінің мифпен жақындығы – «Мүшел», «Хайуандардың жыл басына таласуы», «Үркер» сияқты шығармаларда айқын сезіледі. Мұнда аспан әлемінің сыры, жыл он екі айдың болуы қазаққа жақсы таныс жануарлардың мінез-құлқымен, іс-әрекетімен байланысты түсіндіріледі. Қадым заманда ел шындық деп қабылдаған бұл мифтер келе-келе ертегілік сипат ала бастаған. Өмірді, әлемді практикалық түрде танып тәжірибесі толысқан көшпенділерге қыстың ұзақ болатынына сиырдың еш кінәсі жоқ екені, сол сияқты он екі айдан тұратын жыл басының тышқан аталуына ашық ауыз түйенің еш кінәсіз екендігі белгілі болған. Сөйтіп, ел бұл мифке сенбейтін болған. Бір кездері дүниенің жаратылысы туралы болжам жасаған мұндай мифтер елді қанағаттандырған еді де, халық сол арқылы әлем туралы өз түсінігін пайымдаған еді. Сондықтан да «Хайуандардың жыл басына таласуы», «Үркер» сияқты ертегілер космогониялық мифке тән сипатын сақтай отырып, әлдеқашан ертегілер тобына қосылған және олардың сипатты белгілеріне ие блған. Олардың құрамына ертегілерде кең тараған мотив-жануарлар жарысы – енгізілген және мұнда түйенің аңқаулығы мен тышқанның қаптесер қулығы миф емес, көркем етегі тұрғысынан бейнеленген. Олардағы жануарлар образынан адам бейнесі көрінеді. Демек оларда хайуанаттар туралы ертегіге тән аллегориялық сарын үн, сарын бар. Міне, осындай себепке байланысты аталған шығармалар жануарлардың белгілі бір қасиетін, шығу тегін түсіндіре баяндамаса да этиологиялық ертегілер қатарына жатады.

Таза этиологиялық ертегіде шарттылық басым, аллегориялық айқындырақ. Сол себепті ондағы оқиғаға айтушы да, тыңдаушы да сенбейді. Сондықтан таза этиологиялық ертегілер күлдіргі болып келеді де, көбінесе балаларға арналып айтылады. Екінші жағынан, олардың структуралық формасы драмалық оқиғаларды кіргізіп отыруға ыңғайлы болады. Сонымен бірге

хайуанаттар туралы этиологиялық ертегілер кейде қиял-ғажайып ертегілердің де оқиғасын пайдаланады және сол арқылы адамгершілік пен адалдық проблемаларын көтереді [5, 35 б.].

Хайуанаттар туралы классикалық ертегілерге келетін болсақ, ертегінің бұл түрі саны жағынан ең көбі және ел арасына ең кең тарағаны. Олардың барлық сюжеті дерлік дүние жүзі халықтарының фольклорына әйгілі. Әйіккені бұл ертегілердің көбісі типологиялық жолмен әр халықта болған ұқсас қоғамдық, әлеуметтік жағдайда туған. Бұл – біріншіден. Екіншіден, қазақ халқының этногенезін құраған рулар мен тайпалардың бірнеше түркі-тектес халықтардың құрамына енуімен бірге олардың ертегілері де сол халықтардың фольклорына енген тарихы туыс елдердің ертегілік сюжеті ұқсас. Үшіншіден, қазақ халқының басқа ел- жұртпен тарихи, саяси, мәдени, сауда қарым-қатынасы, араласы арқылы келген сюжеттер де бар. Олар да ұқсастық туғызады. Бірақ дүние жүзілік фольклорға ұқсастығына қарамастан қазақ ертегілері өзіндік сипаты мен соны тұрпатын сақтап қалған. Сөйте тұра мұнда жалпы адамзатқа тән мінез-құлық бірдей болғандықтан жануарлар образы да басқа елдер ертегісіндей болып келеді.

Ертегілердің енді бір түрі батырлық ертегі. «Батырлық ертегі» деген термин фольклортану ғылымында төрт түрлі мағынада қолданылады. В.М.Жирмунский бұл жанрға Оңтүстік ібірдегі түркі-монғол халықтарының көне эпосын жатқызады. Қаһармандық эпостың шығу тарихын зерттеген Е.М.Мелетинский «Батырлық ертегі» деп угорлар мен тунгус-маньчжур және кейбір Сібір халықтарының әңгіме түрінде келетін эпостан басқа шығармаларын атайды. Орыс былиналарының билгір зерттеушісі А.М.Астахова «Батырлық ертегі» түріне халық эпосының батырлары туралы кейінгі замандарда пайда болған ертегі түріндегі шығармаларды жатқызады. Сонымен қатар бұл жанрғаерлік, қаһармандық мазмұндағы қиял-ғажайып ертегілер жатқызылып жүр. Қазақтың батырлық ертегісі осы төрт мағынаны түгел қамтиды. Мұнда аталған төрт түрдің бәрі бар, әсіресе, эпосқа дейінгі және қырдың ертегіге айналған түрлері кең тараған.

Қазақ ертегілерінің құрамында батырлық ерегілер бар екенін М.Әуезов айтқан. Ол кісі дәл осы терминді қолданбаса да бұл жанрдың екі тобын дұрыс көрсекен. «Сол ертегілердің ішінде, - деп жазады Мұхтар Әуезов, - ең ескірегін алсақ, бұрынғы ескі нанымды білдіретін жалмауыздар араласқан ертегілер мн кәсіп ертегілер болады. Кәсіптік ертегілерге өте көп кіретін аңшылық өте ескі ертегілер «Еділ-Жайық», «Құламерген» сияқтылар болса, бұнда иен тау, елсіз өзендерде жалғыз мекен еткен батыр аңшылары әңгімегекіреді». Ғалымның бұл айтып отырған ертегілері ең көне екені рас. Ол-хикаядан, бір жағы, қиял-ғажайып ертегіге, екінші жағы, батырлық ертегіге айналады. Басқаша айтқанда, «Еділ-Жайық», «Құламерген» сияқты шығармалар – архаикалық батырлық ертегінің негізін қалаған хикаялар. Мұхтар Әуезов көне батыр-аңшылар туралы әңгімелермен бірге кейінгі замандарда туған «Батыр әңгімелер» бар екенін айта келіп, былай деп жазады:

«Қазақ ертегілерінде жоғарыда айтылған ескі түрлерінен басқа, берірек заманда шыққан жаңарак әңгімелер де бар. Мәселен өлең өлшеуіне түскен батырлар әңгімелерінің барлығы ертегі болып кеткен, батыр әңгімесін көп ел құмартып тыңдайтын болғандықтан ел қиялы бергі замандардың батырларын да ертегінің қаһарманы қылып әкеткен» [1].

Батырлық ертегіні қарастырған Е.Костюхин де, С.Қасқабасов та қазақ халық прозасының бұл жанры екіоптан тұратынын, оның бірі – көне дәуір тумасы да, екіншісі-кейінгі ғасырлардың туындысы екенін көрсетті.

Қазақ халық ауыз әдебиетін зерттеген ғалымдардың бірі С.Садырбаев ол ертегілер табиғаты жөнінде мынадай тұжырым жасаған: «Еңбекші халықтың арманы мен қиялынан туған таңғажайып ертекер қазақ фольклорында алтын діңгектей дара тұрады. Тегінде ертекер үшін айтылмаған, оның белгілі бір тәрбиелік сипаты, философиялық ойлары болған. Оның басты кейіпкерінің іс әрекеті болмыстан, кеңістіктен тұрмайды. Ол табиғаттағы өз орнын қалай өлшейді, жаратылыстың сан түрлі күштері мен қарым-қатынасы қандай болды, қоғамдық әлеуметтік сатысы қай дәрежеде дамыды – міне соны сездіреді, аңғартады» [6, 17 б.]-дейді

Н.Қ. Жүсіпов: «қазақ ертегілерін шартты түрде мынадай топтарға бөлеміз:

- 1) Қиял-ғажайып ертегілер.
- 2) Хайуанат жайындағы ертегілер.
- 3) Салт ертегілері

4) Балаларға арналған ертегілер.

5) Аңыз ертегілер, күй аңызы.

Қазақ халқының «Қиял-ғажайып ертегілерінің» - кейіпкерлері әр алуан ғаламаттар болып келеді. Олар: жеті басты жалмауыз, жалғыз көзді жалмауыз (ежелгі грек мифтеріндегі циклоп тәрізді), жалмауыз кемпір (орыстың баба-яғасының сыңары), мыстан кемпір (оны қазық аяқ қарға түмсық деп те атайды), айдаһар т. б. Сұлу қыз болып құбылып келетін жезтырнақ пен жын да жиі ұшырасады.

Ертегілерде адам баласына қас бұл күштерге қарсы солар сияқты қиял-ғажайып кереметтер алысады. Олар: самұрық құс, жылан — патша, пері, ұшқыш кілем, тағы басқалар» [7], -дейді.

Батырлық ертегілердің тақырыптық диапазоны соншалықты кең емес. Мұнда екі сала бар. Бірі – болашақ батырдың некелік сынақтан өтуі: қыздың немесе әкесінің қиын-қиын тапсырмаларын орындау, балуандық пен мергендік сыннан сүрінбей өту, жаяу жарыста жеңіп шығу т.т. Екіншісі - әр түрлі ғажайып мақұлықтармен және жау елдің қолымен соғысу.

Архаикалық батырлық ертегінің сюжеті кейіпкердің бүкіл өмір-баянын қамтиды:

1) пролог, яғни кейіпкердің туу тарихы;

2) кейіпкердің үйлену тарихы;

3) кейіпкердің үйленгеннен кейінгі .

Екінші топтағы ертегілердің сюжеті мұндай кең емес. Бұл ертегілердің негізгі тақырыбы – рулар мен тайпалар, қалмақтар мен қазақтар арасындағы ұрыс, жанжал, бір ру батырының екіншіден кек алуы. Кейде ертегі сюжеті кейіпкердің ұрпағы туралы эпилогты да қамтиды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әуезов М.О. 17 том. Алматы: Жазушы, 1969. – 478 б.
2. Ғабдуллин М. Қазақ фольклористикасы / М.Ғабдуллин. – Алматы, 1972. – 208 б.
3. Ертегілер
4. Қасқабасов С.А. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ фольклористикасы / С.А.Қасқабасов. – Алматы: Ғылым, 1988. – 138 б.
5. Қазақ фольклористикасының тарихы. Алматы: Ғылым, 1988. – 432 б.
6. Садырбаев С. Халық әдебиетінің тарихи негіздері / С.Садырбаев. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 233 б.
7. Жүсіпов Н.Қ. XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ фольклортану ғылымы / Н.Қ.Жүсіпов. – Павлодар, 2003. – 246 б.

ЕЖЕЛГІ ДӘУІР ӘДЕБИЕТІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНАН

З.Е. ЖҰМАБАЕВА

п.ғ.к., профессоры, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Адамзат өркениетінің рухани құндылықтары білім теориясының жалпылама сипатынның басты көрсеткіші. Бұл көрсеткіштер рухани құндылықтарды ұштастыра оқыту ұстанымын жүзеге асыру жолдарының іріктелуіне әсер етеді. Мысалы, 6-сыныпқа (орыстілді мектептердің) арналған қазақ әдебиеті оқулығы және хрестоматия материалдары төрт түрлі кезенді қамтиды: I кезең – қазақ халқының ауыз әдебиеті; II кезең – қазақ халқының ежелгі дәуір әдебиеті; III кезең – XIX ғасыр әдебиеті; IV кезең – XX ғасыр әдебиеті. Білімдену кеңістігіндегі 9-шы сынып оқулығындағы білім теориясы ежелгі дәуір әдебиетінің нысандарынан басталған. Жалпы орыстілді мектептердің 5-9 - сыныптарына арналған оқулықтарда осы саладан біраздаған оқу материалдары білімденуші мен білімдендірушілер назарына ұсынылып отыр: 6-шы сыныпта – Қорқыт ата кітабы; 8-ші сыныпта – Ахмет Іүгінеки, Жүсіп Баласағұни; 9-шы сыныпта – Әбу Насыр әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни “Құдатғу білік”, “Күлтегін”, “Оғыз-наме”.

Ежелгі дәуір әдебиетін зерттеген ғалымдар Е.Э. Бертельс (“Литература народов Средней Азии”), С.Е. Малов (“Памятники древнетюрской письменности”), Х. Сүйіншәлиев (“Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері”), Н. Келімбетов (“Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі”), С. Муталибов (“Ахмет Юганакій”), Н.М. Маллаев (“Узбек әдебиеті тарихи”), (“Ертедегі қазақ әдебиеті”).

Н.Келімбетов “Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі” атты еңбегінде ежелгі дәуір әдебиетін хронологиялық қалыпқа салып беріп отыр.

I.VI-IX ғасырлардағы көне түркі әдебиет ескерткіштері: “Күлтегін”, “Білге қаған”, “Тоныкөк” жырлары, “Оғыз наме”, “Қорқыт ата” кітабы, Әбу Насыр әл-Фарабидің әдебиет саласындағы еңбектері жатады.

II. X-XII ғасыр әдебиеті: Ж.Баласағұнидің “Құтадғу білігі”, М. Қашқаридің “Диуани лұғат ат-түрік”, Қожа Ахмет Яссауидің “Диуани хикмат”, А. Іүгінекидің “Хибатул-хакайық”, С.Бақырғанидің “Хакім ата”, “Жұбан ана”, “Әулие Мария”.

III. XIII-XIV ғасырлардағы әдебиет: “Кодекс-Куманикус”, Хорезмидің “Мухаббат – наме”, Насыридәң “Кисса-Сул Әнбия” немесе “Киссауи Рабуғази” жинағы, Дүрбектің “Жүсіп Зылиқа”, Саиф Сараидың “Гүлістан бит-түрік”, Құтбтың “Қысрау-Шырын” дастандары, ...Қазақтың тұңғыш тарихшысы Хайдар Дулатидің “Тарихи Рашиди”, Қадырғали Жалайридің “Жамиғат Тауарих”, Захридин Бабырдың “Бабыр-наме” .

Ахмет Махмұтұлы Іүгінеки туралы шолу беріп алдымен оқушыларға жан-жақты мәлімет беру керек. Жоғарыда айтылып өткен ғалымдардың ұсыныстарынан көптеген ақпараттар шығарып, оны оқырманға жеткізуге болады. Мысалы, Н. Келімбетовтің “Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі” атты еңбегінде мынандай өлең жолдары берілген:

Әкесінің аты – Махмұд Іүгінеки,

Әдіб / қаламгер / Ахмед оның ұлы екеніне шұба жоқ,

Әдіптің / туылған / жері – Жүйнек деп аталады.

Ауасы сондай ғажайып, таза, көңілді сергітіп жібереді.

X. Сүйіншәлиевтің “Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері” атты ғылыми еңбегінен де ақпарат алуға болады: Юганакидің әкесі – Махмұдтың негізгі мекені Түркістан маңы. Ахметтің туған жері де сол Түркістанға қарасты Юганак деген жер. Оның Юганак аталуының өзі де сондықтан. Қазақтар ол жерді Жүйнек деп атап кеткен. Ахмет Юганакі өз кезінің оқыған, білімді адамы саналған... Ахмет туралы, туған жері туралы да мәлімет берген.

Ақындардың ақыны,

Даналарға жақыны,

Қазіргі оның шабыты

Тәңірдің берген қарқыны.

Туған жерім жер үйнек,

Сол бір жерді еске алам,

Жүрекке жылы тиеді.

Әкем аты Жүйнектегі Махмұд

Баласы мен-ақын Ахмет

Кітабымды “Хақиқат хадисі” деп атадым.

Арабша жазған кісімін.

Қашқар тілін білсеңіз,

Сол тілде кесте жасадым.

Ақын өз оқырманына білім мағынасын насихаттау жұмыстарын жүргізе білген түркі халқының төресі.

Білім туралы айтамын. Сөзіме ден қой.

Уа, дос, өзінді білімдіге жақын тұт.

Бақыт жолы білім арқылы білінеді.

Білім ал, бақыт жолын ізде.

Білімді кісі бақытты динар сияқты.

Білімсіз надан – құны жоқ бақыр.

Білімді мен білімсіз қашан тең болып еді?

Білім алған ер халыққа белгілі болады.

Білімсіз тірісінде көрде жатқан өлік сияқты.

Білімді адамның өзі өлгенімен, аты өлмейді.
Білімнің арқасында ғалым жоғары көтеріледі.
Жоғарыдағы өлең үзіндісі 8-ші сынып оқулығының мазмұнына енгізілген.

Осыған оқырман санасына толық ой қалыптастыру мақсатында төмендегі үзіндіні қосамыз.

Білікті білім жинап кәсіп етер,
Білімнің дәмін татып өсіп өтер.
Білімділер білімді аттап, бөсіп өтер,
Тура сөз біліксізге қаза болар,
Насихат пайдалы сөз таза болар.
Білімдар “істі біліп, бекін” – дейді,
Ақылмен іс істеген өкінбейді.
Білмеген талай жұмыс істей жүріп,
Амал жоқ, түбінде сол опық жейді.
Білікті біліп айтар сөзін ұтар,
Ол емес бос сөзінді бедел тұтар,
Білімсіз не айтса да білмей айтар –
Өз тілі өзінің кеп басын тұтар.
Алла өзін біліммен күт етеді,
Қайырсыз надандықты жұт етеді.
Білімді үйренбегін талай қауым.
Құдайды қолдан жасап бүт етеді.
Өнеге білген сөзі - насихат жол,
Араб пен азияттың сүйгені сол.
Кедейдің керттіп жейтін малы - білім,
Білімнің жоқ - жітікке берері мол.

Ахмед Иүгінекидің білімнің пайдасы, әдептілік, жомарттық туралы сөздері шынайы мәдени құндылықты ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді.

Білім, мінез-құлық, тіл проблемалары: “...Оқ жарасы жазылады, бірақ та Тіл жарасы жазылмайды түбінде?”. Осымен қатар ақын мінез-құлық проблемалары арқылы тәрбие мәселелерінің шешілуін көздеп отырған болар.

Ахмед Иүгінекидің 446 өлеңнен тұратын “Ақиқат сыйы” өз заманындағы білімдену мен дұрыс тәрбие алудың тұжырымы, адам болудың нормасы болған құжат болуы өте орынды. Тәрбие берудің парадигмасы ретінде қазіргі педагогика, әдістеме ілімдерінде, тәрбиемен шұғылданатын институттарда қолданылатын нысандардың бірі. Осы еңбекті зерттеуге маңызды үлес қосқан ғалым Н. Келімбетов мынандай тұжырым беріп отыр: “Совет түркологиясында айтылып жүрген пікірлерге ой жүгіртсек, басқа түркі ескерткіштері сияқты “Ақиқат сыйы” да түркі халықтарының тіл тарихын, әдебиет тарихын, ондағы жанрлар және басқа да ерекшеліктер негізін, мысалы, дидактикалық әдебиет, ... әдебиет көздерін ашып, олардың тамырын талдау ісінде таптырмайтын құнды мұра туралы деп осыны айтуымыз керек”.

Тұлғаның дамуына, білім мазмұнының дамуына осындай адамзат өркениетінің рухани құндылықтары өз үлесін қосады. Білім мазмұнының жаңа мазмұнмен толықтырылуы да жаңа оқыту дидактикасын талап етеді. Сондықтан, оқыту дидактикасының басты мәселесі – түркі халықтарының рухани құндылықтарын тұлғаның санасына жеткізу. Қазіргі білімдендіру уақыты кеңістігінде бұл тұрғыда дидактика ілімі алдымен тұлғаның екі түрлі тілдік базасын жетілдіру мәселесін шешуі қажет. Бұл жеке зерттеудің мәселесі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Келімбетов Н. “Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі”. – А.: Мектеп.
2. Сүйіншәлиев Х. “Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері”. – А., Қазақстан баспасы.
3. Жұматаева Е. Әдебиетті оқытудың кейбір мәселелері. – А.: Ы.Алтынсарин ат. Білім академиясының Республикалық баспа кабинеті.
4. Қирабаев С., Мырзағалиев Қ. 9-класқа арналған “Қазақ әдебиеті” оқулығына методикалық нұсқау. – А.: Мектеп.
5. Егізбаева Т.Ж. Әдебиет сабағын оқытудағы кейбір ізденістер. – А.: Мектеп.

6. Сыдықов Қ. Көркемдік өрнектер. – А.: Рауан.
7. Байсақалова Ұ. Әдебиет сабағындағы творчестволық жұмыстың түрлері. – А.: Мектеп.
- Құлмағамбетова Б.Б., Ысқақов Т.И. Қазақ мектептерінде ана тілі мен әдебиетін оқыту мазмұнын жетілдіру. – Алматы.
8. Әміреев Қ. Әдебиетті оқытудағы тарихилық принцип. – А.: Мектеп.
9. Мәшһүр-Жүсіп Қуандық Пазылұлы. Мектепте қазақ әдебиетін оқыту. – Павлодар.
10. Мырзағалиев Қ. Мектепте әдебиет теориясы ұғымдарымен таныстыру. – А.: Рауан.
11. Коменский Я.А. Избранные сочинения. В 2-хт. – М: Педагогика.

КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ ТЕҢЕУЛЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ СИПАТЫ

Г.Т. КӘРІПЖАНОВА
С. Торайғыров атындағы ПМУ
Н.М. БӘТЕСОВА

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, № 22 орта мектебі

Теңеу лингвистикалық категория ретінде қазіргі тіл білімінің жаңа бағыттарының бөрінің де зерттеу нысаны бола алады. Бұл бағыттардың ішінде құрылымы әр түрлі тілдердегі тіліміздегі теңеулерді лингвомәдениеттану және когнитивтік лингвистиканың негізгі ұстанымдарына сүйеніп отырып зерттеу жүргізу заман алабынан туындап отыр. Себебі халықтың дүниетанымы, өмірге және қоршаған ортаға деген көзқарасы, салт-дәстүрі, көңіл-күйі әр халықтың жалпы фразеологиясынан, оның ішінде әсіресе, фразеологиялық теңеулерден көрініс табады. Фразеологиялық теңеулер - жекелеген өмір құбылысына нақты баға беретін, ғасырлар бойы атадан балаға мұра ретінде беріліп отыратын, әр халықтың өмірінен қызықты деректерді өз бойына жинақтаған халық мұрасы.

Тұрақты теңеулердің ұлттық белгісі олардың мағыналық ерекшеліктерінен айқын көрініс табады, себебі кез келген халықтың бүкіл мәдени және психологиялық күрделі кешенін оның қайталанбас ойлау тәсілін жинақтайды. Бұл әр тілдің түрлі бейнелерге сүйенетіндігімен, мағынасы ортақ болғанымен, негізінде жатқан бейненің әр тілде өзіндік бояуы болуымен анықталады.

Ж.Аймауытов романындағы теңеудің стильдік мәніне көңіл аударсақ, жазушы теңеулерді бірде кейіпкерлердің кескін-келбетін, бет пішінін, сыртқы көрінісін, тұлғасын, портретін беру үшін қолданса, бірде кейіпкердің мінез-құлқы, көңіл-күйін, ішкі сезімін ашуда таптырмас тәсіл ретінде пайдаланады.

Бір мезгілде өкірген сиырдай қараңғы түнді күңіретіп, қатындардың дауысы баж ете түсті. Жан шошырлық бажылға дір етпеген жүрек қалмады. Сөйтсе, апанда теңселіп, серейіп жаққан бөйбішенің үстінен шыққан екен.

Мамырбай өгіздей өкіреді, сылқ ете отыра кетті. Ауыл қойдай маңырап, қозыдай шулап жатқанда, дүрсілдеткен атты кісінің тықырын шеттегілердің құлағы шалып қалды.

-Атты-атты!-дегенде, су жүрек боп қалған жұрт ішін тартқан дауылдай кенет басыла қалды да, сонша болмады, қайтадан дәуірлей, бажылдай, күңіреніп кетті... (Ж.А.,171- бет).

Алансыз отырған бейбіт ауыл тіршілігін бұзған оқиғаның әсерін, кейіпкерлердің жан күйзелісін *өгіздей өкірді, қойдай маңырады, қозыдай шулады, ішін тартқан дауылдай сияқты тұрақты теңеулер* арқылы әсерлі де, нақты бейнелеп жеткізген.

Енді, Ақбілек әкесіне масыл болды. Бала ұстаған емес, жұртқа тамашалаушы маймыл ұстап отырған кісі тәрізді. Ақбілектің қырсығынан ақсақал өзін масқара болып, абыройынан айрылғандай көрді. Міне, ақсақалдың өз баласына түзу қарай алмай, қашқақтап жүргені сол еді. Қызғаныш, жиреніш, өкініш, аяныш, ыза, қорлық бері ұласып, оның тірі қалып, көзге күйік болғанына бармағын шайнап, зығырланар еді. Бірақ өз қолын өзі кесіп бе? Өз ішіне өзі пышақ ұрып, жарылып өлсін бе? У жеген қасқырдай іші алау-жалау боп ортеніп, шықпаған сүлдесін сүйретіп жүр еді.

Сорлы Ақбілектің хал-жағдайы әкесіне де ауыр тиеді (Ж.А.,285-бет).

Мәтіндегі теңеу, тұрақты тіркестер - ақсақалдың уайым-қайғысын ашуда стильдік жүк көтеріп тұрған тәсілдер. Бірнеше адам сезімін қатар алып, бірінғай мүшелер арқышы ақсақалдың ішкі толғанысын толық көрсетіп береді. Мәтінде Ақбілектің әкесінің уайым

- кайғысын, психологиялық халі, әрі қазақ халқының салт-дәстүрін берік ұстанған әкеге қызының халі өте ауыр тигенін *маймыл ұстап отырған кісі тәрізді, у жеген қасқырдай теңеулерінің ұтымды қолданылуының нәтижесінде ерекше әсерлі беріледі.*

Енді бірде автор тұтқындағы Ақбілектің көңіл күйін теңеулер арқылы нақты жеткізеді:

Әуелгі кезде Ақбілек қолға түскен құралайдай, екі көзі мөлдiреп, көп ит анталаған күйіктей қунысып, маңайындағы жанның бәрін жан алғыштай көріп, үркіп, елегізіп жүрсе де, анасын ауылын ойлап, аузына дәм салмай, аштан қатып бүк түсіп көрсе де, әрі-беріден соң шыбын жаны мүскір шыдатпады, мезгілсіз өле алмады (175- бет).

Ақбілекті аянышты, ауыр халін бейнелеу үшін оны аңның өдемсі құралайға, дәрменсіз күшікке теңесе, төңірегіндегі жұртты қорқынышты жаналғышқа теңеу арқылы Ақбілектің кайғылы халін оқырман жанына әсер етер бейнелі көрініс арқылы бере білген. «қолға түскен құралайдай», «көп ит анталаған күшіктей»-теңеулері – авторлық тіркестер. Халықтық теңеулер қаламгер қолданысында жаңаша бір реңк түр бояуға өяді.

М.Әуезов: «жеке сөз өзінің орны мен сәтін тапқан шақты жаңаша жанданып кетеді. Сондай шағына жетіп, жанданған сөздің демі, лебі білініп, тың тірлік етіп бал-бұл жанып тұрады. Ол көп қолданылатын өлі боп кететін сөз емес, қызықты, ыстық лепті қайнар сөз болады»[2,84],-дейді. Ж.Аймауытұлы қаламынан туған теңеулер – «жанданған, лебі бар, бал-бұл жанған теңеулер». Мысалы,

Өткен күндерін бір-бірлеп есіне мүсіріп, жасаалап қара мұртқа да келді, оның түрі, қылықтары демде көз алдынан елестеп өтті. Енді мынау ағаларының ауылына келе жатқанына таңғалды, таңғалып қана қойған жоқ, өзін бейне бір арам сирақ ұрлық малындай, әкесіне арам жегізетіндей көрді. Енді бұрынғы нәрестедей уыз денесі былғанып, арамданып қалған тәрізді, бұрынғы кіршіксіз, аппақ кеудесіне енді қара құзғын ұя салып кеткен тәрізді, күнә-сұмдықты білмейтін-ақ жүрегі арамдықтың неше атасын біліп, бұрынғы қыз басы енді қатын болып қалған тәрізді, бұл былғанған дененің кірі, жанның күнәсі өмірі тазармайтын тәрізді... Ит жалап кеткен ыдыстай, өзінің денесін де, демін де арам деп білді. (201- бет).

Мәтіндегі бейне бір арам сирақ ұрлық малындай, қара құзғын ұя салып кеткен тәрізді, нәрестедей уыз дене, былғанған дененің кірі, жанның күнәсі өмірі тазармайтын тәрізді, ит жалап кеткен ыдыстай теңеулері-авторлық теңеулер. Айтылған іс-оқиға, құбылыс теңеулер арқылы оқырман жанын тербетіп, кейіпкердің жанын жеген нәзік сырды аңғартады. Ақбілектің басына түскен ауыртпалықты қоюлата түседі. Ақбілектің ішкі сезім иірімдері толығырақ ашылады. Осы теңеулер арқылы психолог жазушы басқа жазушылардан ерекшеленіп, шеберліктің шыңына жеткен.

Жүрегінің дүрсілі болғай еді деп, қолын кеудесіне басып еді. Тас, тас емес-ау, темір емес - ажал шықыр еткендей, қуйқа тамыры шымыр етті. Апан көр сияқтанды. Өйткені ажалдай түсі суық саудыраған үш адам келіп қалды. Бала қамаған лаққа ұсап, апанды айнала жүгіріп, өкпесін соққан торғайдай торға ілінді (Ж.А.,150-бет).

Көріктей амалдарының бірнеше түрін қолданған. Ажал - абстракт ұғым, бірақ мәтінде ажал ит сияқты абалайды, ажал шықыр етеді, жанды нәрседей дыбыс шығарады. Мұның бәрі эмоциялық әсер туғызады. Ажалдай түсі суық саудыраған үш адам, бала қамаған лаққа ұсап, өкпесін соққан торғайдай теңеулері, ажал сөзінің қайталанып келуі баяндалған оқиғаның әсерін күшейтеді.

Кейіпкерлердің күйін, өкінішін, аянышын, ызасын, көрген қорлық-зорлығын, жиреніш сезімдерін жинақтап жеткізген теңеулер жазушының шеберлігін танытып, адам жанын түсініп, адамзаттың ішкі сезімдерін жеткізе білген психолог жазушы екендігін танытады.

Сонымен, теңеулердің прозадағы қызметі төмендегідей сараланады:

-адам сезімін, көңіл-күйін, психологиялық, халін суреттеуде теңеулердің атқарар ролі ерекше: *Жұртта қалған сулы шүберектей, өкпесін соққан торғайдай, сең соққан балықтай т.б.;*

-кейіпкерлердің портретін беру үшін теңеулерге иек артқан: *аузы-басы бияздай қожасаға айтқан нияздай; бет-аузы жұртта қалған сірідей тырысқан; қол-аяғы шидей; бойы шүкиттей; көзі тұздай, мұрны біздеі, шашы кірпішешендей; бет-аузы құтты шоміш; шапашоттай жымырайған; қарны кебежедей; денесі сүйреткен қыл қыбырдай; күректтей теке сақалды теңеулер арқылы кейіпкердің жағымсыз бейнесі суреттелсе, еті уыздай аппақ; білектері, сандары оқтаудай жұп-жұмыр; без белді қара бүркіттей; мұртын қаздың құйрығындай ширатқан; шашын енесі жалаған бұзаудай тарап; қол-аяғы бақандай;*

қойшының өзіндей қоңыр жігіт; тұтқыштай қара, жарғақтай ысқаяқ; кеспектей дембіл қара жігіт; қошқар туған қозыдай келбетті; ай мен күндей бір сұлу; мойны құйған шамдай; оймақтай аузы; үріп ауызға салғандай т.б. теңеулері кейіпкерлер портретін сомдайды.

Жазушы кейіпкерлері түр-түсі, келбеті жағынан бір-біріне мүлде ұқсамайды. *Еті уыздай аппақ, білектері-сандары оқтаудай немесе мойны құйған шамдай, еті уыздай аппақ, үріп ауызға салғандай, ай мен күндей* деп теңеу арқылы қыздың ешбір мінсіз көз тартарлық көркем де нәзік қасиеттерін қоса аңғартады. Бұл теңеулер ауыз әдебиетінде де кездеседі. Бұдан шығатын қорытынды, автор тіліндегі теңеулер халықтың үлгіден бастау алған, өз ерекшелігі, әсерлі айшығы бар теңеулер. Табиғат көрінісі осы тараудағы кейіпкерлердің, Бекболат пен Ақбергеннің кәсібіне сай суреттеуден басталған.

Күн ыстық, Аспанда ақ сабынның көбiгiндей, машық ақ бұлт жүзеді. Әуе-шыбынның ызыңы, шегірткенің шырылы. Аиың өзеннің бір мүйісінде ақ торықтай ауыр қотан ақтылы қой жусап жатыр (Ж.А.,78-бет).

О кезде ызғырығы ызылдап, бойды мұздатып, сабалақ қара бұлттан түн жамылған күздің көзсіз қара түні ақ бас Алтайдың үстіне қара бурабай шөгiп, сай-салаға бауырын төсеп, дүние қарауытып келе жатыр еді. Көк жүзінде жайылып жатқан жұлдыз, қойларын көздеп тұратын шопан атасындай - жау көргендей, зым-зия жоғалыпты (Ж.А.,178-бет).

Әуе шыныдай; аттың ізі баданадай; кетпектей қара бұлт; уыз қымыздың майда ақшыл көбігiндей, буылдыр шарбы бұлттар; жапырақтары ай сәулсiне танадай жалтырап, көбелектің қанатындай желбіреп, арба астындағы шыбын қақан бұзаудың құлағы тәрізденіп әрең-әрең, анда- санда бір селбеңдеп қыбырлаған ең төменгі жапырақтар т.б. теңеулері табиғат көріністерін оқырман сезіміне әсер етерліктей дараландырып көрсетеді;

-жазушы кейіпкердің қимылын, іс әрекетін, әдетін, қалыпты күйін теңеулер арқылы береді:

Ол өзгелердей сөйлескен де, күлген де жоқ, құба шыңға құлаш ұрған жез қанат бидайықтай, талмау көзін талықсата, терең қиялга шомды (Ж.А.,160 -бет). Кейіпкердің терең ойға берілген бір сәттегі күйін суреттейді. Сол арқылы Ақбілектің алдағы тағдыры осы ойға отырған қара мұртпен байланысты екендігін аңғартады.

Теңеудің жұбы етіп қазақ халқы бұрыннан сиырды, қой мен түйені, қасқырды, атты, шал-кемпірді күнделікті өмірде маңызы бар құбылыстарды алады. Жүсіпбек Аймауытұлы шығармаларында теңеудің жұбы етіп атты, түйені, қой мен сиырды, құсты алады.

Мысалы, ... балалар енесіне табысқан қозыдай жамырасып ...

Бекболатты тамақ ішуге шақырған екен. Қоңылтыр аяқтағы сылдыр сорпаны жеріген жылқыша тамсанып ұрттаған болды. Сорпа ішіп отырғанын да, су ішіп отырғанын да аңдаған жоқ; ойы бөлініп, қилы әлдеқайда отыр еді (Ж.А.,207-бет).

Барғанмен көре алмассыз, ұйықтап қалды,-деп еді, ол сөз Бозінгеннің құлағына бит шаққандай құрлы кірген жоқ, қол-аяғы жерге тимей, шошалада сүт пісіріп жатқан қара кемпірге барып, көзін ашып-жұмып, естіген хабарын айтты. Қара кемпір бір тамсанып, отын көсей берді. Оған жарымаған кісiдей, Бозiнген шудасы желкілдеп, байын іздеді.

Өз үйіне түгел естірген соң, бұл хабарды ішiне сыйғыза алмай, Бозiнген бошалаған түйеше тайраңдай басып, екі қолын алды-артына құлаштай сермен, Бірқұлактікіне қарай жөнелді. Ауылды қыдырып жүрiп, бірталай жанды құлақтандырған соң, қасына екі қыз, бір қатын ертіп, ендi Бозiнген Күмсiнайдікіне тартты (Ж.А.,196-бет).

Сөз құған, өсек айтқан Бозінген мінезін автор оның қимыл-әрекетін, жүрісін суреттеу арқылы образды түрде жеткізеді. Осы мәтінде етістікті тіркестердің қызметі айырықша. *Қол-аяғы жерге тимей, көзін ашып-жұмып, естіген хабарын айтты; естірген соң; ішіне сыйғыза алмай; құлақтандырған соң, шудасы желкілдеп; бошалаған түйеше тайраңдай басып; жөнелді; тартты –* Бозінгеннің қимыл әрекетін мысқылдау үшін тартылған бірліктер.

Бошалаған түйеше теңеуі кейіпкердің өсекшілік қылығына автордың мысқылдық қатынасын білдіреді. Бейнелеу тәсілінің ұтымдылығы кейіпкердің жүріс-тұрысын суреттеу арқылы оның бүтіндей образын беруі. Прозадан сортаңнан келген *сиырдай, шөлкес аттай, арқандалған аттай, жылқы тістеген «майлы аяқша», мұрны жырық тартынышақ түйеше, т.б.* теңеулерді көптеп келтіруге болады.

Ақбілекті ауызға алуға бір адамның тілі бармады. Өйткені ол жара - атын атауға адамның аузы жiрнетiн жара еді. Ол жараң Мамырбайға гана емес, бәрiне де намыс,

қорлық, масқаралық еді (Ж.А.,172-бет).

Ақбілегін жақсы көргені, аяғаны, қызғанғаны, өкінгені, жиренгені, қорланғаны – бәрі араласып, ақсақалдың жүрегінде зіл қара тастай бір бітеу жара пайда болған еді (Ж.А.,258-бет).

Жазушының бейнелеу құралдары көбінесе ауыл тұрмысынан алынады. «Ықаң шылымын тұтатқанда әуелі аузын толтырып, түтінді жөдемежете будақтатып жіберді. Оны көргенде Бекболаттың көзіне кешіке таман басына күл шашқан бұқа елестеді» (215).

Темекі тартқанды көрмеген Бекболаттың есіне бұқа түсуі нанымды болса, оқырман үшін күлкілі жазушы қолмен ұстағандай жанды сурет жасай қойған.

«Муртын тазының құйрығындай ширатқан, шашын енесі жалаған бұзаудай тарап, жылтыратқан ақ киімді дәрігер де матушекелерге орысшалап, ауру жатқан үйлерді нұсқап, бірдеңе тапсырып жүр» (196).

Автор ауылда өскендігін білдіріп, қазаққа таныс көріністі шебер қолданған. Байқағыштық, ұқсатқыштық шебер жазушыға ғана тән қасиеттер. Дәрігердің қандай адам екенін білмесек те, оны да сықақтан автордың құр қалдырмағанын аңғарамыз.

Пароход сорпа жалаған кәрі төбетше суды сылп-сылп ұрып қозғала бастады» (314).

Мұнда да ауылға тән көрініс пен техниканың жанды сурет жасағанын көреміз, тіпті пароходтың жүзіп бара жатқаны естілгендей әсер береді.

Шекер беті қолын сабындап жуып, Күнекейін алдына отырғызып, шашын тарап отырып күйеуді тағы да жамандады:

Көзі – дәл өлетін сыырдың көзі. Мұрны - шолақтың күйген бармағы, аузы - талыс, өзі аумаған Түйебай...-деп, сол елдегі сұмпайы біреуге теңгеріп, әбден іске алғысыз қылды;

Бұл келген төрт жігіттің бірі: қошқар туган қозыдай келбетті, бітімді Ақбала еді; енді бір келбетті де, киімі де қоңырлау, жүріс-тұрысы да солапаттау Балташ деген жігіт еді, одан соңғы дүрдек ерін, жалпақ мұрын, бір көзін ашса, бір көзін баса қарайтын Доға деген қара бұжыр жігіт еді. Төртіншісі Доганың жанында еркіштей, Балташтың жанында шапашоттай жымырайған Жорғабек деген кісі еді (Ж.А.,226-бет).

Қашан көрсен де көзі ойнақтап, нұшықтау мұрнының жұқа танауы делдейіп, дөңес маңдайы жылтырап, қунақы құлыңша атығырылып тұрғаны. Өзі орта бойлы, арам еті жоқ қағілез, сайтан секілді ұшып тұр. Жүріс-тұрысына, бет құбылысына, қол сермесін көз ілеспейді.

Танауы таңқиған, омырауы аңқиған, кеңірдегі сорайған, жіліңшегі сидиган, саусақтары сытсиган, үркек малша оқиған, бес тал сақалы шоқшиған, шынжау етті, шың бетті, жанына пышақ жанитын, бір көргеннен танитын Искендер екен кәдімгі.

Жазушы шығармаларында кездескен деңгө көлемін айқындайтын сөздер: екі шығына екі кісі мінгендей, ұзын бойлы, қарны кебежеседей, орта бойлы, бойы шүкиттей, кеспектей дембел, без белді қара бүркіттей, шынжау етті, денесін сүйреткен қыл қыбырдай, ершіктей, шапашоттай, жымырайған, аришын тості, арам еті жоқ шомбал т.б.

Кеспектей дембел қара жігіт талтаңдай басып қарсы барды.

Аулына келе жатып Ақбілек өз-өзінен жирене бастайды: «Енді бұрынғы нәрестедей уыз денесі былғанып, арамданып қалған тәрізді, бұрынғы кіршіксіз, аппақ кеудесіне енді қара құзғын ұя салып кеткен тәрізді; күнә-сұмдықты білмейтін ақ жүрегі арамдықтың неше атасын біліп, бұрынғы қыз басы қатын боп қалған тәрізді: бұл былғанған дененің кірі, жанның күнәсі өмірі тазармайтын тәрізді. Өз аулының тауына, жеріне жақындаған сайын таза жерді басуға өзінен-өзі ұялып, атылып өліп кетпей, қара мұрттың мылтығына бекер-ақ жармасқан екем деген өкініш пайда болды; ит жалап кеткен ыдыстай, өзінің денесін де арам деп білді...» (194). Бұл монолог Ақбілектің ішкі арпалысын, тартысын білдіреді. Ақбілек аулына келгенде біраз уақыт ауыл адамдары оған бәйек боп, жаны ашитындай, сыйлайтындай көрінеді. Ақбілек «жұрттың көзқарасы маған өзгермепті, менен ешкім жиренбейді екен» деген ойда болады.

Анатомиялық деңгө мүшелерінің бірінің атауын адам деген ұғымның орнына қолдана отырып, сол арқылы кейіпкердің өзіндік бір ерекшелігін аңғартады, не ұнамды-ұнамсыз мінез құлқын білдіреді.

Авторлық теңеулер: Ит жалап кеткен ыдыстай- халықтық тілде бес ит жалағандай Қара құзғын ұя салып кеткен тәрізді.

Жұртта қалған су шүберектей

Аузы басы бияздай қожсаға айтқан нияздай.

Ақ сабынның көбігіндей

Сортаңнан келген сиырдай

Қаңылтыр аяқтағы сортаңы жеріген жылқыша

Ұйықтап тұрған қатынның жаулығы құсап.

Тоқымдығы кеппей жүрген қунақы жаңуардай

Дағдылы теңеулер жазушы қолданысында түрленіп өң алады. Портрет жасауда теңеулерді таптырмас тәсіл ретінде жұмсайды. Жұртта қалған сірідей, бет аузы құтты шөміш, т.б.

Кейіпкердің бір сәттік кезін, сезімімен астарластырып теңеу арқылы суреттейді: құба шыңға шыңға құлаш ұрған жез қанат бидайықтай

Теңеулер қазақы танымнан алынған. Халқымыздың тұрмысы мен салт – дәстүріне байланысты теңеулер.

Бейне жасаудың астарлы түрлендірулерін көркем әдебиетте перифразалар деп атайды. Мысалы, Бір кездегі ауқатты үйлердің қора мүлкі қалқайып-сиқайып қалыпты.

Жұрттың аяқ шенінде шенді басты үйлер азығын тауысты.

Жазушы қолданысындағы жаңаша тіркестер, ұлттық теңеулер, сөз өрнектері – ұлттық танымды айқындайтын бірліктер.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аймауытов Ж. Шығармалары. Алматы, 1989. - 559 б

2. Әуезов М.Әр жылдар ойлары. -Алматы, 1959. - 556 б.

ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚ КІТАБЫНЫҢ МӘРТЕБЕСІ

А.Т. КЕНЖЕБЕКОВА

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ

Б.Т. БАТКЕЕВА

ф.ғ.к., доцент, С. Торайғыров атындағы ПМУ

«Қазіргі кезде аталарымыздан қалған алуан түрлі манускриптер мен қолжазбалар, литографиялық және киелографиялық кітаптар, автографтар, суреттер де табылуда. Олар Москва, Ленинград, Қазан, Ташкент, Алматы, Уфа, Ереван, Лондон, Париж, Копенгаген қалаларындағы кітапханаларда сақтаулы тұр. Бұл мұралар – Орта Азия халықтарына, атап айтқанда, өзбек, қазақ, тәжік, қырғыз, түркімен, қарақалпақтарға ортақ дүние. Талай ғажайып сырлар, мөлдиреген тұнық ойлар, асыл қазыналар осынау жазба мұралар қойнауында жатыр. Европа мен Россиядағы кітаптану ғылымы ертерек зерттеліп есейгендігін танытса, ұлттықкітаптар тарихын зерттеу ісі әлі күнге дейін дамымай келе жатқандығын ескере отыра, республикамыздың кітаптану ғылымы саласымен шүкшия шұғылданып, арнайы зерттеп жүргендердің алдында қиындығы мол күрделі мәселе тұрғандығын айтпасақ болмайды.» деп бозторғайдай шырылдаған Жиреншин қазақ қанды кітаптардың мәселесін көтерген болатын. Дей тұрса да, бүгінгі күні Жиреншин аңсаған қазақ кітаптарын өз уысымызға түсірсек те қазақ кітабының мәртебесі қандай көрініс табуда? Қазақ кітабы жайлы аз айтылып жүргені шамалы. Ендеше неден бастасак екен.

Қазақ кітаптары топтамасы бүгінгі таңда кез келген Ұлттық кітапхана қорының құнды құрамы болып табылады және ҚР кітап ескерткіштеріне жатады. Олар – араб және латын графикасымен басылған қазақ кітаптары. Қазақстанда жазу реформасы оншақты жылдың көлемінде (1929-1940 жж.) екі рет жүзеге асырылды: 1929 жылға дейін қолданылған араб графикасынан латынға, 1929-1940 жылдары қолданылған латын графикасынан кириллицаға көшірілді. Араб графикасымен басылған 1841-1932 жылдар аралығын қамтитын қазақ кітаптарының саны – 1500, латын графикасымен басылған 1926-1941жылдар аралығын қамтитын қазақ кітаптарының саны – 3500 аталым. Жәдігерлердің ішінде аты әлемге танымал Шоқан Уәлихановтың (1835-1865), Ыбырай Алтынсариннің (1841-1889), Абай Құнанбаевтың (1845-1904) кітаптары бар. Араб графикасымен басылған қазақ кітаптарының ішінде көпшілік біле бермейтіндері де кездеседі. Оған XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында өмір сүрген мұсылмандық дүниетанымдағы жазушылар Мәшһүр-Жүсіп Көпеев,

Ғұмар Қараш, Шәді төре бин Жиһангер, Кашшаф-уд-дин Шахмардан, Шайхислам ұлы Жүсіпбектің кітаптарын жатқызуға болады. Қазақ кітаптары топтамасында репрессия құрбандары Ахмет Байтұрсынұв, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Халел Досмухамедов, Шәкәрім Құдайбердіұлы сынды жазушылар мен қоғам қайраткерлерінің еңбектері мен шығармалары бар. Латын графикасымен басылған қазақ кітаптары топтамасында қазақтың классик жазушылары Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Сәбит Мұқанов, Жамбыл Жабаев, Ғабит Мүсірепов, Тайыр Жароков, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Әбділдә Тәжібаев, сондай-ақ Мұхтар Әуезовтің әлемге әйгілі «Абай жолы» роман-эпопеясы бар. Белгілі қоғам қайраткерлері мен ғалымдары Ж.Сәдуақасов, Т.Рысқұлов, А.Лекеров, М.Ақынжановтың т.б. шығармаларының алғашқы басылымдары сақтаулы. Бұл аталған кітап қорлары өз туған топырағының ұлттық сөресінде орын алған «Қазақ әдебиеті».

Қазақ әдебиеті — қазақ халқының ғасырлар қойнауынан ұрпақтан ұрпаққа жеткен рухани, мәдени мұрасы, сөз өнерінің асыл қазынасы. Қазақтың сөз өнерінің тегі әріден, түркі тілдес тайпалардың өз алдына халық болып қалыптаспай тұрған кезінен басталады. Халық фольклоры мен поэзиясының негізі сол тайпалар шығарған ертегі, аңыз, мақал-мәтелдерде жатыр. Батырлардың отаншылдық сезімі, туған халқының азаттығы жолындағы күрестерін жырға қосқан батырлық эпостар («Қобыланды батыр», «Алпамыс», «Ертарғын», «Қамбар батыр», т.б.), халық арасына кең тарап, сүйікті шығармасына айналған, жастардың адал махаббаты, алмағайып тағдыры жырланған лиро-эпикалық дастандар («Қозы-Көрпеш – Баян-Сұлу», «Қыз Жібек», т.б.) қазіргі қазақ әдебиетінің өз алдына мол мұрасы болып саналады.

Осыдан біраз жыл бұрын қазақ әдебиеті кеңістігінде кітаптың классикалық дәуірінің аяқталуы туралы бірқыдыру сөз болған болатын. Сол әңгіме уақыт өткен сайын үдей түспесе, тыйылар емес. Әлбетте, бастапқыда үлкен-кішіге үрей тудыра келген сыпсың сөз мезгіл ауыса бере үйреншікті жағдаятқа айналып жататыны белгілі ғой. Қазір бұл тараптағы гөй-гөй тек авторлардың ғана емес, баспагерлер мен газетшілердің де басында тұрған жайға айналған. Түрлі деңгейдегі статистикалық деректер де жыл сайын баспа өнімдерінің азайып кетуімен бірге, кітапханаларға жазылушылар мен келушілердің саны да кеміп келе жатқанын көлденең тартады. Неліктен кітапхана тұтынушыларының саны азаюда? Мүмкін, оқитын қазақ қалмады ма?! Әлде, бүгінгі заманға білімнің керегі шамалы ма? Қызығуға тұрарлық қандай заманауи қазақ әдебиеттері баршылық? Осындай сұрақтар бүгінгі таңдағы жанашыр оқырмандардың жанын қаншалықты мазалады?

Сөздің шындығына тоқталсақ, мәселен атап айтсақ: Сесилия Ахерн, Пауло Коэльо, Ләон Януш Вишневский сынды Батыс еуропалық жазушыларының туындыларына деген қазақ оқырмандарының сұранысы қазақ әдебиеттерімен салыстырғанда әлдеқайда жоғары. Әрине, бұл батыс шығармаларын қазақ тіліне аударып қазақ оқырмандарының сұранысын арттырып мәселені оңтайлы жолмен шешуге болады. Бірақ! Кез келген қазақтың оқулығы оқырманның санасында үлкен тәлім-тәрбие қалдыруы тиіс, яғни, жоғарыда атап өтілген батыс туындыларының ұлттық менталитеті қазақ қауымына жат келеді. Сондықтан, өзіміздің қарапайым, бойында қазақтың қаны тамған замандас жас қаламгерлерді айран мен құртты дәм етіп, арбалы ат үстінде көшіп-қонып жүріп көшпелі атанған көне қазақтарды жырлай бермей, 21 ғасырдың қазақ елі, қазақ баласы туралы небір жақсы туындыларды дүниеге әкелуге әбден болады. Осы орайда Қазақстан Жазушылар Одағының атқаратын қызметіне назар аударсақ. Жалпы Жазушылар Одағы 755 қаламгерлерден тұратын үлкен шығармашылық ұйым екен. Қазақстан Жазушылар Одағының басты қызметі қаламгерлердің шығармашылығын қолдау және еңбектерін жарыққа шығаруға көмектесу болып табылады. Сонымен қатар, өскелең ұрпақтың бойында рухани құндылықтарды, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.

Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай «ZHERSU» Корпорациясы мен Қазақстан Жазушылар одағы ұйымдастырған халықаралық «Дарабоз» бәйгесі өткізілген бұл шараның мақсаты - өсіп келе жатқан балдырғандардың рухани байлығын арттырып, балаларға арнап жазатын жазушылардың мәртебесін жоғарылату мен осы тақырыптағы шығармашылықты дамыту болып табылады. Бәйгеге республиканың түкпір-түкпірінен 670 әдеби шығарма жолданыпты. Тұңғыш қазақ меценаты Есенқұл қажы Маманов атындағы Бас бәйгесі (1 миллион теңге) - шығарма аты «Жанталас», авторы Жеңісбек Дулатбекұлы (Талдықорған

қаласы) жеңіп алды. Бұндай шараның өткізілгені керемет қой, бірақ мындай қомақты жүлдені ұтып алған шығармаға деген оқырманның сұранысы кітап дүкендерінің сөрелерінде аталмыш туындының жоқтығынан байқауға болады. Яғни, Қазақстан Жазушылар Одағы мерекелік шараларды өткізіп қана қоймай, жүлдегер жас жазушылардың туындыларына деген оқырмандардың қызығушылығы мен сұранысын арттыруға қомақты қаржы бөліп шаралар өткізулері қажет. Бүгінгі таңда, жас буын өкілдері үшін өкінішке орай ақпарат легінің көзі кітап емес, интернет желісі болғандықтан, жоғарыда аталған Жеңісбек Дулатбекұлының шығармасын интернет желісінен тауып, 1 миллион теңге жүлдесіне ие болған бұл керемет шығарманы оқып ләззат алмаймыз ба?!

Дегенмен, «жоғары оқу орындарына оқулық ауадай қажет» деген мақсатпен, Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен техникалық, экономикалық бағыттарға арналған 72 оқулық таза қазақ тілінде жарық көрді. Бұл туралы, «Жоғары оқу орындарын оқулықпен қамтамасыз ету мәселелері» тақырыбында өткен VI республикалық конференцияда мәлім болды. Жоғары оқу орындарының ректорлары, кітапхана басшылары мен оқулық авторларының басын қосқан конференцияда ізденушілерге арналған оқулық мәселесі, сондай-ақ отандық авторлық мектепті қалыптастыру, үздік шетелдік оқулықтарды мемлекеттік тілге аудару мәселелері кеңінен талқыланды. Жасыратыны жоқ, жоғары оқу орындарының ізденушілері әлі күнге дейін шетелде басылған оқулықтармен тәлім алуға мәжбүр. Тағы бір олқылық, қазіргі таңда мемлекеттік тілде шығарылған оқулық некең-саяқ. Шалғай ауылдан келіп, білім алатын студент үшін өзге тілді оқулықтарды меңгеру қиын-ақ. Жоғары оқу орындарын мемлекеттік тілдегі оқулықтармен қамтамасыздандыру - күн тәртібінде тұрған негізгі мәселелердің бірі. Бүгінгі таңда республика бойынша студенттердің 52 пайызы, яки 320 мың студент қазақ тілінде білім алады. Ал кітапханалар қорында 50 миллион оқулық болса, соның бар-жоғы 8 миллионы ғана мемлекеттік тілде жазылған. Жоғары оқу орындарын базалық оқулықпен қамтамасыз ету орташа шамамен 70 пайызды құрайды. Мұның тек 30 пайызы ғана қазақ тілінде. Аталмыш кемшілікті шешу мақсатында оқулық мәселесі талқыланған былтырғы конференцияда министрлік тарапынан 160 мың данамен таратылатын 130 базалық оқулық шығару туралы шешім қабылданған болатын. Биыл жалпы таралымы 96 мың данамен 72 оқулық мемлекеттік тілде жарық көрді. Қалған оқулықтар осы жылдың аяғына дейін шығарылып, республиканың түкпір-түкпіріне таратылатын болады. Тұңғыш рет ел бюджетінен 130 базалық оқулықты шығару үшін 137,7 миллион теңге қаржы бөлінді. Бұл - жоғары оқу орындарын оқулықпен қамтамасыз етуге деген алғашқы қадам екен. Жалпы, таныстырылған 72 оқулықты шығаруға 23 жоғары оқу орынының ұжымы қатысса, ал оқулықтарды жазуға 157 ғалым мен қазақстандық жоғары оқу орындарының үздік оқытушылары жұмылдырылған екен. Мемлекеттік бюджет комиссиясы жыл сайын 200 миллион теңге бөлуге келісім берген екен. Білім және ғылым министрі Бақытжан Жұмағұлов осы қаражатқа жаңа оқулықтар шығарылатынын атап өтті. Келешекте қазақ әдебиетін өркендетуіне, жас жазушылардың жақсы туындыларын дүниеге әкелуге, сонымен қатар бұл әдеби дүниелер мен оқырмандардың жандарын жанастыруға арнайы шаралар өткізуге мемлекеттік бюджет комиссиясы бөлетін қаржының бір шеті тисе ауыз толтыра айтуға тұрарлық іс болар еді.

Мұндай игі істің де игілігін оқырман көріп жатса қазақ кітабының мерейі өсе түсер еді. Кітап қамы – болашақ қамы. Елдің бүгінгі мен ертеңі, өсіп келе жатқан ұрпағының қандай болатынын ойлау, жоспарлау, өзге елден кем түспеу жағын және өзгенің өзегінде кетіп қалмау жағын ойлаудың бәрі ұлттық мұрат, мемлекеттік міндет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жириеншин Ә. Қазақ кітаптары тарихынан / Ә. Жириеншин. – Алматы: Қазақстан. – 1987. – 142 б.
2. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы - Алматы, «Атамұра» баспасы, 2011.
3. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010.
4. Abai.kz интернет торабы

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ТҮЛҒАНЫҢ РУХАНИ МӘДЕНИЕТІ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ КІТАПХАНАНЫҢ РӨЛІ МЕН ҚЫЗМЕТІ

З.С. МАШРАПОВА

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Кітапхана тарихының бүкіл ғұмырында ұрпақтан – ұрпаққа жалпы адамгершілік құндылықтарды жеткізу және сақтау міндетін атқарады. Бұл қай қоғамның болсын ең басты сақтау факторы, мәдени салт – дәстүрдің жеткізу қозғалысы. Кітапхана адамзаттың мәдениетінің бір бөлігі бола тұра, сонымен бірге мәдени құндылықтардың тарату, жаңарту және көбейту жолдарының дамуының ең басты факторы.

Қоғамдағы мәдени мекеме ретінде трансформацияға ұшырап кітапхананың қоғамдық рөлін және міндетін өзгеріске сұраныс табалына сай бояу керек. Уақыт өткен сайын кітапхана рөлі әлеуметтік институт рухани және тәрбие үлгісі ретіне жоғарлайды. Берілген әлеуметтік – мәдениеттік институты көбінесе өз бетімен мәдени саясатын өзі жасайды. Сондықтан, тұлғаның әлеуметтік қозғалысының ең маңыздылығы, қарым – қатынас және демалуының рөлінің маңыздылығын айтқан жөн.

Біздің мемлекетіміздің көп ұлттылығын ескере отырап, келетін оқырмандардың әр түрлігін ескере, жоғарығы руханилығын қалыптастыруға әсер ету, тұлғаның жан – жақты дамуына рухани байлығын молайтуға түрлі қызмет көрсету түрі қолданылады.

Кітапхана, көбінесе оның ішінде әсіресе ауылды жерлерде халықтың рухани қажетін және әртүрлі сұраныстырына комплексті қанағаттандыратын қоғамдық мекеме. Нарықтың кезде өмір сүре тұра, коммерциялық емес мекеме бола ретінде, кітапхана жалғыз ақысыз мәдени мекеме функциясыннан басқа, халыққа мәдени және әлеуметтік қызмет көрсетуде. Айта кететін мәселе, ақпараттық функциялар бүгінгі күнде ерекше қаржылауды талап етеді, сол себептен көптеген кітапханалар өз жұмысын толық орындай алмайды.

Шығармашылық қарым – қатынасы, демалуды ұйымдастыру қызметі коммерциялық негізгі болмағандықтан көптеген адамдарға қол жетерлік, сондықтан оқырмандарға қол жетерлік және сұрасыны барлық қызмет.

Кітапханалар көбінесе клуб түріндегі мекеме функциясын атқарады. Кітапханаларда әдеби – музыкалық, салалы және қонақ күту бөлімі, эстетикалық студиялар, үйірмелер және шығармашылық үйірмелері т.б. жұмыс жасайды. Қалалық және ауылдық кітапханаларда коллекционерлер, музыкаға көркем өнер адамдары жиі бас қосады.

Жеке жұмыспен бірге кітапхана күшімен мейрамдар және тақырыптық кештер, отбасылық күндер демалысы өткізіледі. Кітапханалар мәдени орталықтармен бірге халықаралық қатынас, жастардың қалыптасуымен қызмет көрсетеді. Көбінесе, соның ішінде ресми құжаттарда, кітапхананы мәдени мекеме деп атайды, бүгінгі күнде халықтың мәдени орталығы бола тұрып, адамдар жанының рухани байлығын және қалыптасуының орталығы.

Бұның барлығы қазіргі замандағы кітапхананың функциясы мәдениеттің ең басты қозғаушысы деп айтуға болады. Белгілі кітапханашылардың ғылыми жұмыстарында (В.Р. Фирсов, А.В. Соколов, Е.Т. Селиверстова т.б) мәдени функциясы қолданбалы өнер деп қарауға болады.

Кітапхананың орналасуына байланысты, оқырмандардың континентіне және басқа да факторларға негізделі ең басты жоспар бола алады. Бірақ, кітапхана мәденилік функция өзгеріске ұшырай отыра, көбінесе ақпараттық, қарым – қатынастық т.б. әлеуметтік функцияларды орындайды. Сондықтан кітапхананың мәденилік потенциалық зерттеген заңдылық.

Тұлғаның өсуде жанама, сапалы, шығармашылық мүмкіндігін ашу, мүмкіндігі мен қабілетінің ашылуына ықпал ету, мәдени – әлеуметтік орталықтың замауи талабының бірі.

Жалпы айта кетсек, кітапхананың жұмысы оқырмандардың руханилығының емін – еркін қалыптасуы, отандық мәдениетке және халықаралық байлықтарға ұштастыру. Қазіргі заман кітапханасы әлеуметтік – мәдениеттік институты, мәдени салт – дәстүрді, әлеуметтік, рухани, шығармашылық қабілеттерінің сақтаушы ретінде.

Ақпараттық – мәдениеттік жұмысы кітапхана жұмысының негізгі техникалық және культурологиялық аспектілердің бірі. Ю.А.Шрейдердің ойынша, қоршаған орта техника

объектісінің бірі; ол сақтау және ақпарат жүйесі болып саналады. Қоршаған орта қарым – қатынас құралы ретінде қаралса онда ол мәдениеттің бөлінбес бөлігі және осы жағынан зерттелу керек. [1]

Кітапхананың дәстүрлі қоғамдық рөлін мәдени мұрасын сақтап байланыстыру-әлеуметтік функция мемориалы деп аталады. Кітапхананың бейнесін әлеммен байланыстыру емес, кітапхананы адам естелігі деп атайды.

Жетпісінші жылдар ортасында кітапхана концепциясы әлеумет-мәдениеттік институты ретінде (тұжырымдаманың авторы И.М. Фрумин) тұжырымдалған. Осы концепцияға байланысты ішкі әлеуметтік жеке түрінде және сыртқы технология түрінде қарала бастады. [2] Сыртқы адамның ойының сақтауы және қабылдауы, жалпы оқырмандардың ұйымдастыруы; Ішкі техникалық жүйе, кітапхананың жүйелігін қалыптастырады, олардың жалпы және тәнді функциясы.

Сексенінші жылдың басында ақпараттандыру барысында кітапхана іс-әрекетін сараптау функциясын ақпараттандыру жүйесіне бірегей және жалпылай көшіру басталды. А.В. Соколов, ақпараттандырудың жүйелілігін екі функциялық топқа бөлді: негізгілік және қолданбалы. Негізінде (қарым – қатынас, танымдық) әлеумет-мәдениеттік негізгі алғашқы түрі, әлеуметтік жағдайның хал – ахаулына негізделмеген. Қолданбалы негізінде тәжірибелі жұмыс, яғни қайталанбасы.[3] Оның негізгі қасиеті – өсуі. Кітапхананың рөлі қоғамда, оның негізгі, негізділігінің өміршеңдігінде. Сонымен, А.В. Соколов кітапхананың негізін әлеуметтік институт – қоғамдық қарым – қатынасының негізгі қатынасушылары деген.

Сексенінші жылдардың ортасында кітапханаға деген көзқарас мәденилік деп, В.Р. Фирсов өзінің жұмысында толық көрсетіп кеткен. [4] Сонымен бірге, кітапхана негізінде қарым – қатынасты және танымдылық бағытында берілген негіз ретінде құндылық – бағыттық болып саналады. Бұнысымен, кітапхана әлеуметтік институт ретінде, ең бастысы адамзаттың социализация тетігі болып саналады, қоғамдағы ақпарат көзі ғана емес. Тұлғаның социализациясы, автордың тұжырымы бойынша, мәдениет пен бірізділік негізінде.

Сонымен сексенінші жылдары кітапханалар әлеуметтік институт ретінде екі бағытта қаралды: ақпараттық және мәденилік. Кітапхананың мәдени міндеті – бұл барлық жұмыстар түрлерінің жиынтығы, оқырмандардың еркін дамуы, отандық және әлемдік құндылықтарға қосылуы, мәдени өрекетке (өнімді және өнімсіз) жағдай жасау.

Мәдениеттің басты және өзекті бөлігі бола тұра, адамзат мәдениетінің басты құндылығы ретінде, кітапхана мәдени өсудің ең құнды факторы ретінде, халықтың және елдердің мәдениеттінің дамуы, жаңаруы, таратылуы болып табылады.

Кітапхана өз міндетінің функциясынан тыс шықпайтын, қандай да құндылықты негізге алмайды. Кітапхана әр оқырмандарды мәдениеттілікке, мәдени институттың ақпараттың рөліне қатысты ең басты құндылығы. Кітапхананы көшенің екі бағытын: бірінде кітапхана оқырманға ақпаратты мәдениеттің өркендеуі туралы, екіншісінде оның құндылықтары туралы ақпарат ағымы деп айтуға болады.

Қазіргі кітапхана қоғамның рухани өмірі рөлін көрсету үшін, ерте заманда кітапханасыз ұлы істерді ұйымдастыра алса, қазіргі кезде адамзаттың «естелігі» шығармашылық ойлармен тығыз байланыста екенін айтса жеткілікті.

Қазіргі заман жазушылары, режиссерлері, суретшілері, ғалымдары, басқа да мамандық иелері өздерінің шығармашылық кезеңінде ақпарат көздерінсіз мүмкін емес, оларды кітапханадан алынады. Әрине, бұл жалғыз емес, бірақ, шығармашылықтың ең басты шарты сол [5].

Әсіресе кітапхана рөлі адамның мәдени – өнімді іс – әрекеті. Кітапхана әрқашанда қоғамдағы ең керекті мәдени көз, қалың қауымға ең қолайлы ақпарат каналы. Әлемде бір миллион кітапхана, алты млрд. кітаптар қорымен жабдықталған. Бірде бір мәдени мекеме кітапханамен салыстыруға мүмкін емес. Аудитория көлемі бойынша салыстыруға тек теледидарды ғана айтуға болады.

Адамзаттың мәдени – өнімді іс – әрекетінің құралы ретінде, кітапхана оқырмандардың мәдениеттілігінің дамуына әсер ете отыра, ұлттық және әлемдік мәдениеттің дамуына ықпал жасайды, тұрмыстың дамуына жағдай жасайды. Кітапхана жұмысының барысынан елдің мәдениетінің дәрежесін айту тегін емес. Кітапханалар мәдениеттің, үгіттеудің дамуының әмбебабы. Олар бүкіл мәдени мұраның құжаттарын тіркеуде. Басқа мәдени мекемелерге

қарағанда әр адамға жеткізе алуында, себебі оның іс – әрекетінде нақты адаммен жеке жұмыс жүргізу негізі бар.

Айта келгенде, кітапханалар адамзаттың, жеке халықтардың, елдердің мәдени мұрасының сақтаушысы. Олардың қорларында өткен және бүгінгі ақпараттар сақталған. Мұндай кітапханалар ұлттық ретінде, шығармаларды өмірбақи сақтауға негізделген. Кітапхананың мәденилік функциясы іс – әрекетін көптеген формалар арқылы таратады: басылымдарды таратудан, қызығушылық клубтары мен әуесқой ұйымдардың ұйымдастыру және т.б. Бірақ, негізгі міндеттері сол қалыпта қалады. Оның негізі, көптеген оқырмандар рухани құндылықтарының мәдени негізділігі, әлемдік мәдениетін ұстанымын жоғары деңгейде меңгеру, рухани қоршаудың шектеулігінен босап, адамзаттың ойы, сезімі және қимылы жан – жақты болып, үйлесімділігінің дамуы болып табылады.

Мәдениет пен кітапхана өте тығыз байланыста. Ең бастығы қандай мәдениетке және байланыс құқылығы барлығы. Кез келген қоғам көп бөлшектерге бөлінген, (мысалы бай және кедей, билік бар және оның қолға тимеуі) өзара түсінбеушілікке соқтырады, бірлік болуына бөгет болады. Кітапхана, осы қоғам бөлшегіндегі түсінбеушілікті сырушы ретінде түсінбеушілікті кеміту жолында белсенді күрес жүргізуші бола алады. Көбінесе, кітапхана адамдар үшін кітап мәдениетіне бейімделу және кітап нарығы мен конъюктурасының жағдайына қарамастан – ақ, адам қоғамына әрекет ете алатын бүкіл әлемдік кітап мәдениетілігі. Сонымен, кітапхана әлеуметтік тепе – теңдік функциясын, әлеуметтік шындықтың міндетін орындайды. Кітапхананың әлеуметтік институт ретінде дамуы оның жағдайының мемлекет саясатының әлеуметтік және мәдениеттің құралы делінген. [6]

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Шрейдер Ю.А. Ақпараттық ортаның дамытуының әлеуметтік мәдениет және техникалық экономикалық тұрғылары Сб. ст.- Новосибирск,1990.- С.50-81.
2. Фрумин И.М. Библиотекосведение: объект, предмет, функции // Библиотекарь.- 1977. - №2.-С.64-68.
- 3.Соколов А.В. Социальные функции библиотеки и библиографической деятельности // Науч. И техн. Б-ки. Сер.1. - 1984.-№6. - С. 19-27.
- 4.Фирсов В.Р. «Сущностные функции» библиотечной деятельности: Культуроведческий подход // Науч. И техн. Б-ки СССР. - 1985. - №5. - С.15-20.
5. Концепция библиотеки в современном российском библиотековедении // Российское библиотековедение: XX век. Направления развития, проблемы и итоги. Опыт монографического исследования / Сост. Ю.П. Мелентьевой.-М.: ФАИР-ПРЕСС, Пашков дом,2003.- с.159)
6. Бердигалиева Р.А., Каирбекова А.Г. Роль библиотеки в современной культуре. - Алматы, 2001. - С.47-48.

С. МҰРАТБЕКОВ «ЖУСАН ИІСІ» ӘНГІМЕСІНІҢ БАЯНДАУ ТӘСІЛІ (ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ АСПЕКТ)

С. НАУРЫЗБЕКОВА

студент, «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы

Ж. ӨМІРБЕКОВА

ф.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

Қазақ тілі ежелден келе жатқан түркі тілдерінің ішінде ең көрнекті, ең көркемінің бірі. Осы тілде жазылған шығармалар ғасырлар бойы өз қасиеті мен құдіретін бойынан жоғалтпай, оқырман жүрегінен қашан да орын ала білгені белгілі. Шығарма кейіпкерлерінің халық арасында аңыз болып, мінездері мен ерекшеліктері арқылы бүгінде үлгі аларлық тұлға айналып кеткендері де аз емес. Алайда заман өзгеріп, дамып жатқан ғасырда осы әдеби шығармалардың, соның ішінде жазу барысында үлкен білім мен талғамды, шыдамдылық пен қажырлылықты керек ететін проза мәтінінің көркемдігі, баяндалу тәсілі туралы сөз аз талқыланып жүрген жоқ.

Осы көркемдік туралы ойын түсіндіре жазып кеткен А.Байтұрсынов: «Көркем сөз-көңіл тілі, жалаң сөз-зейін тілі. Жалаң сөз зейін байлығына қарайтын нәрсе, көркем сөз қиял байлығына қарайтын нәрсе. Жалаң сөз айтқанын дәлелдеп, мәніштеп, ақиқат түрінде

айтады. Көркем сөз қиял айтқанын қиял меззеуінше бейнелеп, әліштеп, көбінесе үйрету түрінде айтады. Жалаң сөз дүниеде шын болған, бар нәрселерді әңгіме қылады. Көркем сөз болуға ықтимал нәрселерді сөз қылады, қатта қисынын келтіріп, болмаған нәрсені болғанға, жоқ нәрсені барға ұйғарып сөз қылады» [1,395] дейді. Жалаң әңгімелеу мен көркемдіктің ара-жігін осылай ажыратып, оның әдемілігін, қиялдан туатындығын, сөз арқылы бейнелеудің өзіндік ерекшеліктерін осылай баяндайды.

Жалпы өмірге келген проза мәтінін оқырман жүрегіне жеткізу үшін көптеген бейнелеуіш құралдар, тенеулер, т.б. қосылған. Баяндау тәсілі арқылы оқырман шығарма мазмұнын көз алдына елестетіп отыруы тиіс. Автор шығарма мазмұнын жеткізуде оқиғаны түрлі қырынан танытып, оқырманның одан әрі оқуға деген қызығушылығын оятуы керек.

Енді нақты тақырыбымызға келер болсақ, жалпы автор мен оқырман арасындағы үзілмес байланысты көркем шығарма арқылы орната білу белгілі шарттардың орындалуын керек етеді. Сөзбен сурет салып, бейнені көз алдына елестету, сыңғырлаған дауысты құлағыңа кеп сыбырлағандай етіп жеткізу, көңілді сәтті беру арқылы кеуденді қуанышқа бөлу мен қиын да қорқынышты кездерде көзіңе шығарма арқылы жас алдыру, барлығы автор шеберлігіне, баяндау тәсіліне тікелей байланысты.

Осы орайда сөзіміз дәйекті болу үшін Сайын Мұратбековтің «Жусан иісі» әңгімесін мысалға алып отырмыз. Бұл шығарма сонау соғыс жылдарындағы қиын кезеңнің бір көрінісін көз алдына алып келеді. Осы шығарманы оқу барысында оқырман жалықпай, сол оқиғаның ішіне еніп кетеді. Себебі бұл шығарма қарапайым да шынайы жазылған шығармалардың бірі. Тақырыбының «Жусан иісі» деп аталуының өзі де автордың талғамы биік екенін байқатады. Адамның бойына сіңетін туған жер жусанының иісін шығарманың өң бойында қайталай еске түсіріп, оның құдіретін, қасиетін еске салып: *«Шынында да бұл күнде Аян қайда екен? Тірі ме екен? Ондай бала тірі болуы тиіс. Ондай бала алдына нендей мұрат қойса да жетеді. Ал тірі болса Жусандытөбеге бір оралмауы қалай?! Жусанның иісін сағынбауы мүмкін емес қой»* [2,28] деп аяқтайды.

«Шынында да бұл күнде Аян қайда екен?» деген сөйлемдегі Аян кісі аты, шығарманың басты кейіпкері жетім баланың есімі. Аян сөзінің қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде 2 түрлі мағынасы берілген. *«Аян- I. Әйгілі, мәлім, белгілі. Аян берді - оңінде болатын істі алдын ала түсінде қору, белгі беру. II. Жанын салып қымылдау, тартынбай істеу»*[3,80]. Бұл жерде бірінші мағынасында беріліп тұр, яғни діни мағынадағы сөзді баланың есімі етіп қойған.

«Ал тірі болса Жусандытөбеге бір оралмауы қалай?!» Сөйлемдегі *Жусандытөбе* – жердің аты, біріккен сөз, *«жусанды»* және *«төбе»* деген екі сөзден құралған. Түсіндірмелі сөздікте *«Жусан - ащы дәмді, көкшіл бозғылт түсті аласа шоп»* [3,313] деп берілсе, энциклопедиялық анықтамалықта *Жусанды* мағынасы: *«Жусан (зат есім)+ды(сын есім қосымшасы) арқылы жасалған. Атау осы қоныс айналасында жусанның мол өсуіне байланысты қойылған»* [4,352], және *«Төбе-топырақ, құм немесе тастан үйіліп қалған биік дөң, шоқы»* [3,815] делінген, яғни бұл жусаны көп өсетін, биік төбесі бар қоныс.

Шығарма әсерлі болу үшін автор диалог арасында одағай сөздерді де пайдаланаланып, Аяның тобығын тайдырып алған кездегі ауырсынғанын *«Аян: -Ойбай, ойбай, аяғым-ай... аяғым-ай...-деп жанұшыра бақырып жатып қалатын»*[2,8] деп береді.

Шығармада қазақтың қайтқан адамды жерлеу рәсімі кезінде де жасалатын ырымды келтіреді. *«Ертеңіне Аяның әжесі жерленді. Жұрт ат қойып зираттан қайтқанда, Аян әжесінің қабірінің басында жалғыз қалды. Ол бұл күні де жылаған жоқ. Қарлы топырақ араласқан жас қабірге жасауда бірәз қарап тұрды да, бір ұыс топырақты іліп ап: «Топырағың жеңіл болсын, әже!»-деп шашып жіберді»* [2,10].

«Топырағың жеңіл болсын, әже!» деген сөйлемдігі *топырақ* сөзінің мағынасы: *«Топырақ – I. жердің үстіңгі жұмсақ қабаты, II. Топырағы торқа болсын! – марқұмның жатқан жері жайлы болсын, III. Топырақ бұйырды- жерленді»*[3,812], яғни, топырағы жеңіл болу – жатқан жері жайлы болу дегенді білдіреді. Дәл осылай суреттеу арқылы бір жағынан салтты көрсетсе, бір жағынан Аяның көрегендігін, ақылдылығын да көрсетеді.

Табиғаттың құбылуы, ауа райының өзгеруі де автор назарынан шет қалмайды. Бейне болғалы отырған оқиғаға табиғаттың тікелей қатысы бардай сезіледі. *«Күннің көзі қанталағандай боп ерекше қызарып ұясына қонуға таянған»* [2,8] деп кешкі уақытты тенеудің көмегімен суреттеп, көз алдына кештің уақыты бірден елестетеді.

«Күннің көзі қапталағандай боп ерекше қызарып ұясына қонуға таянған. Қапталағандай - түбірі «қан», «қаптала-қан тамырларының зақымдануынан дененің қатты зақымдануы»[3,473], -ған- есіміненің жұрнағы, -дай- салыстырмалы сын есім тудырушы жұрнақ болса, сөз теңеу мағынасында алынған. «Теңеу - құбылысты басқа нәрсемен салыстыру арқылы сипаттау тәсілі»[6,323]. Яғни күннің ұясына батар кезін адам дененің зақымданып қызарғандағы бейнесімен салыстыра, ауыспалы мағынасында қолданған.

Жалпы әдеби шығармалар оқырманға ой салу үшін, жан дүниесін рухани тұрғыдан байыту үшін жазылады. Оқырман шығарманы оқу арқылы ішінен өзін көріп, жақсы жағынан үлгі алып, жаман жағын саралап, одан аулақ болуы тиіс. Тек таңдаулы шығармалар ғана ұзақ жасайды, оқырманы үзілмейді. Тек таңдаулы шығармалар ғана әдебиет бетіне алтын әріппен жазылып, ұрпаққа мұра болып қалады. Сондықтан қазақ прозасы осы заманға дейін әлем әдебиетінен өз орнын алып келсе, сол орнында мәңгі қалсын десек, мәнді шығармалар дүниеге әкелуіміз керек. Ол үшін ең алдымен терең білім, биік тағам, қажырлы еңбек, мол шығармашылық, ізденіс керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржимелер, пуб. мақалалар мен әдеби зерттеу / Құраст. Р.Нұрғали. – Алматы: Жалын, 1991.-464 бет.
2. Мұратбеков С. Екі томдық шығармалар жинағы. 2-том. –Алматы, «Өлке», 2006. – 240 бет.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі/ Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк- Пресс, 2008. – 968 бет.
4. Жерінің аты- елінің хаты. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: - «Аруна Ltd.» ЖШС, 2006. – 808 бет.
5. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі (Құрастырушылар: З.Ахметов, Т.Шаңбаев) Алматы: «Ана тілі», 1998. – 384 бет.

НАВРУЗ – НОВЫЙ ДЕНЬ

М.К. НУРСАПИНОВА
ПГУ имени С. Торайғырова, г. Павлодар

Навруз (перс. نوروز — «новый день»), а также Международный день Навруз (21 марта) — праздник нового года по астрономическому солнечному календарю у иранских и тюркских народов.

Происхождение этого праздника уходит своими корнями в дописьменную эпоху истории человечества. Официальный статус он приобрел в Ахеменидской Империи, как религиозный праздник зороастризма. Продолжает повсеместно отмечаться и после исламских завоеваний, вплоть до настоящего времени. В современное время отмечается в дни, на которые приходится весеннее равноденствие.

Следует отметить, что на территории Ближнего Востока Навруз празднуется только представителями тех народов, которые проживали там до прихода арабов, распространения Ислама и возникновения Арабского Халифата. Соответственно Навруз, например, не празднуется арабами в Ираке и Сирии. В Турции с 1925 года по 1991 год официально празднование Навруза было запрещено. В Сирии празднование Навруза запрещено до сих пор.

30 сентября 2009 года Навруз был включён ЮНЕСКО в Репрезентативный список нематериального культурного наследия человечества, с этого времени 21 марта объявлено как Международный день Навруз.

Современное значение

Празднование Навруза под различными названиями широко распространено во многих культурах, входивших ранее в зону влияния Персидской Империи и персидской культуры. Вот неполный список вариантов названия этого праздника в разных языках: перс. نوروز—

Nowruz, курд. Newroz, тадж. Наврӯз, узб. Наврӯз, Navroz, азерб. Novruz, туркм. Новруз, Nowruz, каз. Наурыз, уйг. Норуз, кирг. Нооруз, тат. Нәүрүз / Nəwğüz, тур. Nevruz, крымскотат. Navrez / Наврез, башк. Нәүрүз / Nəwğüz, чуваш. Нарăс. Также он отмечается под местными названиями на других языках.

В настоящее время Навруз отмечается как официальное начало нового года 21 марта в Иране и Афганистане, а также как государственный праздник 21 марта в Таджикистане, Азербайджане, Албании, Иракском Курдистане, Индии, Кыргызстане, Македонии, Турции, Туркменистане и Узбекистане; и как государственный праздник 21—23 марта в Казахстане. Навруз также празднуется на местном уровне в Татарстане, Башкортостане, Дагестане, других регионах России и в СУАР.

Навруз является началом года также по календарю бахаи.

30 сентября 2009 года Навруз был включён ЮНЕСКО в Репрезентативный список нематериального культурного наследия человечества наряду с другими 76 элементами нематериального наследия со всего мира. Решение о включении данных 76 элементов нематериального наследия было принято 24 государствами-участниками Межправительственного комитета по сохранению нематериального наследия.

19 февраля 2010 года на 64-й сессии Генеральной Ассамблеи ООН в рамках пункта 49 повестки дня «Культура мира» консенсусом была принята резолюция, озаглавленная «Международный день Навруз».

В соответствии с текстом резолюции Генеральная Ассамблея ООН:

- признаёт 21 марта как Международный день Навруз;
- приветствует усилия государств-членов, в которых отмечается Навруз, по сохранению и развитию культуры и традиций, связанных с Наврузом;
- побуждает государства-члены прилагать усилия к повышению уровня информированности о Наврузе и организовывать при необходимости ежегодные мероприятия в ознаменование этого праздника;
- призывает государства-члены, в которых отмечается Навруз, изучать историю происхождения и традиции этого праздника в целях распространения знаний о наследии Навруза в международном сообществе;
- предлагает заинтересованным государствам-членам и Организации Объединённых Наций, в частности её соответствующим специализированным учреждениям, Фондам и программам, главным образом ООН по вопросам образования, науки и культуры, и заинтересованным международным и региональным организациям, а также неправительственным организациям принимать участие в мероприятиях, проводимых государствами, в которых отмечается Навруз.

История

Навруз — первый день иранского календаря, начало весны, соответствующий дню Ормазд месяца Фарвардин (перс. نوردورف) (приблизительно 21 марта); равноденствие — равенство дня и ночи; начало сезона роста и процветания. Само слово «Навруз» переводится как «новый день».

В Иране празднование длится обычно в течение 13 дней, из которых первые 5 дней посвящены встрече Навруза и посещению родных и друзей. Девятый день известен как Шах-рьяран-Навруз (шахский Навруз), а тринадцатый день как Сизда-бедар (перс. (ژد دب بندیس) («Тринадцатое вне дома»)).

Навруз имеет древнейшую историю. В поэме «Шахнаме» (перс. شاهنامه) начало его празднования связывается с началом царствования Шаха Джемшида (перс. (ژمشید مچ) (отсюда часто употребляемое название праздника среди заратуштрийцев — «Джемшиди Навруз» и традиция коронации Шахов в этот праздник).

Слово «Навруз» впервые появилось в персидских источниках во втором веке новой эры, однако само событие отмечалось уже во времена династии Ахеменидов примерно в 648—330 гг. до н. э. В эти дни правители провинций Персидской империи приносили дары шахиншаху.

...словно Солнце небесных высот,
Сиял повелитель прославленный тот.
Сходился народ на его торжество,
Дивился величию царя своего.

Джамшида, осыпав алмазным дождем,
Назвали тот радостный день Новым днем.
То день был Ормазд, месяц был — Фарвардин.
Забыв о заботах, не помня кручин,
Под говор струны, за ковшами вина,
Вся знать пировала, веселья полна.
И люди тот праздник святой сберегли,
Как память о древних владыках земли.

Подготовка к празднику

Огонь — символ Навруза.

По древнему обычаю, до наступления Навруза люди должны убирать в домах и вокруг, рассчитаться с долгами.

Традиционным ритуалом в Навруз является составление хафт сина (перс. *هفت سین*) и хафт шин-а. Хафт син состоит из семи элементов, названия которых начинаются с буквы С (S или *Sin* (س) в персидском алфавите). Хафт шин также состоит из семи элементов, названия которых начинаются с буквы Ш в персидском алфавите.

На праздничный стол складывали круглые лепёшки из пшеницы, ячменя, проса, кукурузы, фасоли, гороха, чечевицы, риса, кунжута и бобов. В Навруз приготавливают кушанья из семи, преимущественно растительных, продуктов, наиболее известным праздничным блюдом является сумалак — блюдо из пророщенных ростков пшеницы.

В соответствии с восточными традициями 22 марта в Казахстане празднуется Наурыз мейрамы. Для казахов этот праздник является символом весеннего обновления, торжества любви, плодородия и дружбы. В этот день многие облачаются в национальные казахские костюмы, в городах и аулах проводятся разного рода мероприятия (например, соревнования по национальным видам спорта), готовятся традиционные блюда, такие как наурыз-коже. Празднование Наурыза было возобновлено с 1989 года, а с 2001 года он стал государственным праздником.

В Казахстане праздничным блюдом является «наурыз коже» из семи ингредиентов. Поздравляющий говорит: «Наурыз мейрамы құтты болсын! Ақ мол болсын!» («Поздравляю с праздником Наурыз! Пусть будет много белого (молока)», принимающий поздравления отвечает «Бірге болсын!» («И тебе того же!»). У казахов Младшего жуза, проживающих в основном на Западе Казахстана и в прилегающих областях России, празднование Наурыза начинается с 14 марта и называется «амал» (от арабско-персидского названия месяца *hamal* / *хамал* / *хамэль*); его традиционным элементом является обряд «көрісу», когда все должны приветствовать друг друга рукопожатиями обеими руками, и произносятся «Жыл құтты болсын!» («Счастливого года!»).

Астраханские татары также ранее широко отмечали Навруз 14 марта, называя его «амиль» (от арабско-персидского названия месяца *hamal* / *хамал* / *хамэль*).

В Узбекистане праздничным блюдом является «сумалак». Поздравляющий говорит: «Навруз байрамы кутлуг булсин!» («Пусть праздник Навруза будет счастливым!»), принимающий поздравления отвечает «Навруз айёми муборак булсин!».

В Таджикистане гостей приветствуют словами «Навруз муборак бод!» («С праздником Навруз»).

В Азербайджане с праздником Навруз поздравляют словами «Novruz bayramınız mübarək olsun!» («Пусть ваш праздник Новруза будет счастливым!») и отвечают на поздравление словами «Sizinlə belə!» («И ваш тоже!»). Праздничный стол в этот день — особенный. На столе обязательно должна стоять пицца, состоящая из семи блюд, название которых начинается с буквы «с». Это сумах, сюд (молоко), сирке (уксус), сәмени (специальная каша из пшеницы), сабзи (зелень) и т. д. Кроме перечисленных блюд на стол ставятся зеркало, свеча и крашеное яйцо. Все перечисленное имеет символическое значение: свеча — свет или огонь, оберегающий человека от злых духов. Яйцо и зеркало нужны, чтобы установить завершение старого года и наступление первого дня нового. Азербайджанцы ставят крашеное яйцо на зеркало. И как только яйцо качнется — наступает Новый год. Все сидящие за столом начинают поздравлять друг друга.

В Курдистане с праздником поздравляют словами *Newroz pîroz be!* «Науроз пироз бэ!». («С праздником Навруз!»)

ЛИТЕРАТУРА

1. Навруз и исламская доктрина.
2. Навруз — Восточный Новый год.
3. Islamic Republic News Agency - IRNA

МӨЛШЕР, ӨЛШЕМ МАҒЫНАЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ-СЕМАНТИКАЛЫҚ ӨРІСІ

(Қабылдина Ләйлә Мырзағалиқызының 10.02.02 – қазақ тілі мамандығы бойынша филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған кандидаттық диссертациясын оқығаннан кейінгі ой)

А.Қ. ТҰРЫШЕВ

ф.ғ.д., ЖОО-ның профессоры, Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығы,
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Бүгінгі таңда функционалдық грамматикаға қатысты зерттеу еңбектері қазақ тіл білімі үшін өзекті болып отырғаны шындық.

Қазақ тілінде біртұтас функционалды-семантикалық өріс құрып, ауызекі тілде де, жазба тілде де белсенді қызмет атқаратын мөлшер, өлшем лексемаларының аясы ауқымды болып келеді.

Мөлшер, өлшем мағыналы сөздер мен сөз тіркестері әр қырынан зерттеліп келе жатқанымен, олар функционалды грамматика тұрғысынан әлі зерттелген жоқ. Өлшемдік ұғымдарды білдіретін сөздер мен сөз тіркестері қазақ тіл білімінде әр түрлі сөз таптарына қатысты айтылып, мөлшер мағынасын білдіретін зат есімдер, морфологиялық көптік категория, кимылдың өту сипаты категорияларының аясында қарастырылып келді.

Мөлшер, өлшем ұғымдарын білдіретін атауларды сөз табына жатқызуға қатысты әлі күнге дейін әр түрлі пікірлер айтылып жүр. Ең бастысы, аталмыш нысана функционалды-семантикалық өріс негізінде біртұтас функционалды-семантикалық категория ретінде әлі зерттеу нысаны болған емес. Мөлшер, өлшем ұғымының функционалды-құрылымдық табиғаты, оның инвариант мағынасы, семантикалық құрылымдары қазақ тіл білімінде әлі де айқындалмаған.

Дәстүрлі грамматикада тіл деңгейлері бірліктерінің мағынасын, қызметін сипаттайтын бағыт тілдік категорияларды, олардың өзіндік заңдылықтарын танытуда орасан зор қызмет атқарғанымен, бұл әдіс тіл бірліктерінің жұмсалымдық мүмкіндігін, олардың мағыналық ауқымын толық ашып бере алмайды. Сондықтан тіл білімінде тілдік категорияларды білдіретін ортақ инвариант мағыналардың негізінде бірігетін әр түрлі деңгейлік құралдар кешенін анықтау, «мағынадан тұлғаға қарай» зерттеу әдісі кейіннен қолға алынды. Бұл әдістің негізгі қағидаты тіл бірліктерінің құрылымдық жағымен қатар мағыналық мазмұнын ескере отырып, тілдің деңгейлік бірліктерін қарым-қатынас процесімен тікелей байланыста қарастыру.

Диссертациялық жұмыстың өзектілігі мөлшер, өлшем мағынасының қазақ тілінде берілуін кешенді түрде функционалды-семантикалық тұрғыдан зерттеуімен және осы функционалды-семантикалық өрісті білдіретін тілдің әр түрлі деңгейлік құралдарының семантикалық құрылымын айқындауға бағытталғандығымен айқындалады.

2. Диссертацияларға қойылатын (Ғылыми дәрежелер беру ережесінің 9-10-тармақтарындағы және ғылыми қызметкерлердің тиісті мамандықтарының төлқұжаттарындағы) талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Жұмыстың құрылымы, мазмұны, ғылыми стилі, сілтеме жасалған және жалпы қаралған әдебиеттерді пайдалану дәрежесі, сондай-ақ тақырыпты зерттеу және талдау барысында

жасалған қорытындылары диссертациялық жұмысқа қойылатын талаптарға сай келеді. Диссертациядағы ғылыми нәтижелер мен қорытындылар «Ғылыми дәрежелер беру ережесінің» 9-10-тармақтарына және 10.02.02 – қазақ тілі мамандығына толық сәйкес келеді. Зерттеу жұмысындағы негізгі тұжырымдар мен қорытындылар диссертациядағы негізгі түйіндердің негізінде жасалған.

3. Изденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.

Диссертациялық жұмыста жасалған нәтижелер ғылыми тұжырымға негізделген, сондықтан жасалған теориялық түйіндері мен қорытындыларының дәрежесі жоғары. Оған диссертанттың алға қойған мақсаты мен оған қол жеткізу үшін белгілеген міндеттері, жұмыстың өн бойында жасаған талдаулары мен ғылыми нәтижелері дәлел бола алады.

Диссертант мөлшер, өлшем мағыналарын білдіруге қатысатын тілдік бірліктерді зерттеу барысында осы мағыналардың функционалды-семантикалық өрісін білдіретін тілдің әр түрлі деңгейлік құралдарының парадигмасын айқындау үшін көркем әдебиеттең, публицистикалық шығармалардан мысалдар келтіреді. Мөлшер, өлшем мағыналарының функционалды-семантикалық өрісінің семантикалық құрылымдары айқындалып, ол құрылымдар заттық, сапалық және іс-әрекеттік болып бөлінген. Әрбір семантикалық құрылымдағы өрістің ядросы анықталған. Осындай ғылыми қорытындылар қазақ тілі білімінің функционалды грамматика саласын дамыту үшін маңызды үлес қосары анық.

4. Изденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің (қағидасының) тұжырымдары мен қорытындыларының жаңалық дәрежесі.

Диссертациялық жұмыста диссертант қол жеткізген төмендегідей ғылыми жаңалықтарды көрсете отырып, олардың жаңалық дәрежесіне оң баға беруге болады.

Зерттеуде қазақ тіліндегі мөлшер, өлшем ұғымдарын білдіретін ұлттық ментальды және орыс тілі арқылы немесе тікелей енген халықаралық өлшемді білдіретін лексикалық бірліктер мағыналарына, аталу уәжділігіне, шығу тегіне қарай топтастырылған. Жұмыста осы категорияны білдіретін тілдік құралдар бір өріске жинақталып, мөлшер, өлшем категориясының семантикалық құрылымын ашып көрсетуде функционалды-семантикалық өріс концепциясы басшылыққа алынған.

Мөлшер, өлшемнің функционалды-семантикалық өрісі, бір жағынан, морфологиялық сан категориясына, екінші жағынан, сан есімдерге, мөлшер мәнді есімді тіркестерге, квантитативті қатынастар көрсеткіштеріне сүйенетіндіктен, көпорталықты функционалды-семантикалық өрістер қатарына жататындығы анықталған. Мөлшер, өлшем мағыналарының функционалды-семантикалық өрісі тілдің әр түрлі: морфологиялық, лексикалық және синтаксистік деңгейлік құралдары арқылы білдірілетін лексика-грамматикалық тұтастықты құрайтыны айқындалып, бұл тұтастықтың заттық, сапалық және іс-әрекеттік семантикалық құрылымдары көрсетілген.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.

Диссертациялық жұмыстың ішкі мазмұндық құрылымындағы ізденуші жасаған ұсыныстар мен пікірлер, негізгі ғылыми қорытындылар бір-бірімен тығыз байланысты. Әр тарауда қарастырылған мәселе келесі тараулармен ұштасып, ішкі бірлігі өзара тұтастып жатыр. Зерттеу жұмысында жасалған әрбір теориялық тұжырымдар мен қорытындылар тақырып бойынша өзіне дейінгі зерттеулерге тән дәлелді тілдік ғылыми деректерге негізделген.

Изденуші мөлшер, өлшем мағыналарын беруге қатысатын тілдік бірліктерді әр қырынан зерттеген ғалымдардың еңбектерін негізге ала отырып, өз жұмысындағы нәтижелерді осыған дейінгі зерттеулермен ұштастыра алған.

6. Изденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.

Диссертациялық жұмыстың теориялық және қолданбалы міндетті шешуге септігі тиетіндігі сөзсіз.

Тілдік мөлшер, өлшем мағынасын білдіруге қатысатын бірліктер сандылық категориясының тілдегі көрінісін білдіретін семантикалық құрылым ретінде әрі осы семантикалық құрылымға негізделетін, сандылық қызметінің негізінде өзара әрекеттестіктегі белгілі бір тілдің әр деңгейлік құралдары арқылы білдірілетін функционалды-семантикалық

өріс болып табылатындығы қазақ тілі білімінің функционалды грамматика саласын теориялық тұрғыдан толықтыра түседі.

Ғылыми жұмыстың жекелеген тұжырымдарын филология мамандықтары үшін жоғары оқу орындарында оқылатын арнайы курс материалы ретінде пайдалануға болады, сондай-ақ функционалды грамматикадан ғылыми-зерттеу жұмыстарын, семинар сабақтарын жүргізуде, өзге тілді аудиторияларда мемлекеттік тілді үйрету ісіне қатысты оқулықтар жазуда қолдануға болады.

7. Диссертацияның негізгі қағидаларының, нәтижелері мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама.

Зерттеу жұмысының нәтижелері екі халықаралық, бір республикалық ғылыми-теориялық конференцияларда баяндалған. Жұмыс бойынша барлығы жеті мақала жарияланған. ҚР Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитеті талабының тізіміндегі ба-сылымдарда жарияланған мақаласы – төртеу.

8. Авторефераттың диссертация мазмұнымен сәйкестігі.

Авторефераттың құрылымы мен мазмұны диссертацияның құрылымы мен мазмұнына толық сәйкес келеді.

9. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.

1 *Қай ұлт болмасын оның тарихының, мәдениетінің, әдет-ғұрпы мен салт-санасының, және болмысының (менталитетінің) заттық-рухани мәдениеті көрсеткішінің бірі оның тілінің лексикалық жүйесі, оның сөздік қоры болып табылады* (Д-7 б.). Деген ұзақ сөйлемде -нің ілік септігі, (оның) жіктеу есімдігінің қолдануында стильдік жүйесіздік байқалады. «... *лексеманың сөйлесім общение процесінде...*» - деген баламасы бола тұра орыс тілінде жазылған (Д-7 б.). («көз, құлақ, қол, бармақ дегендер адам ағасының мүшелерін...») – дегенде *ағасының мүшелерінің* деген түсініксіздеу. Негізінде адамның (он екі мүшен саума?) дегенде бас, қол, аяқ т.б. атайды (Д-8 б.). «Мөлшер, өлшем ұғымдарын білдіретін тілдік бірліктерге» (араб-парсы, орыс т.б. енген сөздер ұлттық ментальды атаулардың қатарына жатқызылған) (Д-10 б.). Орыс тілінен енген мөлшер, өлшем ұғымдары ұлттық ментальға жатпаса керек. Және бұл – туралы зерттеуде ештеңе айтылмаған сияқты. Мына: миллиметр, сантиметр, дециметр, метр, километр, тонна, минут, секунд т.б. (Д-26). Байтұрсынның «темілік» термині «телім» туындаған дейді. Телім сөзінің – үлес, сыбаға, тиесі – бергінгі мағынасын берген (Д-13 б.). «Телім» сөзінің (часть военный добычи-Ильмин, Радлов) басшылыққа алынбаған.

2 *Ж.Ш. Ахметова, Ә. Болғанбаев көрсеткен Үркер тұя, Үркер төбеге келгенде, Үркер жерге түспей, Жетіқарақшы, С. Шүкірұлы келтірген мысалдар* (таба алмадық-А.Қ.), *І.Кеңесбаев көрсеткен сөске түс тәрізді сөз тіркесі өлшем ұғымы емес, уақыт мерзімдерін, яғни уақыт кезеңдері атауларын білдіретіндігін ескерткіміз келеді* (Д-19 б.). Диссертант осы сияқты сөздерді өлшем, мөлшер категориясының функционалды-семантикалық топтарына анықтап шақ мағыналы сөздерге жатқызады (Д-9 б.). Ал жоғарыдағы аты аталған екі автор бұл сөздерді жалпы «мөлшер» ұғымына жатқызған. Сондықтан, бұл – мәселе жаңа ғана өзінің методологиялық бағытын алып жатқандықтан дұрыс деп есептейміз. «Мөлшер, өлшем ұғымдарын білдіретін тілдік бірліктердің мағыналарына қарай топтастырылуы» - дегенде «Құсқа» байланысты мөлшер, өлшем атаулары кірмей қалған (Д-23-26; 36-38; 41-43). Мысалы, «Көгершін» (Будагов) түнгі ала – кеуім кезі, барымташылардың жылқыны түстеп танытын уақыты.

3 *Сол жылғыз түйлерін алып кеткен күннен бастап «шаңырақ салығын» салған ақ патша мен сол «шаңырақ салығы» салған ақ патша мен сол «шаңырақ салығы» үшін түйелерін шабармандарына алдыртып, жас ботасын боздатқан Жамантай сұлтанға деген өшпенділік он үш жасар бала жігіттің жүрегіне қара қан боп қатқын* (І. Есенберлин). Диссертацияда әдебиеті көрсетілмегендіктен мысалдың қай шығармасынан алынғаны белгісіз, анықтауға болмады. Стильдік жағынан алынған сөйлем дұрыс емес сияқты (Д-69). Қимыл қайталануы мәндес, ұштас, мағыналас немесе керісінше омонимдес (ара-ара – А.Қ.), яғни қарсы мағыналы сынарлы етістіктердің қосарланып келуі арқылы да білінеді. Мысалы, *ұрып-соғу, азып-тозу, терлеп-тешип, кесіп-пішу, жуынып-тарану, ойноп-күлу, ашып-жұму, кіріп-шығу* т.б. (Д-95). Дәл осы түсінік (синтаксистік тіркестер арқылы - өзгеріс-А.Қ.) диссертацияның 102 бетінде берілген омонимдес пе, антонимдес пе анықтау керек сияқты? (Д-102 б.). Бірақ, бұл – аталған кемшіліктер диссертацияның қисындық жаңа қағидаларына,

алынған нәтижелеріне ешқандай нұқсан келтірмейді.

10. Диссертацияның Ғылыми дәрежелер беру ережесінің 2-бөлімінің талаптарына сәйкестігі.

Жалпы жұмыстың өзектілігі, құрылымының жүйелілігі, зерттеу материалдарының молдығы, негізге алынған теориялық дәйектері мен ғылыми талдаулары дербес жазылған кандидаттық диссертацияға қойылатын талаптарға сай келеді.

Қабылдина Ләйлә Мырзағалиқызының 10.02.02 – қазақ тілі мамандығы бойынша филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған «Мөлшер, өлшем мағыналарының функционалды-семантикалық өрісі» атты кандидаттық диссертациясы Ғылыми дәрежелер беру ережесінің 2-бөлімінде қойылған талаптарға сай келеді және оның авторы филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп санаймыз.

ДҮКЕНБАЙ ДОСЖАН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ГОВОРЛАР ЖӘНЕ КІРМЕ СӨЗДЕР

А.Қ. ТҰРЫШЕВ

ғ.ғ.д., профессор, ғылыми жетекші, Мәшһүртану ғылыми тәжірибелік орталығы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

К.А. ТАБИРОВА

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Диалектологияның негізгі міндеті- жергілікті тіл ерекшеліктерін тексеру. Қазақ диалектологиясы қазақ тіліндегі говорлар мен диалектілерді зерттейді. Диалект, говор деп халықтық, я ұлттық тілдің өзіндік ерекшеліктері бар жергілікті тармақтарын, бөліктерін айтамыз.

Диалект деген термин тілде жалпыхалықтық сипат алмаған, белгілі бір жерде ғана қолданылатын ерекшеліктердің жиынтығын, өзіне ғана тән тілдік ерекшеліктері бар жеке-леген аймақ, территорияны білдіреді. Бұл мағынада диалект халық не ұлт тілінің құрамды бөлігі болып табылады.

Говор – жергілікті диалектілердің шағын аймақты қамтитын бөлігі.

Мәселен, диалект Қазақстан жағдайында 2-3 облыс көлеміндей жерді қамтыса, говор бір облыс немесе 2-3 аудан көлеміндей жерді қамтуы мүмкін [1, 4].

Диалектілер, сөйленістер (говорлар) – ұлттық тілдің белгілі бір аймақтағы сөз құрауда, сөз тіркесін жасауда тарихи қалыптасқан, өзіне ғана тән дыбыстық ерекшеліктері бар тармақтары болып табылады. Алайда ол «дұрыс» сөйлеу тілімен салыстырғанда, нормадан ауытқу болып есептеледі. Жергілікті тіл ерекшеліктерінің эстетикалық мәні контекстегі қолданысы мен ішкі уәжділігі негізінде айқындалады. Шығармада жергілікті тіл ерекшеліктерінің қолданылуы белгілі бір аймақтың колоритін, шығарманың шынайылығын береді. Алайда әдеби тілде жергілікті ерекшеліктерді шамадан тыс қолдану да шығарманың тілін шұбарландырып, түсініксіздікке ұрындырады сөзсіз [2; 57-59].

Ш. Сарыбаев: «Жергілікті ерекшелік – әдеби тілді байытудың көзі, әдеби тілге әр кезде азды-көпті сніп отырады, әдеби қолданысқа түскеннен кейін ол диалект болудан қалады. Егер жергілікті ерекшелік (диалект сөз) көркем шығармада арнайы стильдік мақсатта қолданылса, оны «диалектизм» деп атауға болады» [3, 37], – дейді.

Кейінгі замандарда келіп қосылған диалектілік ерекшеліктердің бірсыпырасы – көрші тілдерден ауысып келген сөздер мен тұлғалар. Қазақстан жері бірнеше халықпен шекаралас жатыр. Олардың бірқатарының тілі туыстас та, кейбіреулері басқа типологиялық тілдер тобына жатады. Қазақ халқының көршілес елдермен ерте кезден-ақ тығыз қарым-қатынас жасап, олармен аралас-құралас отырғандығы белгілі. Бұл жағдай қазақ тілі құрамына әсер етпей қойған жоқ. Көрші халықтың тілі арқылы тілімізге ауысқан сөздер мен тұлғалар әсіресе Қазақстанның шет аймақтарында көп кездеседі. Мысалы, Өзбекстанмен шектес жатқан Шымкент облысы тұрғындарының тілінде өзбек тілінен енген сөздер өте көп. Қырғызстанмен шектесіп жатқан Жамбыл облысының оңтүстік аудандарында қырғыз тілінен енген сөздер бар. Жетісудың шығыс жағын мекендеген қазақтардың тіліне ұйғыр сөзі араласса, батыс қазақтарының тіліне татар, ноғай, башқұрт сөздері қосылып кеткен.

Ал орыс, араб, иран тілдерінің әсері барлық говорларда да байқалады, бірақ әсер ету дәрежесі барлық жерде бірдей емес. Араб, иран тілдерінің элементтері солтүстік-батыс не шығыстан гөрі оңтүстік аймақтарда көбірек ұшырайды [1,89].

Нақысбеков оңтүстік сөйленістер тобын алтыға бөліп қарастырады (Ташкент, Шымкент, Қызылорда, Шу, Жетісу, Тәжік) [4, 64].

Оңтүстік сөйленістерге тән жергілікті ерекшеліктердің ішінен кірме сөздерді кездестіреміз.

Кірме сөздер дегеніміз – тілдің өзіндік сөзжасам тәсілімен емес, басқа тілдердің ықпалымен жасалған немесе олардан енген сөздер. Яғни сөздің дыбыстық тұлғасы да, мағынасы да өзге тілге қатысты сөздер **кірме сөздер** делінеді. Қазақ тілінің сөздік құрамындағы кірме сөздер негізінен төрт халықтың тілінен енген:

- 1) араб тілі
- 2) парсы тілі
- 3) моңғол тілі
- 4) орыс тілі [6,135-136].

Кірме сөздерді Халел Досмұхамедұлы «жат сөздер» [7,89] деп атаған. Сол сияқты «тіліміздегі жат сөздер екі жақтан кіріп жатыр. Бірі – араб сөзі, парсы сөздері, ордаға оқығандар арқылы,- деп, жат сөздердің көптен енуіне қарсы болды» [7,92].

Бұндай кірме сөздерді Д. Досжан шығармаларынан көптеп кездестіруге болады. Және де көбінесе орыс, өзбек тілінен енген сөздер. Мысалы, орыс тілінен: *награда, вечер, стариин, медаль, керзі етік, гуляйт, теплица, пенсия, итраф, стол* [8; 159, 160,176] деген сөздерді, ал өзбек тілінен *дәсірорамал, тырапай, жүдә, бақыр, дарбаза* [8; 8,9,112,114] сияқты кірме сөздерді мысал ретінде келтіруге болады.

Қазақ тілін кірме сөздер еш уақытта бұза алмайтыны, шұбарлай алмайтыны зерттеу жұмыста көрінеді. Қай ғасырда болсын қазақ тілі өзінің негізгі дінін, өзегін сақтап отырды. Қазақ тілінің негізгі өзегі – ел ішіндегі қазақтар мен өнер саласындағы адамдар, ақын-жыраулар, әнші-сазгерлер, жазушылар, ұлтжанды тіл тасушылары болып табылады [9,157].

Халық я ұлт тілдерінде кездесетін ерекшеліктер еш уақытта бірыңғай сипатта болған емес. Олар пайда болуы жағынан да, жалпы халықтың әдеби тілге қатысы жағынан да, халық тілінде қолданылуы жағынан да әр түрлі болып келеді. Бұлар тіл білімінде жергілікті және әлеуметтік диалектілер немесе говорлар болып екіге бөлінеді.

Жергілікті диалектілер дегеніміз – белгілі бір жердің, аймақтың халқына қызмет ететін, дыбыстық, грамматикалық және лексикалық жағынан өзіне тән ерекшелігі бар жалпыхалықтық тілдің бөлігі, тармағы. Ал *әлеуметтік диалект* деп белгілі бір қоғамдық топтағы адамдардың, я арнаулы кәсіппен шұғылданушылардың тіліндегі ерекшеліктерді айтамыз. Бұлардың қай –қайсысы болсын халықтық тілдің тармақтары болып табылады.

Көркем әдебиет тілі мен әдеби тіл дегендердің бір-бірімен жақындасар, қабысар жері де, ажырасар, алшақтар жері де бар екендігі белгілі. Жақындасар жері – көркем әдебиет әдетте қалың жұртшылыққа, бүкіл халыққа арналып жазылатындықтан, ол сол халықтың бәріне бірдей түсінікті, күллісіне ортақ әдеби тілмен жазылады. Көркем әдебиет тілі жағынан бейнелі, әсерлі, түсінікті болумен бірге, әдеби тілімізді жетілдіре, дамыта түсуге, өз оқырмандарын тіл мәдениетіне тәрбиелеуге тиіс. Ал олардың бір-бірінен ажырасар, алшақтар жағы – көркем әдебиет авторы шығармашылық туындыны жазу үстінде ғана шектеліп қоймайды, кейде оның шеңберінен шығып, өзі суреттеп отырған ортасының табиғатын, кәсібін, шаруашылығын, халық тілінің ерекшелігін шынайы бейнелеу тұрғысынан әдеби тіл аясынан тыс жатқан сөздер мен сөз тіркестерді, грамматикалық формаларды пайдаланады, яғни жазушы көркемдік мақсат көздеп, сөздерді қолданбайтын мағынада қолданады, тіркеспейтін сөздерді тіркестіреді, өз шығармаларына жергілікті, кәсіби сөздерді енгізеді. Бұлар, әрине, мағынасы жағынан түсінікті, құрылысы жағынан көкейге қонымды болып, әсерлілік, эстетикалық жағынан жарасып, жымдасып тұрса, сөйтіп, тіл құрамынан өз орнын тауып отырса – құба – құп. Ал оларды айтуға қиын, түсінуге ауыр тиіп, миға қонбай, ақылға сыймай жатса, одан тілге келер еш пайда жоқ. Қайта, керісінше, ондай сөздер көркем әдебиетті оқуға, түсінуге қиындық келтіреді, тілімізді бұзады, шұбарлайды. Мұндай жағдайлар жазушыларының ішінен әсіресе Дүкенбай Досжан шығармаларынан көбірек байқалып қалатын сияқты. Сондағы мақсатымыз – жазушы

тіліндегі нормадан тыс жатқан элементтерді көрсету, сол арқылы көркем әдебиет тілінің әдеби тілге қатынасын айқындау.

Д. Досжан шығармаларының тілі лексикалық жағынан кейінгі буын өкілдерін былай қойғанда, өз қатарластарының ішіндегі озығы, көріктісі. Өйткені автор әдеби тілмен бірге халық тілін де жақсы біледі. Олардың қыр-сырын, мағынасын жете меңгерген.

Д. Досжан шығармаларында жергілікті сөздер, яки диалектизмдер тым көп қолданылған. Қалыптасқан қағида бойынша, диалектизмдерді кейіпкер жасына, біліміне, тәрбиесіне байланысты екі адамның сөйлесуі – диалог кезінде айтқызуға болады. Ал авторлық баяндауда ол кездеспеуге тиіс. Сөз етіп отырған жазушы шығармаларында диалектизмдер кейіпкер тілінде де, автор сөзінің ішінде де кездесе береді және тым жиі ұшырасады.

Жалпы Д. Досжанов шығармаларында кездесетін диалектизмдерді қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде бар және жоқ сөздер деп екі топқа бөліп қарастырамыз. Орфографиялық сөздікте кездесетін диалектизмдердің өзін іштей екіге жіктеуге болады. Оның біріншісі – орфографиялық сөздікке сол *диалектілік мағынасымен* енген сөздер: *алмағайып «қыпн-қыстау, екіталай», дарақ «жеке өскен жуан ағаш», зау «зәулім, биік; құз, шың», көзекей «қамзол», кеспір «кейіп, кескін», кілет «қойма», мүбәрәк «жайсыз, қолайсыз», салқар «шетсіз, шексіз, кең», тәйтiк «аласа, қортық», шандоз «сәнді, кербез, әдемі, әсем, сұлу; аты шыққан, керемет»*, т.б. Екіншісі – орфографиялық сөздікте *далбай «жөн, қалып, икем; ілдалда, лекер»* (- Иә-ә, ашық қора мәз емес, айналасын шеңгелмен қоршаса да, далбайға келтірген жөн. Зауал, 171), *жады «теп-тегіс, тақыр»* (Айнала мидай жазық, асық ойнаса болатындай айтақыр, жып-жылмағай жады жер еді. –Жібек,68), *мәйек «жердің өсімдік өсетін сыртқы қабаты, қыртысы»* (Көктем шыға кетпеді жер мәйегіне дән сіңірді. – Табалд. 177), *ұраңқай «кең, мидай»* (Сасқанымнан айдалаға, ұраңқай ашық далаға безілдепін. – Келіншек асуы, 138), *ыраң «өр»* (Ылди мен ыранды атпен кезіп, шабатын шөп іздеп далақтап жүрген Ділдабай аурудың үстінен түсіпті. – Кісі аттары, 264).

Автор шығармаларында ұшырасатын, бірақ орфографиялық сөздікте жоқ диалектизмдердің өзін қазақ тілінің *диалектологиялық сөздігінде бар және онда жоқ сөздер* деп екіге бөліп қарастырамыз. Диалектологиялық сөздікте бар сөздерге: *ақа, ақаба, беймарал, ерік, жалпыуыш, жар, жәгі, жүдә, зәк, зілмауыр, көгеріс, көшік, қорым, қошық, мажыра, мақауес, мәңгүрт, мәулет, мыштай, нәранжу, нәумез, өлең, пәкене, пісеніті, сағыр, сарамжал, ұжым, ұйық, ұтықты, үрдіс, үрім, шайла, шарай, топ, шәмбе, ығыт* деген сияқты сөздер жатады.

Ал диалектологиялық сөздікте жоқ сөздерді кеңірек талқылауға салдық. Өйткені олардың қолдану ерекшелігін көрсету, мағыналарын ашу – жазушы тіліндегі диалектизмдердің алатын орнын айқындауда үлкен рөл атқаратыны сөзсіз. Мәселен, *айбарақ «байбалам, айғай, шу»* (Елден бұрын айбарақ жасамай алдымыздан өтіп ақылдасып алғаның күп еді. – Табалд.254), *әңкүс «жынды, әумесер»* (Той іздеп, салт қуған әумесер, әңкүс серілер. – Жібек.53), *бәнаи «адал, таза, күнәсіз; пәк»* (Сәйтті де бәнаи бейкүнәқонақтарын амалсыз ренжітіп отыр. – Жібек.29), *енепат «алапат, жойқын»* (Төрт жарым жылғы енепат соғыс аяқталды. –Кісі.342), *жарпа «жарылған, қырлы»* (Опырылған жарпа тастан өзге ештеңе шалынбады. – Келіншек асуы.45), *зәуметте «ләзде, тез, жылдам»* (Дүйсенбі сұраған затын зәуметте тауып әкелді. – Келіншек.144), *қыла «жіңішке, тар, терең»* (Әйтеуір сайдың қыла табанымен құлдай берсем күңгейдегі ел қарасына ілінем ғой деп іштей тоғайған. – Кісі аттары.299), *марапаз «қошмет, құрмет»* (салдың жанары жаусырап, осы қошмет, осы марапазға мас болып мәңгіп отырған. – Жібек.20), *мәзін «күпия, жасырын»* (Оның өзіндік мәзін сыры бар-тын), *молтек «тез арада жасалған, жеңіл-желпі, шағын»* (Жаңыл суып қалған самаурынға қайта от салып, молтек шай жасауға кірісті. – Зауал.85), *нәкәс «есуас, жынды, жарымес; ант ұрған»* (Өлдебір нәкәс жігіт әйелінің босанғанын естігенде қуану жоқ, дүрлігу жоқ: «бір жұмыс бітті» деген екен. – Дария.321), *пәркі «опасыз, жалған; парықсыз»* (Түпкі ойында дәнеме жоқ, пәркі дүниенің ащы-тұщы, арзан-қымбат нарқын бағамдап жатқан жігіт аз да болса сергісін деген. – Табалд.182), *сағыр «зерек, зейінді, сезімтал; аңғарғыш»* (Көкірегі ояу сағыр кісі ғой, содан кейін Далабайды бауырына икемдей ыстық тарта сөйлесетінді шығарды. Табалд.259), *тараптас «құрбы-құрдас, теңдес, қатарлас; сыйлас, сырлас»* (Әр ауылдың өспірім жастары өз тараптасын тауып алып, әзілдесіп сауық құра бастады. – Табалд.264), *ытын «түр, пішін, ұсқын»* (Бірер күн бұрын басылған дүлей желден кейінгі көше-көшенің ыпыны жаман. – Та-

балд.120), *түніке «үй төбесі, шатыр»* (Жастар үйінің төбесі сапасыз, шиферленіпті, сынық, тесік тінікeden су тұратын емес. – Табалд. 214), *сараман «үлкен, дәу, ірі»* (Таудың сараман тасындай боз қоспақтар баппен ырғала шерулейді. – Жібек.166) [10, 107-117].

Автор шығармалары диалектілік тұрақты тіркестерді жиі қолдануы жағынан да ерекшеленеді. Мысалы, *азар берді «тыныштық көрсетпеді, мазалады; азаптады, қорлық көрсетті», бабар қылмады «елмеді, ескермеді; қоңіл бөлмеді», без терді «теңіреп кетті, қаңғырды», зор берді «зорлады, күштеді», зіргек қақты «зіркілдеді, дікіңдеді», кәйпі қақты «берекесі кетті», сұрын салды «көз сұғын қадады, сұқтанды; көзін сатты», ығыр бермеді «мазасын алды, тыныштық бермеді; ығыр етті», мәржік бас «басы қалақтай; шақша бас»* т.б.

Жазушы – сөз зергері, қалам қайраткері. Қай сөзді қалай құбылтам десе де өз еркі. Бірақ сол «еркіндік» халық ұғымына, көпшілік талғамына қайшы келмейді деп ойлаймыз.

Д. Досжанов тіліне тән тағы бір ерекшелік – ол әдеби тілдегі сөздерді бұзып, түртүлғасын өзгертіп қолданады. Мәселен, оның шығармаларында *айбар* сөзі *айбарақ, айқара* сөзі *айпара, алабажас* сөзі *алапыш, әшмушке* сөзі *ашымқа, араңдай* сөзі *әрекей, бажылда* сөзі *бажына, құр бекер* сөзі *бостан-бос* сияқты сөздер өзгертіліп қолданған.

Жергілікті тіл ерекшеліктері, яғни диалектизмдер, тілдің сөздік құрамында елжүлі орын алатын тілдік жүйе бірліктері екені белгілі. Сондықтан ұлттық тілдің құрамына енетін диалектизмдер туралы «екіұшты қолданылатын ондай сөздер қажетсіз, олардан құтылу керек» деп, кесіп айтатын пікірден аулақ болған дұрыс. Ол үшін жергілікті тіл ерекшеліктерінің тілдік жүйедегі қызметі мен ауызекі сөйлеу актілеріндегі қазақтың ұлттық бітім-болмысына тән көріну өзгешеліктерін ескере, көркем мәтіндегі қолданылу сипатын тереңнен қарастыра отырып, жұмсалымдық аясын, стильдік қызметін нақты дәйектеп көрсету қажет.

Демек, көркем мәтінде қолданылатын диалект сөздердің мән-мағынасын ашып, қолданымдық аясын зерттеп, стильдік қызметін анықтау жұмысы орынсыз қолданылған жергілікті тіл ерекшеліктері мен әдеби тіл қатарына енгуге бейім тұрған диалектизмдерді айқындауға мүмкіндік береді. Ақын-жазушылардың сөз қолданысы арқылы әдеби тілдің сөздік құрамы ұлғаяды. Олардың индивидуальді-авторлық сөз тудыру негізінде қалыптасқан атауыштық сөздер мен ұмытылып бара жатқан көне этнографизмдерді жаңғыртуы арқылы және де кейбір естілмей жүрген заттық мәдени диалектизмдерді қайта дүниеге әкелуі арқылы сөздік қордың шеңбері ұлғая түседі.

Шығармада жергілікті тіл ерекшеліктерінің қолданылуы сол өңірдің колоритін беріп, шығарманың шынайылығы үшін қызмет етеді. Ол ең алдымен, шығарманың тақырыбына, мазмұнына, суреттелетін оқиғаларға, автордың мақсатына, эстетикалық идеялы мен шеберлігіне байланысты. Орынды, мақсатты түрде қолданылған жергілікті ерекшеліктер тілдік экспрессияның тиімді құралы болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қалиев Ф., Сарыбаев Ш. Қазақ диалектологиясы. Алматы, «Ана тілі» 1991. – Б.4, 89-90.
2. Сапархан Омарбекұлы. Қазақ тілі білімінің өзекті мәселелері. Алматы, «Арыс» 2007. – Б.57-59
3. Сарыбаев Ш. Қазақ тілі білімі мәселелері. Вопросы казахского языкознания. – Алматы: Арыс, 2000. –Б. 621.
4. Нақысбеков О. Қазақ тілінің оңтүстік говорлар тобы. Алматы, 1982. – Б.64.
5. ҚР ҰҒА Хабаршысы. Филология сериясы. 2009. №1.- Б.27-28.
6. Қалиев Ф., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы, «Сөздік-Словарь» 2006. –Б.135-136.
7. Халел Досмұхамедұлы. Аламан. Алматы, «Ана тілі» 1991. –Б.89, 92.
8. Досжан Д. Келіншек асуы. Әңгімелер. Алматы, «Атамұра» 2002. –Б.8, 9, 112, 114, 159, 160, 176.
9. Тұрышев А.Қ. Мәшһүр Жүсіп Көпей шығармаларындағы кірме сөздер тарихы. Павлодар, 2005. –Б.157.
10. Жазушы және тіл мәдениеті.



**«ТҮРКІ ӘЛЕМІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН»
АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ**

Техникалық редактор Д.Н. Айтжанова
Корректорлар: Б.Б. Аубакирова, В.В. Нагаева
Компьютерде беттеген Б.Б. Аубакирова, В.В. Нагаева

Басуға 19.04.2012 ж.
Әріп түрі Times.
Пішім 197 × 420/2. Офсеттік қағаз.
Шартты баспа табағы 13,7. Таралымы 500 дана.
Тапсырыс № 1

«КЕРЕКУ» баспасы
С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64.